



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы  
Серия «Исторические и социально-политические науки»  
№ 1 (24), 2010

Алматы, 2010

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

## ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік  
ғылымдар» сериясы,  
№ 1 (24), 2010

2000 ж. бастап шығады.  
Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір

### Бас редактор

тар.ғыл.д. **Г.К.КЕНЖЕБАЕВ**

### Редакция алқасы:

тар.ғыл.д., проф. **С.Т.Орумбаев**  
(бас ред.орынбасары),  
тар.ғыл.д., проф. **М.У.Шалекенов**  
(жауапты хатшы),  
тар.ғыл.д., проф. **Г.Х.Халидуллин**,  
тар.ғыл.д., проф. **К.Р.Несипбаева**,  
тар.ғыл.д., проф. **А.Н.Кудайбергенов**

© Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2010

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат  
министрлігінде 2009 жылы  
мамырдың 8-де тіркелген  
№ 10102 - Ж

Басуға 30.03.2010 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 15,8 е.б.т.  
Таралымы 300 дана.  
Тапсырыс 95.

050010, Алматы қаласы,  
Достық даңғылы, 13.  
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
өндірістік-жарнама бөлімінің  
баспаханасы

## М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

### РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА

<b>Шәлекенов У.Х.</b> Арилердің отаны Орталық Азия.....	3
<b>Шалекенов М.У.</b> Медицинское обслуживание на юге Казахстана во второй половине XIX - начале XX века.....	9
<b>Менілбаев Ғ.А.</b> Көшпелі ру-тайпалардағы таңбалар тарихы..	12
<b>Сләмов А.</b> Алаш қозғалысы және Алашорда үкіметі тарихының кейбір мәселелері.....	16
<b>Кудайбергенова Ж.А.</b> О трансформации традиционной хозяйственной деятельности казахов во второй половине XIX – начале XX вв.....	20
<b>Мұқатова Д.М.</b> XIX ғ. 50 ж. Жетісудағы жергілікті халық және олардың шаруашылығы.....	24

### АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА СОВЕТСКОГО И СОВРЕМЕННОГО ВРЕМЕНИ ҚЕНЕС ДӘУІРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<b>Әбдіғұлова Б.Қ.</b> Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық елімізді әлемге танытудағы мәртебелі басты қадам.....	29
<b>Кульшанова А.А.</b> Первые законодательные акты советской власти по национальному вопросу после Октябрьской революции.....	31
<b>Байдильдина С.</b> Қазақстанның ӘӨК: қорғаныс өнеркәсібінің алғашқы зауыттары (№ 621 зауыт) XX ғ. – 40 - жылдарының басы.....	36
<b>Манкеев Н.Б.</b> Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогтік институты тарихынан (1959-1963 жж.).....	40

### ЭТНОЛОГИЯ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОЛОГИИ

<b>Қалшабаева Б.К.</b> Орталық Азиядағы қазақ диаспорасының өлген адамды жерлеу және артын күтуге байланысты жасалынатын әдет ғұрыптары мен ерекшеліктері.....	45
<b>Галиев А.А.</b> Мифологизация истории тюрков в Центральной Азии и Российской Федерации.....	50

### ТАРИХНАМА ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ

<b>Шаймарданова З.Д.</b> Французская историография о демократических преобразованиях в СССР и Казахстане (1985-1991 гг.).....	54
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

Казахский национальный  
педагогический  
университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Исторические и социально-  
политические науки»,  
№ 1 (24), 2010

Выходит с 2000 года.  
Периодичность - 4 номера в год

Главный редактор  
д.и.н. Г.К.КЕНЖЕБАЕВ

Редакционная коллегия:  
д.и.н., проф. С.Т.Орумбаев  
(зам.гл.редактора),  
д.и.н., проф. М.У.Шалекенов  
(ответ.секретарь),  
д.и.н., проф. Г.Х.Халидуллин,  
д.и.н., проф. К.Р.Несипбаева,  
д.и.н., проф. А.Н.Кудайбергенов

© Казахский национальный  
педагогический университет  
имени Абая, 2010

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и  
информации  
Республики Казахстан  
8 мая 2009 г. № 10102-Ж

Подписано в печать 30.03.2010.  
Формат 60x84 1/8.  
Объем 15,8 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 95.

050010, г.Алматы,  
пр.Достык, 13. КазНПУ им.Абая

Типография производственно-  
рекламного отдела  
Казахского национального  
педагогического  
университета имени Абая

## САЯСАТТАНУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТОЛОГИИ

Симтиков Ж.Қ. Қазақстандық патриотизмнің әлеуметтік-  
саяси мәні..... 61  
Тохтаров А.А. Проблема профессионального фактора как  
мобилизационная сила в политических процессах РК..... 63

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ  
НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ СТРАН ВОСТОКА  
Ауган М.А. Иранская ядерная программа и подходы стран  
Восточной Азии к режиму нераспространения ядерного  
оружия..... 67

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИИ  
Әбдіғұлова Б.Қ. Бәсекеге қабілеттілік-қоғамды жаңартатын  
замануи білім берудің кепілі..... 73  
Нұрманбетқызы Ж. Ұлы Отан соғысы материалдарын  
оқытудың кейбір мәселелері..... 76

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР  
ПЕРСОНАЛИИ  
Урашев С.А. Воспитатель молодежи в духе эпохи – Онбай  
Сексенбаевич Сексенбаев..... 79  
Рсалдина Ғ.Т. Қазақтың біртуар зиялысы – Санжар  
Жағыпарұлы Асфендияровтың туғанына 120 жыл..... 83  
Алиев Д. Жырлардың тарих ғылымындағы рөлі (Ақтамберді  
жырау шығармалары негізінде)..... 86  
Ибадуллаева Ы.М. Ахмет Байтұрсынов – қазақ халқының  
ұлы ағартушы ғалымы..... 90

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ  
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
Жақаш Д.Б. XX ғасырдың бас кезіндегі патша өкіметінің  
Жетісудағы қоныс аудару саясаты..... 94  
Бакижанова А.Ж. Рыбные и соляные промыслы в  
Букеевской Орде..... 98  
Рахимкужаева Ә.Р. XIX ғасырдың екінші жартысында  
Ресейден Қазақстанға қоныс аударған шаруалардың  
әлеуметтік-экономикалық тұрпаттары..... 102  
Зарликова Г.М. Кеңестік биліктің орнауы және мемлекеттік  
қауіпсіздік күштері мен олардың әрекет ету әдістері..... 112  
Мейірбеков М.Б. 1926-1959 жж. Оңтүстік Қазақстан  
халқының әлеуметтік-демографиялық дамуы (ОҚОММ  
құжаттары негізінде)..... 116  
Ахметова Ш.У. Кадровое обеспечение нефтяной  
промышленности Казахстана в 50-80-е годы XX века..... 119

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. № 476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы № 433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за № 476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. № 433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций"

Вестник КазНПУ им.Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

Печатается методом прямого репродуцирования

# РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА

---

## АРИЛЕРДІҢ ОТАНЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

У.Х.Шәлекенов –

*т.ғ.д., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры*

*Екінші бөлім*

### Арилердің шаруашылық тұрмыстары

Арилердің айналысқан жұмыстары туралы мәліметтер Авеста кітабында кездеседі. Оның бірінші тарауы «Занд-Авеста кітабы атты» бөлімінде арилердің шаруашылығы кешенді болған: «Кейіннен де Заратуштра пайғамбар діннің қауымында болған тұрандықтар мен ирандықтар көшпенді мал ұстаушылары болған. Әйтсе де кейіннен жер игеруді де үйренген. Олар сиыр, түйе, қой мен ешкілерді алдына салып солтүстік Қара теңіз жағалауынан Алтай мен Шығыс Түркістанға дейін, Орал тауларының солтүстігінен сонау Ирандағы тау беткейлеріне дейін көсілген кең жазираларда мал бағып жүрген. Өте көне аңызға сүйенсек Заратуштраны өз отаны қабылдамаған соң, жоғарыда айтқанымыздай ол талай қиындықтарды басынан өткеріп, Шығыс Ирандықтар патшасы Кава-Ваштасы сарайынан тұрақ тапқан»/1/.

Тілге тиек етіп отырған мәліметте, арилердің жайлаған жері түгелімен Орталық Азия, Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің солтүстік жағалауы және Шығыс Иран таулы аймақтарын мекендеген. Осы ұлан-қайыр жерде олар мал шаруашылығымен айналысқан. Бұл сілтемеде жылқы малы аталмағанымен, Авестаның басқа тарауларында осы аты аталған аймақтарда жылқы малының көп өсірілетіні айрықша айтылып отырады. Соған қарағанда, арилер ертеден төрт түлік малдың бәрін өсірген. Бірақ, арилердің жайлаған ұлан-қайыр жерінің табиғи-жағрапиялық ерекшелігіне қарай, олар төрт түлікті түгел өсірген. Мысалы: Орталық Азияның оңтүстік-батысы қой мен түйе өсіруге аса қолайлы болса, оның орталығы мен шығыс-солтүстігі, батысы жылқымен ірі қараның көптеп өсірілетін аймақтары. Жылқы мен сиыр малдары сулы жерлерге бейімделсе, түйе мен қой шөлдік-шөлейттік жерлерде икемделген. Солардың ішінде, Қазақстанның орталығы, батысы мен шығысы «Сарыарқа» жылқының айрықша отаны. Бұл аймақтың табиғи-жағрапия жағдайы ерекше. Жылқы мен сиырға бұл жердің ауарайы, шүйгін шөбі қолайлы. Жоғарда аттары аталған ертедегі арилердің мекендерінің бәрінде төрт түлік мал біркелкі өсірілмеген. Әсіресе, отырықшылық аймақта төрт түлік малдар өсірілгенімен, олардың сандары бірқанша аз мөлшерде болған, сахараға қарағанда.

Жоғарыда келтірілген сілтемеде, «арилер төрт түлік малды алдына салып жүре берген» деген сөз бар. Бұл шындықтан алшақтау. Адамдардың жер бетінде пайда болғаннан бастап, олар топтарға бөлшектеніп, кейін рулар мен тайпаларға шоғырланып өмір сүргенін этникалық тарихтан білеміз. Сондықтан, қола дәуірінің жоғарғы сатысында жасаған арилер қауым-қауым болып жасаған. «Коневодство является важным фактором при переходе от яйлажного скотоводство к кочевому. Оно привело коренным изменениям в социальной и экономической жизни общества. В итоге в структуре скотоводческой общины сложилась крупная частная собственность – в руках крупных скотовладельцев сосредоточились десятки загонов, полных ската»/2/.

Арилердің арасында элеуметтік теңсіздік болған болса, ол жеке меншіктің пайда болуының нәтижесі. Осындай жағдайда, ірі-ірі мал иелері, малдарының соңынан ұдайы көшіп-қонып өмір сүрді деген құлаққа жағымсыз естіледі. Әсіресе, батыс евроцентристер мал шаруашылығы мен айналысушыларды осылай түсіндіріп келген, яғни көшпелілердің барлығы бала-шағасымен малдың соңында жүреді деген қате пікір. Ежелден бабаларымыз өздерінің жайласқан жерінің табиғи-жағрапиялық ерекшелігіне байланысты төрт түлікті өсіріп, жерінің өсімдіктерін үнемдеп пайдаланған:

қыстау, жаздау, күздеу – деп уақыттың мөлшерімен белгіленген. Мал шаруашылығымен айналысқан рулардың, тайпалардың, халықтардың барлығы жаппай көшіп жүруі шарт емес. Олардың ішінен малдарды баға алатын мамандар өсіп шыққан: қойшылар, сиыршылар, жылқышылар және түйешілер. Ірі мал иелері өздерінің малдарын осындай арнайы адамдарға бақтырған, пайдаланған. Міне, мал бағуға байланысты тәсілдер арилер заманында басталып, тарихтың кейінгі кезеңдерінде жетілдіріп, бізге жеткен.

Арилер осыншама ұлан-байтақ Орталық Азия кеңістігін, Еуропаның оңтүстік-шығысын мекендеген. Осы ұлы кеңістік төрттүлік малды өсіруге, қте қолайлы. Ұлы Дала Орталық Азияның орталығы, батысы мен шығысы және солтүстігі. Аттары аталған өңірлерде ерте заманнан-ақ төрт түлік мал көптеп өсірілген және бүгінде де солай. Жоғарғы оқу орындарына арналған «Алғашқы қоғам тарихының авторлары: «В эпоху классообразования полукочевое и кочевое скотоводство широко распространилось в Западной, Средней и Центральной Азии. Северном Причерноморье, Поволжье, Южной Сибири, Северной и Восточной Африке»/3/.

Алғашқы қоғамның ыдырау кезінде, таптық қоғамға өте бастаған кезде мал шаруашылығының кең көлемде ен жайған аймақтары дұрыс көрсетілген. Олардың ішінде, түрік тілдес халықтардың ежелгі мекендері болған Орталық Азия мен Қара теңіздің солтүстік кеңістік даласы, Оңтүстік Сібір ойпаты мал шаруашылығының ертеден қалыптасқан аймақтары. Осынша кең-байтақ жерде бұл шаруашылықтың енжайған жері болғанын археологиялық зерттеушілер де дәлелдеп отыр. «Первый исследователь пещер Южного Прикаспия К. Кун считал, что в позднем мезолите здесь началась доместикация коз и овец, которая привела к возникновению скотоводческой экономики в раннем неолите, тогда как земледелие появилось позже»/4/.

Автордың бұл пікірін кейінгі кездердегі Орталық Азия кеңістігінде жүргізілген археологиялық зерттеулер дәлелдеуде. Каспий теңізінің оңтүстігіндегі Али Таппех үңгірінен табылған жабайы ешкілер мен қойлардың сүектері б.з.б. 12 мың жылдарға тура келетінін байқаған болса, Оңтүстік Түрікменстаннан ашылған Джейтун мәдениет сәулелендіретін деректерде Көпет-Даг өңірінде қой мен ешкілерде б.з.б. VІІ-VІ мыңжылдықтарда өсірілгені байқалады/5/. Б.з.б. IV мыңыншы жылдарға тура келетін Энеолит дәуіріне жататын оңтүстік Түркіменстандағы Анау ескерткішінен сиырдың, ешкінің, қойдың, шошқаның және жылқының сүйектері табылған/6/. Осындай құнды деректерді Ботай мәдениеті береді. Бұл ескерткіш Көкшетау облысындағы Ботай бекеті жанындағы қоныстың атымен аталған. «Ботай мәдениеті Солтүстік Қазақстанның (Жайық-Ертіс өзендері аралығының) далалық энеолитін сипаттайды және мерзімі б.з.б. III-II мыңжылдықтармен белгіленеді. Демек, ол бір мыңжыл болған.

...Ботай мәдениеті В.В. Зайберт ашты. Ботай қонысында 70 000 жылқының сүйегі табылды. Сондай-ақ зубрдың, турдың, бұланның, еліктің, аюдың, иттің, түлкінің, қарсақтың, түйенің, құндыздың, суырдың, қоянның, қабанның, құстардың сүйектері де бар»/7/.

Тек бірғана Ботай қонысынан осыншама жануарлардың остеология деректерінің табылуы, ежелден Орталық Қазақстан (Сарыарқа) көптеген хайуанаттардың мекені болған тамаша жер жәннеті. Осы ескерткіштен табылған сүйектерді құрайтын хайуанаттардың тұқымдары қазірде де Орталық Азияда, әсіресе Қазақстанда кездеседі. Әлбетте олардың арасында тұқымы құрып кеткендер де бар.

Ботайдан табылған остеологиялық жәдігерлердің басым көпшігі жылқының сүйегін құрайды. Бұның мәні өте зор. Авестада жылқы малына айрықша орын берілген. Б.з.б. II мыңыншы жылдарда арилердің өмірінде жылқы ерекше бағаланған. Олар жылқының асыл тұқымдарын өсірген және оларды кең пайдаланған: күш көлік ретінде, салт мінуге, әскерге, салт-салтанатқа және егін, сүтін тамаққа пайдаланған. Ежелден жылқының отаны Орталық Азия, соның ішінде Сарыарқа. Бұл аймақтардың жайлымы кең, шөбі шүйгін, ауасы, суы таза. Міне бұндай аймақты Азия құрлығының басқа жерінен табу екіталай. Сондықтанда асыл тұқымды жылқылар осы Орталық Азиядан өрбіген.

Арилер қола мәдениетін пайда етушілер болғандықтан өздеріне дейінгі жаңатас дәуіріндегі мал шаруашылығын дамытып отырған. «Жабайы жануарларды қолға үйрету сонау неолит, орталық және шығыс аудандарындағы неолиттік тұрақтарда жабайы жануарлардың сүйектерімен қатар қолға үйретілген сиырдың, жылқының, қойдың және сірә, ешкінің де боар сүйектері табылды»/8/.

Келтірілген хайуанаттардың сүйектерінің ішінде жылқылар мен сиырлардың қаңқалары көп мөлшерде табылған. Соған қарағанда, неолит дәуірінде малдардың барлығында, солардың арасында Сарыарқада жылқылар көп өсірілген. Сүйтіп, палеолиттің соңғы кезеңінен бастап, Қола дәуірінде мал шаруашылығының негізгі орталығы Орталық Азия болып, ол төрттүлік малды арилер қолға үйретіп, өсіріп, мал шаруашылығын пайда еткен.

Авестаның 10 яштасында мал шаруашылығына қолайлы жайлымдардың шүйгін шөптердің құдайы Митраны мадақтайды. Ақұра-Мазда былай дейді:

«Мен жараттым Митраны,  
Өрісі оның кең байтақ.  
Ол да сонша лайық,  
Табыну мен мадақтауға ...  
Митра берер жүйрік аттар,  
Өрісі оның кең байтақ...  
Аттары оның желғабыз,  
Бірінші боп ол жетеді...»/9/.

Келтірілген байттерде, Күн құдайы Митраның төртүлік малдардың өсіп-өнуіне қамқоршы екенін мадақтаған. Өсірген түліктерінің ішінде жылқыны айрықша дәріптеген. Осы құдайдың арқасында асыл тұқымды, жүйрік, алтындай сұлу жылқылардың өсірілетіні кең баяндалған. Соған қарағанда, арилердің ортасында жылқы малының культі өте жоғары болғанын байқаймыз. Қола дәуірінің басында – ақ жылқы тұрмыста кең пайдаланып, оларды күш көлігі ғана емес, салт мінген, соғыста бас күш болған, алысты жақын еткен жануардың асыл тұқымдары өсірілген. Жылқыны осылайша дәріптеу түрік халықтарында, солардың бірі қазақ халқында айрықша сақталған. Қазақтар жылқыны өзінің жанындай жақсы көрген, оны «өзінің қанаты» - деп санаған. Қазақ халқының жылқыны қалай қадірлегені өте бай Батырлар жырларда кең сәулеленген. «Алпамыс», «Қобыланды», «ер Тарғын», «Қамбар» сияқты батырлардың мінген аттары өздеріне сай болып, жаумен соғысқанда жеңіске жеткеруде айрықша мәнге ие болғанын «Қобыландының» Тайбурылысы мен «Қамбардың» Қарақасқа арғымақтарынан байқау қиын емес.

Арилердің жылқыны айырықша бағалап оны Сарыарқада, Жетісуда, Солтүстік өңірлерде көп өсіріп, оны жақын және алыс көршілеріне таратқан. Оған жазба және археологиялық деректер куә. Белгілі синолог Бахаддин Өгел былай дейді: «Олардың (Хұндар мен Түріктер –У.Ш.) күн көрісі жылқы шаруашылығына тікелей байланысты болады... Әсілі, жылқы өсіру тек ортаазиялықтарға ғана тән кәсіп болатын. Қытайлықтар атты міну үшін емес, тек соғыс арбаларына жегу үшін ғана пайдаланатын. Орта Азиядағы сияқты барлық адам күнделікті тұрмыста қолданатын жағдай Қытайда жоқ еді... Қытайдың атты қосындар Метеннің заманына жеткенде Қытай армиясының ең негізгі әрі басты күшіне айналып үлгірді»/10/.

Автор бұл пікірді Қытай мұрағаттарына негіздеп жазған. Орталық Азия жылқының көп өсірілген аймағы екенін тайға таңба басқандай көрсеткен. Шығыс көршіміз жылқыны түріктерден алып, оны әскерге пайдаланып, кейін өздері өсіріп, тұрмыстарына пайдаланғанын. Қытайлар батыс көршілерінен жылқыны әртүрлі жолмен алып, ұзақ жылдар бойына атты әскерлерді дайындауға тек б.з.б.ІІІ ғасырлардың орта кезінде ғана қолдары жеткен. Сүйтіп, жылқы Орталық Азиядан Үндістанға және Таяу Азия елдерінде тараған. Жалпы алғанда, Орталық Азия төрт түлік малды көп мөлшерде өсіруге қолайлы аймақ екенін қазірде де көріп отырмыз.

Авестада мал шаруашылығымен бір қатарда, егіншілік туралы құнды деректер береді. Оның бірінші тарауында «Занд-Авеста кітабы атты» бөлімінде тұрандықтар мен ирандықтар алдымен мал өсіргенін айта келіп: «Әйтсе де кейіннен жер игеруді де үйренгені»/11/ айтылған Авестаның «5 Яшт Ардвиге-Сұр - Яшт» сұлулардың және құнарлықтың құдайы Ардвиге арналған. Осы ұранда:

Астық өсірушіге дұға ет,  
Оған – байлықты арттырушыға  
Және жер меншігін кеңтушілерге;

Барлық суларды (өзіне) қоса (қосып) алғанға,  
Жерде ағып жатқан.  
Қуатты ағып жатқанына дұға ет –  
Хукарьяның биіктігінен,  
Ворукашаның теңізіне дейін/12/.

Ардвиге – су құдайдың қамқоршылығымен дикандар мол өнім алып, егістік жерлерін кеңейтіп, ағып жатқан суларды үнемді пайдаланатынын дәріптеген. Осы 5-ұранда, өсімдікке ылғал беріп, жерді құнарлатып, мол өнім алуда өзендердің маңызы зор екені баяндалады. Хукарья (Кукариэ) – Қара (Хара) тауының биік шыңынан төмен қарай ағып жатқан сулар, Борукаша (Ворукаша) – сөзбе-сөз «Кең тілінген», әйтпекені кең жайылып жатқан Арал, Каспий теңіздері немесе Балхаш көлінің төңірегіндегі

жерлерді суландыратыны айтылған. Ардвиг-Сура Амудария мен Сырдария өзендерінің алқаптары егістікке қолайлы, диқаншылықтың кең көлемде дамығаны туралы түсінік береді.

Орталық Азияның оңтүстік-батыс аймағындағы Амудария мен Сырдария (Қос өзендер) Авестаның осы бөлімінде айрықша дәріптелуі кездейсоқ емес. Себебі, суармалы егіншілік олардың алқаптарында ертеден басталған. Орталық Азияда кейінгі ғасырларда жүргізілген археологиялық зерттеулерге қарағанда, б.з.б. II-I мыңыншы жылдарда Амудария, Мұраб, Сырдария алқаптарында суармалы егіншілік болған/13/.

Азияның бұл аймағының табиғи-жағрапиялық жағдайына байланысты алғашқы замандардан бастап, бүгінгі күнге дейін егіншілік қолдан суару арқылы жүргізіліп келеді. Бұндай жер жағдайы Алдыңғы Азия елдеріне ұқсас. «Археологические находки показали, что на территории Ирана еще в глубокой древности существовала развитая земледельческая культура, близкая к культурам того же типа в Месопотамии, Индии и Средней Азии»/14/.

Үзіндіде дұрыс айтылған. Аттары аталған Азияның бөліктерінде диқаншылық қолдан суару жолымен дамыған. Үйткені, егілетін егістіктердің өсірілетін мәусімдерінде жаңбыр жаумайды. Барлық дәнді дақыл және техникалық өсімдіктер қолдан суарылады. Бұл өңірлердегі Амудария, сырдария, Тигр, Ефрат және Инд өзендерімен бірге, үлкенді-кішілі өзендердің, бұлақтардың, керек десеңіз кәріздердің (жерасты) суларынан да пайдаланған. Тоқталып отырған аймақтарда жаңбырдың суымен өсірілетін егіндер жоқтың қасында. Сондықтан, бұл жерлердің этностары үлкенді-кішілі су жүйелерін қазіп, тоғандар салып, егін еккен, тұрақты өнім алып отырған. Сондықтан бұл аймақтың этностары жоғарыдағы аттары аталаған үлкен өзендердің культін (даңқын) көтеріп, оларды өздерінің анасындай көрген. Бұл қасиет Авестада бастан-аяқ суреттелген.

Қысқы қарлардың ылғалымен және қосымша жаңбырдың суымен егіншілік Орталық Азияның орталық, шығыс, солтүстік және батыстарында да қола дәуірінде жүргізілгенін археологиялық зерттеулер анықтап келеді. Мысалы: «Усть-Нарым қонысында (Шығыс Қазақстан) табылған қыстырма орақтар егіншіліктің болғанын көрсетеді. Ол уақыттағы адам кездейсоқ, ұсақ егістен өзендердің жайлымаларындағы шағын алқаптарға тұрақты егін егуге көшті»/15/. Тарихтың осы кезеңінде Орталық Қазақстандағы Сарысу, Кеңгір, Торғай өзендерінің алқаптарында егістіктің болғанын кейінгі кезеңдегі археологиялық зерттеулер дәлелдейді. Осы күнгі Қарағанды облысында Жаңа-Арқа ауданында Егіндібұлақ атты үлкен егістік аймақ бар. Бұл жер диқаншылықтың ірі орталықтарының бірі болғанына дәлел.

XIX-XX ғасырларда Орталық Азияда жүргізілген археологиялық зерттеулер Қола мәдениетін кең көлемде ашты. Олар обалар (қорғандар) мен қоныстар. Орталық Азия мен Қара теңіздің Солтүстік кеңістігінде обалар көп сақталған және олар кең көлемде зерттелді. Қазіргі кезде бұл обалардың қола дәуірінің ескерткіші екеніне және оның не үшін салынғанын көпшілік қарапайым оқырмандар біледі. Олар сол дәуірде өмір сүрген адамдардың моласы (зираты). Бірақ алғашқы обаларды зерттеушілер бір жақты жұмыс жүргізілген. Олар негізінен шет елдердің, әсіресе Ресейден келген ғалымдар болатын. Олар Орталық Азияға келгенде «көшпелілердің еліне келдік. Бұл жерлерде тұрақты қоныс болмайды. Олардың баспаналары көшпелі тұрмысқа бейімделген» - деген жалған пікірлермен құралданып, жер бетінде үйіліп тұрған обаларды бас салып қаза берген. Қазба кезінде обалардан табылған жәдігерлерді «көшпелілердің», «ертедегі көшпелілердің мәдениеті» - деп ғылыми есептерінде, жарияланған еңбектерінде жазып, қағаздың бетін толтырған. Олардың көпшілігі обалардағы жерленген марқұмдардың тұрақты баспаналарын, қоныстарын іздемеген. Кейінгі жылдардағы кейбір жас археологтар солардың жалған пікірлерін қайталап, «алғашқы» көшпелілер деген ғылыми еңбектер жазып жүр. Бұндай еліктеушілік қашанға дейін созылатыны бізге белгісіз.

Кешенді археологиялық зерттеулерді Орталық Азияда жүргізген ірі-ірі археологиялық экспедициялар: «Хорезм кешенді археологиялық экспедициясы» (С.П. Толстов); «Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы» (А.Х. Марғұлан); «Монгольская археологическая экспедиция» (С.В. Киселев, А.П. Окладников). Осы Кеңес Үкіметі жылдарында кең көлемде, ұзақ жылдар жұмыс істеген археологиялық экспедициялар Орталық Азияның барлық жерлерінен қола дәуірінің қоныстарын тапты және зерттеді. Оның нәтижелері ірі-ірі монографиялық еңбектерде жарық көрді/16/. Бұл археологтардың еңбектерінде, Орталық Азиядағы үлкенді-кішілі өзендердің жағалауларынан қола дәуірінің қоныстарын ашты. Мысалы: Орталық Қазақстандағы Бұғалы аулы, Алматының шығысында Есік өзендерінің бойындағы қоныс. Соңғы жылдарда қола дәуіріндегі ескерткіштерді зерттеуші Қазақстан археологтары обалармен бірқатарда, солардың төңірегіндегі қоныстарда күрделі түрде зерттей бастады. Енді олар түсінді, тек қоныстарды зерттеу арқылы, қола мәдениетін кең көлемде ашуға болады. Тек, обаларды зерттеу арқылы бұндай жетістіктерге жете алмайтынын білді. Үйткені,

олардан тек діни сезімге байланысты жәдігерлер бірге жерленген. Евроцентристер Монголияны, Қазақстанды классикалық көшпелі елдер деп келе жатыр. Кейінгі жылдары монгол археологтары өздерінің жерінен 300 ден астам қоныстар мен қалаларды ашты. Солай болса, Орталық Азияның перзенті арилердің шаруашылығы кешенді болған. Олар малдардың бәрін өсірген және егіншілікпен айналысқан. Сондықтан арилер малдарына мол шүйгін жайылым және ылғал (су) беретін Ардвиг-Сур құдайын Авестада ерекше дәріптеген.

Авеста алтын, қола темірі туралы айтылады. Оның 5 Яшт Ардвиг-Сурда:

...Ардвиг-Сура кейпі енген,  
Ғанибет сұлу бойжеткен,  
Қуатты, тал шыбықтай,  
Сұңғақты да, тек сыптай,  
Жалт-жұлт еткен перизат,  
Аяғына кигені  
Оқаланған алтыннан

...Аттары оның желғабыз,  
Бірінші боп ол жетеді.  
Алтындайын сымбатты.

...Күміс пенен алтынды  
Қазыналарына әкелер, .../17/.

Авестадан келтірілген байт жолдарына қарағанда, арис этностары қола дәуіріндегі кең тұрмыста пайдаланған металдардан алтын мен күмісті көтеріңкілік жағдайда айтылған. Сұлу перизатты жан-жақты суреттеп, оның аяқ киімі алтынмен безелгені айтылған. Соған қарағанда, арилер тұрмыста алтынды мол пайдаланып, керек десеңіз аяқ киімінде жаратқан. Енді бұл жерде күміс туралы да сөз етілген. Тарихқа қарасақ, б.з.б. VI-VI ғасырларына дейін күмісті алғашқы қоғамда пайдаланбай, кейін темір дәуірінде оны иелеген/18/. Егерде арилердің дәуірінде күмісті алтынмен бірге қорға жинаса, олар Қола мен Темір дәуірлерінде өмір сүрген этностар болып шығады. Осы күнге дейінгі тарихи еңбектерде, арилер қола дәуірінің жоғарғы кезеңінде жасалған деп жазып келе жатыр. Біздіңше, арилер қола дәуірін түгел бастарынан өткеріп, темір дәуіріне дейін осы өзендерінің этнонимі бойынша аталып келген деген пікір келеді.

Қазірдің өзінде Орталық Азия металдың бай өлкесі екенін, соның ішінде Қазақстан Республикасының территориясы екені әлемге белгілі. Оны археологиялық зерттеулер мен жазба деректерде дәлелдеп келеді. Қытай жазба деректерінде, б.з.б. 1500 жылдарда Алтайдан Қытайға қола бұйымдары таралғаны туралы былай делінген: «Ши династиясы дүрілдеп тұрған бір замандарда, жаңадан құрылған әкімшілік аймақтардың басшылары алыс шалғайларда тұрса да өзіндік ерекшеліктерін байқататын асыл металдардан жасалған бұйымдарын сауға етіп жіберетін еді. Бұлардан үш аяқты ыдыстар құйылып жасалатын.

Үш аяқты ыдыстар мемлекеттің символы болатын. Тоғыз ыдыс тоғыз елдің белгісі еді. Осы үш аяқты әсем ыдыстар бұл жерден Шан династиясына, одан әрі Жу династиясының астанасына жөнелтілетін. Мінеки, бұдан Алтайдың қола бұйымдары ішкі Қытай қалаларына барғанын білуге болатын. Сондықтан мұнда Алтайдың әшекей бұйымдарына еліктеп ешнәрсе жасалмайтын»/19/.

Бұндай қоладан құйылған ыдыстарды археологтар Қазақстан жерінен мол мөлшерде тапты. Б.з.б. V-IV ғасырларға жататын қоладан құйылған қазанды Жетісудан, б.з.б. VI-IV ғасырларындағы төрт қола қазандарын Алматы мен Талғар төңірегінен қолға кіргізді. Тарихтың осы кезеңіне жататын тау ешкінің бейнесімен безелген үш қазан Алматының маңайынан табылды/20/. Бұларға қосымша, Алматы қаласынан бүйірінде «Свастика» таңбасы бар қола қазаны қолға түсті. Қола дәуірінде алтыннан, қоладан жасалған жәдігерлер Орталық Азияның барлық аймақтарынан, әсіресе Қазақстаннан көп көлемде археологтар жылма-жыл кездестіріп келеді.

Авеста кітабында арилердің шаруашылық тұрмыстары туралы айтылған мәліметтерге негізделіп, Орталық Азия мен Қара теңіздің солтүстік аймақтарын ежелден арилер деген атпен белгілі этностар Қола дәуірінде кешенді шаруашылықтың негізін салған. Олар өздерінің дамуы бойынша сол кездегі жер шарының мекендеген этностардың алдыңғы қатарынан көрінген. Олар төрт түлік малдың бәрін өсіре білген. Әсіресе жылқы мен сиырларды көп өсірген. Бұл екі түлік мал ежелден



отырықшылыққа бейімделген жануарлар. Соған қарағанда, олардың басым көпшілігі отырықшы, жартылай отырықшы өмір сүрген деген пікірге келуге болады. Асыл тұқымды жылқыларды арилер көп өсіргені авестада айрықша айтылып отырады. Жазба және археологиялық деректерге қарағанда, жылқының көп өсірілген жері Орталық Азия, әсіресе Қазақстан болғаны туралы пікірімізді жоғарыда білдірдік. Арилер қола дәуірінің жоғарғы сатысында жасаған кезде, қола мен алтынды игеріп, оларды тұрмыста кең пайдаланғанын археологиялық табылған жәдігерлер дәлелдейді. Осындай түсті металдардың қорлары Орталық Азияда мол екені қазіргі кезде әлемге әйгілі болып отыр. Осындай кешенді шаруашылықты дамытуға арилердің қолдарының ертеден жетуі, олардың жасаған табиғи-жағырапиялық жағдайы көтерген - Орталық Азия.

1. Көктәнді Х. Аспан мен Даланың төрт ұмытылған тарихы.- М., 2001. - Б. 52.
2. Аскарлов А. Арийская проблема: новые подходы и взгляды // Алаш.- №3. – 2007.
3. Алексеев В.П., Перциц А.И. История первобытного общества.- М., 1990.- Б. 257.
4. Шнирельман В.А. Происхождение скотоводства. - М., 1980.- Б. 71.
5. Сонда. Б. 71-73
6. Очерки общей этнографии.- М., 1960.- Б. 162.
7. Қазақстан тарихы. 1-т.- Алматы, 1996.- Б. 36-37.
8. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Қадырбаев М.К., Орақбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана.- Алматы, 1966.- Б. 258.
9. Абеста (Авеста) //Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. Ежелгі Шығыс.- Астана, 2005.- Б. 376, 379.
10. Бахаддин Ө. Ұлы Хұн империясының тарихы. 1 кітап. - Алматы, 1998.- Б. 15, 41, 43.
11. Көктәнді Х. Сонда. Б. 52.
12. Сонда. Б. 78-79.
13. Очерки общей этнографии. Азиатская часть СССР.- М., 1960. Б. 162.
14. Сонда. Зарубежная Азия.- М., 1959.- Б. 413.
15. Қазақстан тарихы. 1-т. - Алматы, 1996.- Б. 106.
16. Толстов С.П. Древний Хорезм... -М., 1948; По древним дельтам Окса и Яксарта. -М., 1962; Маргулан А.Х. Бегезы-Дандыбай мәдениеті.- Алматы, 1991; Киселев С.В. Монголия в древности // Изв. АН СССР. Серия история и философия. -1947.- № 4; Древнемонгольские города. -М-Л., 1962.
17. Абеста (Авеста) //Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. Ежелгі Шығыс. - Астана, 2005. -Б. 356,379,414.
18. История народов Узбекистана. 1т.- Ташкент, 1950.- Б. 54.
19. Бахаддин Огел. 1 кітап. Б. 22.
20. Агапов П., Кадырбаев М. Сокровищница древнего Казахстана.- Алматы, 1979.- Б. 100, 105.

#### Резюме

Данная статья написана на основе достоверных археологических, литературных и материальных источников и посвящена происхождению ариев именно на территории Казахстана.

#### Summary

Given article on base reliable archeological, literary and material sources is dedicated to origin ary on territory Kazakhstan exactly.

*Жалғасы әлі де бар.*

### **МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ НА ЮГЕ КАЗАХСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX - НАЧАЛЕ XX века**

**М.У.Шалекенов–**

*д.и.н., профессор КазНПУ им. Абая*

Медицинская помощь у казахов в рассматриваемый период традиционно сосредотачивалась в руках знахарей, баксы и шаманов и тесно переплетались с суеверием и предрассудками. Познакомившись с лечением табибов Гиршфельд и Галкин писали; "В огромном большинстве случаев табибы должны быть отнесены к разряду шарлатанов и современных невежд в медицине»/1/.

Способы этой, так называемой народной медицины, часто были изуверскими, вредными для здоровья, реже - просто бесполезными. Вместе с тем существовала народная медицина. Основываясь на чисто практическом опыте, иногда табибы правильно ставили диагноз и помогали выздоровлению больных. Среди казахов были потомственные табибы «сыныкшы», которые оказывали помощь при переломах, часто встречавшихся у скотоводов-кочевников.

Научная медицинская помощь местному населению стала оказываться лишь после добровольного присоединения Казахстана к России, т.е. со второй половины XIX в. Первоначально лечебные учреждения находились в русских войсковых частях и в переселенческих селенках.

На юге Казахстана первые лечебные учреждения появились в низовьях Сырдарьи, где в 1847 г. было заложено Раимское укрепление а позднее основано Казалинское укрепление. В 1853 г. Русское войско обосновалось в коканской крепости Ак-Мечеть (ныне Кызыл-орда). Так была создана Сырдарьинская военная линия, где функционировало несколько военных лазаретов, обслуживавших военных и членов их семей/2/.

В 1864 г. Южный Казахстан полностью был присоединен к России. После этого на вновь присоединенную территорию начало прибывать сначала казачье население, а потом переселенцы из Центральной России.

С 70-х годов XIX в. администрация Туркестанского края стала организовывать амбулатории и больницы для гражданского населения. В 1868 г. в Чимкенте был открыт военный лазарет, преобразованный в 1870 г. в полугоспиталь, а в 1885 г. - вновь в лазарет. В 1911 г. в этом лазарете получали стационарное лечение до 300 больных в год/3/. В Аулие-Ате медицинскую помощь оказывали врачи русских войск, стоящих в городе, а затем врачи военного лазарета/4/. В Перовске, Казалинске лечебное дело осуществлялось силами военных врачей, работающих в лазаретах.

В 1865 г. медицинское обслуживание было передано в ведение уездных врачей, которые распоряжаясь лечебными учреждениями и материальными средствами.

Царское правительство на нужды здравоохранения отпускало мизерные средства. А.Чокин писал: «Если в Центральной России на нужды здравоохранения в год затрачивалось 62 коп. на человека... то на окраинах России государственные затраты на нужды здравоохранения были еще меньше»/5/. Так, на нужды здравоохранения Туркестанского края в 1879 г. уездному врачу отпускалось 360 руб. в год на содержание фельдшера и до 340 руб. - на наем помещения для аптеки, отопления и освещения его/6/. Следовательно, Перовский, Чимкентский и Аулие-Атинский уезды вместе получали по 700 руб. в год на лечебные цели. Несмотря на столь малые средства, медицинское обслуживание населения улучшалось. В 1890 г. на четыре уезда Сырдарьинской области - Чимкент, Аулие-Ата, Казалинск и Перовск - приходило всего 4 уездных врача/7/.

С конца XIX в. в Туркестанском крае стали организовываться амбулатории и больницы для гражданского населения. С 15 июня 1906 г. в Перовске была открыта участковая лечебница, размещавшаяся в частном доме. Помещение не соответствовало требованиям медицины: было тесным, низким и сырым. В этих домах больные имели стационарное лечение: в 1907 г. - 13, в 1908 г. - 57, в 1909 г. - 78, в 1910 г. - 59 чел. За это лечение больного он платил 12 руб. в месяц. Как видно из приведенных данных, с 1907 г. по 1909 г. число больных, получивших врачебную помощь, росло. Амбулаторным и профилактическим лечением в 1906 г. пользовались 1350, в 1908 г. - 5201, в 1909 г. - 6864, в 1910 г. - 3151 чел.

Уменьшение числа амбулаторных больных было связано с установлением платы (5 коп.) за совет и лекарство/8/.

В 1907 г. в Перовске работал врач, 2 фельдшера, акушерка. В том же году была открыта психиатрическая земская больница на 81 место, которую обслуживали 2 врача, смотритель и фельдшер. Как отмечалось в документах, «образованная распоряжением Туркестанским генерал-губернатором особая комиссия и совет генерал-губернатора, находят г.Перовск вполне подходящим для устройства в нем психиатрической больницы, т.к. он находится в самых благоприятных климатических и санитарных условиях»/9/. Эта земская больница была рассчитана на 81 койку, из них 42 - для душевно-больных, 37 - для хроников, в том числе для 4 женщин и 5 остальных, в том числе для 1 женщины и 7 кроватей для больных военного ведомства/10/.

Аналогичные лечебные учреждения функционировали в Чимкенте, Аулие-Ате, Туркестане. На 1 января 1909 г. в Чимкентском, Аулие-Атинском, Перовском, Казалинском уездах работало 19 лечебных учреждений в г. Чимкенте и уезде - военный лазарет на 21 койку, городской приемный покой на 5 коек, городская инфекционная больница на 10 коек, а также сельские лечебницы на 6 мест каждая; в Туркестане приемный покой на 5 мест; в Аулие-Ате и уезде больница на 15 мест, лазарет на

22 места, 4 сельские лечебницы на 6 мест каждая. В Перовском уезде действовали городская больница на 5 мест, земская больница на 49 мест, 2 сельские лечебницы на 6 мест/11/. Работал в них 21 врач, причем одна женщина, 23 фельдшера, 17 акушеров, 6 фармацевтов/12/.

По данным на 1 января 1913 г. количество лечебных учреждений и наличие коек в них по четырем уездам Сырдарьинской области осталось на уровне 1909 г. Из-за нехватки медицинского персонала многие лечебные учреждения полностью не использовали свои штатные единицы. Например, на Ауле-Атинскую городскую больницу на 15 коек и амбулаторию приходится один врач, 2 фельдшера, 1 надзиратель, 1 технический работник. С января 1907 г. в больнице часто пустовала должность врача/13/. Такое положение было и в других лечебных учреждениях Южного Казахстана.

С 1909 по 1913 г. медицинский персонал увеличился всего на одного человека. К тому времени среди врачей работали 4 женщины/14/.

В 1913 г. на четыре уезда было всего 5 аптек, в которых работали 6 фармацевтов/15/. Аптеки функционировали в городах Чимкенте, Аулие-Ате, Казалинске, Перовске, владельцами которых были частные лица. Они сами изготавливали лекарственные средства и реализовывали их среди населения/16/. По данным 1912 г. выручка этих аптек составляла 23648 руб. 40 коп /17/. Из указанных сумм, нетрудно заметить, что аптековладельцы имели большие доходы..

Как видно, царское правительство не проявляло большой заботы охроне здоровья в национальных окраинах. В среднем каждая больница имела 5-6 коек. Поэтому на стационарном лечении находились единичные, наиболее состоятельные в экономическом отношении больные, а бедные слои населения оставались вне медицинской помощи. На одного врача в среднем приходилось 70 тыс. чел. Из-за недостатка специалистов основная масса населения по-прежнему обращалась к знахарям, что приводило к высокой смертности. В 1881 г. из 1948 чел., заболевших в Аулие-Атинском уезде, умерли 803, или свыше 41% /18/. Даже главный врач Сырдарьинской области И.Суворов вынужден был констатировать отсутствие надлежащих лечебных учреждений: «В городах Чимкенте, Туркестане, Перовске, Казалинске, Аулие-Ате о медицинское обслуживание почти отсутствует»/19/. В сельских местностях дело обстояло еще хуже. «За 50 лет существования колониального режима в Туркестанском крае было открыто всего 65 амбулаторий и 33 аптеки. Все они обслуживали главным образом русские войсковые части и русское население Туркестана»/20/. В таких условиях медицина не могла служить народным массам.

Печаль того времени отмечала: «В среднем по области каждый из врачебных пунктов занимал пространство в 24000 квадратных верст с населением 84000 человек. При такой территории и количестве населения врачебная помощь в Сырдарьинской области не может считаться удовлетворительной»/21/.

Низкий уровень медицинского обслуживания приводил к высокой смертности, особенно среди детей. 24 апреля 1895 г. начальник Казалинского уезда писал в своем донесении военному губернатору Сырдарьинской области: «В городе Казалинске на детях появилась болезнь, по заключению уездного врача, пришествует корь. По собранным сведениям оказалось, что случаев заболевания этой болезни в течение недели с 18 по 24 апреля было 29. Из них выздоровело 10, осталось 19»/22/. Большая смертность среди детей была во время эпидемии дифтерии в 1884 г. в Аулие-Ате, о чем свидетельствует рапорт областного врача военному губернатору Сырдарьинской области: «Аулие-Атинский уездный врач рапортом от 11 ноября сего 1884 г. донес мне, что в октябре месяце настоящего года, его наблюдению подверглись в городе Ауле-Ата три случая дифтерита между детьми в двух родственных между собой семьях. Все три случая окончились смертью»/23/. 26 октября 1889 г. в донесении начальника Аулие-Атинского уезда областному начальнику о смертности детей от дифтерии говорилось следующее: «По собранным сведениям уездным врачом от этой болезни умерло 6 человек: 4 мальчика в возрасте от 1,5 до 2,5 лет и две девочки в возрасте от 1,5 до 2 лет»/24/.

Аналогичные случаи были во всех городах области. В 1906 г. в г. Чимкенте вспыхнула эпидемия дифтерии, в течение года заболело 317 человек, из которых умерло 87/25/.

По официальным данным, в Сырдарьинской области широко были распространены венерические заболевания, оспа, скарлатина, тиф, дизинтерия, и мн. др./26/. Этому способствовали антисанитарные бытовые условия народных масс, плохое питание.

И все же, несмотря на общий уровень медицинского обслуживания в крае, местное население после добровольного присоединения Казахстана к России получало медицинскую помощь. Медицина постепенно стала вытеснять местных знахарей и табибов. Организованные русские лечебные заведения довольно быстро завоевывали популярность среди местного населения. Медицинский персонал старался оказывать помощь больным, по мере возможности боролся с эпидемическими болезнями, оказывал

эффективную помощь по предотвращению распространения заразных болезней. Однако возможности лечебных учреждений и медицинского персонала были небольшими, так как царское правительство по настоящему не заботилось улучшением бытовых условий трудящихся масс. Только Великая Октябрьская Социалистическая революция обеспечила подлинное медицинское обслуживание всех народов нашей страны.

Таким образом, после добровольного присоединения Казахстана к России культура народов Южного Казахстана развивалась по двум направлениям. Во-первых, царское правительство опираясь на местную эксплуататорскую верхушку и духовенство, стремилась сохранить у присоединенных народов патриархально-феодалные отношения, держать трудящиеся массы в темноте и невежестве. Это вытекало из колониальной политики царизма. В религиозных учебных заведениях, мектебах и медресе воспитание детей проводилось на религиозной основе. Система обучения в этих учебных заведениях оставалась по-прежнему схоластичной, оторванной от жизни, основывающейся на отвлеченных рассуждениях, не проверяемых опытом. Такое обучение детей вполне устраивало царскую и местную патриархально-феодалную администрацию. Во-вторых, в рассматриваемый период демократическая культура развивалась под непосредственным воздействием передовой, прогрессивной культуры русского народа. Передовые люди казахского и др. народов Южного Казахстана, боролись за развитие демократических традиций в культуре. Они выступали против средневекового застоя, националистических тенденций и колониальной политики царизма. Проводниками русской демократической культуры среди местного населения была передовая русская интеллигенция, которая вместе с местными демократически настроенными людьми развивала народную культуру на местах.

После присоединения Южного Казахстана к России местное население получило возможность обучать детей в русских учебных заведениях. Их воспитанники изучали русский язык и русскую культуру. Это оказывало благотворное влияние на развитие культуры коренного населения.

Для развития научной мысли в исследовании природы, экономики, истории и культуры Южного Казахстана значительный вклад внесли русские ученые. Вместе с ними бок о бок работали исследователи, вышедшие из коренного населения. Прогрессивные ученые придавали большое значение в изучении народной культуры, идущей из глубин веков. Также имеет немаловажное значение распространение лечебных учреждений на территории Южного Казахстана. Местные жители впервые познакомились с научной медициной и увидели ту пользу, которую она приносит.

1. *Гирифельд и Галкин. Военно-статистическое описание Хивинского оазиса. - Ташкент, 1902. Ч.1. - С.243.*
2. *Добросмыслов А.И. Города сырдарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата, Чимкент. - Ташкент, 1912. - С.152.*
3. *Там же. - С.197.*
4. *Там же. - С.172.*
5. *Чокин А. Очерки развития санитарно-эпидемической службы в Казахстане. - Алма-Ата, 1975. - С.15.*
6. *Добросмыслов А.И. Указ. соч., - С.97.*
7. *ЦГИА РФ, Ф.1263. Оп.1. Д.4835. Л.211.*
8. *ЦГА РУз. Ф.17. Оп.1. Д.1956. Л.4.*
9. *ЦГИА РФ. Ф. 1149. Оп.13. Д.168. Л.2.*
10. *Там же.*
11. *Обзор Сырдарьинской области за 1908 г. - Ташкент, 1909. - С.51-69.*
12. *Там же. - С.63.*
13. *ЦГА РУз. Ф.17. Оп.1. Д.29112. Л.8.*
14. *Обзор Сырдарьинской области за 1912 г. - Ташкент, 1913. - С.179.*
15. *Обзор Сырдарьинской области за 1912 г. - Ташкент, 1913. - С.180-181.*
16. *ЦГА РУз. Ф.17. Оп.1. Д.29419. Лл. 82, 84, 85, 88, 89, 91, 92, 93, 94, 95.*
17. *Обзор Сырдарьинской области за 1912 г. - Ташкент, 1913. - С.180-181.*
18. *ЦГА РУз. Ф.17. Оп.1. Д.10187. Л.44.*
19. *ЦГА РК. Ф.60. Оп.1. Д.37. Л.4.*
20. *Народы Средней Азии к Казахстана // Серия: «Народа мира», - Т.1. - М., 1962. - С.334.*
21. *Обзор Сырдарьинской области за 1910 г. - Ташкент, 1911. - С.173.*
22. *ЦГА РУз. Ф.17. Оп.1. Д.846. Л.3.*

23. Там же. Д. 807. Л.1.
24. Там же. Д. 1226. Л.8.
25. ЦГИА РФ. Ф.1263. ОП.4. Д.52. Л. 77.
26. *Обзоры Сырдарьинской области за 1896,1912,1913 года.*

#### Түйін

Бұл мақалада XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басында Оңтүстік Қазақстандағы медициналық көмек көрсету проблемалары қарастырылған.

#### Summary

Given article considers the problems of the medical service in the south Kazakhstan in the second half XIX - begin XX age.

## КӨШПЕЛІ РУ-ТАЙПАЛАРДАҒЫ ТАҢБАЛАР ТАРИХЫ

**Ғ.А.Меңілбаев –**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

Ежелгі және байырғы көшпелілердің өз қолдарымен сызып, қашап қалдырған осы құндылықтарды салыстырмалы түрде алып қарастырып, XIX ғасырдағы қағазға түскен қазақ халқының ішіндегі кіші жүз құрамындағы ру-тайпаларының таңба белгілерімен салыстыру арқылы ежелгі түркі этносының психоло-гиясын, дүниетанымының тікелей мұрагері қазақ халқы екеніндігін таныту болып табылады. Сол құндылықтарды жандандыру. Мұндағы әрбір таңбалар мен нышандардың дәуірі анықталған. Олардың модификациясы (түр өзгерісі), қолданыста болған дәуірі, кейінгі дәуірмен сабақтастығы салыстырмадан анық байқауға болады. Ежелгі және байырғы түркілердің қалдырған логограммалық рухани құндылықтарын сараптау барысында, оларды екі топқа бөліп қаруды жөн көрдік. Олар: 1. таңбалар. 2. нышандар (символдар).

Таңбалар әрбір жеке тайпаларды танып, түстеп беретін белгісі-коды. Сол бел-гі(код) арқылы пәлен деген түсінікті екінші, үшінші жақ алады. Малға басқан таңба арқылы пәлен тайпаның малы деген ақпарат алады. Ал , біздің рәміздеріміз(герб), тікелей тотемге (киетекке) байланысты екенін көпшілік біле бермейді. Киетек (тотем) деп аталған ұғым тайпалардың намысына, арына тікелей байланысты болады.

Кие олардың шығу тегі, ата-бабасы. Оларды желеп - жебей жүретін аруағы. Тайпа мүшелері, қауымдастық (обшина) жауға, қауіпті сапарға аттанғанда, табиғаттың апатына тап болғанда, қысылғанда, қуанғанда киеетекке (тотемге) жүгініп, күш-қуат сұрап, солар арқылы тәңірге табынып отырған. Сондай қасиетті, киелі болғандықтан рәміз ретінде құрметтейтін болған.

Киетектер қуатты, қорқынышты, айбарлы жануар кейпінде абстракт түрде бейнеленген. Бұл ежелгі және орта ғасырдағы адамдардың дүн-иетанымымен этнопсихологиясымен тікелей байланысты. Ежелгі адамдар қоршаған ортасын түйсіну, сол түйсігін ой сарабынан өткізу арқылы жануар-лардың ерекше бітімін шамадан тыс бейнелеп рәмізге айналдырған. Керісін-ше, таңба кескіндері ежелгі және байырғы түркі әліпбиіне айналған. Көріп отырғанымыздай таңба ретінде қолданған таңбалар әріпке бірден айналса, рәміздер кескіні оған көнбеген.

Міне, осының өзінде өте көп мән жатқан сияқты. Таңбалар анда-мында қала береді, демек ақпарат береді. Ал рәміз киелі болғандықтан оны кез келген жерге сызып, аяқасты етуге жол берілмеген. Байырғы Түркі қағанатының Елтаңбасы серке немесе тауешкі. Мезолит дәуірінен бермен қарай пәлен мың , миллион ешкінің (тауешкінің) суреті жартас бетіне сызылған.

Ал дәл мынандай сурет Күлтегін мен Біліге қағанның ұстынан (қабыртас деуге болады) басқа жерде жоқ. Бұл Түркі қағанат Елтаңбасы. Орта ғасырлық Оғыз-наме жырында Оғыз-қағанды суреттемес бұрын оның рәміз(герб) мынау деп өгіздің (бұқаның) басын абстракты суретпен берген.

Бұл екі Елтаңба (герб) қағанат (империя) рәмізі. Ал одан басқа әрбір тайпа, тайпалық одақтардың (конфедерация) елтаңбалары болған. Осы жерде біздің ру-тайпалардағы таңбаларымыздың шығу тарихы қалай келіп шығатыны белгілі бола бастайды. Яғни, олар белгілі бір көшпелі

мемлекеттер құрамында одақтас болған деп тұжырым жасауға болады. Солардың бірі, «Байұлы» атауының шығу тарихы деуімізді атап өткім келеді. «Бай» сөзі ру-тайпа аттары ретінде алғаш рет б.э.бұрын 694-250 жылдардағы қытай жылнамаларында айтылады. Динлиндердің бір бөлігі Байди аталған, ал бай екі түрлі мағынада «солтүстік» және «ақ» мағынасында көрсетілген.

Ерте замандағы тайпалардың Азияда әрі-бері ауысып, бір орыннан екінші орынға орналасып отыруы тарихта белгілі жағдай. Соған қарағанда, бай түбір сөзі арқылы жасалған этнонимді иемденгендердің бір тобы Азияның шығысы мен солтүстігінде, екінші тобы орта бойында мекен еткені шындыққа жақын. Бұған назар аударсақ, бай сөзі арқылы жасалған этнонимдердің архетипі көне дәуірге, атап айтқанда, Алтай дәуіріне тән болар деген тоқтамға келеміз. Оған дәлел - біріншіден, жылнамалары мен шежірелерінің хабарлауынша, Бай б.э. дейінгі 694-250 жылдары Алтайда өмір сүрген динлиндердің тайпа аты болған болса, екіншіден, тілдік материалы яғни сөздің көне лексикалық мағынасы сол Алтай дәуіріне тән сөздердің мағынасын аңғартады.

Өйткені бай сөзінің қазіргі мағынасы мен бұрынғы мағынасының (солтүстік және ақ) арасында ешбір жуықтық, жақын байланыс білінбейді. Ал қазіргі ру, тайпа және кісі аттарында келетін бай сөзінің мағынасы соңғы дәуірлердегі жағдаймен байланысты екені өзінен-өзі түсінікті болса керек. ( Т. Жанұзақ . Қазақ ономастикасы /атаулар сыры-3/ Алматы 2007. 494-496 беттер ). Қазақтың ру-тайпалары мен башқұрттар ішіндегі ру-тайпалардың атауларындағы ұқсастық, танбалардағы ұқсастық, т.б. бұл екі халықтың шығу тегінің көне заманнан келе жатқанын және туыстас халық екендіктерін байқатады.

Кіші жүз ру-тайпаларының ішіндегі 12-Ата Байұлы құрамындағы жаппас руы мен Башқұрттар құрамындағы жылан тайпасының арасында тарихи байланыстылықты жазбаша деректер арқылы байқауға болады. «Племя елан ряд исследователей, опираясь на значение этнонима (йылан-змея), а также упоминание Ибн-Фадлана о поклонении древних башкир змеям, относят к числу древнейших образований на территории Башкирии (Юсупов, 1960, стр.130). Такое решение действительно было бы заманчивым, тем более, что в литературе были упоминания о культе змей (в частности об их неприкосновенности) в религии древних булгар (Поппе, 1927; Денисов, 1959). Однако от новой возможности перебросить связующий мост и булгарам приходится отказаться, так как в данном случае мы имеем дело скорее всего со случайной ассоциацией. Еланцы, соседи киргизов и канлинцев в долине Белой, тесно связаны с ними и с кыпчаками вообще как временем миграции в Приуралье (XIII-XIV вв.), так и предшествующей историей в Дешт-и-Кыпчаке. Еланские предания о миграции предков в Приуралье «со стороны Волги» или «из Крыма», генеалогии, восходящие к Чингиз хану, структура еланских тамг с явным преобладанием тамги кыпчакского типа, наконец, внутренняя микроэтнонимия, также кыпчакская по характеру (подразделения кара-кыпчак), - все это не оставляет возможностей для более древних сопоставлений.

Кыпчакская этнонимия некоторых еланских подразделений не исключает возможности и того, что еланцы были в XIII-XIV вв. составной частью (родом) кыпчаков; во время полевых работ в 1953 г. один из стариков-еланцев следующим образом определил свою родовую принадлежность: «мы елан-кыпчаки (біз жылан-қыпшақтармыз)//полевые записи 1953г., стр. 351//.

В древней истории кыпчаков был эпизод, который, кажется, может послужить отправным моментом в поисках этнических истоков еланцев. В.В.Бартольд в рецензии на книгу И.Маркварта писал, что в период пребывания кыпчаков на Алтае их разбил народ змей (джилян); потерпевшие поражение кыпчаки несколько позже вместе с племенами змей, с которыми они смешались, разгромили узов и печенегов, а затем все вместе устремились на запад против Византии (Бартольд, 1968, стр.397). Сообщение, что древние кыпчаки жили на Алтае в долине «Чжи-лян» китайская транскрипция тюркского Джилян (змея) имеется в «Сокровенном сказании» (Палладий Кафаров, 1872, стр.247). Других сведений о племени змей в источниках не имеется, (осы жерде аңыздар, ертегілер, жырлар - ауызша айтылатын деректерде жылан халқы туралы кездестіруге болады.

Мысалы, қазақ халқының ертегілерінде Жылан патшалығы, Бапы деген жылан патша, оның балалары мен қыздары т.б. кездеседі. (Ер-Төстік ертегісінде...) лишь Г.Е.Грумм-Гржимайло снова упоминает это название и опять же в связи с кыпчаками; он высказывает интересное предположение о том, что этнических истоков племен змей находятся динлины. (Грумм- Гржимайло, 1926 г., стр.59). «Происхождение еланцев на основании имеющихся данных решить невозможно. Однако они дают повод для вполне обоснованного заключения башкиры племени елан - потомки одного из древнетюркских племен, которое включилось в состав кыпчаков еще на ранней стадии их истории миграции на запад» (Р.Г.Кузеев. Происхождение Башкирского народа . Изд. «Наука, Москва 1974 г. стр., 362-363.).

Осы жерде, Башқұрттар құрамында әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты қосылған қазақтың ру-тайпаларының бірі, кіші жүздің Байұлы бірлестігіне қарайтын, жаппас тайпасының бастапқы кезде өз алдына ірі тайпа бірлестігі болғандығын байқап отырмыз. Оның құрамында II-таңба алған Эске «Ескі жылан» (22- таңба), X-таңба алған Идель «Еділ жылан» (10-таңба), T-таңба алған Изель «Есіл жылан» (8-таңба), L-таңба алған Қыр «Қыр жылан» (5-таңба) бар қазақтың ру-тайпаларын кездестіруге болады. Осы жердегі төрт таңбадағы қазақ руларының басын біріктірген жылан тайпасының кіші жүз құрамындағы жаппас тайпасымен арада қандай байланысы бар дейтін болсақ; Қазақ халқының негізін құрап отырған 43-тайпалардың ішінде жылан бейнесіндегі таңбаны алған «Z» тек қана жаппас тайпасы деуге болады. Қалған ру-тайпалардың ешқайсының рулық таңбалары «жылан» бейнесіне ұқсамайды. Екінші бір дәлеліміз, жаппас атауы 13-14 ғасырларға дейін жазбаша деректерде кездеспеуі, тек 15- ғасырдан бастап «жаппас» атауының сол кездердегі жылнамаларда кездесе бастайды.

Дәлірек айтсам, «Тартария» деп аталатын 887-беттен тұратын көлемді ғылыми еңбекте ( татарлар тарихына байланысты жазылған ), Қазан-Москва-Санкт-Петербург 2005 г. 376-377 бетте «Кочевой и оседлый мир Восточной Европы. 1482-1560 годы » деген атаумен карта берілген .Осы картада «1492 жылы» жаппастардың Қарақұмдағы қыстауларының және жайлауларының көші- қон қоныстары, жүрген жолдары, т.б. берілген... Зимовка( қысқалық) Опаса / Яппаса / 1492 г. - деген сөйлем кездеседі. Былайша айтқанда, 1492 жылғы жаппас руының қыстауларының орналасқан жерлері келтірілген. Арал теңізінің жоғарғы жағындағы Қарақұм ішінде, Торғай мен Сырдария өзендері аралығындағы жерлер деуге болады. Қарақұмның бойындағы және Ембі, Сағыз өзендерінің аралығындағы жерлер деуге болады.Ал енді жайлауларының орналасқан жерлері Оралдың жоғарғы жағы мен Сакмар өзендері аралығындағы жерлер болды.

Сондай-ақ, Ор және Ырғыз өзендері, Улькаяк,Торғай өзендері аралығындағы жерлерге жайлауға көшіп жүрді деуге болады. Осы жерлерде күні бүгінге дейін жаппас руының өкілдері кездеседі десек қателеспейміз. Жаппас атауына байланысты орта ғасырлық жазбаша деректерде «Жамбас, Жанбас, Шаббас атауымен елді-мекендердің қалалар, жер-су атаулары, адам аттары, рулар т.б. кездесіп тұруы біздің ойымыздың дұрыстығын көрсетеді. «Жылан-бас» тайпасының атауының уақыт өте келе–Жамбас, Жанбас, Шаббас, Оппас деген атаулармен кездесетіндігін атап кетуге болады. Жылан-бас атауының Жамбас, Жанбас атаулары болып өзгеріске ұшырауы, бертін келе Жаппас болып аталуы заңды құбылыс деуге болады.

Сонымен бірге, жаппас руының таңбасы да «Z» да жылан бейнесін, оның ішінде басын көтеріп тұрған жыланды көз алдыңызға келтіреді. Яғни, шиыршық атып,қарсыласуға дайын тұрған,басын көтеріп, шағып алуға дайындалған жылан бейнесін көз алдыңызға алып келеді. Соған қарағанда, Башқұрт құрамындағы «жылан» тайпасының қыпшақтармен арада тығыз байланыста болуының өзі қыпшақ құрамындағы жылан-бас (жам-бас, жан-бас, жаб-бас, шаб-бас, жап-пас) тайпасы болуы мүмкін жеген тұжырымдама жасауға болады. Жылан-бас( жаппас) тайпасына II-қыпшақ таңбасын алған, Ескі жылан (ескі жаппас) деген топқа 22-таңба алған рулардың біріккенін көріп отырмыз. Сонымен бірге, X-телеу таңбасын алған, Еділ жылан ( Еділ бойы жаппастары) деген топқа 10-таңба алған рулардың біріккенін байқаймыз. Сондай-ақ, T-жағалбайлы таңбасын алған, Есіл жылан (Есіл бойы жаппастары) деген топқа 8-таңба алған рулар шоғырланды. L-деген таңба алған, Қыр жылан(қыр бойы жаппастары) деген топқа 5-таңба алған рулардың бастары қосылғанын көріп отырмыз. Жоғарыдағы таңбалардың тікелей жаппас руына қандай қатысы бар деген сұрақтың туындауы орынды деуге болады.

Жоғарыдағы таңбалардың жаппас тайпасының құрамында да кездесетіндігін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен байқауға болады. И.Казанцев(1867 ж.)- X., М.Тынышпаев (1926) -X еңбектерінде «ашамай» таңбалары кездеседі. II-рулық таңбалары орта жүздің қыпшақ, уақ тайпаларында және кіші жүздің керейт, тама тайпаларында бар, ал жаппас тайпасында бұл таңба кездеспейді. Байұлы тайпалық одағына кіретін ірі тайпалардың бірі - жаппастар.

Біз қарастырып отырған кезеңде, яғни XIII-XIV ғасырдың алғашқы жартысындағы оқиғаларды баяндайтын,қолда бар деректер мен зерттеулерден жаппас атауын кездестіре алмадық. Кеңестік кезеңдегі белгілі зерттеушілер М.Мұқанов пен В.Востровтардың өзі: «Жаппас» руы Кіші жүздегі ірі рудың бірі болып табылады. Өкінішке қарай, тарихи деректемелерде бұл ру туралы ерте кездегі деректер жоқ дейді. Себебі, Кеңес кезеңінен бұрынғы зерттеушілер, одан кейінгі зерттеушілер де «жаппас» атауын тікелей сол атаудың өзінен іздеді. Жаппас атауының көне тарихын атаудың өзінен іздеуден еш нәтиже шықпайтыны белгілі еді. Жаппас атауы қолдағы жазбаша деректерде бірінші рет 1492 жылы «Опас» атауымен орыс деректерінде кездескенін жұмысымыздың басында айтып кеттік.

Осындай жазбаша деректі Бабырнама-тарихи-әдеби, естелік шығармадан да кездестіруге болады. Негізінен, Бабырнама Орталық Азия халықтарының барлығына ортақ тарихи ескерткіш мұра болып табылады. Оның авторы Үндістанда Ұлы моғол мемлекетінің 1526 жылы негізін қалаған Темір әулетінің ұрпағы Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр болды. (Бабырнама. Алматы: Ататек-1993, 448 бет.) ... Шаһбаз (жаппас) Наукент қамалының қасына келіп қосын тікті. Бихраттың тұсынан Ходжент өзенінен өтіп, Наукенттегі Шаһбазға (жаппас) аттандық ... Шаһбаз(жаппас) Қарлұқ Наукентті тастап, Қасанға қарай қашыпты. /131-бет/. Шаһбаз (жаппас) Ұзын Хасанның асыранды ұлы Міріммен айқасқа шықты, осы шайқаста Мірім қазаға ұшырады. /132-бет/. Бұл жерде, Бабырнама жылнамасында Шаһбаз деген атымен беріліп отырған Жаппас деген тайпаның атауы болуы мүмкін деген ой келеді.

XV-ғасырдан бастап жаппас атауы жылнама деректерден көріне бастайды. Біз қолымыздағы бар жазбаша деректерге сүйене отырып, жаппас атауының алғаш рет осы атаумен жазыла бастауы Ноғай ордасы тұсында болуы керек деген тұжырым жасауға болады. 1492 ж. Ноғай ордасының құрамында Жаппас тайпасының қыстаулары орналасқан жердің атауы кездеседі. «Кочевья Апаса» /Яппаса/(1492 г.)... Зимовка Опаса /Яппаса/ (1492 г.)... Осы жерде зимовка Мусы (1492 г.) кочевья Ямгурчая ( 1492 г.) деген атаулар да кездеседі. Бұл атаулардың Ноғай ордасының билеушілерінің есімдері екендігі белгілі. Жаппас тайпасы ноғайлармен бірге көшіп жүргенін осы сөйлем жолдары мен картаның өзі-ақ дәлелдеп тұр.

Сонымен бірге, жаппас тайпасы Ноғай ордасының құрамында болған деген болжам жасауға болады. Себебі, Ноғай ордасының құрамында көптеген кіші жүздің ру-тайпалары жүргендігін олардың атауларынан, таңбалық белгілерінен де байқауға болады деп тұжырым келтіреміз. / 376-377/.

Жаппас тайпасының әскери жасақтарының Қазан қаласын орыс әскерлерінен қорғауға да қатысқанын айғақтайтын да жазбаша деректер сақталған. ... 1552 жылы 9 наурыз күні Қазан хандығының тағына Астрахан ханзадасы Ядыгар( Ядкар) отырды. Осы кездегі жағдайды төмендегі жазбаша деректерден көруге болады: - Приблизалось решительное столкновение. 23 августа 1552 г. 150-тысячная русская армия во главе с Иваном IV подошла к Казани. Город казался неприступным: он отлично укреплен, в крепости имелись большие запасы продовольствия. Все окрестностное население поднялось на защиту столицы: собралось около 30 тыс.воинов. Кроме того, на Высокой Горе базировалась конница Япанчи /Яппаз-цы/, яғни (жаппастықтар) нападавшая на противника с тыла. Внушительную силу представлял собой конный отряд ногайцев ( 2 тыс.человек ). Однако пушек и пищалей не хватало./ 388-389/. Осы жерде Ноғайлардың 2 мың атты әскерлері деп отырғанымыз, жаппастардың 2 мың атты әскерлері деп түсінген дұрыс.

Ол кезде жаппас тайпасының атты жасақтары Биік Тау деп аталатын жерге шоғырланғанын, сол жерден орыс әскерлерінің сыртына өтіп, кенеттен шабуыл жасағанын көріп отырмыз. Бұл жерде жаппастардың атты әскерлерінің Қазан қаласын қорғауға қатысуы мен Астрахан ханзадасы Ядыгардың таққа отыруы арасында тарихи байланыс болуы керек деп тұжырым жасауға болады. Осы жердегі Ядыгар деп отырғанымыз Едіге болуы керек деп ойлаймыз. Едіге билік басына келуіне байланысты орыс мемлекеті мен Қазан хандығы 1438-1552 жылдар аралығында билікке талас-тартысты бастан кешті.Билік басына жергілікті үстем таптың өкілдері мен орыс мемлекетінің қолдауымен билікке келгендер арасында қанды қырғын болып тұрды.Соңғы қырғын шайқастың нәтижесінде Қазан хандығы өзінің өмір сүруін тоқтатты деуге болады.

Бұл жердегі тарихи оқиғалардың қасында осы күнгі қазақ халқының құрамындағы кіші жүз, орта жүздің ру-тайпалары болғанын байқауға болады (Арғын, Қыпшақ, Маңғыт, Жаппас, Ноғай, Барын т.б.) көреміз. Яғни, қазақ ру-тайпаларының атаулары кездеседі /370-371/. «Гартарика Казан-Москва-Санкт-Петербург, 2005.с. Кезінде, әлемге белгілі архелог С.В.Киселев «Что касается кыргызов, западно-тюркская письменность попал на Енисей на подготовленную почву - уже почти два тысячелетия существовали там разнообразнейшие рисунки на скалах и на нарочито поставленных стеллах» - деп түркі бітіг жазуының шығу тегі ежелгі көшпелі ру-тайпалар мен тайпалық қауымдастықтардың пайдаланған таңбасынан басталатынын осылайша айтып кеткен. Өкініштісі, бұл зерттеушінің көрегендікпен айтып кеткен бұл идеясына осы күнге дейін қазақ ғалымдарының назарынан тыс қалып келеді.

Бұл жерде Қаржаубай Сартқожа секілді ғалымдардың жасап жатқан еңбегі құнды дерек көзі болып табылады. Таңба арқылы тайпалардың шығу тегін, олардың динамикалық бірігуі, бөліну қозғалысын анықтау ол өз алдына зерттеуді қажет ететін бір сала болып табылады.

1. Қаржаубай Сартқожаұлы Байырғы түрік жазуының генезисі. – Астана, 2007. 263 бет.

2. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы /атаулар сыры-3/. – Алматы, 2007.- 494-496 беттер .



3. Р.Г.Кузеев. *Происхождение Башкирского народа*. Изд. «Наука», Москва 1974 г. стр., 362-363.).

4. *Бабырнама*. Алматы: Ататек-1993, 448 бет.

5. *Тартарика*. Казан-Москва-Санкт-Петербург, 2005. с. 370. 376-377. 388-388.

#### Резюме

В данной статье рассматривается история появления родовых знаков и символов у казахского народа.

#### Summary

In given article is considered the history of the appearance of generic sign and symbol in the environment of Kazakh folk.

## АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ АЛАШОРДА ҮКІМЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.Сләмов –

*т. г. к., Семей мемлекеттік педагогикалық институты*

XX ғасырдың бас кезі қазақ қоғамы үшін түрлі топтардың, ағымдардың өзара қақтығыс күрес кезеңі болды, қарама-қайшылықты оқиғаларға толы бұл кезде, барлық әлеуметтік топтар күрес жолына шығып, бұл теке-тірес бүкіл өңірді қамтыды. Ескі күні өткен феодалдық қатынастар өзінің дамуы жағынан барлық қуатын тауысып қоғамдық өніп-өсуде кедергілерге айналса, оларды ауыстыра қоятындай жаңа қоғамдық қатынастар балаң күйде тым әлсіз еді. Отарлық езгі, күн сайын күшейіп келе жатқан орыстандыру саясаты да тереңдей түсіп ел, ұлт болашағына да қауіп төнген тұс осы кез болатын. Әсіресе ауылдық жерлердегі отарлау, мал санының азаюы да жергілікті халықтың тұрмыс деңгейінің азаюына әкеп соқты. Ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ шаруаларын, егіншілікке жарамды жерлерден зорлықпен ығыстыру, қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері болды.

Қазақ халқының жері мен табиғи байлығының айтарлықтай бөлігіне иелік еткен отарлаушылар, байырғы тұрғындарға рухани жағынан да қысым көрсетті, халықты тілінен, дінінен айыру бағытында қатыгездікпен ойластырылған шаралар жүйесі жалғасын тауып жатты. Бұл жөнінде Міржақып Дулатов 1907 жылы жазылған «Қазағым менің – елім менің» атты мақаласында былай деп ашына жазған болатын: «...Ең алдымен қазақ халқы Ресейге тәуелді халық ... оның ешқандай правосы жоқтығы кек тудырады». Халықтан жиналған салық қаражатының көп бөлігі халыққа керек емес нәрселерге жұмсалады. Енді чиновниктер біздің дінімізге атадан молдаларға ғана тиісті неке мәселелеріне араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды»/1/.

Отарлықтың милитаристік рухы отарлық әскери округтерді құруда да айқын көрініс тапты. Сөзіміздің дәлелі ретінде осы арам пиғылды жүзеге асыру барысында ғасыр басында Ресейдегі алып империяның құрамындағы 11 қазақ әскери қауымының төртеуінің қазақ жеріне орналасқанын айтсақ та жетпей ме? Статистика тілімен айтар болсақ мұздай қаруланған бір миллионнан асатын қазақ жасақтары халық үстінен қылыштарын жалаңдатып, 5 миллионға жетер жетпес қазақ халқының азаттық жолындағы әрбір қадамын аяусыз басып отырды/2/.

Қазақ қоғамының дамуының күн тәртібінде не ұлт ретінде жоғалу, не өзін-өзі сақтау мәселесі тұрды. Саяси саладағы жұмыстарды жүргізу тарихи кезең болып табылатын алғашқы төңкеріс жылдарында қазақ халқы да ұлттық ояну кезеңін басынан өткізді, жаппай саяси мәселелерге бой ұру күшейді. Ә. Бөкейханов дәл атап көрсеткендей, «бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқынына енген» тұста халқының саны жағынан аз болғанымен саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған үркердей озық ойлы топ көмекке келді, ол қазақ оқығандары болатын. Ұлт зиялылары алғашқы орыс төңкерісі жылдары кейіннен Алаш қозғалысы атанған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады. Оның басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, ұлттық мүддені қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру, ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендетуге мүмкіндіктер жасау, егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ете отыра сауда қатынастарына жол ашу, жеке адам құқықтарын қадір тұту, ұлттық оқу жүйесін мәдениетті

өркендетуге, тілдің дамуына жағдайлар жасау, түптеп келгенде дербес мемлекет құруды жүзеге асыру болатын.

Қазақ жерінің көптеген аймақтарында еңбекшілер тарапынан патша өкіметіне наразылық білдіру байқалды, ұлттық ояну кезеңі туып, жаппай саяси мәселелерге бой ұру күшейді. Саяси жиындарында, стихиялы түрде ұйымдастырылған митинглерде патша үкіметінің аграрлық саясаты мәселелері талқыланды, қазақ жерлерін тартып алуға қарсы дәлелдер келтіріліп, қазақтардың өз жеріндегі құқықсыздығы туралы айтылды, қазақ халқының тілі мен мәдениетін сақтау талабы қойылып, патша өкіметінің орыстандыру саясатына қарсы наразылық білдірілді/3/.

Қоянды жәрмеңкесінде 1905 жылдың жазында дүниеге келген Қарқаралы Құзырхаты оның бағдарламалық құжаты болды, ол еңбекшілердің күш біріктіріп, қимыл жасауының айтарлықтай бір үлгісі болып табылады. Ғасыр басындағы орын алған оқиғаларға, зиялылар құрамының осы кезеңде атқарған жұмыстарды туралы еліміз тарихында алғашқылардың бірі болып белгілі зерттеуші М. Қойгелдиев тың ойлар айтты. Ғалым пікірінше «1905-1907 жылдары отарлық бұғаудағы қазақ қоғамында таптық санадан гөрі ұлттық сананың тезірек пісіп жетілуіне қолайлы алғышарттар басым түсіп жатты»/4/.

Ресей отаршылдығына қарсы халқымыздың үздіксіз жүргізген ұлт-азаттық күресіндегі ең маңызды кезеңдердің бірі Алаш қозғалысы ұлт-азаттық күресін жаңа сапалық деңгейге көтерді, бейбіт дипломатиялық, саяси ұстанымдар арнасына түсірді. Осы жылдары саяси қызметті қызу өрістеткен Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов жетекшілік еткен ұлт зиялылары жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа жаңа сипат беру үшін газеттер шығару, азаттыққа үндеген басылымдар шығарып тарату сияқты күрес тәсілдерін игере бастады. Қазіргі кезге дейін құнын жоғалтпаған А. Байтұрсыновтың «Маса» және М. Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітаптары сол мақсаттарға арналды.

1911 жылдан шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 жылы жарық көріп жалпы халықтың басылымға айналған «Қазақ» одан кейін өмірге келген «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына ықпал етті, қызмет жасады. Бұл кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыстың сипаты кезінде М. Қозыбаевтың айқындауы бойынша: «Алаштың ұлт-азаттық қозғалысы – отаршылдыққа наразылық, отаршылдыққа қарсы ұлтшылдық болды»/5/.

Саяси өмірдегі оқиғалар тізбегі I-және II-мемлекеттік Думаларға сайлауға дайындық оқиғаларымен де ерекшеленді. Саяси бостандық беру, қазақ жерін тартып алуды тоқтатуға байланысты талап-тілектер осы жылдарда да жалғасын тапты.

Алғашқы жаһандық соғыстың басталуы, оған байланысты отарлық езгінің күшеюі, соғыс мұқтаждарына жұмсалатын алым-салықтардың қисапсыз өсуі «Қазақ» газеті төңірегіне топтасқан ұлт зиялыларының жағдайын күрделендірді. Соғысқа, оның барысында 1916 жылы майданның қара жұмыстарына шақыру және осыдан туындаған салдарларға байланысты көзқарастарды анықтау олар үшін оңай болған жоқ. Көтерісшіл халықты да, оның зиялы қауым өкілдерін де келе жатқан 1917 жылдың қос төңкерісі және оған жалғасқан оқиғалар кезеңі күтіп тұрды.

Қазақ жұртының қоғамдық-саяси өмірінде Ресейдегі Ақпан төңкерісінен кейін патша билігінің құлауына байланысты зор сілкініс туды. Отаршыл патшалық биліктің құлатылуы және оның орнына келген уақытша үкіметтің демократиялық принциптерге негізделген саясаты қазақ қоғамында бұрын соңды болып көрмеген белсенділікке жол ашты. Отарлық азабын шеккен оларға енді жаңа әділетті дәуір туатындай, өздерін «бұратана» деп жүре тындайтын чиновниктік аппарат біржолата жойылатындай көрінді. Уақытша үкіметке империя құрамындағы басқа да отар елдер сияқты қазақ халқы да барынша қолдау көрсетті. Кезеңнің ең маңызды ерекшелігі – қазақ қоғамында идеялық бірлікке, саяси тұтастыққа негіз қаланды. Заман өзгерісі, уақыт талабы алға тосқан жаңа міндеттердің толқынымен ұзақ жылдар өзімізді - өзіміз басқарсақ деп армандаған олар қалыптасқан ахуалды, саяси жағдайды қалт жібермейік деп өздерінің саяси ұйымдарын жариялап құра бастады.

Жақсылық хабарды естіген А. Байтұрсынов сол кездегі елдің көңіл күйін былайша білдірді: «Қазақтарға, ақпан төңкерісі қанша түсінікті болса, қазан төңкерісі соншалықты түсініксіз көрінді. Олар алғашқы төңкерісті қандай қуанышпен қарсы алса, тура сондай үреймен екіншісін қарсы алуға мәжбүр болды». Қазақ халқымен таныс адамдар үшін қазақтардың бұл төңкерістерге деген мұндай көзқарасы түсінікті болатын. Алғашқы төңкерісті қазақтар тура түсініп, қуанышпен қарсы алса ол, біріншіден, бұл төңкерістің оларды патша үкіметінің қанауы мен зорлығынан құтқаруында және екіншіден, олардың өзімізді-өзіміз басқарсақ деген ескі үмітін нығайта түсуінде еді/6/.

Ақпан төңкерісі барысында монархия құлатылғанымен жер-жердегі басқару аппараттарын түбегейлі жоя алмады.

Қазақ оқығандарының өкімет билігіне қол жеткізуі, ұлттық қоғамдық саяси ұйым – қазақ комитеттерінің өмірге келуі, тұңғыш ұлттық саяси партияның құрылуы және оның автономия үшін күресі, зиялылардың земстволық басқару жүйесін орнатуға ат салысуы, құрылтай жиналысы сайлауына қатысуы сияқты оқиғалар ағымы Уақытша үкімет тұсында жүзеге асады. Төңкеріс қоғамдық өмірдің барлық мәселелерін шеше алмағанымен елде кең көлемде саяси бостандықтар мен бүкіл қоғамдық өмірдің демократияландырылуына жол ашты.

Ұлттық-азаттық қозғалыс тарихындағы өзекті де, көкейкесті мәселелердің бірі «Алаш» партиясын құру болатын. Қазақ қауымының бас көтерер азаматтары «Қазағым», «Халқым» деп жүргендердің басым көпшілігі де елді аман алып қалатын бірден-бір саяси күш осы «Алаш» деп түсінді.

1917 жылдың жазына қарай қазақтың демократиялық қозғалыс жолындағы жетекшілерінің Уақытша үкіметке деген сенімі азая түсті. Өңірде жүргізілмекші болған әлеуметтік-саяси мәселелерге оң қарамаған ұлт аралық, аграрлық мәселелерді шешпегені былай тұрсын, оны шешуге талпыныс та жасамаған, өз алдына ұлттық автономия болу жолындағы жұмыстарға көңіл бөлмеген үкіметке көңілі толмаған Әлихан Бөкейхановтың кадет партиясынан іргесін аулақ салуын үлкен саясаткерге тән нәрсе деп бағалауымызға болады. Осы тағы да басқа күрделі мәселелерді талқылау мақсатында бүкіл қазақтың съезд шақыру қажеттілігі аталынған тұста ашық айтылды. 1917 жылы 21-26 шілде аралығында Орынборда болып өткен Жалпықазақ съезінде Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ депутаттары» атты мақаласы жарияланып, осыны аңғар, жұртым «қазақ» деп көрсетіліп депутаттыққа кандидат 43 адамның аты аталды, халық талқысына ұсынылды. Съезд күн тәртібіне әлеуметтік – экономикалық және қоғамдық саяси өмірді қамтитын аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Талқылануға тиісті аса маңызды мәселелердің бірі – қазақ саяси партиясын құру мәселесін талқылау барысы іс жүзінде осы партияны ұйымдастыруға арналған Құрылтай жиналысына айналды. Қаулыда атап көрсеткендей: Партия ұраны десек, бабаларымыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр делінді. Жаңадан құрылған партия «Алаш» деген атқа ие болды/7/.

Алаш партиясының бірінші бүкіл қазақтық съезде құрылуы, қазақ халқы өміріндегі елеулі оқиға болды. Шындығында жағдай қиын, уақыт тығыз болғандықтан қазақ елі жалпы өкілдерінің өкілдері түгел қатыса алмаса да оның тарихи маңызы зор еді. Съезд өткеннен кейін екі-үш ай көлемінде оның бағдарламасын жасау жұмыстары жүргізіліп, ол 1917 жылғы 21 қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды.

Ол өзінің бірнеше айларға созылған қысқа ғұмырында шын мәніндегі саяси партия ретінде қалыптасып үлгермеді, күрделі де қатал өмір ағымы «Алаш» партиясының саяси күресте ірі саяси күшке айналуына мүмкіндік бермеді. Азамат соғысы тұсында ондай міндетті алашорда үкіметі ғана атқара алатын еді.

Уақытша үкіметтің ең өзекті ұлт өміріне қатысты мәселелерді шеше алмаған әлжуаз, тұрақсыз саяси билікке айналуы, оның артынша бүкіл империяны қамтыған анархия, зорлық зомбылықтың ұласуы Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған жағдай болды. Осындай жағдайда қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құру туралы мәселені қоюының толық негізі болатын. Орынборда шоғырланған қазақ оқығандары өзара кеңесе келе елдегі кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты съезд өткізу керектігін айтты. Съезде Ұлт кеңесін құру туралы мәселені қарау ұсынылды.

1917 жылдың 5 желтоқсанында Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселе қараған ІІ Жалпы Қазақ съезі Орынбор қаласында ашылып күн тәртібіне талқылануға тиісті он мәселе ұсынылады. Бұл жиынға қазақ жұртының барлық облыстарынан, сондай ақ өлкеден тыс жерде тұратын Алтай губерниясы мен Самарқанд облысынан және Қырғыз жерінен барлығы 82 адам қатысты/8/.

Күн тәртібіндегі ең негізгі мәселе – ұлттық автономия құру болатын. Аталмыш мәселелер төңірегінде Ә. Бөкейхановтың баяндамасы тыңдалып талқыланды. Қазақ автономиясы, милиция және ұлт кеңесін құру істері бойынша бес кісіден тұратын комиссия сайланып, соның атынан Халел Ғаббасовтың сөзін негізге ала отырып арнайы қаулы қабылданды. Алашорданың уақытша тұратын орны Семей қаласы, ол бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады делінді. Желтоқсанның 12-күні түс ауа, сағат 3-те дүниеге Алаш автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты Алаштың басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Алашордасына сайланған адамдардың аттары аталды, тізімі көрсетілді. Алашорда бастығын сайлау барысында тас салынып дауыс берілді. Қорытындысында бұл орынға Әлихан Бөкейханұлы сайланды.

Түрлі аймақтарда саяси тұрақсыздық сақталып соғыс қаупі жағдайында құрылып жұмысын бастаған Алашорда үкіметі қазақ халқының және оның жерінде тұратын басқа да халықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күрес алаңына шықты. Алайда Қазан төңкерісінен кейін орын алған большевик дауылы нәтижесінде жер-жерлерде орнай бастаған кеңес билігі Алаш автономиясының кең қанат жаюына әрі Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесінің жергілікті жерлердегі бөлімдерінің құрылуына тежеу болды. Осы кезде басталған азамат соғысы билік үшін күрестің жалғасы болып табылды.

1918 жылы 18 қаңтарда қызылдар жасағы Орынбор қаласын басып алды. Барлық қазақ жерлерін біртұтас қазақ автономиясына біріктіре алмаған Алашорда үкіметі бірлігінен айырылып қалды. Үкіметі мүшелерінің біразы Алаш қаласы атанған Семейге келіп, өздерін Алашорданың Шығыс бөлімі деп жарияласа, үкімет мүшелерінің екінші бөлігі Орал облысындағы Жымпиты елді мекеніне келіп, өздерін Алашорданың Батыс бөлімі деп жариялады.

Жаңа қалыптасқан саяси жағдайдан соң екі қалада да саяси, рухани, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзгерістерге байланысты мәселелерді шешу жолында жұмыстар басталды. Бұл қиындығы мол да жауапаты іс толық жүзеге асырылмаса да алдағы тәуелсіз өмірге ұмтылудың жарқын көріністері болатын.

Тарихи даму барысында қоғамның дамуы да әртүрлі бағытта өрбуі мүмкін. Саяси тікетірес жолында бар мүмкіндіктің шектеулі екендігі Алашорда жетекшілерін де тығырыққа тірегендігі анық. Қалыптасқан ахуалды нақты бағалай білген олар бар ауыртпалықты өздеріне арта отыра қазақ ұлтының намысын сақтап қалу жолында тер төге аянбай еңбек етті.

Алаш үкіметі мүшелерінің белсенді азаматтық ұстанымдары патшаның отаршылдық басқаруына қарсы күрес жолындағы қазақ жұртының құқын қорғауда анық аңғарылды, және олардың атқарған жұмыстары әр кез халқының жадында, тарихымыздың төрінде. Уақыт өткен сайын Қазақстанның тәуелсіздік алуының бастауында болған Алаш зиялыларының, көшбашыларының халқы алдында атқарған істері жарқырай көрінуде.

1. Дулатов М. Шығармалары.- Алматы, 1991.- 22 б.
2. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX – начала XX веков. - Алматы, 1996. 111 б.
3. Пірманов Ә., Қапаева А. Қазақ интеллигенциясы.- Алматы, 1997.- 109 б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы, 1995.- 84 б.
5. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты.- Алматы, 1992.- 18 б.
6. Байтұрсынов А. Революция и киргизы //Жизнь национальностей. -1919.- 2 август.
7. Қазақ.- 1917. - 31 шілде.
8. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. - Алматы, 1995. - 152 б.

#### Резюме

Данная статья посвящена некоторым актуальным проблемам истории движения Алаш и Правительства Алаш-Орды.

#### Summary

Given article is devoted some actual problems of history of movement Алаш and the Алаш-orde Governments.

## **О ТРАНСФОРМАЦИИ ТРАДИЦИОННОЙ ХОЗЯЙСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХОВ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.**

**Ж.А.Кудайбергенова–**

*к.и.н., доцент КазНПУ им.Абая*

Реформы 1867-1868 годов, проводившиеся в Казахстане, подвели итог политической колонизации края. В дальнейшем Российской империи требовалось привязать многие районы Казахстана и экономически, поэтому важнейшим вопросом был вопрос о земле. По «Временному положению» 1867 г. все земли, в том числе и земли, принадлежащие казахам, объявлялись государственной собственностью. Для более успешной колонизации края оговаривались земли казачьего войска и крестьян-переселенцев. Кроме того, земли стали делиться на земли для развития городов, промышленности, почтовых трактов, дорог и других коммуникаций. Вместе с этими мероприятиями утеснялись маршруты кочевий, осуществлялся переход казахов к постоянным зимним

стоянкам (которые брались за основу казахской кочевой хозяйственной системы). Постепенно получили развитие интенсивные формы ведения хозяйства, начала зарождаться промышленность, торговля. Особенно это относится к концу XIX- начала XX века, когда стал проявляться интерес царизма к Семиречью как к источнику животноводческого и минерального сырья, рынка сбыта российский товаров и сфер приложения торгового, финансового и промышленного капитала.

В рассматриваемый период в крае произошли серьезные изменения, постепенно проникают капиталистические отношения, начала проявляться социальная неравенность, стала использоваться наемная рабочая сила, а многие байские хозяйства и кулаки стали заниматься ростовщичеством и торговлей, т.е. регион все больше втягивался в общероссийский рынок.

Распространение в регионе получило земледелие, в особенности в начале XX века. Так в Семиреченской области с 1880 по 1910 гг. площадь посевов выросла в 4,5 раза, особенно быстро развивалось земледелие в Верненском и Копальском уездах. Многие казахские хозяйства переходили к оседлости и полuosедлости, что стало приводить к увеличению посевов ячменя и овса - это характерно для Копальского, Лепсинского и Джаркентского уездов, что в свою очередь повлекло за собой распространение новых орудий труда. Так, Семиреченское статистическое управление указывало: «спрос на усовершенствованные орудия настолько увеличился, что спрос на плуги, предъявленные весной, не был полностью удовлетворен»/1/. Исследователь Н.Е. Бекмаханова отмечала: «... на обеспеченность сельскохозяйственными орудиями влиял социально-экономический фактор». Например, процент казахских хозяйств без сельскохозяйственного инвентаря составлял в Семиреченской области: в Джаркентском уезде - 51,3, в Лепсинском - 50,19, в Копальском - 48,48, в Верненском - 44,26. Поэтому бедняки брали плуги сообща у богатых односельчан»/2/.

Первой формой промышленности, отрываемой от патриархального земледелия, являлось ремесло, т.е. производство изделий по заказу потребителя. Но в этой форме промышленности нет еще товарного производства. Распространенными видами ремесла было сапожное, кузнечное, плотническое (отработка дерева), кожевенное дело, ювелирное искусство (серебряки, медники). С конца XIX века в регионе появляются новые виды ремесла: слесарное, стекольное. С одной стороны все больше производилось продуктов сельского хозяйства, а с другой стороны налицо было слабое развитие промышленности, которая в виде мелких предприятий была сосредоточена в городах, в особенности в г. Верном. Вместе с тем ремесленное производство было развито не только среди казахского населения, но и среди дунган и уйгур, однако вся ремесленная продукция не шла дальше, чем на обеспечение внутренних нужд хозяйства или местного рынка. Говорить об экспорте продукции не приходилось. Вследствие социальных сдвигов в сельском хозяйстве промышленные предприятия появились в Семиречье как промысловые хозяйства, а в г. Верном - по переработке сельскохозяйственного сырья. При этом необходимо учитывать, что это были по существу слабо развитые предприятия, где применялся в основном ручной труд на примитивной технической основе.

Размещение большинства ремесленников в сельской местности свидетельствует о еще слабом социально-экономическом развитии городов Казахстана. Ремесленники, живущие в аулах и деревнях, кроме ремесла занимались и сельским хозяйством. Хозяйственные группы, которые имели свыше 36 лошадей, ремеслом не занимались. Заработок ремесленников сельской местности был небольшой, в среднем не превышал 2-3 десятков рублей в год.

Мастерские ремесленников были оборудованы рутинной техникой. Ремесленное производство характеризовалось раздробленностью и узостью. Однако и здесь появляется товарное обращение. Ремесленники брали плату деньгами. Согласно исследованиям хозяйства степных областей было установлено, что ремесленники являлись и кустарями, т.е. наряду с исполнением заказов, они почти всегда имели уже готовое изделие на продажу.

Со второй половины XIX века Казахстан начинает все более интенсивно втягиваться в обмен товаров, что отвечало интересам торговли и облегчало перевозки сырьевых продуктов в метрополию. Наряду с этим, русские купцы и промышленники стали основывать в Казахстане предприятия по первичной обработке изделий скотоводства. Это были шерстомойки, салотопенные и пивоваренные, свечные, кишечные, овчинные, маслoбойные, клееварочные и кожевенные заводы.

Уже в 70-х годах XIX века в Южном Казахстане, в Сырдарьинской и Семиреченской областях, организуются предприятия кустарно-промышленного типа. Этому способствовала колонизация края русскими и украинскими переселенцами, среди которых было немало ремесленников-промышленников из Центральной России и Украины. Они-то и были пионерами в организации предприятий в тех местах, где обосновались, осваивая и расширяя ранее существовавшие производства

по обработке полезных ископаемых.

Следует отметить, что весь дореволюционный период, вплоть до победы Октябрьской революции, в Южном Казахстане насчитывалось большое число различных кустарно-промышленных предприятий, которые были или слабо связаны, или вообще не имели контактов с промышленностью России. Но, несмотря на это, российский капитал, хотя и медленно, но проникал в Казахстан. Как отмечалось в «Обзоре Сырдарьинской области за 1910 г.» русские предприниматели внедряли улучшенные сорта хлопка, винограда и др. культур, организовывали производство виноделия и винокурения, положили начало горнозаводской промышленности, рыболовству, пчеловодству, улучшению сортов кож и т.д./3/.

Российская колониальная администрация, заинтересованная в добыче сырья и сохранении потребительской способности населения окраин, на первых порах поощряла предпринимательскую деятельность переселенцев. Как свидетельствует Л.Ф. Костенко, купцы не платили пошлин, кроме гильдейских, а промышленники свободно занимались своими промыслами/4/.

Для налаживания работы в возникающих предприятиях или для создания новых отдельные предприниматели приглашали из крупных промышленных центров опытных мастеров для организации дела. Так, семиреченский купец Н.Копылов в 1868 г. пригласил по договору 22 человека с алтайских горных заводов. Он планировал открыть в г. Верном мастерские по часовому, столярному, плотничьему, слесарному, кузнечному, колесному делу. Были привлечены также каменщики, штукатуры, маляры, обойщики, портные, переплетчики. Как правильно замечает Т. Тулебаев, организация такого производства больше подходила к мануфактурной форме промышленности, нежели к цехам/5/.

Кустарно-ремесленное производство в основном развивалось в объеме местного спроса населения каждого села. Согласно исследованиям Н.А. Скрыпылева, в 18 русских селениях Чимкентского уезда, основанных с 1897-1899 гг. крестьяне занимались промыслами только лишь в свободное от сельскохозяйственных работ время. Но они никогда не работали на рынок, а только на мелких заказчиков/6/.

Основателями промышленных заведений региона в 70-80 гг. были в основном узбекские и русские купцы. Как показывают данные Обзора Семиреченской области в Копальском, Лепсинском, Джаркентском и Верненском уездах из 686 мельниц только 5% принадлежали купцам, мещанам и казакам; 76, 9% маслобойных, 50% мыловаренных, 32, 4% кожевенных заведений и все сукновальни принадлежали русским, казахским, уйгурским и дунганским крестьянам /7/.

В связи с проникновением капиталистических отношений в экономику Казахстана, а также в результате строительства железных магистралей и увеличения роста товарности скотоводческого и зернового хозяйства, возникала необходимость в дальнейшем развитии обрабатывающей промышленности. Такая необходимость вела к появлению целого ряда новых промышленных предприятий. В 1887 г. в Сырдарьинской области было 45 предприятий, где трудилось 604 человека. В дальнейшем наблюдается тенденция к росту подобных образований. Уже 1912 г. в этой области их число существенно возросло, там функционировало уже 265 предприятий, которые обслуживали 5202 рабочих.

Положение рабочих было ужасным, без всяких социальных гарантий, заработной платы едва хватало на пропитание самого рабочего, некоторая часть заработка поддерживало его семью в летнее время. Первые промышленные предприятия Семиречья были маломощными предприятиями полукустарного типа, где преобладал тяжелый физический труд почти без механизации. Имеются данные на 1870 год по мукомольным мельницам. Так, на 45 мукомольных мельницах Копала и Копальской станицы работало 50 рабочих, на 46 мельницах в Лепсинской и Сергиопольской станицы - 55 рабочих (7 казахов и 48 русских), на мукомольных мельницах Верненского уезда 105 русских и 8 казахов, а всего на винокурных, пивоваренных, кожевенных и маслобойных предприятиях работало 290 рабочих, из них 180 русских и 110 казахов/8/. Первые промышленные предприятия - винокурные и пивоваренные заводы появились в Верненском уезде, а уже в 1873 году на этих заводах работало 1884 человека/9/.

Уже в конце XIX века на некоторых предприятиях работало по 100 рабочих, в 1903 – 1905 гг. действовало 1017 крупных и мелких предприятий, а в 1906-1910 г.г. открылись еще 366 новых предприятий. В 1914 г. действовало уже 2310 предприятий с более чем 4200 рабочими/10/.

Таким образом, в начале XX века в Семиречье быстрыми темпами шло развитие промышленных предприятий, однако к уровню Центральной России они еще не приближались и занимали в экономике области очень незначительное место.

Важной особенностью социально-экономического положения Семиречья во II половине XIX века была социальная организация казахского общества, где наиболее видную роль играли родоплеменные структуры и община казахов. Вместе с тем в регионе явственно прослеживается социальная дифференциация внутри родоплеменного устройства. В начале XX века проявляются черты имущественного неравенства. Так, один из известных деятелей Семиречья Токаш Бокин указывал на то, что в регионе старую традиционную стратификацию в виде «Аксуйек» и «Кара-Суйек» заменила категория баев. Среди них он различает бас баев - это самые богатые общинники, в руках которых концентрировались значительные богатства, к ним примыкали кеуде баи - люди, которые имели прибыль, а также аяк баи - это хозяйства, больше схожие с середняками. Он также определял жатаков как владельцев хозяйств, которые не могли вести кочевой образ жизни. Наиболее обездоленные были кедеи или жарлы - это те, кто не мог вести хозяйство и нанимался в работники, они в то же время подразделялись на колексыз, жерсыз и аяксыз - безлошадных, безземельных, и просто неимущих, последние фактически представляли сельский пролетариат/11/. В начале XX века в казахской общественной среде, также как и в среде уйгуров появилась категория «алыпсатаров», торговцев-перекупщиков. Так по данным «Материалов по обследованию» только в одном Джаркентском уезде было 153 алыпсатаров. На социальное неравенство сильно повлияла аренда земель у казаков, когда целые волости арендовали земли у Семиреченского казачества.

Развитие капиталистических отношений приводило к усилению дифференциации в казахском обществе, на одной полосе которого находилась аульная беднота, а на другой – крупные баи. Также усиливался процесс превращения зажиточной части скотоводов в скотопромышленников, а разорившиеся бедняки переходила в разряд сельскохозяйственных рабочих.

Таким образом, в начале XX века происходил процесс смены традиционного уклада казахского общества, сильно изменилась его социальная структура, трансформировались производственные отношения. Если прежде дифференциация в казахском ауле выражалась в возрастании имущественного неравенства посредством сосредоточения в руках баев огромного количества скота, теперь же характер дифференциации менялся: социальное расслоение выражалось помимо обладания значительным количеством скота, также в накоплении денежных средств. В результате происходило формирование нового социального типа бая - кулака, представителя нарождающейся казахской буржуазии. Помимо баев-кулаков формирование казахской буржуазии шло из так называемых алыпсатаров и саудагеров, представлявших торгово-посреднический капитал. Кроме того, определенная часть казахской буржуазии формировалась из представителей феодально-родовой знати – султанов и биев, вынужденных приспособливаться к развивающимся рыночным отношениям. Однако процесс формирования казахской буржуазии проходил достаточно медленно. По подсчетам С.Д. Асфендиярова в рассматриваемый период байство составляло 8-12 % от всего казахского населения/12/. В то же время в их руках была сосредоточена основная масса скота и земли, а торговля на рынке вела к накоплению капитала. В начале XX века казахские баи стали вывозить продукты животноводства не только на рынки определенных регионов, но и в Европейскую Россию и за рубеж.

Таким образом, можно с полным основанием говорить о серьезных изменениях в традиционной хозяйственной деятельности и, как следствие, об усилении социальной и имущественной дифференциации казахов в начале XX века.

1. *Обзор Семиреченской области за 1906.- Верный, 1907.- С.51.*
2. *Бекмаханова Н.Е.. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIXв.-1917г.). - М.:Наука,1986.- С.213.*
3. *Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г.- Ташкент, 1912.- С.116.*
4. *Костенко Л.Ф. Средняя Азия и водворение в нее русской гражданственности. - СПб., 1870.- С.337.*
5. *Тулбаев Т.А. Влияние переселения крестьян на развитие обрабатывающей промышленности в Южном Казахстане / Социально- экономические отношения в городе и деревне Казахстана: Сб. научных трудов. - Алма-Ата, 1988. - С. 15.*
6. *Скрыпильев Н.А. Материалы по обследованию переселенческого хозяйства в Туркестанском крае. -Ташкент, 1909. - С. 93.*
7. *Тулбаев Т.А. Обрабатывающая промышленность дореволюционного Казахстана (по материалам Сырдарьинской и Семиреченской областей): Дис. на соиск. уч. ст. к.и.н. - Алма-Ата, 1990. -С. 50.*
8. *ЦГАРК ф.15 оп.1. д.1908 л.л.203-204.*

9. ЦГАРК ф.44 оп.1. д.9227 л.24.
10. Нусупбеков А.Н. К вопросу о формировании казахской буржуазной нации // Материалы научной сессии АН КазССР.- Алма-Ата, 1958.- С. 172.
11. Русско-киргизский словарь./ Сост. Т. Бокин.- Верный, 1913.
12. Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен. Т.1.- С.215.

#### Түйін

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақтардың дәстүрлі шаруашылығындағы өзгерістер мәселесі қарастырылады. Қарастырылып отырған кезеңде өлкеге капиталистік қарым-қатнастардың енуінің нәтижесінде шаруашылықтың жаңа түрлері - егін шаруашылығы, қол-өнер кәсібі, жалдамалы жұмыс күші, бай шаруашылықтары мен кулактар өсім алушылық және саудамен шұғылдана бастады. Бұл процесс дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрамын өзгертуге мәжбүр етті.

#### Summary

In article are considered questions of changing of traditional economic employment of Kazakhs on the second half of XIX - the beginning of XX centuries. Capitalistic relations led to occurrence of new kinds of activity - agriculture, get into the considered period in edge of employment by craft, the hired labour began to be used, and many rich Kazakhs began to be engaged in usury and trade. This process inevitably led to change of social structure of a traditional Kazakh society.

### **XIX ғ. 50 ж. ЖЕТІСУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

**Д.М.Мұқатова –**

*т.ғ.к. Абай атындағы ҚазҰПУ*

Жетісу өлкесінде орыс билігінің күшеюі, патша өкіметінің жергілікті халықтар туралы нақты мәліметтер жинауына жол ашты. Патша өкіметі осы мақсатпен және әскери тапсырмамен П.П.Семенов, М.Венюков сияқты ғалымдарды өлкеге аттандырады. Верныйда 1862 жылы арнайы нұсқаумен болған М.Венюков Ұлы жүз қазақтарының саны туралы былай деп жазады: «Біздің иелігімізде Ұлы жүздің ең басты үш руы көшеді. Олар - жалайыр, суандармен қосылған албандар мен дулаттар... Ең көбісі дулаттар: сыйқым -795 ауыл, жаныс (жайлымыс, балсу, қыбырай, қашқарау және т.б.) -1090 ауыл, ботпай (шағай, құдайгүл, есенбай және т.б.) - 785 ауыл, шымыр- 1770 ауыл, сары үйсін - 300 ауыл, ысты - 300 ауыл. Жалайырлардың саны - 25000 адамға жетеді. Албандар суандармен қосылып 20000 адамды құрайды. Ал дулаттар болса 70000 адамға жетіп жығылады. Сонымен Ұлы жүздің жалпы саны -150000 адам шамасында» /1, с.132/.

Жетісу өлкесінде Алатау дуандығы ашылған кезде дуандыққа Ақмола және Көкшетау дуандықтарының оңтүстік бөлігінде көшіп-қонып жүрген қазақ рулары кірген. Олар 8 ру, 5021 шаңырақ, 190100 адамнан тұрған. 1866 жылы Алатау дуандығына 187300 адамнан тұратын 37463 шаңырақ қосылған. Ал орыс билігін мойындап, бірақ әкімшілік жағынан құрылымға енгізілмеген 50024 шаңырақ болған. Оның 40900 шаңырағы Шудың арғы бетінде көшіп жүрсе, 9124 шаңырақ Іленің оң жағалауында жүрген. Осы жылдары Алатау дуандығында 34268 адам өмір сүрген /2, с.172/.

Е.Бекмаханов болса өз еңбегінде Жетісу халқының жалпы санын былай көрсетеді: "Ю.Южаков жинаған ең соңғы мәліметтер бойынша Ұлы жүзде шаңырақ саны 95000-ға жетті, ал Аристовтың мәліметтері бойынша халық саны еркек, әйелді қоса есептегенде 550000 адам болған" /3, 58 б/.

Көшпелілердің үнемі көшіп жүруі әскери-әкімшілік орындарының қазақ рулары туралы мәліметтер жинау жолын қиындатты, адамдар мен малдардың саны жөніндегі статистикаларда болыстар мен ауыл старшындарының "бір ғана сөз жүзіндегі түсініктемелеріне негізделген" жағдай қалыптасты /4, 2 п/. Алатау дуан бастығының жасаған салық төлеуші Ұлы жүз руларының тізіміне дуандықтағы қазақтардың саны толық кірмеді. Мысалы, 1865 жылы жасалған тізімде "шымыр руының 3 бөлімі (күнту, самбет, күрек) бөлімшелерімен 560 шаңырақ; сыйқым руында, қара қойлы - 150, ақ



қойлы - 180, қу сирақ - 215 және шуылдақ - 625 шаңырақ болса, ысты руына - есім -180, малай - 170, қатты құлақ - 10, алмамбет - 60, құланшы - 100, барлығы - 610 шаңырақ кірген. Шапыраштылардың екі руында 1001 және 1014 шаңырақ тіркелсе, жаныс руының екі бөлімінде 1516 шаңырақ болған. Қашқарау руы: баба (бөлімшелері - байсұлу -725 шаңырық, күнсұлу - 225), бас қалмақ, сарымбет (көптеген бөлімшелерімен, оның ішінде сұлтангелді және бөкен - 766 шаңырақ) бөлімдерінен тұрып, барлығы 1680 шаңырақ есепке кірген. Албан руында: қызылбөрік (9 бөлімінде 1016 шаңырақ болса, оның ішінде керейқұл, сақау, шоқаман, найманбай), сегіз сары (бөлімдерінде -1030), айт (бөлімінде - 1070), бұзым (бөлімінде-1240) және әлжан (сарымбет, шағыр, аламан және шаджа бөлімдерімен -1200 шаңырақ). Суан руында 16 бөлім болып 1025 шаңырақтан тұрса, оның ішінде қошқар - 100, орыс - 180 және жәдігер - 30 шаңырақ болған. Ұлы жүз қазақтарына дулат, албан, суан, шапырашты, ысты, ошақты, сары -үйсін, жалайыр, қаңлы, шанышқылы және сіргелі рулары кіріп, дулат руы көпшілікті құраған". 1867 жылы А.И.Макшеевтің мәліметі бойынша дулаттарға жататын ботпай руы 1100 шаңырақ, шымыр-1500 шаңырақ, жаныс-700 шаңырақ болған. Қаңлылар Түрген өзенінің бойында 350 шаңырақты құрап көшіп жүрген /5, с.99-103/.

Ал Семей облысының әскери губернаторының Сібір әкімшілігіне 1865 жылы 29 маусымда берген мәліметінде Ұлы жүзге кірген қазақтардың саны жөнінде былай көрсетіледі: «Аға сұлтан подполковник Тезек Абылайхановқа қарайтын албан руы. Рулары: 1) Қызыл бөрік-кылжыт-50, керейқұл-170, сақау-150, құлан аян-50, кизай-70, найманбай-200, барлығы -990.

2) Қоңыр бөрік: тама-43, базар-26, біте-25, майлы-25, сарықұл-39, қаракұл-56, қышқия-28, тасы-25, жапа-25, құртқа мамай-85, барлығы-377.

3) Сегіз сары: ақтан-30, қойлыбай-100, есмамбет-40, құлсадық-200, шөйке-110, барлығы-480.

4) Қажы мәмбет: батырша-200, қосқұлан-150, ағымсары-150, тұрсын-160, барлығы - 660.

5) Жарты: еспір-100, қанай-110, сұлтангелді-55, таңатар-150, барлығы 415.

6) Айт: таңатар-125, біденші -150, қалыбек-300, сүйіндік-160, жанбаба-100, оңтағар-25, жайын-40, таңат-70, бәйбіше-40, тоқал-60, барлығы -1070. Бұзым-жаныбек-100, құрман-300, тоқан-70, баба-140, қаракісі-80, жұмақ-30, ұлбыжай-50, балта-50, шынтемір мамырбай-160, сармамбет-100, жанбике-80, тоқбике-80, барлығы - 1240. Әлжан- шағыр-250, аламан-300, алтынбек-130, ханкелді-270, тыныбек, айтбике-250, барлығы-1200. Суан-мұлақ-75, алдияр-25, құдайберді-70, сатай-65, ексеті-35, сарықыз-50, тұрсын-150, қошқар-100, үметай-25, бөлек-50, қараменді-60, қарабек-40, алдасүгір-50, шігірек-20, орыс-180, жәдігер-30, барлығы-1025. Барлық албан руында 9 болыс, 7457 шаңырақ бар.

Аға сұлтан подполковник Әли Әділов басқаратын

дулат руында - сыйқым-қарақойлы-150, аққойлы-180, қусирақ-215, соқылдақ-25. Барлығы - 570.

Сары үйсін - күтімбет-100, жанай-100, жауыл танай-100, жандосан-200, күлеке-100, қырық-100, барлығы - 700. Ботпай- бағитұрсын-315, әліс жаныс -221, құдайқұл, сиыршы-207, барлығы -743.

Шағатай-есенбай-775, жанқойқыл-330, асантайлақ-537, ақша-385, байтас-80, құралаш-115, барлығы-1722.

Шымыр-жаңабай-40, сәмбет-160, шылымбай-30, бестерек-50, күнті-150, шақай-15, байтана-5, шатамғали-16, күкірек-100, барлығы-560.

Жаныс-жанақ-60, есембай-35, кенжетай-35, әлмәмбет-25, шыбынтай-40, қалқан-55, күшік-55, базаркелді-45, таңғат-45, өтеген-35, ақмамбет-105, қараман-30, бектемір-65, қасқұлан-62, оразымбет-30, масақбай-40, нұрымбет-65, барлығы-827.

Баба-қашқарау- құлболды-130, енем баласы-130, ерубай-130, байсұлу-275, күнсұлу-225, барлығы-890.

Сырымбет-қашқарау- тілеуімбет-15, бөкен-250, төкету-45, өтеғұл-150, өтеп-150, жияқы айдар-150, барлығы - 760.

Шапырашты руы- төрттіғұрт-200, өтеп-60, күшік-140, таңатар-55, бегі сары-50, сүйіндік-25, қошқар-35, тайтұры-150, барлығы-715.

Ексей-алтай, қосай, бәйбіше-300, ошақты-100, қаңлы-150, барлығы -550.

Асыл-әшеке кеней-105, теке-230, тілемес-240, орымбет-35, шыбыл-85, айқым-200, барлығы-895.

Ысты-есім-130, қара баласы-160, сүйіндік-30, жандығұл-70, байтық-30, амантай-19, жәнібек-10, сары кемпір-20, баймене рабан-20, аймамбет-25, барлығы - 514. Ал дулат руының барлығы-12 болыс, 9146 шаңырақ.

Аға сұлтан подпоручик Сұлтанғазы Жанғазин басқаратын

жалайыр руы- андас-дүйсенбі, андыбай, қанай, құнай-600, жомарт, айтымбет, қаракүш - 600, мергенбай, жүрек, қашқар-350, барлығы-1550.

Мырза-зайке-500, бәйбіше-150, аман-660, барлығы-1310.

Қарашапан-тарғынберген, балташы, келмембет-500, барлығы-500.

Тарақты-жартай, көксеке-300, ақболат-230, қалпе-200, барлығы-730.

Сыпатай-ақмарқа, қарамарқа-300, сауық-150, шалымбет-180, күшік-200, барлығы-830.

Арын тыным-өтес-200, сүтескен-150, өміржан-210, барлығы-660.

Байшекер-тыным-300, жайымбет-400, барлығы-700.

Сиыршы-сарыбет-420, бәйімбет-380, барлығы-800.

Балғалы-қылыш-240, шағыр-80, өгіз-55, ниязбарақ-55, қайшылы-200, барлығы-630.

Күшік-таз-150, жабысқан-200, қарасақал-150, марша-200, барлығы-700.

Барлық жалайыр руында 10 болыс, 8410 шаңырақ бар. Ал бүкіл албан, дулат, жалайыр рулары 31 болыс, 25313 шаңырақтан тұрады» /6, 56-62 п/.

Келесі жылы Алатау дуан бастығының 1866 жылы 11 мамырдағы №2514 берген мәлімдемесінде дуандықта Ұлы жүз қазақтарының біршеме артқанын көрсетеді. Онда орыс әкімшілігі жергілікті қазақтардың 32293 шаңырағынан салық жинағанын жазады /4, 346 п/.

Тұтас алғанда Ұлы жүздің қыстық қоныстары бүкіл Іле өзенінің бойын, солтүстік Балқаш көлінен бастап Жоңғар Алатауына дейін, оңтүстік шығысында Қаратал өзенінің бойы мен Қаратау қыратын және оңтүстік батысында Шу өзенінің сол жағалауынан бастап Сырдарияның жоғарғы ағысына дейінгі жерлерді алып жатты. Ал жазғы қоныстары Талас, Іле, Шу, Келес, Арыс, Боралдай, Бадам, Ақсу, Сырдария өзендерінің және осыларға құятын дала өзендерінің бойларында болған /7, с.4-5/. Олардың жаздық және қыстық жайылымдарға көшіп-қонуы - тұрақты бағыт-бағдардан тұрды.

Қазақтардың жыл сайынғы көшіп-қону сапарының ұзақтығы Жетісуда 200-300 шақырымға дейін созылатын. Әрбір отбасының шаруашылығына тиісті мал саны болды. Олар өздерінің меншікті малдарын қауымға (руға) ортақ жайылымдарда бақты, ол жерді рудың әрбір мүшесінің пайдалану құқығы тең жағдайда жүрді. Жерді ешкім жеке-дара меншіктене алмады. Мәселен, Венюков: «Ұлы жүз қазақтарында ертеден келе жатқан ең басты үш ру -жалайыр, албан-суан және дулаттар 30 руға бөлініп кетсе де, әлі сақталған. Бұлардың әр руы өздеріне тиесілі тарихи көшіп-қонатын жайылымдары бар. Атап айтқанда, жалайырлар Қараталды, албандар-Алтын-Емел жотасының екі бөлігін және Шарынның бір бөлігін, дулаттар Шарынның батысынан Балқашқа дейін және Іленің оңтүстігінен Алатау тауына дейінгі аралықты мекендеген»-деп көрсетеді /8, с.255/.

Басқаларға қарағанда Жетісу қазақтары малға бай болған. Оның себебі Ұлы жүз қазақтары 1863 жылы орыстарға салық төлемесе, екінші жағынан өлкеде боран мен мұздақ өте сирек құбылыс болып, малдарында өлім-жітім аз кездескен.

Сонымен қатар, Жетісу өлкесінде Ұлы жүз қазақтарынан басқа қырғыз рулары да мекендеген. Олардың үлес салмағы қазақтардан аз болса да, өлке халқының негізін құраған. Н.Е.Бекмаханованың еңбегінде 1866 жылы қырғыздардың саны 50 мыңға жетіп, сарыбағыш-6300, солты-7400, саруу-2300, кушчу-650, бағыш-110, саяқ-3000, барлығы-19760 шаңырақтан тұрған делінген /2, с.173/.

Н.А.Аристов еңбегінде орыс билігін мойындамаған Үмбетәліге қарайтын сарыбағыштардың 5 мың шаңырағын, Алатау дуандығының шекарасына жақын құртқа мен шығысында көшіп жүрген саяқтардың және салық төлесе де азайтылып көрсетілген солтылардың санын табуға болады. Ол 1862 жылы бұғылар мен сарыбағыштардан салық жинау үшін орыс шенеунігінің жасаған тізіміне сүйеніп мынадай анықтама береді: «Манап Борамбайдың қарамағындағы бұғы руына кіретін ру бөлімшелері:

Арық (манап Токсаба)- кучук (Төлеген би)-200, ондон (Тетей би)-200, сарик (Аулташ би)-200, сары қалпақ (Мырза би)-100, барлығы -2500 шаңырақ.

Бапа (Бекбай би)- чоро (Бекбай би)-100, чилпақ (Сұлтанай би)-200, барлығы -300 шаңырақ.

Бор (Табылда манап)-сары бор (Бердіқожа би)-200, қара бор (Байқожа)-200, барлығы-400 шаңырақ.

Қыдык (Борсын би)-жаксылык (шыңғыс би)-250, жаманбай (төкен би)-400, торғай (Қойсоймас)-800, құдайбақты (Батахан)-300, барлығы-1750.

Елден (Иман би)-курачбек (Жаныбек би)-400, сары қатын (Иман би)-500, балык (Малбак би)-150, барлығы-1050 шаңырақ.

Белек (Боранбай манап, Мұратәлі)-алдияр (Жағыш би)-500, алдаш (Боранбай манап, Мұратәлі)-4000, токай (Малбай би)-200, токташ (Ұябасар би)-100, саты -30, такабай (Кокчо би)-170. Бұғы руында барлығы -11000 шаңырақ болған.

Манап Үмбетәлі басқаратын сарыбағыш руы 5 бөлімнен құралған.

Есенкүл (Үмбетәлі манап)- ассын (Чиль би)-600, иссик (Кысалак би)-150, чертики (Чоды би)-230, чагалдақ (күшік би)-150, абла (Абла би)-300, сабар (Сара би)-100, чичей (Шора би)-80, тастар (Бердібек би)-150, калмак (Байсерке би)-350, жантай (Сүйіндік би)-250, едигер (Байбұта би)-540, аюке (Баспан би)-150, монгулдур (Сары Токтор би)-350, Ярбан (Ирдесе би)-125, етиген (Жанболат би)-400, баскүрел (Ауылша би)-600, барлығы-4952 шаңырақ.

Ассык - кусугун-50, бучман-60, бура-100, байкүшік-300, барлығы - 510.

Тынай (Жантай манап)

Чирикшы (Төрегелді манап)

Надырбек (Калыгүл манап). Барлық сарыбағыштар - 10000 шаңырақ болуы керек» /127, с.502-503/.

Сондай-ақ Н.А.Аристов келесі бір еңбегінде солтылар-8638, саяқтар-5335 шаңырақ екенін көрсетіп, Жетісу өлкесінде қырғыздардың жалпы саны-110000 адам болған деп есептейді /9, с.58/.

Қырғыз рулары мына жерлерде көшіп жүрген:

а) солтылар-жазда Сусамыр өзенінің бойын, қыста Шу алқабында;

б) саяк-бір бөлігі Сусамырда, қалғандары-Жұмғалы және Қашқар өзендерін;

в) сарыбағыш-Ыстықкөлдің солтүстік жағалауын;

г) құтлұсаит және тағы басқалары -Талас, Сусамыр, Қарабөре, Шатқал және тағы басқа өзендердің бойында /10, с.24/.

Мал шаруашылығымен айналысқан қырғыздар жылқы, түйе, қой және ірі қара өсірген. Алайда қырғыздардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болса да, оларда мал саны Ұлы жүз қазақтарымен салыстырғанда көп болмаған. Қырғыздардың ең бай манабының жылқысы 3000-нан аспаған, ал қазақтардың байлары болса 15000 бас жылқыдан кем ұстамаған. Қырғыздардың байлығы мол руларына бұғылар, содан кейін сарыбағыштар жатады. Мысалы бұғыларда 100000 жылқы, 10000 түйе, 50000 сиыр, 500000 қой болған /11, с.31/.

Ұлы жүз қазақтары егіншілікпен айналысқан. Егіншілік Жетісудың Шу, Талас, Іле, Қаратал, Көксу, Бадам, Ақсу, Бұрылтай, Шаян, Бөген өзендерінің аңғарлары мен табиғи су қоймалары бар жерлерде кеңінен тарады. Яғни Жетісу өлкесі Қазақстандағы ең ірі отырықшы егіншілік ошағына айналған.

1830 жылы Броневский «Жетісуды мекендеген Ұлы жүз қазақтары егін шаруашылығымен айналысып, негізінен тары, бидай және арпа егеді, бұл кәсіп оларға көрші жатқан Ташкенттен келсе керек» деп жазды /12, с.193-194/.

Жетісуда қазақтар егінді жасанды жолмен суландыру дәстүрімен жүргізді. Қазақтар мен қырғыздардың егіншілік техникасы төмен деңгейде болды. Негізгі егіншілік құралы қайырымсыз соқа еді. Жер жырту тереңдігі сынық сүйемнен аспайтын. Егін қар суын жібітіп, айдалмаған жерге немесе егіс алдында арнайы суарып, жұмсартылған жерге егілетін. Жерді көбінесе қолмен өңдейтін, өйткені тамыры мықты арамшөпті тек кетпенмен ғана құртуға болатын. Олар жерді ерте, әдетте наурызда айдайтын. «Қазақтардың егіншілік құралдарының жетілмегеніне карамастан, - деп жазды Ш.Уәлиханов,-Ұлы жүздің құнарлы жерлері еңбеккердің еңбегін толық ақтап қана қоймай, өнімдерді төгіп тастайтын. Күнгей Алатау, Кіші Алатау, Алтын Емел және тағы басқа аққан көптеген өзендер жерлерді арықтар арқылы суғаруға мүмкіншілік туғызды.

Жерлерді арықтар арқылы су жүйесімен суғару Ресейге мүлдем белгісіз нәрсе еді. Жердің жұмсақтығы Сібірде қолданатын соқаларды керек етпейтін. Бұл жақтың жерін жырту үшін кішкене көлемді темір жеткілікті болатын. Соқаның темірі ең үлкен шегеге ұқсайды. Ұлы жүзде негізінен тары егеді. Оны олар қыста сүт болмаған кезде пайдаланады. Қытай бидайын өздеріне керегінше себеді. Жалпы Ұлы жүзде бидай егу XVII ғасырдың бас кезінде жаныстардың рубасшысы Байқабылдың кезінде пайда болған. Ордалықтардың айтуынша бидай оларға қырғыздар арқылы Қашқардан келген» /13, с.184-185/. Жетісуға қазақтардың қоныс аударуы қазақтарға әсер етпей қойған жоқ. Нәтижесінде қазақтардың арасында егінге қажеттілік туып, жоғарғы табыстарға жете бастайды. Мысалы,

албандардың аға сұлтаны Тезек Нұралиевтің 1861 жылғы 11 қазанда Алатау дуан бастығына берген мәлімдемесінде «ертеде қазақтар өз мұқтажын өтеу үшін тары егіп, 1-2 табақ тары сепсе, одан 6-7 қапқа дейін тары жинайтын. Қазір қазақтар ауыл болып бидайды да егеді. Әр қаптан он қапқа дейін, кей жерлерде одан да көп өнім алады» делінген /14, 11 п/.

Қазақтардың егін шаруашылығынан тәжірибесі мол екенін және олардың егіншілік дәстүрі қазақтардан әлдеқайда жоғары тұрғанын орыс әкімшілігі мойындауға мәжбүр болған. Алатау дуан бастығы генерал-майор Колпаковскийдің Батыс Сібір Бас басқармасына берген №2580 мәліметінде «Қазақ егіншілері құрал-саймандардың нашарлығына қарамастан өркендеуде, ал қазақтардың егіні өте төмен деңгейде қалып отыр. Сол себептен әскерге керекті астықтың көп бөлігін қазақтардан сатып алып отырмыз. Әсіресе, егін шаруашылығы Іле өлкесіндегі дулаттарда, шапыраштыларда және жалайырларда жақсы дамыған» деген /14, 28 п/.

Қазақтардың егін шаруашылығымен жоғары деңгейде айналысуына бірден-бір себеп болған өлкеде астыққа деген сұраныстың күрт өсуінен болды. Оның үстіне орыстардың құнарлы жерлер мен шабындықтарды тартып алуы, көшіп-қонуына шектеу қойылуы, қазақтардың арасында барымтаның шектен шығуы және тағы басқалар көшпелі мал шаруашылығының әлсіреуіне әкеліп соқты. Қазақтар барған сайын егіншілікпен шұғылдана бастады. «Қазақтар,-деп жазды орыс саудагері В.Кузнецов-жағдайға байланысты егін және мал шаруашылығын қатар алып жүре отырып, бір уақытта егінін де егеді, малын да бағады. Орыстардың өлкеге келіп әскеріне жоғары бағамен астықты сатып алуы қазақтарға өте тиімді болды. Олар алдында өз қажеттілігін өтеу үшін тек тары егетін, қазір бидай, сұлы, арпа және жүгеріге дейін егеді. Нәтижесінде қазына бастапқы кезде астықтың ширегін (четверть) 12 сомнан сатып алса, 1867 жылы 3 сом 25 тиынға төмендеді» /15, 1 п/.

Жоғарыда аталғандардан басқа Ұлы жүз қазақтары темекі, күріш, қауын-қарбыз және тағы басқа бау-бақша өнімдерін еккен. Әсіресе, темекіге ерекше көңіл бөлген. Өйткені, темекі өлкеде ең өтімді, табыс әкелетін тауар болып табылған. Оны Ташкент саудагерлері қазақтардан сатып алып, басқа жерде қымбатына сатып көп есе пайда тапқан /15, 5 п/.

Қазақтардың көшпелі шаруашылығына дамып келе жатқан капиталистік Ресейдің сыртқы экономикалық факторлары күшті әсер беріп, өлкедегі шаруашылық қатынас әскери-отаршылдықтың қатаң тәртібі жағдайында жүргізілді.

1. Венюков М. Поступательное движение в Среднюю Азию.- СПб., 1877.-49 с.
2. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. – М.: Наука, 1980. - 280 с.
3. Бекмаханов Е. Қазақстан 20-40 жж. -Алматы: Санат, 1994. - 416 б.
4. ҚРОММ. 345-қ., 1-т., 30-іс.
5. Капеева Г.А. Таиенов Б.Т. Очерки по истории Семиречья. -Алматы: Ғылым, 1994.-136 с.
6. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 491-іс.
7. Муканов М.С. Этническая территория казахов в XVIII-нач.ХХ в. -Алматы: Казахстан, 1991. - 67 с.
8. Венюков М. Опыт военного обозрения русских границ в Азии.- СПб., 1873.- 144 с.
9. Аристов Н.А. Труды по истории этническому составу тюркских племен. / Отв. ред. акад. В.М. Плоских. - Бишкек: Илим, 2003, - 460 с.
10. Хорошкина А.П. Сборник статей Туркестанского края. - СПб., 1876.-531 с.
11. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.2. - Алматы: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1985. - 416 с.
12. Броневский Б. Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды. //Отечественные записки.- СПб. - 1830.- № 20.- С. 190-205.
13. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т.1.- Алматы: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, 1984.- 431 с.
14. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 442-іс.
15. ҚРОММ. 825-қ., 1-т., 19-іс.

## Резюме

Статья посвящена вопросам хозяйства местного населения Семиречья в 50-годах XIX века.

## КЕҢЕС ДӘУІРІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

## АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА СОВЕТСКОГО И СОВРЕМЕННОГО ПЕРИОДА

---

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҚЫҰ-ҒА ТӨРАҒАЛЫҚ ЕЛІМІЗДІ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТУДАҒЫ МӘРТЕБЕЛІ БАСТЫ ҚАДАМ

**Б.Қ.Әбдіғұлова –**

*п.ғыл.к., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ*

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы демократиялық құндылықтарды құрметтеу, ашық қоғам құру, адам құқын қорғау салалары бойынша айтарлықтай жетістікке жетті. Отанымыздың экономикасы көтеріліп, халқымыздың әл ауқатын арттыру бағытындағы шаралар мен саяси реформалар жүргізіліп, еліміз дағдарыстан кейінгі даму кезеңіне бет бұрды. Қазақстан Шығыс пен Батыс, Еуропа мен ТМД және Орталық Азия елдері арасында бірқатар халықаралық маңызды шараларға көш бастаушысы болды. «Қазақстан аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту, қарусыздандыру үдерістерін ілгерлетуге, жаппай қырып- жою қаруын таратпауға, Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға өз үлесін қосып келеді» (1). Еліміздегі этносаралық татулық пен дінаралық келісім үдерісі-әлем мойындаған жетістік. Қазақстан Республикасы әлемдік қағамдастық тарапынан танылып, оң бағаланып беделі биік халықаралық ұйымдарға мүше болды. Соның бірі **БҰҰ** және **ЕҚЫҰ**-ға (*Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйым*) төралық болып сайлануы.

1945 жылы БҰҰ құрылды. Ұйым құрылғаннан 60 жылдан соң оған мүше мемлекеттердің саны 51-ден 192-ге дейін есті, яғни 4 есе. Қазақстан 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ мүшелігіне өтті. Қазақстан Республикасы халықаралық қарым-қатынасты нығайту жолында 105 мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатты. 30-дан астам елдерде Қазақстанның елшіліктері мен консулдықтары бар.

БҰҰ Дипкорпуста 640 елдің өкілеттілігі бар. Қазір Қазақстан әлемнің 75 мемлекетінде елшіліктер мен консулдықтар ұстап отыр. БҰҰ қызметінде Қазақстанның танылуы ретінде еліміз ұйымның басты орындарының бірі-Азия мен Тынық мұхиты өңірлеріне арналған экономикалық және әлеуметтік кеңесіне (ЭКОСОС) сайланды. Қазақстан БҰҰ құрамында мүше болған 18 жыл ішінде халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға орасан зор үлес қосты. Ядролық қарудан бас тарту, Азияда сенім шараларын орнату, Еуразия кеңістігінде интеграциялық үдерісті нығайту, теңізге шығатын жолы жоқ бір топ елдердің мүддесін ілгерілетуге қолдау жасау, өркениеттер мен діндер

үнкаатысуын қолдау – осының барлығы БҰҰ Жарлығының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес елімізде қолға алған қадамдар. Қазақстан БҰҰ-ында әлемдік проблемаларды шешуде салмақты іс-әрекетке жүгінетін мемлекет ретінде танымал. 2006 жылы 2 қарашада Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде Қазақстан 192 мемлекеттің 187-інен қолдау тауып, Орталық Азияда алғаш болып ЭКОСОС-қа мүше 54 мемлекет қатарына сайланды.

ЭКОСОС-тағы мүшелік еліміздің халықаралық қауіпсіздік пен жаппай қырып-жою қаруын таратпау режимін нығайтуға, өркениеттер үнкаатысуын дамытуға, Мыңжылдық мақсаттарын табысты іске асыруға қосқан үлесін мойындауға негізделген.

2007 жылы мамырда Алматыда 50 мемлекетті біріктіретін, аса ірі өңірлік экономикалық комиссияның-Азия мен Тынық мұхиты үшін БҰҰ экономикалық және әлеуметтік комиссияның (ЭСКАТО) 9 күнге созылған 63-ші сессиясы өтті.

БҰҰ ЭСКАТО комиссиясы 63-ші сессиясының төрағасы Марат Тәжин сессия аясындағы қорытынды сөзінде: «Қазақстанда өткізу құрметіне ие болған БҰҰ комиссиясы 63-ші сессиясы жұмысының айрықша жемісті болғандығын ерекше қанағат сезіммен атап айтқым келеді. Біз барлық өңірлерде алаңдаушылық туғызып отырған көптеген күрделі мәселелер бойынша, Мыңжылдық даму мақсаттарынан бастап, Азия-Тынық мұхиты өңірлерінің экономикалық өсуі ауқымындағы денсаулық сақтау жүйелеріне дейінгі көптеген проблемаларды ортаға салдық. Әрине, оған арнайы іс-шаралардың мазмұнды бағдарламалары да өз ықпалын тигізгені сөзсіз. Биылғы жылдың «Азия Тынық мұхиты өңірлерінде Мыңжылдық мақсаттарына жету үшін экономикалық өсімді үдейту аясында денсаулық сақтау жүйелерін дамыту» тақырыбын талқылау ең алдымен демографиялық және эпидемиологиялық өзгерістердің нәтижесінде өңірдегі денсаулық сақтау жүйелерінің алдындағы мәселелердің сан алуан және көпқырлы екендігін айқын көрсетті», - деп атап айтты (2). Қатысушылар құрамы мен қаралатын мәселелер ауқымы бойынша бұл жиын Қазақстан және Орталық Азиядағы өзекті проблемалардың шешілуіне бүкіл әлемдік қауымдастықтың қатысуына ықпал етпек.

Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан әлемдегі елдердің бірі. Бұл мәселені БҰҰ аясындағы жиын-мәжілісінде үнемі көтеріп, басқа мемлекеттерге үлгі көрсетіп келеді. Біздің республикамыздың ядролық қаруды сынауды толық тоқтату жөніндегі табанды ұстанымы БҰҰ тарапынан қолдау тауып келеді. 2007 жылы 30 қарашада Мадритте Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекеттің Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Республикасы Ұйымының 2010 жылғы төрағасы болып сайланды. ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет Қазақстан әлемдік аренадағы ең биік тұғырға көтерілді. 1975 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңеске қатысқан 35 елдің басшылары Хельсинкиде Қорытынды актісіне қол қойған кезден осы аталмыш ұйымның тарихы бастау алады. «Хельсинки деалогы» - деп аталатын құжатта қатысушы елдердің өзара қарым-қатынастарында басшылыққа алынатын 10 қағида бекітілді. «Олар – егемендіктің теңдігі және егемендікті құрметтеу; қуш қолданбау және қоқан-лоқы жасамау; шекаралардың мызғымастығы; мемлекеттер жерінің тұтастығы; даулы мәселелерді бейбіт түрде реттеу; бір-бірінің ішкі істеріне араласпау; адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; халықтардың теңдігі мен өз тағдырын өзі шешу құқығы; мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық; халықаралық құқық бойынша міндеттемелерін адал орындау». Қорытынды актінің 1-ші пунктінде «Кеңеске қатысушы мемлекеттердің барлығы оған егемен және тәуелсіз мемлекеттер ретінде, толық теңдік жағдайында қатысады. Кеңес әскери одақтардан тыс өткізіледі» - деп жазылған. Осы Қорытынды актідегі міндеттер «үш кәрзеңкеге», яғни өлшемдерге бөлінді. Бірінші, әскери-саяси қауіпсіздік пен қару-жаракқа бақылау орнату, қақтығыстардың алдын алу мен шешу; екінші, экономикалық-экологиялық өлшем, экономика, ғылым, техника және қоршаған ортаны қорғау; үшінші, адамдық өлшем-гуманитарлық және басқа салалардағы (ақпарат, мәдениет, білім), адам құқығы туралы ынтымақтастық мәселелер жатады.

1990 жылға дейін ЕҚЫҰ нормалар мен міндеттемелерді даярлайтын кездесулер мен конференциялар ретінде қызмет жасап, олардың орындалуы жөнінде мерзім сай ақпарат тыңдалып отырды.

1990 жылы Еуропа үшін жоғары деңгейде Париж хартиясының қабылдануы Форумның қызметіне үлкен бетбұрыс жасады. Париж хартиясы негізінде Еуропадағы тарихи өзгерістер үдерісін бсқаруға үлес қосу мен «қырғи-қабақ соғыс» біткен соң туындаған жаңа сынақтарға жауап беру міндеті тұрды. Осындай міндеттерді жүзеге асыру үшін бірнеше мекемелер мен институттар құрылды. Кеңес жүйелі сипат алып, кездесулер өткізу тұрақтандырылды. Осы жылдың қарашасында Еуропадағы кәдімгі қарулы күштер туралы шарт (ЕКҚКШ) туралы қаруландыруға бақылау саласында жауапты келісім даярланды.

1994 жылы жоғары деңгейде Будапеште өткен кездесуде **ЕҚЫҚ-ні ЕҚЫҰ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым** деп атау жөнінде шешім қабылданды. Бұның өзі Ұйым жұмысына жаңаша саяси серпін берді.

1994 жылы осы ұйымның Будапеште өткен саммитіне 55 мемлекет қатысты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев осы жиында алғаш рет сөз сөйлеп, Қазақстанның Еуропа мен Азия кеңістігіндегі қауіпсіздікпен даму процестерін қамтамасыз ету жөнінде өз ұсыныстарын ортаға салды. Осы жиынның тәуелсіз Қазақстан үшін маңызы ерекше болды, өйткені әлемдегі ядролық қарулы мемлекеттердің Қазақстанға берген қауіпсіздік кепілдігі туралы келісімге қол қойылды.

1996 жылы Лиссабон кездесуінде «XXI ғасырдың Еуропасы үшін жалпы және жан- жақты қамтитын қауіпсіздік үлгілері» туралы декларация қабылданды. «Қарулануға бақылаудың негіздері», «Қауіпсіздік саласындағы өзара іс қимыл бойынша форумның күн тәртібін дамыту» сияқты маңызды құжаттар қабылданды.

ЕҚЫҰ-ның Бас хатшысын Сыртқы істер министрлігінің кеңесі 3 жылға сайлайды. 2005 жылдан бастап бас әкімшілік лауазым иесі болып Марк Перрен де Бришамбо (Франция) иеленеді. Бұл ұйым Венада орналасқан. Онда 3300 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі (2800 адам) 19 миссия мен жер-жердегі іс-шараларда қызмет атқарады. 2010 жылы ұйымның бюджеті 150 765 000 миллион еуроны құрайды. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ның қаржылық қуатын талқылап, келістіру бойынша үдеріс Қазақстанның жетекшілігімен жүргізіледі. Бюджеттің 72 жүздейі әлемдегі түрлі шараларға жұмсалады. Сонымен қатар, 2006 жылы ЕҚЫҰ-ға өз еркімен 25 миллион еуро көмек көрсетілген. Осындай әлемдегі болашағы мен беделі зор ұйымға төрағалық ету, Қазақ елінің дүние жүзіне танылуына мол мүмкіндік береді.

2010 жылы 1 қаңтарынан еліміз төрағалық іске кірісіпте кетті. ЕҚЫҰ-ға Төраға қандай болмасын ел Ұйымның негізгі жетекші органдарының жұмысын үйлестіреді. Жоғары деңгейдегі саммиттер-кездесулерді, мәжілістерді ұйымдастырады. ЕҚЫҰ-ның биылғы жылғы басты іс шараларынан Парламенттік Ассамблея мәжілістерін, қауіпсіздік саласындағы мәселелерге байланысты жыл сайынғы конференцияны, Экономикалық-экологиялық форум мәжілісін, адам өлшемі саласындағы міндеттемелерді орындау бойынша кеңесті, Толеранттылық және кемсітпеу бойынша жоғары деңгейдегі конференцияны, Ланкестіктің алдын алу жөніндегі конференцияны, Копенгаген құжатының 20 жылдығына арналған конференцияны атап айтуға болады. ЕҚЫҰ-на Қазақстаннан төраға Қанат Саудабаев-ҚР-ның Мемлекеттік хатшы, Сыртқы істер министрі. Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық төрағалықтың негізгі нысаналары төрт «Т», яғни «траст» (сенім), «традишн» (дәстүр), «транспаренси» (ашқтық) және толеранс «төзімділік» деген ұстанымдар болатынын атап айтты.

Мемлекетіміз алға қойған реформаларды тездетуге, 50 елдің қатарына қосылуды жеделдетуге, қоғамымыздың қазірден де ашық болуына септігін тигізеді.

1. *Нұрсұлтан Назарбаев көреген көшбасшы»// Егемен Қазақстан.- 2009.- 31 желтоқсан.*

2. *Тәжин М. Қазақстан және Біріккен Ұлттар Ұйымы: бейбітшілік, қауіпсіздік пен даму жолындағы ынтымақтастық // Егемен Қазақстан.- 2007. -2 наурыз.*

3. *ЕҚЫҰ: әрекет жасайтын кез// Егемен Қазақстан.- 2010. -20 қаңтар.*

#### Резюме

В статье рассматривается роль и значение председательства Республики Казахстан в OSCE.

#### Summary

In article is considered about dug and importances chairmanship Republics Kazakhstan in OSCE.

## **ПЕРВЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ ПО НАЦИОНАЛЬНОМУ ВОПРОСУ ПОСЛЕ ОКТЯБРЬСКОЙ РЕВОЛЮЦИИ**

**А.А.Кульшанова -**

*к.и.н., доцент КазНУ им.аль-Фараби*

В первые дни и месяцы советской власти проводились мероприятия по созданию и упрочению ее основ. Они воплощены в ряде декретов, которые можно считать актами конституционного значения

для России в данный период. В этих исторических документах нашел свое отражение и один из важнейших вопросов социального преобразования России - национальный. Однако декретирование нового типа государства не означало, что партия большевиков имела точные теоретические представления и политические рецепты воплощения в жизнь своих заявлений.

Общеизвестно, что создание советского государства было оформлено II Всероссийским съездом Советов рабочих и солдатских депутатов. Примечательно, что на съезде не рассматривался национальный вопрос, а также вопросы об изменении формы государственного устройства России или о выходе какого-либо народа из ее состава, эти вопросы не были включены в повестку дня съезда и не ставились депутатами в выступлениях. Однако именно II Всероссийский съезд Советов впервые создал реальные предпосылки для решения этих вопросов и закрепил эти предпосылки юридически. Речь идет о провозглашении «подлинного» права на самоопределение «всем нациям, населяющим Россию»<sup>1/</sup> в обращении II Всероссийского съезда Советов рабочих и солдатских депутатов «К рабочим, солдатам и крестьянам!», написанным В.И. Лениным, и Декрете «О мире» от 26 октября 1917 года.

15 ноября 1917 г. Совет народных комиссаров принял «Декларацию прав народов России», которая являлась юридическим выражением воли советского государства в области национального вопроса. В Декларации говорилось, что старая политика угнетения и натравливания наций друг на друга должна быть заменена «политикой добровольного и честного союза народов России», «открытой честной политикой, ведущей к полному взаимному доверию народов России». Советское правительство указывало, что в основу своей деятельности по национальному вопросу оно решило положить такие начала, как право наций на свободное самоопределение, вплоть до отделения и создания национальных государств, равенство и суверенитет народов, отмену всех и всяких национальных и национально-религиозных привилегий и ограничений, свободное развитие национальностей, населяющих территорию России<sup>2/</sup>. В данном документе не определялась форма российского государства – унитарное или федеративное, в нем декларировались и юридически закреплялись основные права наций. Естественно, что изложенные в «Декларации прав народов России» в полном смысле демократические положения новой власти в области национального вопроса нашли широкую поддержку народных масс, на что и рассчитывали большевики. Многие политически и экономически развитые нации воспользовались своим правом на самоопределение вплоть до отделения и приступили к созданию собственных национальных государств. Советское правительство признало независимость и право на самостоятельное государственное существование Польши и Финляндии, Украины, Белоруссии, Литвы, Латвии и Эстонии<sup>3/</sup>. Учитывалась большевиками и национальная специфика отдельных регионов России, что нашло свое отражение в ряде других нормативных актов, в частности в «Обращении Совета народных комиссаров ко всем трудящимся мусульманам России и Востока» от 20 ноября (3 декабря) 1917 г. Большевики понимали, что политический вес они имеют в основном в центральных районах страны, развитых в промышленном отношении и имеющих крупные отряды рабочего класса. На Востоке Октябрьская революция воспринималась основной массой населения как «революция русских», здесь доминировала мелкобуржуазная крестьянская масса, весьма далекая от большевизма, большевики не были ведущей политической силой, они проигрывали национальным и мусульманским общественно-политическим движениям (В Татарстане и Башкортостане действовала мусульманская национальная партия «Улема», в Казахстане была создана национальная партия «Алаш», в Туркестане развернулись джадисты и Национальный совет (Шуро-и-Исламия), в Грузии национальные интересы защищали грузинские меньшевики, в Армении – дашнаки, в Азербайджане – мусаватисты), слабостью и недостаточным влиянием отличались Советы. Именно поэтому победа Октября во многом зависела и от восточных национальных окраин, где демагогия в области национального вопроса должна была стать «жупелом» для признания Советской власти, дарующей всем народам России равенство в области национальных прав.

В обращении были вновь продекларированы право народов Востока на самоопределение и отказ от аннексий. «Но когда мусульманские народы Башкирии, Татарии, Туркестана, Крыма и Кавказа, - как заметил А. Авторханов, - в полном согласии с этим «Обращением» объявили почти одновременно в первой половине 1918 г. о создании своих независимых мусульманских государств, то Ленин вернул их силой обратно в состав России»<sup>4/</sup>. По признанию П.И. Милокова: «В наступившем русском хаосе и при введенном большевиками террористическом способе управления, конечно, права эти оставались фикцией»<sup>5/</sup>. Но все же мы не можем не признавать, что в 20-е годы национальная политика на Востоке не была жестко унитарной, а исходила из учета национальной специфики народов. Так, в Казахстане нормы обычного права рассматривались как неотъемлемый элемент нормативной культуры казахского народа, системы его обычаев, традиций и верований. Допускалось



возможность сохранения и совместного существования способов обычного и законодательного регулирования социальных связей при условии приоритетного значения норм советских законов/6/.

Э. Карр писал: «Право на отделение» - фраза, однажды сказанная Лениным, - постепенно заменялось «правом на объединение»... Таким образом, с момента триумфальной победы революции в большевистской теории национального самоопределения главной мыслью стала, почти незаметно, не идея свободы, а идея равенства; казалось, она единственная способна коренным образом решить проблему/7/. В письме ЦК РКП(б) всем партийным комитетам и политотделам о работе среди народов Востока от 21 февраля 1920 г. обосновывался веский аргумент в пользу объединения: «Необходимость этого объединения и вытекающей из него федеративной связи диктуется еще тем обстоятельством, что в мусульманских республиках, существующих (татарских, башкирских и др.), вкраплены сотни тысяч российских крестьян и рабочих, и что их полное отделение от России может повлечь только к внутренней национальной борьбе самих этих республик/8/.

Другой зарубежный исследователь М. Малиа заметил: «Социалистическая революция 1917 г. оказалась исключительно великорусским делом, а все национальности окраинных территорий возжелали независимости под властью «буржуазных» правительств. Поэтому в ходе гражданской войны большевики взяли курс на поддержку пролетарского самоопределения как политической формы, стоявшей «выше» буржуазной независимости (точно так же, как после революции они считали беднейшее крестьянство социальной силой, стоявшей «выше» всего крестьянства в целом). Такая политика означала начало гражданской войны в большинстве окраинных государств, где большевики выступали как интервенты на стороне «более слабого» «пролетариата»/9/. Так, например, во время приема делегации из Казахстана в марте 1918 г. Ленин подчеркнул, что Киргизская (Казахская) автономия может быть учреждена только на советских началах. Это была все та же политика воспрепятствования укреплению под знаменем автономии позиций местной буржуазии.

Проведение масштабной национальной политики было невозможно без соответствующих государственных структур. В конце 1917 года в России впервые в мире стали создаваться специальные органы по делам национальностей. Первым таким органом стал Народный комиссариат по делам национальностей/10/. В разработанном и подписанном В.И. Лениным в 1921 г. «Положении о Наркомнаце» перед этим учреждением ставилась цель: «...обеспечение мирного сожительства и братского сотрудничества всех национальностей и племен РСФСР»/11/. Если в основу организации других наркоматов был положен функционально-отраслевой принцип, т.е. принцип управления определенными областями экономической, культурной и военно-политической жизни, то Наркомнац работал как орган комплексного управления, призванный заниматься в том или ином объеме всеми вопросами, если они относились к национальностям, к решению национального вопроса вообще/12/. Между тем главной задачей, решение которой выдвигалось перед этим органом, было беспрепятственное проведение всех мероприятий новой власти на территории национальных окраин. Национальные территории рассматривались в прежнем русле имперского мышления как отсталые. Нерусские нации необходимо было мобилизовать для укрепления Советской власти и диктатуры пролетариата, отсекая «всякие там национальные предрассудки». Необходимо подчеркнуть, что Ленин настаивал на тактике «умиротворения» националов, на деликатности и осторожности в проведении национальной политики, поскольку имперский великодержавный шовинизм был ненавистен и, по его мнению, неприемлем в новом государстве. Ленин считал, что недостаточно провозгласить равенство всех наций по закону, необходимо исключительно внимательное, заботливое, уступчивое отношение к нерусским национальностям. Во имя налаживания доверия и братского единства народов «лучше пересолить в сторону уступчивости и мягкости к национальным меньшинствам, чем недосолить»/13/. Ленин понимал, что «русскому рабочему и крестьянину надо считаться с тем фактом страшного озлобления против русской правительственной власти, которое наше правительство вызвало у всех нерусских народностей России своими зверскими преследованиями всего нерусского»/14/.

Ленин по своей природе был интернационалистом до мозга костей, более всего ему всегда был ненавистен великорусский шовинизм, этим он отличался от своего политического оппонента в национальном вопросе Сталина, который, наоборот, в первую очередь не принимал национализм окраин, принявший при сталинизме расхожее определение «буржуазный национализм». «Национализм, - писал И.В. Сталин, - эта та последняя позиция, с которой нужно сбросить буржуазию, чтобы окончательно победить ее»/15/. Вскоре III Всероссийский съезд Советов, открывший свою работу 10 января 1918 г., утвердил конституционный акт новой власти – «Декларацию прав трудящегося и эксплуатируемого народа», составленную В.И. Лениным. Здесь уже четко определяется форма государства: «Советская Российская республика учреждается на основе свободного союза

свободных наций как федерация советских национальных республик»/16/. В документе был обойден стороной постулат о праве наций на отделение от большевистского государства, поскольку новая власть выступала против сепаратизма национальных окраин, она была заинтересована в сохранении имперской территории и в дальнейшем расширении социалистического пространства. Съезд ограничился установлением лишь коренных начал федерации, предоставив трудящимся каждой нации самостоятельно принять решение о конкретных формах федеративной связи.

Высшими органами власти объявлялись Советы рабочих, солдатских и крестьянских депутатов, что фактически означало отстранение от власти всех других классов и сословий страны. В Декларации был сформулирован тезис об участии нерусских наций в федеральном правительстве и его учреждениях. Как мы видим, в Декларации национальная политика советского государства нашла свое дальнейшее развитие и конкретизацию. При этом национальный вопрос при создании «союза свободных наций» уже решался не на основе свободного волеизъявления самих народов, а через органы Советской власти, которым Декларация предоставляла право решения вопроса о том, будут ли они участвовать и на каких основаниях в «федеральном правительстве и в остальных федеральных советских учреждениях». Аналогичный подход к решению национального вопроса был определен и в резолюции III Всероссийского съезда Советов «О федеративных учреждениях Российской Республики/17/. Высшим органом в пределах федерации объявлялся Всероссийский съезд Советов, а в периоды между съездами – ВЦИК. Согласно резолюции правительство федерации – Совет народных Комиссаров избирался и смещался в целом и в частности Всероссийским съездом или ВЦИК. Способ участия субъектов федерации в федеральном правительстве, равно как и разграничение сферы деятельности федеральных и областных учреждений, намечено было определить немедленно по образованию советских республик.

«Декларация прав трудящегося и эксплуатируемого народа» в качестве вводного раздела была включена в Первую Конституцию РСФСР, принятую V съездом Советов 10 июля 1918 г./18/. Конституция подвела правовую базу под здание советской федерации, организованной по национально-территориальному принципу. Предусматривалось также создание областных союзов, состоящих из нескольких национальных областей. Хотя специальной статьи о праве выхода из федерации не было, в пункте д. статьи 49 говорилось, что к ведению Съезда советов и ВЦИК относится «признание выхода из Российской Федерации отдельных частей ее». Но существенным было то, что в качестве основного принципа советской федерации Конституция определяла демократический централизм, обеспечивающий единство политики, экономики и управления федерацией с учетом специфических потребностей каждого его член/19/. В статье «Очередные задачи Советской власти» В.И. Ленин писал: «На самом деле демократический централизм нисколько не исключает автономию – а напротив – предполагает ее необходимость...даже федерация нисколько не противоречит демократическому централизму. Сплошь и рядом федерация при действительно демократическом строе, а тем более при советской организации государственного устройства, является лишь переходным шагом к действительно демократическому централизму»/20/. По-видимому, Ленин понимал очевидность полярности демократического централизма и федерации, допускал возможность его искажения в практике государственного управления на данном этапе, но, поскольку в будущем все нации должны были слиться в единое целое, демократический централизм полностью бы восторжествовал.

Надо отметить тот факт, что в Конституции 1918 г. не было четкого определения размеров и структуры федерации, в значительной мере механизма взаимоотношений между центром и автономными образованиями. Термин «федеративный» в основной части текста не появляется, а упоминается в начальных главах, где рассматривались общие принципы. Это наталкивает на мысль, что у большевистского руководства тогда не было ясного представления о конституционно-правовом статусе автономных республик, контуры централизованного государства тогда только складывались и были довольно зыбкими. Национальному вопросу была посвящена ст. 22 Конституции РСФСР 1918 г.: «Российская Социалистическая Федеративная Советская Республика, признавая равные права за гражданами независимо от их расовой и национальной принадлежности, объявляет противоречащим основным законам Республики установление или допущение каких-либо привилегий или преимуществ на этом основании, а равно какое бы то ни было угнетение национальных меньшинств или ограничение их равноправия»/21/. Данная статья Конституции была своеобразной данью «великорусскому шовинизму», против которого яростно обрушивался В.И. Ленин. Остается только сожалеть о том, что прокламируемое равноправие всех национальностей обернулось попранием всех гражданских прав,

игнорированием отдельных национальных меньшинств и политическими репрессиями против целых народов, объявленных «врагами народа».

Анализируя содержание норм законодательных актов середины в первые годы Советской власти можно сделать вывод, что к национальному вопросу советское государство в данный период относилось достаточно продуманно и детально, стремясь достичь фактического равенства между гражданами независимо от их национальной принадлежности, что находит свое отражение, в частности, в закреплении прав национальных меньшинств, которые могли: образовывать свои национальные административно-территориальные единицы, (то есть реализовать в данной форме право на самоопределение «по-советски»); участвовать в формировании всех представительных органов власти и в работе этих органов на всех уровнях; применять родной язык в делопроизводстве, в процессе деятельности государственных, общественных организаций в рамках своего национального образования; обращаться в государственные органы и получать ответ на родном языке; изучать родной язык в школе; иметь возможность пользоваться печатными изданиями на родном языке и развивать национальную культуру.

Таким образом, национальная доктрина партии большевиков с признанием федерации была своеобразным компромиссом в стремлении сохранить единое централизованное государство «диктатуры пролетариата». Обстановка, сложившаяся на территории теперь уже бывшей Российской империи после событий октября 1917 года, потребовала радикальных решений: центральная власть вынуждена была бороться за свое выживание, а усиление сепаратизма и национализма вело к тому, что от бывшей «единой и неделимой» России отпадали все новые регионы. В этих условиях лозунги федерализма стали спасительными для сохранения крупного государства.

1. Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 35. - С. 11-12.
2. Декреты Советской власти.- М.: Госполитиздат, 1957. Т. 1.- С. 40.
3. Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 42.- С. 131.
4. Авторханов А. Империя Кремля.- Минск-М.: Полифакт-Дружба народов, 1991.-С.12.
5. Милюков П.А. Национальный вопрос: происхождение национальности и национальные вопросы в России.- М.: Гос. публ. истор. библ-ка России, 2005.- С.148.
6. Колдыбаева С.С. Генезис государственной власти и права в истории Казахстана (XVII-XX вв.): Дис. ... к.и.н. - Костанай, 2005.- С.112.
7. Карр Э.Х. История Советской России. Кн. 1. Т. 1 и 2./ Пер. с англ.- М.: Прогресс, 1990. -768 с.
8. Вехи консолидации. Из опыта партийных организаций Казахстана в решении национального вопроса в 1917-1927 гг.: Сб. документов.- Алма-Ата: Казахстан, 1990.- 232 с.
9. Малиа М. Советская трагедия: История социализма в России. 1917-1991./ Пер. с англ.- М.: Рос. полит. энцикл-я, 2002. -584 с.
10. Абдулатипов Р.Г. Природа и парадоксы национального «Я».- М.: Мысль, 1995.- С. 35.
11. Горовский Ф.Я., Рымаренко Ю.И. Национальный вопрос и социалистическая практика: Опыт историко-теоретического анализа. -Киев: Выща шк., 1991. - С.64.
12. Зиманов С.З. Некоторые вопросы теории советской национальной государственности. - Алма -Ата: Изд-во АН КазССР, 1962.- С. 5.
13. Ленин В.И. Полн.собр.соч. - Т. 45. - С. 360.
14. Новоторжский Г. Национальный вопрос, автономия, федерация.- М.: типография Русского товарищества, 1916.
15. Сталин И.В. Соч. Т. 4.- С. 91.
16. Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 35.- С. 221.
17. Декреты Советской власти.- М.: Госполитиздат, 1957. Т. 1.- С.341-343.
18. Шаститко П.М. Обреченные догмы: Большевизм и национальный вопрос.- М.: Вост. лит-ра, 2002.- 272 с.
19. Политика Советской власти по национальным делам за три года. 1917-1920 / Народный комиссариат национальностей.- М.: Госиздат, 1920. - С. 9-10, 113-116.
20. Ленин В.И. Полн. собр. соч. Т. 36.- С. 151.
21. Первая Советская Конституция (Конституция РСФСР 1918 г.): Сб. документов.- М., 1938.- С. 22.

Түйін

Мақалада большевиктердің Октябрь төңкерісінен кейін ұлттық мәселеге байланысты доктринасы анықталған.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘӨК:  
ҚОРҒАНЫС ӨНЕРКӘСІБІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЗАУЫТТАРЫ (№ 621 ЗАУЫТ)**

**XX ғ. – 40 - жылдарының басы**

**С.Байдильдина–**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, т.ғ.к*

Отандық тарих ғылымында зерттеу нысанасы ретінде өзекті де ауқымды тақырыптың бірі - кезіндегі КСРО-ның әскери - өнеркәсіп кешенінің (ӘӨК) қалыптасуы мен дамуында, оның аймақтық бөлімі ретінде өзіндік ролі мен орны болған Қазақстан әскери - өнеркәсіп кешенінің қалыптасуының тарихи тәжірибесі мен проблемалары болып отыр. Тақырыптың маңыздылығы бүгінгі Қазақстан басшылығының қорғаныс - өнеркәсіп кешенін жандандыруға ерекше көңіл бөлуінен де көрінеді. Оған соңғы жылдары қабылданып отырған бірнеше мемлекеттік заңдар қатары «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы», «Қазақстан Республикасының қорғанысы туралы», «Қазақстан Республикасының әскери доктринасы», т.б. дәлел.

Республика қорғаныс - өнеркәсіп кешенінің проблемалары мемлекеттік билік органдарының, алдыңғы қатарлы өндірістік және ғылыми ұйымдар мен мекемелердің де назарында. Мұны мемлекетіміздің сыртқы әскери - саяси жағдайы, еліміздің әскери қауіпсіздігі мен әлеуметтік-экономикалық саласындағы атқарылып жатқан іс-шаралар, ғылыми-техникалық прогресімен де түсіндіруге болады. Ел Басы Н.Ә.Назарбаев «Сындарлы он жыл» кітабында қауіпсіздік тұжырымдамасының бағытын белгілеген болатын. «Біртұтас Орталық азиялық геосаяси блокты қалыптастыруды стратегиялық мақсат негізінде дамыту» қажеттігіне назар аударып, «аймақтағы мемлекеттер арасында тәжірибе алмасу мен әскери ынтымақтастықты барынша ширату және әскери оқу-жаттығуларға қатысып, оны бірігіп өткізуге» шақырған еді /1/.

Мақалаға арқау болып отырған республиканың әскери - өнеркәсіп кешенінің қалыптасуында шешуші факторлардың бірі болған - қорғаныс өнеркәсібі зауыттары мен кәсіпорындарының пайда болу және қалыптасу тарихы.

Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында, одан кейін де КСРО-ның әскери - стратегиялық, экономикалық өмірінде өзіндік маңызға ие болды. Соғыс өнеркәсіптің барлық салаларының қорғаныс, машина жасау, металлургия, жылу-энергетикалық, қару-жарақ, оқ-дәрі, тамақ, т.б. шоғырландыруды талап етті. Соған сәйкес республика өнеркәсібі тұтастай соғыс жағдайына көшірілгендігі белгілі. Соғыстың алғашқы жылы-ақ еліміздің облыстарына, өнеркәсіп орталықтарына ондаған зауыттар мен кәсіпорындар көшіріліп әкелініп орналастырылды және олардың жұмысы майдан қызметіне бағытталды.

Соңғы жылдары қол жеткізілген мұрағат деректері осы өнеркәсіп орындарының республиканың ӘӨК-нің қалыптасуындағы ролі мен орнын анықтауға мүмкіндік беріп отыр.

«Қазақстанның әскери-өнеркәсіп кешені: қорғаныс өнеркәсібінің алғашқы зауыттары» сериясымен жарық көретін мақалаларда әскери өнім шығарушы алғашқы зауыттардың тарихы, олардың соғыс жағдайындағы материалдық – техникалық ахуалы, әлеуметтік – тұрмыстық инфрақұрылымдары, проблемалар мен нәтижелер сөз болады.

Б(б)КП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы 1941 жылдың 23 маусымында қару- жарақ өндіруге Оқ-дәрі Халық Комиссариатына қарасты 65 кәсіпорынның сыртында 600 «азаматтық» зауыттардың да қатысатындығы туралы шешім қабылдады. Химия өнеркәсібі, жалпы машина жасау, орта және ауыр машина жасау, қара және түсті металлургия Халық Комиссариаттарына қару-жарақ, оқ-дәрі өндірісі бойынша шұғыл жоспар жасап, өндірісті соғыс жағдайына көшіру туралы кезек күттірмес шұғыл тапсырма берді. 1941жылдың 16 тамызында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен Б(б) КП Орталық Комитеті «Поволжье, Орал, Батыс Сібір, Қазақстан мен Орта Азия аудандарына 1941 жылдың 4 кварталы мен 1942 жылға арналған әскери - шаруашылық жоспарын» бекітті. Жоспар неғұрлым аз уақыттың ішінде елдің шығыс аудандарында негізгі әскери-өнеркәсіп базасын жасауды міндеттеді. Базада танк, самолет, авиамотор, атқыштар қару-жарағын, артиллерияның барлық түрін, миномет, оқ - дәрі, т.б. шығаруды ұйымдастыру көзделді. 1941жылдың жаз айларында-ақ елдің батыс аудандарынан

1 360 ірі өнеркәсіп кәсіпорындары шығысқа көшірілді. Олардың 455-і Оралға, 210-ы Батыс Сібірге, 250-і Қазақстан мен Орта Азияға жөнелтілді/2/.

Бұл кәсіпорындарды көшіру, орналастыру және іске қосу Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің (МҚК) 1941 жылдың 7 тамызындағы «Эвакуацияланған кәсіпорындарды орналастыру тәртібі туралы», 1941 жылдың 29 қазанындағы «Волга, Орал, Сібір, Орта Азия мен Қазақстанға көшірілген зауыттарды қалпына келтіру кестесі» қаулыларына сәйкес жүзеге асырыла бастады.

1941 жылдың шілдесі мен 1942 жылдың 1 наурызы аралығында, яғни жеті ай ішінде ғана майдан шебінен республикамызға қорғаныс өнеркәсібінің 22 кәсіпорны көшіріліп әкелінді/3/.

«Өте құпия» грифімен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Қорғаныс өнеркәсібі бөлімінің 1942 жылдың наурыз-сәуір айларына жасалған жұмыс жоспарына сүйенсек, зауыттардың 6-ауы Солтүстік Қазақстан облысы, 3-еуі Қостанай облысы, 2-еуі Батыс Қазақстан облысы, 1-еуі Ақтөбе облысы, 2-еуі Қарағанды облысы, 1-еуі Оңтүстік Қазақстан облысы және 6-ауы Алматы қаласына шоғырландырылған екен/4/. Жоспар зауыттардың өндіруі тиіс өнім түрлері мен олардың көлемі туралы мәліметтер береді. Өнім түрлерінің сан-алуан екенін байқаймыз: әскери радиостанциялар, КБ-3, АГ, ПГМ-1, М-08, т.б. мина түрлері, авиабомбалар, артиллерия снарядтары, әуе қорғанысында пайдаланатын жоғары вольтты түзеткіштер, Сердюк гранатасының бөлшектері, т.б.

Мұрағат құжаттарының деректері ҚазКСР Қорғаныс өнеркәсібі зауыттарының 1942 жылғы жұмысы туралы есептеріне сүйеніп, біраз мәселелердің мән-жайын анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, зауыттардың мекен-жайы, басқару аппараты, өнім түрлері мен жоспардың орындалу барысы, кадр мәселесі, зауыттың жетістіктері немесе зауыт жұмысын тежеуші факторлар, кәсіпорындардың өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымдары, т.б./5/

Жоғарыда Қазақстанға көшірілген қорғаныс өнеркәсібі зауыттарының 6-ауының Солтүстік Қазақстанға орналастырылғандығы айтылды. Солардың бірі Көкшетау қаласында қоныс тепкен № 621 зауыт еді. 1941 жылы Эвакуация Кеңесінің шешімімен КСРО Қаруландыру Халық Комиссариатының № 460 Подольск зауыты жабдықтарының біраз бөлігі Көкшетауға көшіріліп, мұнда ол өз алдына дербес № 621 кәсіпорын ретінде қайта құрылды. Зауыт мынадай екі бағытта жұмыс жасауы тиіс болды: 1. М-82 минасын жасау; 2. «Бромет» приборы мен тігін машинасын шығару/6/.

Деректер зауыттың КСРО-ның қорғаныс өнеркәсібі үшін ролі мен маңызының күшті болғандығын көрсетеді. 1942 жылдың 7 шілдесінде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің №12 495-рс өкімімен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Л. Берия Қаруландыру Халық Комиссариатына қарасты 82 мм мина корпусын жасаушы № 621 зауытты электр қуатымен қамтамасыз ету үшін ерекше тапсырма берді. Онда Қаруландыру Халық Комиссариатына 1942 жылдың 10 шілдесіне дейін Коломна қаласындағы № 4 зауыттың филиалынан № 621 зауытқа қуаты 500 л.с дизель-генераторын және осы жылдың 12 шілдесіне дейін Воткинск зауытынан екі дизель-генераторын жеткізуді, сонымен қатар бұл тапсырмаларды өз уақытында орындау үшін Жол Қатынастары Халық Комиссариатына арнайы вагон бөлуді бұйырады/7/. Зауытты энергия көзімен, технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету туралы мәселенің бұған дейін де бірнеше рет көтерілгендігін КСРО Қаруландыру Халық Комиссарының орынбасары Н. Агеев, Қазақстан К(б)П хатшысы Скворцов және № 621 зауыт директоры Макарущенко арасындағы телеграф, хаттар көрсетіп отыр/8/.

Кәсіпорынды іске қосу және пайдалану төңірегіндегі мәселелер үнемі үкімет назарында болды. Қаруландыру Халық Комиссариатының күрделі құрылыс Бас Басқармасының бастығы Б. Агдатьяевтің Солтүстік Қазақстан К(б)П Облыстық Комитеті мен Қазақстан К(б)П хатшысы Скворцовқа 1942 жылдың 28 шілдесіндегі «№ 621 зауыттың құрылысы мен оны пайдалануға беру» мәлімдемесінде зауыттың энергетикалық базасы, оның құрылыс материалдарымен, негізгі өндіріске қажет материалдармен, жұмыс күші, сумен қамтамасыз етілуі сияқты бірнеше мәселе бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар жөнінде есеп береді /9/. Мәлімдеме мазмұнынан зауыт жұмысын ұйымдастыру үшін ауадай қажет, үкімет басшылығы міндеттеп отырған жұмыстардың орындалу барысы мен деңгейі анық көрінеді. Мәселен, зауыттың энергетикалық базасын құру туралы пункттен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары Л. Берияның бұйрығының бұлжытпай орындалғанын байқаймыз. Құжатта 1942 жылдың 9-16 шілдесі аралығында № 621 зауытқа Воткинск қаласындағы № 235 зауыттан қуаты 300 және 340 л.с. дизель-генераторының, 12 шілдеде қуаты 500 л.с. дизель-генераторының жөндеуден өтіп жіберілгендігі және оны орнату үшін үш тәжірибелі дизелшінің қоса кеткендігі айтылады. Сонымен қатар № 621 зауыттың қарамағындағы жарамсыз немесе іріктеп жинақтауды қажет ететін дизель-генераторларды іске қосу үшін Қазан қаласынан 39 синхронды мотордың бөлінгендігі және оны қабылдап, зауытқа жеткізу үшін адамдар жіберуді сұрап 26 шілдеде мекеме директоры Макарущенкоға телефонограмманың жіберілгендігі сөз болады.

Мәлімдеме зауытты құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету деңгейінің біркелкі болмағандығын көрсетеді. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі бекіткен жоспарға сәйкес 1942 жылдың бірінші жартысында № 621 зауыттың құрылыс жұмыстары үшін 38 вагон цемент (682 тонна), 4 вагон әйнек (8000 кв. метр), 100 вагон жұмыр ағаш (2000 куб метр), 90 вагон кесілген ағаш (2 250 куб метр) бөлінген екен. Бірақ Б. Агдатыев хабарламасының мәліметтеріне сүйенсек зауытқа осы уақыт ішінде келіп жеткен құрылыс материалдарының көрсеткіші төмендегідей болып шығады: цемент 146 тонна, жұмыр ағаш 128 куб метр, кесілген ағаш 24 куб метр. Жоспар мен оның орындалуы арасындағы үлкен алшақтықты байқаймыз. Жоспардың орындалмауы негізінен теміржол бойындағы кемшіліктер мен зауыттың белсенділік танытпауынан болған.

Ал зауыттың негізгі өндірісі үшін қажет материалдармен қамтамасыз ету, керісінше, жоғары деңгейді көрсетеді. Жоспар бойынша маусым айында зауытқа жеткізілуі тиіс 45-маркалы Ф-34 сапалы болат көлемі 10 тонна болса, ол 20 тоннаға орындалған, шілде айында 100 тонна болып белгіленсе, ол сол көлемде жеткізілген (қамтамасыз етуші - Магнитогорск зауыттары).

Сол жылдардағы қорғаныс зауыттарының құрылысы мен негізгі өндіріс жұмыстарын жұмыс күшімен қамтамасыз ету мәселесі де КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінде күн тәртібінен түспеді. № 621 зауыт та солардың қатарынан табылды. 1941 жылы көшіріліп әкелінген зауыт өзімен бірге не бәрі 376 жұмысшы, 135 инженер-техник мамандарын, құрамына дәрігерлер, орта медицина қызметкерлері кірген 110 адамнан тұратын санитарлық-бақылау пунктін әкелген екен. Сол себепті зауыт құрылысы мен өндірісін жергілікті тұрғындар есебінен қамтамасыз ету қолға алынды. Қаруландару Халық Комиссариатының ұсынысымен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі 1942 жылдың 28 мамырындағы № 785-405с Бұйрығымен жергілікті тұрғындардан 2000 адамды, фабрика-зауыт жұмыстарына оқыту мектептерінің түлектерінен 101 адамды № 621 зауыттың құрылыс жұмыстары мен негізгі өндірісіне жұмылдыруға рұқсат етілді/10/.

Кәсіпорынның 1942 жылғы есебінің мәліметтеріне сүйенсек, осы жылы зауыт жұмысына жергілікті тұрғындар есебінен 800 адам, фабрика-зауыт жұмыстарына оқыту мектептерінің түлектерінен 150 адам, ерікті түрде жалданғандар 1 406 адам, басқа кәсіпорындардан ауысқандар есебінен 89 адам тартылған/11/. Маман-кадрлармен қамтамасыз етудің, мамандар даярлаудың тағы бір жолы – зауыттың өз ішіндегі кәсіби мамандарға оқушылар бекітіп беру болды.

Осындай іс-шаралар нәтижесінде 1942 жылы кәсіпорынның жұмыс күшімен қамтамасыз етілу дәрежесі төмендегідей болды:

	I квартал			II квартал			III квартал			IV квартал		
	жос-пар	есеп	%	жос-пар	есеп	%	жос-пар	есеп	%	жос-пар	есеп	%
Жұмысшылар	1250	364	29,8	600	546	91	1200	1061	88,4	1780	1532	86,1
Инженер-техник мамандар	150	159	106,0	160	169	105,6	200	192,0	96,0	200	212	106,0
Қызметкерлер	70	106,0	117,1	169	113	113,0	130	136	104,6	140	141	100,7

Кестеден өндіріс орнының жұмыс күшімен негізінен қамтамасыз етілгендігін байқау қиын емес.

Мұның сыртында түрлі себептермен зауыттан жұмыстан кеткендер қатары да аз болған жоқ. Осы есепті жылдың өзінде Қызыл Әскер қатарына алынғандар, денсаулығы мен жан ұя жағдайларына байланысты жұмыстан босағандар саны 439 адамды құраған.

1942 жылғы жоспардың орындалу барысын мына кестеден көреміз/12/:

	Жалпы өнім			Тауарлы өнім		
	жоспар	есеп	%	жоспар	есеп	%
1 квартал	5 000,0	6 92,4	13,8	4 411,7	495,1	11,2
2 квартал	1 800,0	983,1	54,6	956,0	868,2	90,9
3 квартал	4 100,0	2 228,0	55,7	3 235,0	576,0	17,8
4 квартал	5 500,0	5 500,0	100,0	5 119,0	5 709,0	111,5
Жыл бойынша қорытынды	16 400,0	9 403,6	51,2	13 721,0	7 648,3	57,0

Кестеден I жартыжылдық пен III квартал бойынша жоспар мен оның орындалуының арасындағы үлкен айырмашылықты байқаймыз. Жоспар тіпті бірнеше есеге төмен орындалған. Мұндай төменгі көрсеткіштің себептерін былайша түсіндіруге болады: 1-ден, бірінші жартыжылдық пен III кварталда негізінен зауыттың құрылысы, құрал -жабдықтарды қондыру жұмыстары мен өндірісті іске қосуға дайындық жүрді; 2-ден, электр қуатымен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігінен зауыт жұмысы өте баяу жүрді.

Соған сәйкес зауыттағы еңбек өнімділігінің бір жұмысшыға шаққандағы орта жылдық орындалуы да төмен еді. Егер I кварталда жоспар 47,6%-ға орындалса, II кварталда 60,0%, III кварталда 63,0%, IV кварталда 116,2% -ға орындалған екен. Еңбек өнімділігінің бір жұмысшыға шаққандағы орта жылдық орындалу көрсеткішін мынадай кесте арқылы берсек те болады:

	Жоспар	Орындалуы	%
1 квартал	1333,33	634,06	47,6
2 квартал	1000,00	600,18	60,0
3 квартал	1111,11	700,00	63,0
4 квартал	1030,00	1196,69	116,2
Жыл бойынша қорытынды	4474,33	3130,93	69,9

Мұнда да зауыт жұмысының қарқын алуы IV кварталда басталған. Бұл 1942 жылдың III кварталының соңында Воткинск қаласынан бірнеше дизель мен моторлардың келуі және олардың іске қосылуына байланысты болды. Оны кесте мәліметтері де растайды.

Осылайша, XX ғасырдың 40-жылдарының басында республикамызда қорғаныс өнеркәсібінің алғашқы зауыттары пайда бола бастады. Бірақ алғашқы кезеңде ол құрылыстардың көпшілігі Халық Комиссариаттары мен Орталық жоспарлау органдарының тиісті дәрежедегі қолдауларына ие бола алған жоқ. Сол себепті де кәсіпорындардың құрылысын қаржыландыру, оларды құрал-жабдық, материалдармен қамтамасыз ету өз деңгейінде жүрмеді. Нәтижесінде соғыстың алғашқы жылдары бұл зауыттар, соның ішінде № 621 зауыт әскери өнім өндіруге толық дайын болмады.

1. Назарбаев Н. Сындарлы он жыл.- Алматы, 2003.
2. Симонов Н.С. Военно-промышленный комплекс СССР в 1920-1950-е годы: темпы экономического роста, структура, организация производства и управление.- М.: РОССПЭН,1996.- С. 103. //Книга на сайте: [militera. Lib.ru/research/Simonov\\_ns/index. Html.](http://militera.lib.ru/research/Simonov_ns/index.html)
3. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1 –мізбек, 611-іс, 23 – 31 –нн.
4. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1 –мізбек, 611-іс, 4 – 7 –нн.
5. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1 –мізбек, 612-іс, 1 – 47 –нн.
6. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1 –мізбек, 612-іс, 40 – н.
7. ҚР ПМ. 708-қор, 6/2 –мізбек, 10- іс, 38 –н.
8. ҚР ПМ. 708-қор, 6/2 –мізбек, 10- бума қорабы, 70-71-нн.
9. ҚР ПМ. 708-қор, 6/2 –мізбек, 10- бума қорабы, 65-67 –нн.
10. Осында, 68 –н.
11. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1 –мізбек, 612-іс, 42–н.
12. ҚР ПМ. 708-қор, 6/1 –мізбек, 612-іс, 41–н.

#### Резюме

Данная статья посвящена истории становления первых заводов оборонной промышленности в Казахстане. В статье рассматриваются проблемы эвакуации и размещения заводов прифронтовой полосы в Казахстан. Также анализируются процессы создания материально-технической базы, производственной и социально-бытовой инфраструктуры, трудности и результаты создания завода № 621 Народного Комиссариата Боеприпасов.

#### Summary

Given article is dedicated to histories of the formation first plant to defense industry in Kazakhstan. In article are considered problems to evacuations and accomodations plant forward area in Kazakhstan. Are they Also analysed processes of the making the material and technical base, production and social-home infrastructure, difficulties and results of the making the plant 621 Public Komissariata Amunition.

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГТИК ИНСТИТУТЫ ТАРИХЫНАН**

(1959-1963 жж.)

**Н.Б.Манкеев –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы*

1950 жылдардың аяғында Республиканың халыққа білім беру саласындағы үлкен өзгерістердің бірі 1958 жылы 24 желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-да Халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заңға байланысты жалпыға бірдей міндетті сегіз және он бір жылдық орта білімге көшу болатын. Жаңа заң бойынша жалпы білім беру ісі оқытуды еңбекпен ұштастыру негізінде жүзеге асырылуға тиіс болып, он бір жылдық еңбек политехникалық мектептер ашылды [1]. Ендігі жерде, оқытылатын пәндер мен сағат санының көбеюіне байланысты орта мектептерде мұғалім тапшылығы туындаса, өндіріс орындарында техникалық және ауылшаруашылық мамандарына сұраныс күшейді. Осыған орай халық ағарту саласының ғылыми-педагог мамандарын кәсіптік-техникалық біліммен ұштастыра даярлау республикадағы өзекті мәселенің біріне айналған. КСРО Жоғарғы Кеңесі қабылдаған заңның негізінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1959 жылы 28 наурызда «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және Республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заң қабылдады [2]. Мұндай жаңа заңдардың қабылдануы сол кезде Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогтік институтының (ҚазМПИ) 30 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келген болатын. Сонымен, 1959/1960 оқу жылында Абай атындағы ҚазМПИ өз дамуында жаңа кезеңге аяқ басып, халыққа білім беру жүйесінде қабылданған жаңа заңды практикалық іске асыруда алғашқы қадам жасады. 1959/1960 оқу жылынан бастап институт өзінің барлық оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және саяси-тәрбие жұмыстарын осы заңның негізгі қағидаларын басшылыққа ала отырып жүргізе бастады. Бұл кезде институттың Ғылыми кеңесінде, факультет кеңесі мен кафедра мәжілістерінде, түрлі жиналыстар мен конференцияларда оқу жоспарларын қайта қарау, жаңадан кең профильді мамандықтар ашу, өндірістік, педагогикалық практика мен институттың мектептермен байланысына өзгерістер енгізу күн тәртібіндегі басты мәселеге айналған еді. Яғни, осы кезден бастап институт кең профильді мамандықтар бойынша кадр даярлаудың 5 жылдық оқыту жүйесіне көшті. Бұған, сол кезде физика-математика факультетінде жаңа үлгіде ашылған математика – сызу, физика және өнеркәсіптік өндіріс негіздері, физика–химия мамандықтарын, тарих-филология факультетіндегі тіл-әдебиет және тарих (орыс, қазақ), жаратылыстану-география факультетіндегі география-биология, биология және ауылшаруашылық өндіріс негіздері тәрізді мамандықтардың ашылуын мысалға келтіре аламыз [3]. Жаңа заң институттың профессор-оқытушыларынан ғылыми-зерттеу жұмыстарында неғұрлым қоғамға пайдалы және практикалық маңызы бар зерттеулер жүргізуді талап етті. Егер де, 1959-1963 жылдардағы институт тарихына көз жүгіртсек, Абай атындағы ҚазМПИ осындай міндеттерді жүзеге асыруда айтарлықтай табыстарға жетті деген пайымдау жасауға болады. 1960 жылдары институт халық ағарту саласына ғылыми-педагогикалық мамандар даярлауда республикадағы ірі оқу және ғылыми орталықтардың біріне айналды.

1959/1960 оқу жылында институтта 4 факультет, 27 кафедра жұмыс істеді. Оның ішінде тарих-филология факультетінде 7 кафедра (КСРО тарихы, жалпы тарих, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, орыс және шетел әдебиеті, орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі), физика-математика факультетінде – 4 кафедра (жоғары математика, элементарлық математика, жалпы физика, өнеркәсіптік өндіріс негіздері), жаратылыстану-география факультетінде – 5 кафедра (ботаника, зоология, химия, физикалық география, экономикалық география), шетел тілі факультетінде 5 кафедра (ағылшын тілі лексикасы, ағылшын тілі грамматикасы, неміс тілі лексикасы, неміс тілі грамматикасы мен фонетикасын оқыту әдістемесі, француз тілі) және бұлардан басқа жалпы институттық 6 кафедра (КОКП тарихы, философия, саяси экономия, педагогика, психология, дене тәрбиесі) болған [4]. Кафедраларды 5 профессор, 21 ғылым кандидаты, доцент және 1 аға оқытушы басқарған болатын. Осы кезде ғылыми-педагогикалық мамандар құрамының 35,1%-ын профессорлар, ғылым кандидаттары мен доценттер құрап, соның ішінде 7 профессор институтта жұмыс істеді. Егер де, ғылыми атақ пен дәрежесі бар мамандарды салыстырып қарайтын болсақ, жаратылыстану-география факультеті (56%) мен тарих-филология факультетінің (42,8%) алдыңғы қатарда болғанын байқаймыз. 1959/1960 оқу жылында тарих-филология факультетін т.ғ.к., доцент Х.М.Әділгереев, физика-математика факультетін ф/м.ғ.к., доцент М.Қ.Сәтбаев, жаратылыстану-география факультетін г.ғ.к., доцент П.Д.Устименко, шетел тілі факультетін ф.ғ.к., доцент Д.В.Комарев тәрізді декандар басқарған болатын. 1960 жылы 10 маусымда Абай атындағы ҚазМПИ директоры ф.ғ.д., профессор Мәлік Ғабдуллиннің қолы қойылған



№ 1-212 бұйрық негізінде жаратылыстану-география факультетіне декан болып физикалық география кафедрасының меңгерушісі, география ғылымының кандидаты, доцент М.М.Өтемағамбетов тағайындалады [5]. Жоспар бойынша 1959/1960 оқу жылында институттың 1 курсына 550 студент қабылдау көзделініп, оның ішінде физика-математика факультетіне – 150, тарих-филология факультетіне – 100, жаратылыстану-география факультетіне – 100, ал, шетел тілі факультетіне – 200 орын бөлінді. Алайда, талапкерлердің саны артып 550 орынға 1072 адам оқуға құжат тапсырған. Әсіресе, бұл көрсеткіштің үлес салмағы физика-математика және шетел тілі факультетінде артқанын айтып өткеніміз дұрыс. Тұтастай алғанда оқу жылының басында институттағы студенттердің жалпы саны 3111 адамды құраған [6]. Бұл, сол кездегі жастардың Абай атындағы ҚазМПИ-ден білім алуға деген құштарлығының жоғары деңгейде болғандығын көрсетсе керек. 1961 жылы 5 қаңтардағы Қазақ КСР жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігінің «1961/1962 оқу жылында жоғары және орта арнаулы оқу орындарына студенттер мен оқушылар қабылдау туралы» № 6 бұйрығы негізінде институтқа студенттер тарту мәселесі жолға қойылған. Бұл мәселені шешу мақсатында оқытушы-профессорлардан құралған арнайы топ ұйымдастырылып, Республиканың басқа да аймақтарына кәсіби-бағдар жұмыстарын жүргізу мақсатында іссапарға жіберілді. Сонымен қатар, қабылдау комиссиясының жанынан 6 айлық дайындық курстары жұмыс істеген. Осындай шаралардың нәтижесінде 1961/1962 оқу жылында институттың 1 курсына қабылданған студенттер саны 411 адамды құрады. 1960 жылы 1 қаңтарда Қазақ КСР Министрлер Кеңесі «Қоғамдық ғылымдар кафедрасы жұмысында оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және саяси-қоғамдық жұмыстарды қайта құру туралы» қаулы қабылдайды. Осы қаулының негізінде тарих-филология факультетінде қоғамдық ғылымдар кабинеті ұйымдастырылған. Кабинетте студенттердің терең білім алуына қолайлы барлық жағдайлар жасалынып, кітап сөрелері көптеген тарихи шығармалармен толықты. Сонымен қатар тарих-филология факультетінің студенттері түрлі тақырыптарда білікті ұстаздардың қатысуымен пікірталастар мен дөңгелек стол ұйымдастырып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Осы жылы тарих-филология факультеті бойынша 55 студент жеке тақырыптарда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, институтаралық студенттер конференциясына қатысқан. 1960 жылы факультет ұстаздарының орасан зор шоғыры жас тарихшыларды отанға адалдық рухында тәрбиелей отырып оларға терең де тиянақты білім беріп, кәсіптік дағдылармен, мәдени және саяси кең ой-өріс беріп қаруландырды. Бұл кезде институтта 1931 жылы бітірген алғашқы түлектер арасынан «Жалпы тарих» кафедрасында Сәдуақас Бақшылов, Ахмет Баймурзин, «Өнеркәсіптік өндіріс негіздері» кафедрасында Ерғазы Әбдірақымов оқытушылық қызмет атқарды [7].

60-шы жылдардың басында халыққа білім беру жүйесін қайта құрудағы өзгерістер педагогикалық институттарға орта мектептер үшін өз мамандығын жете білетін, қажетті педагогикалық дағдыларды жетік меңгерген шәкірттерді тәрбиелей алатын мұғалімдерді даярлау міндетін жүктеді. Осыған байланысты факультет деканаттары мен жалпыинституттық кафедралардың күндізгі және сырттай бөлімдерінде оқу жоспарлары оқу үрдісінің жаңа талаптарына сай қайта қаралып, педагогикалық білім беруде бірқатар негізгі міндеттерді іске асыру жоспарланған болатын. Осындай міндеттерге байланысты оқу жоспарлары мен бағдарламаларына қайтадан өзгерістер енгізу; студенттермен жүргізілетін ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіру; дәріс пен практиканың өзара сабақтастығын кеңейту; студенттердің өзіндік жұмыстарына бақылауды күшейту; дәріс, семинар және зертханалық сабақтар мен өндірістік, педагогикалық практикалардың теориялық және әдіснамалық деңгейін арттыру; оқу үрдісінде үздік тәсілдерді қолдана отырып жаңа техникалық және бағдарламалық оқытуды жақсарту тәрізді оқу-әдістемелік жұмыстарға қойылатын талаптардың негізгі бағыттарын айқындайтын шаралар белгіленді. Осындай шаралардың нәтижесінде жалпы физика, психология, ботаника, орыс тілі кафедралары арнайы мамандандырылған және техникалық құралдармен жабдықталған дәрісханаларда сабақ өткізу мүмкіндігіне ие болған. Сонымен бірге институттың барлық кафедралары оқыту үрдісінде кино және диафильмдерді кеңінен қолдана білді. Мәселен, жалпы физика кафедрасында техникалық құралдар зертханасы, АҚ-В2 үлгідегі бағдарламалық оқытудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылса, психология кафедрасы ғылыми-еңбек ұйымдарымен бағдарламалық оқыту және әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізуде бірқатар табыстарға қол жеткізді. Ал, шетел тілі кафедрасында жартылай кабиналы магнитофондармен жабдықталған фонетикалық кабинет ашылып, физика-математика факультетінде студенттер ОМ-3м және Минск-І электронды-есептеуіш машиналары орналасқан есептеуіш техникалық кабинетте іс-тәжірибе жинақтады. Институттың мұндай құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі оқыту үрдісіне оң әсерін тигізіп, сол кезде уақыт талабына сай қажеттіліктен туындаған институттың оқу-әдістемелік жұмысында кеңінен қолданылған техникалық жетістіктердің бірі болып саналмақ. Алайда, институтта

дәрісханалардың жетіспеуі оқу үрдісінде елеулі қиыншылықтар туғызды. Мәселен, физика-математика факультеті дәрісхана жетіспеу салдарынан С.М.Киров атындағы ҚазМУ ғимаратының 6 дәрісханасын жалға алуға мәжбүр болған. Тіпті, студенттердің өз бетінше дайындық жүргізу мүмкіншілігі де аз болды, себебі ол кезде институт кітапханасының оқу залына бар болғаны 100 адам әрең сиятын еді [8].

1961 жылы 25 сәуірде Қазақ КСР жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігі күн тәртібіне республика жоғары оқу орындарының алқалы органдар атауына өзгерістер енгізу туралы мәселені қойды. Осыған байланысты 1961 жылы 10 мамырда Абай атындағы ҚазМПИ ректорының № 1-180 бұйрығы шыққан болатын. Бұйрық бойынша, бұдан былай институт басшысының лауазымы директор емес «ректор», директордың оқу, ғылыми, сырттай бөлім және әкімшілік-шаруашылық істер жөніндегі орынбасарлары «проректор» деп аталатындығы айтылған [9]. Ал, бұл кезде институт ректоры Кеңес Одағының Баыры, ф.ғ.д., профессор М.Ғабдуллин, оқу ісінің проректоры п.ғ.к., доцент И.Б.Мадин, ғылыми іс жөніндегі проректор э.ғ.к., доцент Ц.Л.Фридман, сырттай бөлім проректоры Ө.Ө.Өтебаев, әкімшілік-шаруашылық бөлім проректоры Н.А.Монахов болатын. 1961 жылы 2 желтоқсанда институт партиялық бюросының шешімімен жаратылыстану-география факультетінің деканы М.М.Өтемағамбетов орнынан босап, уақытша декан міндетін атқару ісі география ғылымдарының кандидаты П.Р.Загриценкоға жүктеледі. 1961 жылы 12 желтоқсанда барлық 3 факультет декандарын сайлау өтеді. Сайлау қорытындысы бойынша физика-математика (М.Қ.Сәтбаев) және тарих-филология (Х.М.Әділгереев) факультетінің декандары бұрынғыша қалады да, сайлауда басым дауыс жинаған П.Р.Загриценко жаратылыстану-география факультетіне декан болып сайланады [10].

1961/1962 оқу жылында күндізгі және сырттай бөлімдерді қосқанда институтта 4922 студент білім алып, профессор-оқытушылар саны 245 адамды (оның ішінде 9 ғылым докторы, 118 ғылым кандидаты) құраған. Сол кезде Абай атындағы ҚазМПИ жыл сайын республика мектептері үшін 600-ге жуық мұғалім даярлап шығарды. 1961/1962 оқу жылында институт құрамына 1958 жылдан бірігіп, жұмыс жүргізіп келген шетел тілі факультеті қысқарып, жоғары білім беру ісін қалған 3 факультет жалғастырған. Оған себеп болған, 1961 жылы 27 мамырдағы КСРО Министрлер Кеңесінің «Шетел тілін оқытуды кеңейту туралы» № 468 қаулысы мен 1961 жылы 31 қазандағы КСРО жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігінің «Республикада шетел тілін оқытуды кеңейтілген түрде жүзеге асыру туралы» № 1032 бұйрығы еді. Аталмыш құжаттарда «Шетел тілін білу халық шаруашылығының ғылым, техника, мәдениет т.б. саласында халықаралық байланысты кеңейтіп, ғылыми-техникалық жетістіктер алмасуда маңызды рөл атқарады» деп көрсетілді [11]. Осыған байланысты 1962 жылы 1 қаңтардан бастап шетел тілі факультеті «Алматы шетел тілдері педагогикалық институтына» қосылған. Кезінде факультет құрамында болған 5 кафедраның 82 оқытушысы да сонда ауыстырылды. Ендігі жерде ҚазМПИ-де тіл үйрету ісін жаңа құрылған «шетел тілі» кафедрасы жүргізе бастайды. Кафедра алғаш құрылғанда құрамында 1 ғылым кандидаты (В.М.Шварцман), 2 аға оқытушы (А.Г.Клименко, Е.И.Крамаренко) және 3 оқытушы (А.С.Попова, А.Г.Миронова, С.А.Бараева), барлығы 6 адам болған еді. Олардың арасында 2 француз, 3 ағылшын және 1 неміс тілінің маманы студенттерге дәріс жүргізді [12].

Жылдан-жылға институт кабинеттері мен зертханаларының оқу-өндірістік жағынан жабдықталуы арта түсті. Бұл кезде институт жұмысында металл, шыны және ағаш өңдеу шеберханалары, агробиостанция іске қосылып, жылу техникасы, техникалық механика, электрорадио және кинотехника, ядролық физика, ауылшаруашылық механизациясы және авто-трактор ісін жүргізу зертханалары жұмыс істеген. Сонымен қатар КОКП тарихы, педагогика, қазақ және орыс тілі, әдебиет, сызу, эстетика, ботаника, физикалық география, зоология пәндері бойынша арнайы оқыту кабинеттері жабдықталды. Алайда, студенттер саны өсіп, оқу құрал-жабдықтары артса да институт оқу ғимаратының жағдайы сын көтермейтін дәрежеде болатын. Бұл кезде институтта Совет – 28 және Комсомол – 31 көшесіндегі 2 шағын оқу ғимараты, 1 агробиостанция, 5 жатақхана болған еді. Сабақтар екі кезең бойынша жүргізіліп, студенттердің 50 %-ы ғана жатақханамен қамтамасыз етілді. Ал, профессор-оқытушыларды тұрғын үймен қамту мәселесін мүлдем айтпаса да болар еді. Ендігі жерде институттың материалдық-техникалық базасын шұғыл түрде жетілдіру қажеттілігі туындады.

1961/1962 оқу жылы институттың «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және Республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заң аясында жұмыс жүргізгеніне үшінші жыл болып саналмақ. Бұл кезде жаңа оқу жоспарларына сәйкес институттың барлық факультеттерінде кең профильді мамандықтар бойынша даярланған мамандардың үшінші легі түлеп ұшты. Заңда көзделген міндеттер бойынша жалпыға бірдей міндетті сегіз және он бір жылдық білімге көшудің даярлық жұмыстарын толық аяқтау 1963 жылға белгіленген болатын. Демек, осы оқу

жылында барлық факультеттер жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкестендірілген оқыту жүйесіне толықтай көшті деуге негіз бар. Жоғарыда айтып өткендей, заңда қарастырылған негізгі міндет – оқытуды өндіріспен байланыстыру мәселесі. Осыған орай институтта өндірістік және педагогикалық практикаға баса назар аударылып, өндіріспен және мектептермен байланыс жаңаша бағытта жүргізілді. Мәселен, оқытудан қол үзбей жүргізілген педагогикалық практиканың бірінші жылында 2-3 курс студенттері қатыстырылған. Педпрактиканы өткізу кезінде барлық факультеттер үнемі педагогика кафедрасымен байланыста болды. Осы арада айта кету керек, педпрактика барысында 4 курс студенттеріне институттан тәжірибелі әдіскер-оқытушылар жетекшілік етсе, 5 курс студенттері тікелей мектептің пән мұғалімдері мен сынып жетекшілерінің қарамағында болған. Әсіресе, бітіруші курс студенттерінің практиканы жетік меңгерулеріне баса назар аударылып, өзіндік жұмыстарына талап күшейтілді. Педагогикалық практиканы жоғары деңгейде өткізу үшін, алдыңғы қатарлы мектептерді таңдау мәселесін институт басшылығы ойдағыдай шеше білді. Мәселен, институт ректоры М.Ғабдуллин студенттердің педагогикалық практикаларын сапалы өткізу мақсатында мектеп директорларымен өзара келісім-шартқа отырған. Нәтижесінде, институттан барған әрбір студентті мектептегі пән мұғалімдері жіті қадағалап, практиканы барынша жетік меңгерулерін ұйымдастырады. Ал, мектеп ұжымына институт қорынан еңбекақы тағайындалып, ректордың Құрмет Грамотасы тапсырылды. Мұны сол кездегі институт бұйрықтарынан анық байқауымызға болады [13]. Мектептер мен институт арасындағы байланыс қарқынды түрде жүргізіліп, факультет студенттерінің педагогикалық практиканы Қазақстанның өзге де аймақтары мен Алматы қаласының көптеген мектептерінде өткізуге барынша мән берілді. Педагогикалық практиканы өткізуге ерекше атсалысқан Алматы қаласы мектептерінен басқа институт түлегі, Социалистік Еңбек Ері Құдыс Әбсеметов басқарған Жамбыл ауданы Қарғалы орта мектебі, Үңгіртас мектеп-интернаты, Панфилов ауданы С.М.Киров атындағы орта мектеп, Іле ауданындағы № 3, Қаскелең ауданындағы № 68 және Талғар қаласы мен Гвардия ауданы Шанханай ауылындағы орта мектептерді жатқызамыз. Бұл кезде студенттердің мектепте жұмыс істеуге қызығушылықтары ерекше артқандығын айтып өткеніміз жөн. Мәселен, тарих-филология факультетінен педагогикалық практикаға жетекшілік еткен оқытушылардың есептерінде студенттердің мектепте атқарған іс-тәжірибелері барысындағы асқан жауапкершілікті және мектептің оқу-тәрбие жұмысына белсене қатысқандығын бәрі бір ауыздан атап өтеді.

Физика-математика факультеті студенттерінің өндірістік практикасын өткізуде Балқаш металлургия комбинаты, Боралдай қант зауыты, Жамбыл суперфосфат зауыты, Шымкент қорғасын зауыты, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Пржевальск цемент зауыты, Ақтөбе химия комбинаты тәрізді өнеркәсіптердің көрсеткен қызметі ерекше. Жаратылыстану-география факультетінің студенттері ауылшаруашылық өндіріс негіздері бойынша практиканы колхоздар мен совхоздарда, сонымен қатар институт агробиостанциясында өткізді. Ал, физикалық география пәнінен студенттер арнайы белгіленген бағыттар бойынша тұрақты түрде КСРО географиялық аймақтарына саяхатқа шығып отырған.

1962/1963 оқу жылы институт тарихындағы 35-ші оқу жылы болып саналмақ. Осы 35 жылдың ішінде институт республикадағы ірі педагогикалық жоғары оқу орны ретінде қалыптасты. 1963 жылы 17 қаңтарда Қазақ КСР жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің № 42 бұйрығы бойынша Абай атындағы ҚазМПИ ректоры болып экономика ғылымдарының докторы, профессор Серғали Толыбеков институт тарихында үшінші рет тағайындалды [14]. Бұл уақытта Абай атындағы ҚазМПИ педагогикалық мамандар даярлайтын жоғары оқу орны ғана емес, ірі ғылыми-зерттеу орталығына айналды. Институтта осы кезде ғылым салаларының өзекті мәселелеріне қатысты іргелі зерттеулер жүргізіліп, әр жылда профессор-оқытушылар құрамының арасында ғылыми конференциялар өткізілді.

1963 жылы 9 мамырда КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі «Жоғары және арнаулы орта білім беруді одан әрі дамыту, мамандар даярлау мен пайдалануды жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдады. Қаулыда мамандарды даярлау мен пайдалануды одан әрі жақсартудың жолдары белгіленіп, өнеркәсіптің, ағарту мен мәдениеттің түрлі салаларында жұмыс істеуге қабілетті суретшілерді даярлау мақсаты көзделді [15]. Осының негізінде 1963 жылы физика-математика факультетінің ішінен «Элементарлық математика және сызу» кафедрасы, «сызу және бейнелеу» мамандығы ашылды. Бұл мамандық негізінен декоративтік-тұрмыстық, монументтік-декоративтік өнер суретшілері мен көркем-өнеркәсіпті конструкциялау жөніндегі мамандар даярлауды жүргізді.

1962/1963 оқу жылында институттағы тағы бір өзгеріс, оқыту үрдісінде азаматтық қорғаныс және медициналық дайындық курсының енгізілуі болатын. Яғни, 1962 жылы 31 шілдеде Қазақ КСР

жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігінің № 285 бұйрығы негізінде қабылданған «Жоғары оқу орны студенттеріне азаматтық қорғаныс және мейірбике даярлау курсы оқыту туралы» нұсқау жарық көрді. Нұсқауда «Халық шаруашылығының қай саласында болмасын әрбір жоғары білімді маман алғашқы әскери даярлық пен медициналық көмек көрсетуді білуге тиіс» деп атап көрсетілген. Сол себепті әрбір факультетте азаматтық қорғаныс және медициналық дайындық курсының жаңа бағдарламасы енгізілді. Институт Ғылыми Кеңесінің шешімі бойынша медициналық дайындық сабақтарын оқыту мерзімі тарих-филология және физика-математика факультетінде 3 жыл (1, 2, 3 курста), жаратылыстану-география факультетінде 2 жыл (3, 4 курста) болып белгіленіп, анатомия және адам физиологиясы пәндерімен ұштастыра жүргізілді. Кейіннен 1963/1964 оқу жылында осы курстың негізінде «Азаматтық қорғаныс» кафедрасы ашылып, құрамында кафедра меңгерушісінен (В.А.Лазарев) басқа, 3 аға оқытушы (Р.А.Гуревич, А.А.Шароватов, М.Г.Великанова) студенттерге даярлық курстарын жүргізді [16].

1963 жылы «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және Республикада халыққа білім беру жүйесін одан әрі дамыту туралы» заңға байланысты елімізде жалпыға бірдей міндетті сегіз және он бір жылдық білімге көшу аяқталған болатын. Ағарту саласындағы мұндай өзгерістер институт алдына алдағы жылдарда да мектептерге жоғары кәсіби деңгейдегі ғылыми-педагогикалық мамандарды көптеп даярлау жолындағы маңызды міндеттерді қойды. Жыл сайын осы оқу орнынан білім нәрімен сусындауға құмартқан студенттердің саны арта түспесе кеміген жоқ.

1. *Жаңа заң – жоғары мектептің бағдарламасы. // Жоғары мектеп хабаршысы .- 1959.- № 1.- 15 б.*
2. *Қазақ КСР тарихы. 5 том.. - Алматы, 1984. - 341 б.*
3. *ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты) 1142 қор, 1 тізбе, 391 іс, 4 б.*
4. *Сонда, 346 іс, 2, 26-27 бб.*
5. *Сонда, 364 іс, 216 б.*
6. *Сонда, 346 іс, 8 б.*
7. *Сонда, 364 іс, 91-94 бб.*
8. *Сонда, 346 іс, 208 б.*
9. *Сонда, 389 іс, 183 б.*
10. *Сонда, 390 іс, 376 б.*
11. *Сонда, 391 іс, 9-10 бб.*
12. *Сонда, 391 іс, 127 б.*
13. *Сонда, 390 іс, 334-337 бб.*
14. *Абай атындағы ҚазҰПУ мұрағаты. С.Е.Толыбековтың жеке ісі. 1 л О/К тізбе, 2640 іс, 108 б.*
15. *КОКП съездері мен конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері, 8 том, 1963 ж, 455-456 бб.*
16. *ҚР ОММ 1142 қор, 1 тізбе, 404 іс, 186 б.*

#### Резюме

В данной статье рассматриваются основные задачи КазГПИ имени Абая в сфере подготовки высококвалифицированных педагогических специалистов в 1959-1963 –е годы.

#### Summary

In this article development the main problems of KazMPI by named Abay in divined pedagogical specialists in 1959-1963.

## ЭТНОЛОГИЯ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭТНОЛОГИИ

---

---

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ӨЛГЕН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУ  
ЖӘНЕ АРТЫН КҮТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖАСАЛЫНАТЫН  
ӘДЕТ ҒҰРЫПТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Б.К.Қалшабаева –**

*т.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті*

Адамның мәңгілікке көз жұмуы, оны әрулеу сол рудың не елдің елдігін көрсететін сын болып табылады. Әрине өлікті жөнелту оның елдегі, қоғам арасындағы алатын орнына, жеке басының беделіне, дәулетіне байланысты. Осыған байланысты марқұмды әрулеу және оның артын күту, әдет-ғұрып салт-дәстүрлерін қай халық болмасын мүмкіндігінше орындауға тырысады. Өлікті кейде қазақтар «мәйіт» деп те атайды.

Ертеден науқастың соңғы мезгіліндегі арыз-тілегін, арман өсиетін араздасу десе, Түркіменстандағы қазақтарда «ант мезгілі» деп те атайды. Қай жерде болмасын ауру нашарлап жатқанда міндетті түрде молда шақырып, иман үйіріп, дем салып, иман су ұрттатады. Дұға оқып, тілін кәлимаға келтіреді. Қазақтың арам өліп қалмайын дегені осындай дұға жасалмай қалмасын дегені. Көз жұмған кісіні оң жаққа салады. Оң жақта жатқанда да тоңғанымдай не оң жақтағыдай жалғызсырағанымдай деп айтпасын деп, қыс кезінде қайтыс болса, мәйіттің үстін жауып қояды. Ал, Түркменстандағы қазақтар арасынан жиналған кейбір мәліметтерге қарағанда мәйіттің жүрек тұсына жерленгенше ақ шүберекке түйілген азғана топырақ қойылады/1/. Оның мәнісі «топырақпен біргесің» деген мағынаны білдіреді. Оң жаққа салуды Өзбекстандағы қазақтар «тәрбиелеу» деп атайды /2/. Ауқатты адамдар мәйітті жеке үйге не шымылдық ішіне салатын. Ал үйге қойылса, өліктің астына жоңышқа салады (салқын болу үшін) күн ыстықта мұз қояды. Өлген күнін «шілдехана» деп те атайды. Ертеде қаралы үйде қырық күнге дейін шырақ жағатын болған. Оның мәні жатқан жері жарық болсын. Оның тәні қырық күнге дейін бұзылмайды деген ұғым болған. Мәйітті жалғыз қалдырмай түнімен күзеткен кісілер оның бар жақсы қасиеттерін мадақтап, әзірейілдің қинауына жол бермей, ол жатқан бөлмеге жалғас үйде туған-туысқандары мен ауыл ақсақалдары кезектесіп, күтеді. Қарақалпақстандағы қазақтарда да өліктің денесі қара жерге енгенше шырақты өшірмей бір адам болса да күтіп отырады. Осылай күзету қырғыздарда да жақсы сақталған, олар да тіпті өлген кісінің басында жылап отырып 1000-2000-ға дейін 71 мың рет тәпсі тартады/3/. Өлген кісі тыныш өмірге кетті деп, оны «қайтты» «қайтыс» болды деп қана атайтын.

Орталық Азия халықтарында ертеде кісі таңертең қайтыс болса, түске дейін жерлейтін болған /4,с.125/. Бұл ғұрып өзбектерде әлі күнге дейін қатаң сақталған. Сонымен бірге жергілікті халықтармен аралас мекендеген қазақтарда оның ішінде де Ұлы жүз қазақтарында бірлі-жарым кездеседі. Көбіне қазақтарда мәйітті соңғы сапарға шығарып салу үшін алыстағы туған-туысқандар, ет жақыны келгенше, 1-2 күнге дейін қаратылады. Дегенмен де жас өліктің үйінен қан шығармау ғұрпы әлі күнге дейін жалғасуда. Қарақалпақстанның Ходжелі, Бериуни аудандарында, Өзбекстанның Ташкент облысындағы қазақтарда жергілікті халықтардың мәдениеті ықпалымен адам өлген күні мал союға, тағам дайындауға тиым салынған. Бірақ бұл барлық аудандарға тән емес. Мысалы Түркіменстан, Қарақалпақстанның солтүстік аудандарында әлі күнге дейін мал сойып күту кездесуде/5,с.22/. Негізінен мәйіт шыққан үйде ас пісірмеудің себебі, өліктің жанын алған әзірейіл үйді қанға былғап, «мәкрук» қылады. Сондықтан ол үйде ас ішуге болмайды деген ұғым қалыптасқан /6,с.257/. Қара тұтқан үйге көбіне туысқандары, көршілері тамақ пісіріп әкеп азықтандырады. Бұл дәстүр Өзбекстандағы қазақтарда әлі күнге дейін жақсы сақталған. Егер жасы үлкен кісі болса, өлікті сол үйде-ақ күте беретін болған, «күзету», «ас бермеу», сияқты ғұрыптар Хорезм өзбектерінде де, Ташкент облысының жергілікті халықтарында да жақсы сақталғандығын Г.П. Снесарев өз еңбегінде атай отырып, бұл әдетті заростризммен байланыстырады/7,с.138/. Сонымен марқұмды әрулеуге жиналған қонақтарға мал сойылып қонақ асы берілу Өзбекстанда көбіне көршінің үйінде болса, Қырғызстандағы қазақтарда тіпті қонақ асының өзіне екі жылқы сойылғандығы жөнінде Әбдібаев Кәсен ақсақал әңгімелейді/8/. Жалпы қазақ пен қырғыздардың әдет ғұрып салт дәстүрлері ұқсас дегенімізбен де бақи болған кісіні жөнелтуде қазақ пен қырғыз арасында біршама айырмашылықтар бар. Кеңес дәуірі кезінен қалыптасқан қырғыз арасындағы марқұм болған үйде қайғыны жеңілдету мақсатында жылап отырғандарға ащы су беру (қайғыны ащы не у-ды у қайтарады деген ұғым) бертінге дейін сақталса,

бүгінде бұл әдет халық өмірінен қала бастаған/9/. Мұндай келеңсіз әдеттер Кеңес кезеңінде қырғыздармен аралас отырған қазақ арасында да болғандығын халық жасырмайды, дегенмен де бүгінде діннің халық арасында қайта жандануына байланысты қатаң тиым салынған. Сондай ақ қазіргі кезеңде үйдің ішіндегі айна, терезе, теледидарды қара матамен жауып қою ғұрыптары да бар.

Ә. Диваев қазақтағы қаралы болу белгісінің үш түрін көрсетеді: 1) Егер 60 жасқа толған қарт кісі қайтыс болса, жасы келген деп, оның әйеліне қаралы киім кигізбейді және мұнда ата-атаға шапан, орта жастағыларға орамал таратылады. Әйел қайтыс болса, жыртыс жыртылады. 2) 30-40 жас шамасындағы кісі қайтыс болса, оның әйеліне қара киіндіріп, шашын жайдырады. Қаралы үйдің белгісін көрсететін найзаның ұшына қара жалау іледі. 3) Егер 20-25 жас шамасында болса, оның жесіріне қызыл орамал тартқызып, найза басына қызыл жалау байланады. Өлген кісінің мінген атына да қара жамылдырып, ер тоқымдарының үстіне өлген кісінің киімдерін жайып қояды. Бір жыл өткен соң бұларды өртеп, жылын беретін болған /8,с.2/. Сондай ақ Ташкент уезі қазақтарында да дәстүр бойынша күйеуі өлген қаралы әйел көк көйлек киінетін де, баласын жоқтаған ана басына ақ орамал салатын /10,с.125/. Құрамаларда «қаралы көйлек» жасыл болып келеді. Егер матасы жібек болса, ол қаралы саналмайды. Өзбекстандағы қазақтардың осы түсті қаралы киім кию дәстүрі ХХ ғ. 50-60 жылдарынан бастап жергілікті халықтардан сіңе бастаған. Ал, Қарақалпақстанда адам өлген күннен бастап қаралы киім киінеді. Оны көбіне әйелдер жағы ұстанады. Жасы келген мен орта жастағы әйелдің басынан ақ орамалын алып, көк (не қара) орамал және сол түстегі көйлек кигізеді. Бауыры қайтыс болған әйел көк көйлек, ақ орамал тартады. Егер көйлек жыртылып жатса да оны тігуге болмайды. Түркіменстандағы қазақтар арасынан жинаған материалдарда да күйеуі өлген әйел басына көк орамал, қыздары қызыл орамал тартып отырады делінеді /4,с.23/.

Орталық Азиядағы қазақтардың басым бөлігінде ертеректе жас өлікке сол үйдің туған-туыстары қызыл белбеу тағынып, таяқ ұстап жылайды. Бұл ғұрып Ұлы жүз және Оңтүстік Қазақстан және Жызақ облысы қазақтарында әлі күнге дейін сақталған. Бірақ бертінде келген Өзбекстандағы наймандар мен Бұхара, Науай облыстары, Қарақалпақстандағы Кіші жүз қазақтары ер кісілердің айқайлап жылауын жат санайды. Оларда көбіне тек әйелдер ғана дауыс шығарады. Зерттеліп отырған аймақтағы қазақтарда өлең сөздермен жоқтау әлі күнге дейін сақталған. Оны өліктің жетісіне дейін күнде айтып, жылында тек келген адамдармен көріскенде ғана орындалатын. Ал, Қарақалпақстанның Тахтакөпір ауданындағы қазақтар өлікті тек үйден шығарып алып кеткен соң ғана айтатын болған. Жалпы қазақтарда жоқтауды жақын туған-туысқандарының қыздары мен әйелдері орындайды. Жоқтауды айта алмайтындарға халық күледі не оның жоқтаушысы жоқ демесін деп, жақындарына үйретіп жаттатады тіпті Кегелі ауданында оны айту үшін арнайы адамдар дайындайтын болған. Сондай ақ Н. Катанов еңбегінде: «...ауыл әйелдері марқұмның жас қалған жесірлерінің, қыздарының шаштарын тарқатып жайып, жетісі өткен соң қайтадан өріп беретін болған», - деп көрсетеді /12,с.23/. Бұл ғұрып Өзбекстанның Бұхара, Науай аймақтарындағы Кіші жүздің Әлім руларында әлі күнге дейін сақталған. Жалпы, қазақ ғұрпы бойынша міндетті түрде дауыс шығарып, қыркына дейін таңертеңгілік, түсте, кешке жоқтау айтатын болған. Оның мазмұны төмендегідей болып келеді :

Таңертең айтатыны:

Сарғайып атқан таң ба екен,  
Сары аяқ толған бал ма екен,  
Балыңнан берші татайын.  
Қолыңнан берші тартайын.  
Түсте айтылатыны:  
Талма бір талма, талма түс,  
Талықсып ұшар бала құс.  
Талма бір түстің шағында  
Аяулым деген қиын іс.

Кешкілік жоқтау:

Ертеңгі күндер кеш болды-ау,  
Келместей саған не іс болды ау.  
Қаршығам түсті ау қалыңға,  
Ішім толды ау жалынға.  
Жалыным менің сөнер ме.

Жайсаңым қайтып келер ме, - деп адам келсін, келмесін үш мезгіл айтып отырады /13/.

Жаназға шығарардағы мәйітті жуу өліктің күнәсінен арылту деп түсінеді. Қазақтарда бұрындары әр атадан бір-бір адам кіретін болса, бүгінде, көбіне жақын адамдары, бірақ нағашы жұртпен, құдалар жағынан біреу міндетті түрде кіретін болған. Оны «сүйекке түсу» дейді. Сүйекке түсу Орта жүзде ата жолымен, Ұлы жүздерде жасына және сол үйге туыстық қатынасына қарай кіреді. Қай қазақта болмасын сүйекке тақ сан адам кіреді. Орталық Азия қазақтарында кейде сүйекшілердің саны 5,7,9 тақ болып, оған ауылдың молдасы, туысқаны, құда, көршілерінен бір адам кіруі де мүмкін. Жууға молда не қожа басшылық жасайды. Ең бірінші мәйітті дәреттендіреді. Ол үшін өлген адамның қолын білезікке дейін төмен қарай (дәрет алғанда жоғары) жуады. Аузына мақтамен су алдырып, бетін жуады, сүйекшінің бірі өліктің ішін басады. Егер ішінен жел не нажас (үлкен дәрет) шыкса, қайтадан дәрет алдырады. Дәреттендіріп болғаннан соң оң жағынан 3 рет, сол жағынан 3, төбесінен 3, сонда барлығы 9 рет жуады. Денесін жуып құрғатқаннан кейін кебінен кигізеді /14/. Оның кебініне ер кісілер үшін 15-20 м, әйелдер үшін 20-25 м. ақ мата керек. Себебі, ер кісілерге 3 қабат, бірінші қабаты -іш киім, ол ұзына бойымен пішіліп, алдынан ойық және екі иығы қиық болады, екінші кіндіктен төмен қарай, үшінші басынан аяғына дейін ұзыннан ұзын, екі көзді біріктіріп тігіп, бас аяғын екі жерден буады. Мәйітті жуушыларға арнайы қолғап тігіледі. Қолғаппен жуу себебі жоғарыда айтқандай мүрденің таза еместігі (күнәсі) сүйек жуушыларға жұғады деген сенім/7/. Өлікті аяқ жағымен шығарады. Ал, өзбектер мен құрамаларда көбіне сүйекті арнайы адамдар жуады.

Қырғызстандағы қазақтар мүрдені жуғандарға үлестірілетін киімді «мүше» деп атайды. Жасы келіп көз жұмған кісіге көп киім ілініп, олардың барлығы да келген кісілерге таратылатындығын Қырғызстандағы ел арасынан жиналған деректерден байқадық. Ал, бүгінде олар тек ет жақындарына ғана беріледі. Қарақалпақстанда да ағайындар кеңесіп, кіретін сүйекшіні алдын ала тағайындайды. Оған сол өлген кісінің руларынан ғана кіруге болады. Егер әйел өлсе, оған тек төркін жағынан қатысып, күйеу жақтан кіруге болмайды /5,с.24/. Барлық аймақтағы сияқты өлген күнгі қара асы, жетісі, қырқы, жүзі және жылы беріледі. Бейсенбі, жұма күндері иіс беріледі. Жалпы қазақтарда «жетісі», «қырқы» мен «жылын» өткізуге көбірек мән береді де, «үші», «жиырма», «елу екі күндігі» дегендер көп кездесе бермейді. Өзбекстан қазақтарында «үші» мен «жиырмасы» деген ХХ ғасырдың 70 жылдарына дейін жаппай кездесетін. Бүгінде өзбектермен аралас отырған Бөке және Пскент аудандарында болмаса қалған жерлерде көп кездесе бермейді. Осы үшінде сүйекті жуушыларға киім үлестіреді. Ертеректе қайтыс болған кісінің киілген киімдерін беретін болса, қазір жаңа киімдер ғана үлестіріледі. Сонымен қатар Қоңырат руында жасы келіп қайтқан қария аналардың киімдерін жасау жайғандай етіп жайып көрсетіп, үлестіріледі.

Өлген кісінің күнәсін басқа адамға аударудан шыққан «дәуір айналдыру» ғұрпы жалғасқан. Оны «пидия» деп те атайды. Ол Өзбекстан, Қырғызстан қазақтарында әлі күнге дейін сақталған. Пидияға қазақтар мал не ақша қойып жатса, қырғыздарда бір қап астық, ыдыс-аяқ та қойылатын болған. «Дәуір» не «пидияны» Тәжікстандағы қазақтар қатаң ұстайды және ол міндетті деп саналған. Бұл былай өтеді: өлген кісімен бірге ортаға оның дүниесінің 8/1 бөлігін салады. Ол ақшалай не дән, материал, т. б. заттар болуы мүмкін. Оның тірідегі күнәсін міндетті түрде біреу көтеріп алу керек деп есептейді. Ертеректе мен көтеремін деп, бір адам оның басына қойылған затты алатын. Соңғы кезеңдерде мұның барлығын молда көтереді /15/. «Дәуір айналдыру» ғұрпында Қарақалпақстан мен Түркіменстандағы қазақтар мәйіттің бір жағында баласы не туысқаны, екінші жағында жіп ұстап бір молда және ақша түйілген матаны екінші молда ұстап отырады. Олардың қасына куә ретінде бидай не күріштің үстіне бір табаққа күміс салынған ыдысты қоршай 5-6 адам тағы отырғызылады. Молда жиналған жұрттан әдеттегідей өлген адамның қарызы бар ма деп сұрайды. Өліктің жасына қарай сонша ақша түйілген орамалды молдаға беріп, 30 күн ұстамаған оразасын, оқымаған намазын мен алдым, сен бердің деп марқұмның жасы қаншада болса, сонша рет айтқызады. Қолына жіп ұстаған молда да қолындағы жіпті де өліктің жасына қарай сонша рет бұрап отырады. Осы сияқты Тахтакөпір ауданындағы қазақтар өлік киіз үйдің ішінде, үйдің сыртында 5-6 молда ортаға бір табақ бидай қойып, оның үстінен киім жауып (шапан) қасына мылтық қойып, жіптің бір ұшын киіз үйдің есігіне байлап, бір ұшын өліктің күнәсін алушы туысқанына байлап қояды. Табақ толы бидайдың үстіне киім жабу өзбектерде де кездеседі. Ысқатына бір мал (өгіз) байлайды. Оны ысқатын шығарған молда алады, ал түйілген ақшаны сол жердегі куә болған бес алты молдаларға үлестіріледі. Бидай мен шапанды молдаға

береді, ал мылтық үйінде қалады /9/. Мұнан кейін 15-20 адам намазға жығылып, жаназасын шығарады. Мәйітті табытқа салады. Мұндай табыт Хорезм қарақалпақтары мен қазақтарында да бір ауылға ортақ болған /7,с.509/. Қарақалпақстанның Қоңырат ауданындағы қазақтар өлінің аруағы келіп тұрады деген ұғыммен молаға марқұммен бірге таза көрпеше мен жастық та апарды /10/. Кейде көрпеше мен жастықты моласына қойып кетсе, бүгінде көбіне мешітке береді.

Қай жерде болмасын қабірдің бас жағы солтүстікке қаратылып, тереңдігі көкірекке келетіндей қазылады. Ал Беруни ауданындағы қазақтар өзбектер сияқты қабірді жерге қойып, үстін топырақпен көмеді. Барлық жерде ақша таратып, жыртыс жыртылады. Қырғызстанда 10-20 сомнан ақша таратылады. Құран оқытып тұруды –ііс беру деп атайды. Мүрдені шығарып бара жатқанда арты той болсын деген ұғыммен тиын шашады, бұл да барлық жерде кездеседі. Сондай ақ өлген кісінің жылынан кейін ас беру жиі кездеседі. Орта жүз қазақтары көбіне лақат көр, Ұлы жүз жарма қабірге жерлейді. Қабірге жатқызып, топырақ салғаннан кейін одан 40 қадам жүріп, сұрақ алғанда жеңіл болады деп, тағы да құран оқиды. Мәйітті қойып келген соң үйдегілермен қайта көріседі. Өліктің артынан Ұлы жүз қазақтары су сепсе, өзбектер тас лақтырады. Оның мағынасы арты таза болсын деген ұғымнан туындаған /2/.

Қарақалпақстандағы қазақтарда өлік шыққаннан соң үйдің сырты түгелдей сыпырылып, тазаланады. Ол енді өлік шықпасын деген тілектен туған. Ал, үйдің іші керісінше өліктің қырқы өткенше тазаланып, жуылмайды, көрпе-төсек далаға шығарылып, қағылмайды. Себебі, үйдің ішінде өлінің аруағы жүреді деген ұғым бар. Қарақалпақстан мен Түркіменстандағы қазақтарда жетісіне дейін жеті шырақ, қырқына дейін қырық шырақ жағып қою кездеседі. Мұны кейбір информаторлар аруағы үйде жүретіндіктен қараңғы болмасын десе, кейбірі ісі үзілмесін, ендігі жерде бұл үйде жарық болсын деген тілектен туған деп көрсетеді. Сол сияқты Тахтакөпір ауданындағы қазақтарда шырақты бейіт басына жағып қою да бар. Бұл ғұрып қарақалпақ халқында да бар. Ел арасынан жиналған материалдарға қарағанда ертеден қалған тұлдау ғұрпы да кездеседі. Ол үшін қаза болған адамды бейнелеп, киімдерін кигізіп, үй ішіне қуыршақ жасап, отырғызып қоятын болған. Өлікті ораған кілемді Қарақалпақстанда 3 күн, Түркіменстанда 1 күн далаға жайып қояды. Мұны жұлдыз көрді дейді, яғни тазалап, аластаудың бір түрі/1/. Өзбекстанның кейбір аймақтарындағы қазақтарда өліктің артын күтуде жасалынатын 3, 7, 20, 40, 100-і деген ғұрыптары жақсы сақталған. Халық арасында өлген адамның жаны үш күн ішінде ұшып кетеді деп, оның рухына «үшін» беру сақталған. Бұған сиыр сойылып, барлық тума-туыс, ауыл-аймақ шақырылып үлкен етіп жасайды. Өлген адамның жаны өз үйіне алғаш рет оралады деп жетісін беріп, жеті зат алып өтеді, оған да кісі шақырылып бір қой сойылады. Қыркын да аса үлкен етпей жетісі сияқты өткізеді. Қарақалпақстандағы қазақтарда қыркы ерекше аталып, оған жылқы сойылып оның басы зираттың ішіне қойылады. Осы күні марқұмның жылына сойылатын аты тұлданады. Бұған көбіне марқұмның мінген аты белгіленеді. Тұлданатын аттың қара терін шығарып, суытып, жал құйрығын күзейді, сонан соң жүген құйрықтан азат етіп қоя береді. Сонымен қатар марқұмның үйіндегі жиналған жүкті бір ақсақал жығады. Оның мәнісі - «Бұл шаңырақ бір жылға дейін азалы, беті жаралы, баласы қаралы әйелі жүк жиып несіне сәнденеді» дегені /3/. Адамның рухы 99 күн өткен соң үйіне екінші рет оралады деп, жүздігі аталып өтеді. Бұған көпшілік шақырылып, үлкен етіліп аталады. Бірақ 3, 20, 100 барлығында бірдей кездеспейді. Ә.Т.Төлеубаев өз еңбегінде өлікті еске түсіруге байланысты өткізілетін ғұрыптардың барлығы ертеден келе жатқан архайкалық наным сенімдердің негізінде жатыр деп көрсетеді/16/. Жылы берілетін күні түнде жесірдің азалы кезі аяқталады деп, әлгі жүкті жыққан адамнан қайта жиоға рұқсат алады. Әлгі адам жүкті қайта бір жыққан соң оны әйелдер жинайды. Киелі делінетін кісі жыққанда да жиғанда да ырым алады. Жылынан кейін бірнеше жылдардан соң «ас беру» бүгінде артта қалған ауқатты мұрагерлердің өз атын шығаруынан туса керек.

Марқұмның үйі күмбезді, төртқұлақты, ат бейіт болып келеді. Қарақалпақстан мен Түркіменстандағы қазақтардың өздерінің орналасу қоныстарына қарай әр рудың бейігі, ата бейігі бар. Бұл жерде бейітті көбіне темірден төрт құлақты, етіп жасайды, кейде балшықтан, не тастан шошақ бейіт жасалынады. Дәулетті адамдар күйдірілген кірпіштен төрт құлақ етіп салады. Қазіргі кезеңде де марқұмның басына қойылған ескерткішке өлген адамның кәсібі не өнерін білдіретін белгілер де салады. Мәселен, жас келіншектің құлпытасына сәукеленің бейнесін ойып салса, шебер әйелдің



Бәсекеге қабілеттіліктің әлемдік стандартқа сай кәсіби білімділікке қол жеткізгенде ғана бой көрсетіп, сомдалатыны белгілі. Халықаралық деңгейдегі жаңа университеттер үшін ең жақсы шетелдік оқытушыларды тарту көзделіп отыр. Білім және ғылым министрі Ж.Түймебаевтың мәліметіне қарағанда, соңғы он жылда республикада 652 мектеп салынды. Республикада 3385 мектеп интерактивті тақтамен жабдықталған. Мектеп оқулықтарының мазмұнының 85 пайызы сандық форматқа көшірілген. Астана, Семей және Көкшетау қалаларында физика-математикалық бағыттағы интеллектуалдық үш мектеп жұмыс істейді. Онда 1854 оқушы білім алады. Астанада 2010 жылы ТМД елдерінің ішінде тұңғыш халықаралық математикалық олимпиада өткізілмек(4/. 2009 жылы 11 сынып оқушылары арасында Президенттік олимпиада математика, физика, химия, биология пәндерінен өтті. Дарынды балалардан халықаралық олимпиада қатысушы 436 оқушының 100-і алтын, 155-і күміс және 161-і қола медаль игерлері. Республикадағы 5 ұлттық университет халықаралық жүйеге кіру үшін 10 деңгей бойынша жұмыс жасайды.1997 жылы 272 мың абитуриент студент аталса, 2006 жылы студенттер саны 768 мыңға жетті. Алғашында гранттық жүйемен 9178 студент оқуға түссе, 2007 жылы олардың саны 33190-ға жетті. «Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс»/5/. Астана қаласында әлемдік деңгейде Халықаралық университет жобасы іске асырыла бастады. Жаңаша құрылған университет құрылымы, ұйымдастыру принциптері, оқыту әдістемесі жетекші шетел университеттері үлгісіне мейлінше жақындату көзделген. Бүгінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша 3мың студент әлемнің 25 мемлекетінде білім алуда. 20-мыңнан асатын қазақстандықтар шетелдерде білім алады. Осы соңғы жылы жоғары оқу орнының 200 үздік оқытушысына 15 мың доллардан грант бөлінді. Таяуда 100 үздік мұғалімге 10 мың доллардан бөлу көзделіп отыр. Сонымен қатар 2009 жылға қарай 240 жаңа мектеп пен 50 кісіби-техникалық оқу орындары салу қарастырылған. Қай жерде болмасын біздің мамандарымыз үлкен сұранысқа ие болуы тиіс.

60 миллион халық тұратын Ұлыбритания мемлекетінде 76 университет болса, 59 миллион халқы бар Францияда 87 университет, ал 160 миллион тұрғыны бар Тайландта 194 университет жастарға білім береді. Біздің елімізде 176 жоғары оқу орнының 104-і жеке білім беретін ордалар болып табылады. 2008-2010 жылдары еліміздің жұмыс күшіне 274 мың адам қажет болса, техникалық ғылымдар мен технологиялар саласына 22 мың, білім беру мен денсаулық саласына 12 мың, әлеуметтік салаға 7 мың маман қажет екен.

Осы заманғы сапалы білім-әлемдік өркениетке жеткізетін сара жол. Бәсекеге қабілетті өнім шығаруға, рыноктың басқа салаларында дер кезінде бетбұрыс жасауға мүмкіншілігі бар білікті менеджерлер, инженерлер, технологтар мен маркетингтарға сұраныс жоғары. Сондықтан бүгінгі таңда тозығы жеткен жабдықтар мен технологиялардың орнына жаңа технологияларға негізделген тауарлар шығаруды ұлғайту үшін өндірістерді қайта жаңартып, басқаруды заман талабына сай құру қажеттілігі туындайды. Өндіріс неғұрлым серпінді, әрі әртүрлі болған сайын мамандықтар көбейе түседі. АҚШ-та мамандықтар саны 22 мыңнан астам/6/. Бейіндер (профильдер) мен олардың құрылымдық элементтерінің саны үнемі өзгерісте, біреуі жаңадан пайда болса, екіншісі қажетсіз болып отыр.

Дамыған елдерде өндіріс пен бейіндік оқу арасында тығыз өзара қатынаста үйлесімділік бар. Оқу орындары инновациялық технологияның қазіргі дамуына сай кадрларды кең ауқымды бейіндік даярлауға бағытталған.

Студенттер өзінің келешектегі мамандығын модельдеуге қатысумен қатар кредиттік технология арқылы өздерінің оқу бағдарламасын әзірлеу мен іске асыруға араласуға мүмкіндігі бар. ЖОО мен колледждер жүздеген кәсіпорындармен тығыз байланыста жаңа оқу бағдарламаларын

әзірлеу мен даярлауға тікелей қатысады. Осындай оқу орнымен кәсіпорынның арасындағы тығыз ынтымақтастықтың нәтижесінде білікті мамандар даярлауға, оқу мен болашақ жұмыстың байланысын қамтамасыз етуге, дипломдық жобалар мен ғылыми еңбектер өндірістің проблемаларын шешуге мақсатталуына септігін тигізеді.

Бүгінде Батыс елдерінде белсенді халықтың 15 пайызына ғана өндіріс процесінде тауарға қол тигізсе, қалған 85 пайызы шығармашылық, менеджмент және ақпарат беру процесінде құн қосады. Жыл сайын адам білімінің құны артып, талап етілетін ресурсқа айналады.

Қазір Ресейде бір мың жұмыс істеушіге 7,5 ғалымнан келсе, ЕО-да 5,8-ге, АҚШ-та-9,3ке, ал Қазақстанда 3-ке тең. Міне, біздің еліміздегі деңгейді орташа еуропалық деңгейге жеткізу үшін 2012 жылы ғылымды қаржыландыруды 3 есеге ұлғайтып, оны жылына 350 миллиард теңгеге дейін жеткізу көзделген.

Қазақстанда орта білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі-2020 жылға қарай жалпы білім беретін мектептерде 12 жылдық оқыту моделінің табысты жүзеге асырылуы.

Республиканың жүзден аса мектебінде эксперимент ретінде іске асырылып жатқан бұл жүйе бойынша *оқушының тек білім, білік және дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау, ұтымды қолдану, тез өзгеріп отырған дүниеге лайықты өмір сүру және жұмыс істеу талап етіледі.*

Мұндағы басты міндеттердің бірі-12 жылдық оқыту моделіне көшу барысында жоғары сыныптарды оқытудың несиелік (кредиттік) жүйесіне бейімдеу. Бұл әлемдік тәжірибеде бар, оңды үрдіс. Мектеп оқушысы несиелік жүйенің элементтерін мектепте жүріп игеріп келеді, сөйтіп ЖОО-нда сапалы білім алуға, өзіндік жұмысты орындауға мүмкіншілік жасалады. Басты мәселе, мектептегі білім сапасының артатындығы мен оқушының дербес өздігінше жұмыс істеуге дағдылануы, оны өз өмір тәжірибесінде пайдалана алуы болып табылады.

Республикада Интернет желісін пайдаланушылар 2010 жылы 3,5 миллионға дейін арттыру күтілуде. Қазірдің өзінде еліміздің мектептерінің 98 % -ы интернет қызметіне қол жеткізді.Әрбір 18 оқушыға бір компьютер келеді. Бұның өзі оқытудың интерактивті әдістерін кеңінен қолдануға жағдай жасайды.

ҚР ның білім және ғылым министрі Ж.Түймебаевтың мәліметінде, 2009 жылдың ішінде жоспарланған 86 мың адамның орнына 100 мыңға тарта адам оқу мен қайта оқу, жаңа кәсіптік мамандық алуға тартылған. Бұл шараға 529 оқу орны жұмылдырылып, оның 22- сін жоғары оқу орындары, 320-сын кәсіптік мектептер мен колледждер құрады. Осы жұмысқа 9 млрд. 470 млн. теңге бөлінген.

2009-2010 оқу жылында белгіленген мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемі 34840 грантты құрады. 2009 жылдан бастап 19 мың студент ақылы негізден грантқа ауыстырылды. Қосымша және бос білім гранттарына ақылы негізде оқитын студенттер ауыстырылды. Әкімдер, әлеуметтік серіктестер, жоғары оқу орындарының ректорлары да қолдау көрсетіп отыр.

Әкімдер тарапынан халықтың әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан үздік 2936 студентке грант тағайындалды. Әлеуметтік серіктестер 1181 студентке, ал жоғары оқу орындарының ректорлары 84 студентке гранттар тағайындады/7/. Бұл тәжірибе келесі жылдары жалғасын таппақ.

Ендігі мақсат-алған міндеттерді, басым бағыттарды, тапсырмаларды аса жауапкершілікпен қарап жүзеге асыру болып табылады.

*1. Насырова М.Р., Тоқсанбай С.Р., Кулпыбаев С.К., Гуляева С.П. Современный экономический русско-казахский толковый словарь-справочник. – Алматы, 2003, – С.880.*

*2. Назарбаев Н.Ә. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан «Қазақстан-2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007 жылы 28 ақпан. – Алматы, 2007, -72 б.*

*3. Мәмет С. Жоғары білім көрсеткіші. Оны санмен емес, сапамен өлшейтін кез келді //Егемен Қазақстан. – 2007. -10 маусым.*

*4. Түймебаев Ж. Жолдауға жедел үн қосу// Егемен Қазақстан. – 2010. - 30 қараша.*

*5. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу- Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2010 жыл 30 қаңтар // Егемен Қазақстан. – 2010. -30 қаңтар.*

*6. Алишанов Р. Жаңа экономика, инновация және бәсекеге қабілеттілік // Егемен Қазақстан.- 2006.- 16 қыркүйек.*

#### Резюме

В статье рассматривается вопрос о качественном и конкурентоспособном образовании в новых экономических и социокультурных условиях.

#### Summary

Question is considered In article about qualitative and able to meet competition formation, in new economic and socioculture condition.

## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ МАТЕРИАЛДАРЫН ОҚИТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Ж.Нұрманбетқызы –**

*т.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ*

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын-мұғалімдердікі» - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, бүгінгі жаһандану заманында бұл киелі де, қасиетті мамандықтың алар орны биік. Олай дейтін себебіміз, әлеуметтік – экономикалық өзгерістер адам санасындағы күрделі жаңғыру үрдісімен астаса жүріп жатыр, оның өрісін едәуір кеңейте түсуді, бұл істі білім беру жүйесі арқылы жүзеге асатыны түсінікті. Соның ішінде педагог мамандардың мәртебесінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жайлы Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңының жетінші тарауында арнайы жан-жақты қарастырылған. Ал, педагог қызметкердің міндеттері туралы 51-баптың 3-бөлімінде: «Өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге; білім алушылардың жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге, олардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуін шығармашылық қабілеттерін дамытуға...» тағы сол сияқты міндеттер жүктелген /1/.

Соған орай, қазіргі заман педагог қызметіндегі басты ерекшеліктердің бірі – болашақ ұрпақтарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды нығайту, сол арқылы қоғамның лайықты азаматтарын, Отан қорғаушыларын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін айнала қоршаған дүниеге ғылыми көзқараспен қарап, өз ісіне сергектік пен шыдамдылықты қару етіп алу қажет.

Соның ішінде тарих мамандарын дайындаудағы жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі – тарихи ілім-білімнің біржақтылығынан арыла отырып, өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау. Тарих ғылымы нақты тарихи жағдайды саралау әдісін қолдана отырып, тарихи фактілерді зерттеліп отырған уақыттың көзі мен талдап бағалауға ұмтылуы керек.

Өйткені, бәрімізге белгілі КСРО құрамында болған Қазақ елінің тарихи шектен тыс идеологиялық тәуелділікте болғандығы, көптеген ұрпақтарымыздың Отан тарихының құндылықтарын игере алмай қалғандығы өкінішті.

Отандық тарих ғылымы саласындағы терең зерттеулердің негізінде тұрған Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және Этнология институтын ұзақ жылдар басқарып, дәмі-тұзы таусылғанша барлық күш-қуатын тарих ғылымына арнаған, академик М.Қ.Қозыбаевтың есімін ерекше атауға тұрарлық. Болашақ тарихшы мамандарды даярлау барысында алдыменен тарихты меңгерудегі дәлелдер мен дәйектерге мән беретініміз рас. Әсіресе, кешегі Ұлы Отан соғыс кезеңіндегі оқиғаларға жан-жақты ғылыми талдаулар жасап, жаңаша көзқараспен қарау керектігіне міндеттер жүктейді. Себебі, тарих – ойға бағындырылған, қателеспеу қажет. Отандық тарихымыздың бұрмалануы, орталықтың ұлтқа деген нигилистік көзқараста болуы кеңестік жүйеде де қайталанды. «XX ғасыр - қасірет кезеңі» - деп аталуы бекер емес. Қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар еткен оқиғалардың бірі – Ұлы Отан соғысы. Өлі де Ұлы Отан соғысының жеңісін жоққа шығарғысы келетін қоғамда әр түрлі жаңсақ пікірлердің кездесіп қалатындығы байқалады. Қарапайым халық үшін Кеңестер Одағы көп ұлтты мемлекетте өмір сүргендігін ұмытуға болмайды. Өзінің әлеуметтік және саяси құрылыс жағынан ешбір ымыраға келмейтін елдер КСРО мен антигитлерлік одаққа бірігіп, ортақ жауға қарсы бірігіп, жеңіп шықты.

Соғыс жылдарында Қазақстан КСРО-ң құрамдас бөлігі ретінде өзінің экономикалық ресурстарымен де, адам күшімен де ортақ жауды жеңуге зор үлес қосқаны мәлім.

Соғыстың саяси-әлеуметтік оқиғалар жөніндегі шындықтың бұрмалануына академик М.Қ.Қозыбаев мынадай деректер келтіреді: «... соғыс тарихының бір кезде «халықтар көсемінің» өзі ұсынған сталиндік үлгісімен, онан кейін тоталитарлық жүйенің әрқилы кезеңдерінде аздаған өзгерістерге ұшырағанымен, идеологиялық тұрғыда бәрі бір сол қалыптың шектеуінде жазылып келгендігінде еді» /2/.

Соғыстың алғашқы ауыр шағында майданға республикадан көп адам жөнелтілді. Оларды соғыс өнеріне баулып үйретудің өзі қысқа мерзімде іске асырылды. Алғашқы кезде Қызыл Армияның орасан зор шығындарға ұшырап, Еділ бойына дейін шегінуі, соғыс техникасының жетіспеуі, оларды адам күштерімен толтыруға мәжбүр болды. Сол сәттерде жауынгерлердің жанармай құйылған шөлмек алып танкіге қарсы ұмтылуы немесе оның шынжыр табанына жарылғыш заттармен қоса өздері жатып, құрбан болуы кездейсоқ нәрсе емес еді. Мұнда ерлік пен батырлықтың үлгісімен қоса ел қорғанысын ұйымдастырудағы қателіктер мен қатыгездіктер де көрініп тұрса керек. Белгілі ағылшын тарихшысы Александр Берг өзінің «Ресей 1941-1945 жылғы соғыста» деген кітабында:

«Қызыл армияның табанды қайсар солдаттарының бірі қазақтар болды. Қазақтар өзін жақсы жағынан көрсете білді. Тіпті, Сталинград шайқасының өзінде ең өжет, ержүрек, батыр солдаттар қатарында қазақтар жүрді» /3/.

Мінекей, осындай таңқаларлық жайларды дәуір құжаттарынан оқи отырып, оқушыларға үлгі де сабақ боларлық қасиеттер мол азаматтардың ерлік істерін дәріптеу әрбір пән мұғалімінің қасиетті борышы.

Сонымен қатар, соғысты қазақ жауынгерлерінің көрсеткен ерліктері, батырлықтары өз дәрежесінде бағаланбауына көптеген мысалдарды да келтіру тарих алдындағы басты міндетіміз десек, артық айтқандық емес.

Фашистердің ұясы Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтар болатын. Өйткені, Рейхстаг қорғаныс шебінен не бары 300 метрде ғана еді. Екеуі де бұл аралықта 7,5 сағат уақыт жұмсады. Жеңіс туын тігеді. Әскери шенділердің «Жеңіс туын азияттар емес, славян өкілі, екіншісі «ұлты» көсемнің ұлты болсын» - деген бұйрығымен 1-мамыр күні ұлты орыс Егоров пен грузин Кантария 15 минутта қайтадан «Жеңіс туын» тігеді. Бұл оқиғаның нағыз куәсі болған, сол дивизияның байланыс торабының командирі, аға лейтенант Ө.Тәшкенбаев еді. Ал Егоров пен Кантария Кеңес Одағының Батыры атағына ие болғанда, Қошқарбаев пен Булатовтар атаусыз қалып қойды.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» десек те, байтақ елдің жеңімпаз әскерінің символындай болған оған ресми түрде «Батыр» деген атақ көзі тірісінде бұйырмап еді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 1999 жылы Жеңіс күнінің қарсаңында Ұлы Отан соғысының жеңімпаз жауынгері Рахымжан Қошқарбаевқа «Халық қаһарманы» атағын беру туралы жарлық шығарды.

Қаулының мазмұны «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып Жеңіс туын тіккен Р.Қошқарбаевқа (марқұм) – «Халық қаһарманы» атағы берілсін» - делінген/4/.

Батырдың жұбайы Рахила Қошқарбаева – Яхина сол кездегі тебіренісін былай жеткізеді: «Дүниеде құдайдың бергені де ештеңе емес, бергенін қайтып алғаны да ештеңе емес, бірақ беретінін бермей, алатынын ала алмай қалғаннан артық қиянат жоқ па деп қалдым. Бұл сөздерді егер Рахымжанның көзі отырса айтпаған болар едім, ол да айтқызыбаған болар еді. Солай десем де неше жыл отасқан өмірімізде ыстық – суығымызды бірге өткізген, бауыр басқан жан-жарымның немен тыныстап, нені көксегенін білмеу мүмкін емес болатын. Оның әділеттілікті күткені шындық еді. Осы сезімді түсінген маған да ол кісімен бірге ғұмыр кешу соншалықты ауыр болды.

Рақаң аламан бәйгеде оза шауып келіп, олжасынан айрылған нысаналы жүйрік ретінде көрінетін де тұратын. Түйінді шешіп берген Елбасына рахметтен басқа айтарымыз жоқ»/5/.

Ия, «өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді»-деп Илияс Жансүгіров жырлағандай Елбасының бүгінде батырлығын халқы мойындаған ұлының әруағын аспандатып, ерінің сағын сындырмай, елеп-ескеріп жатуы, Р.Қошқарбаев әулетін ғана емес, туған халқын да қуантты. Кеш

болса да, ұрпақ алдындағы аманат орындалып, тәуелсіздігіміздің көгілдір туы желбіреп, батыр әруағы риза болғандай сезінетініміз рас.

Соған орай, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» стратегиясында, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты, «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» атты жыл сайынғы халыққа арналған жолдауларында және білім және ғылым саласындағы мамандармен кездесулерінде патриоттық сезімімен ерекшеленетін, ақыл-ойы сергек, бәсекеге түсе алатын нағыз азаматтарды тәрбиелеу міндеттерін қоғам алдына қояды.

Сондықтан тарих сабақтарында әр оқиға желісі бойынша деректерді дұрыс қолдана алған жағдайда, оқушыларды ерлікке, елжандылыққа, батырлық пен жауынгерлікке баулудағы мүмкіндіктерді пән мұғалімінің шеберлігіне байланысты болмақ.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушыларды отаншылдыққа, халықтар достығына тәрбиелеудің мынадай жолдары бар:

- Туған өлке материалын тиімді пайдалану;
- Елжандылыққа, достыққа баулудағы мемлекет қабылдаған құжаттарды рет-ретімен қолдана алу;
- өзіндік ізі қалған тарихи тұлғалардың қасиеттерін үлгі тұтудағы еңбектерін көрсету.

Осыған байланысты тарих пәні мұғалімдерінің заман талабына сай өзгеруі, олардың бойында кәсіби мәнді сапалар қалыптасып, жас ұрпақтың Отан тарихын меңгерудегі іскерлігі мен біліктілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі артады. Кәсібін терең түсінетін, еңбекқор, өзінің теориялық білімін тәжірибеде жарата алатын мамандарға қоғам зәру екендігі түсінікті.

Қазақстан тарихының мұғалімі тереңірек ойланатын, өзіне үлкен тарихи, әрі саяси жауапкершілік жүктелгелі тұрғанын жүрегімен сезіну керектігіне белгілі тарихшы ғалым Т.Т.Тұрлығұл: «...260 жылдан астам отарлық бұғауда болған халықтың тарихын қазір қалай оқыту керек? Ұлттық тарихты оқытатын ұлтжанды ұстаз аталған мәселелердің солқылдап, майысып тұрғанын көз алдына келтіре алады, осыларды нығайтуға үлес қосудың жолдарын іздейді. Оның негізгі жолы-Қазақ мектептеріндегі оқушыларда ұлттық намысты қалыптастыру, оларды ұлтжанды етіп тәрбиелеу»- деп атап көрсетеді /6/.

Сол сияқты Қазақстан Республикасының тарихи сана қалптасуының тұжырымдамасында мектеп курсына тарихи оқиғаларға баға бергенде абай болудың керектігін, қандай болсын оқиғаға белгілі көзқарасты тануға тырыспау керектігіне мән береді/7/.

Қортындылай келе, әрбір тарих пәні мұғалімі тек дайын күйінде жазылған оқулықпен шектелмей, шығармашылықпен жұмыс жүргізсе оқушыларды отаншылдық рухта тәрбиелеудің құндылығы биіктей берері сөзсіз.

1. ҚР Білім туралы Заңы.- Алматы, 2008.
2. Қозыбаев М.Қ. Күркіреп күндей өтті ғой соғыс. // Егемен Қазақстан. 8 – мамыр. - 1993.
3. Берт А.Ресей 1941-1945 жылғы соғыста: М.:Прогресс. -1967.
4. Егемен Қазақстан. – 1999. - 8-мамыр.
5. Аупбаев Ж., Мыңбай Н. Халық алған қамал. –Алматы, 1999.
6. Тұрлығұл Т.Т. Мектепте Қазақстан тарихын теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2003.- 226 бет.
7. ҚР тарихи сана қалптасуының тұжырымдамасы. // Егемен Қазақстан.- 1995. - 30 - маусым.

#### Резюме

Данная статья посвящена некоторым вопросам преподавания материалов о Великой Отечественной войне.

#### Summary

Given article speaks of some questions of the teaching material about Great Domestic war.

# ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

**ВОСПИТАТЕЛЬ МОЛОДЁЖИ В ДУХЕ ЭПОХИ – ОНБАЙ СЕКСЕНБАЕВИЧ СЕКСЕНБАЕВ**

**С.А.Урашев–**

*профессор кафедры Истории Казахстана КазНПУ им. Абая*

В ставшем уже таким далеким 1969 году, сразу же по окончании исторического факультета Казахского педагогического института им. Абая, я был направлен на работу учителем средней школы свекловодческого совхоза им. В.В.Куйбышева Джамбулской области. В тот момент я с большой грустью прощался не только с родным институтом, в стенах которого с быстротой молнии пролетели четыре счастливых года моей молодости, но и со своими однокурсниками, которым предстояло отправиться в разные уголки огромной, тогда еще одной большой Советской страны.

Особую же грусть я испытал, прощаясь с любимыми и уважаемыми педагогами, с которыми мы тесно общались в годы учебы, на которых равнялись и стремились быть похожими, так как видели в них людей, действительно преданных своей профессии, отдавшимися сполна, без остатка нелегкому, но благородному призванию педагога; не жалевших ни сил, ни времени в своем стремлении передать нам, своим студентам, знания и опыт.

Но, в тот момент, я не мог даже предположить, какой сюрприз приготовила мне жизнь. Проработав определённое время в сельской школе, волею судьбы, я возвратился на исторический факультет альма – матер, куда был принят на работу ассистентом. Радости не было предела. Ведь я вновь встретился с любимыми преподавателями, перед которыми преклонялся, с трепетом и любовью внимал каждому их слову. В большинстве своем это были представители славного, без преувеличения героического поколения людей, на чью долю выпала судьба пройти через горнило страшной войны, и чьи имена я вспоминаю с гордостью и уважением – Халил Мухамеджанович Адильгереев, Алексей Иванович Кузнецов, Садуакас Курмангалиевич Бакшилов, Андрей Петрович Чижов, Ахметкан Ахметжанович Ахметжанов, Жумаш Ешмуратович Ешмуратов и герой этой статьи Онбай Сексенбаевич Сексенбаев.

Онбай Сексенбаев был одним из тех моих педагогов, кто уже при первой нашей встрече постарался вселить во мне уверенность на новом, без преувеличения сложном и ответственном, педагогическом поприще. Вспоминаю, как в одной из частной беседе он мне посоветовал: «Султан, запомни! Работа со студентами очень сложная. В студенческую среду вливаются не только вчерашние выпускники школ, но и люди взрослые, прошедшие суровую школу жизни, за плечами которых годы работы и службы в армии, имеющие собственный взгляд на многие вещи. Поэтому, перед тобой будут возникать сложные вопросы, будто бы проверяя твои знания, многие из которых зачастую будут ставить тебя в тупик. Но ты не теряйся. Неустанно обогащай свои знания. Когда это необходимо не стесняйся просить совета и помощи у старших товарищей. И главное – больше читай, накапливай необходимый материал, не только по своей специальности, но и тот, что поможет тебе в общении со студентами. И я не сомневаюсь, что скоро ты станешь прекрасным педагогом. Для этого у тебя есть все необходимое. Дерзай и не зазнавайся».

Эти слова, сказанные педагогом, обладавшим огромным авторитетом не только у многих поколений студентов, но и у коллег, подняли мое настроение и еще сильнее укрепили во мне желание познать больше, больше, что мне еще неведомо.

В институте моя педагогическая деятельность началась на кафедре всеобщей истории, которую в то время возглавлял ветеран Великой Отечественной войны, казахский интеллигент, великолепный оратор, любимец студентов и коллег – Садуакас Курмангалиевич Бакшилов. Именно он доверил мне вести сложный и, в то же время, чрезвычайно интересный курс истории средних веков стран Запада и Востока. Это заставило меня с головой окунуться в работу по подготовке к лекционным и семинарским занятиям. Днями напролет я не выходил из библиотек, ласково называемых в народе «Чеховкой» и «Пушкинкой», а также Центральной научной библиотеки Академии наук республики, где по крупицам собирал необходимые материалы. На кафедре я проработал 15 лет, накопив, как мне думается, определённые знания и опыт, что не осталось незамеченным моим старшим коллегой – Онбаем Сексенбаевичем. Видимо это послужило ему поводом в неофициальной беседе предложить мне перейти на возглавляемую им к тому времени кафедру «Истории СССР» и вести ответственный лекционно-практический курс – историю России XIX – начала XX веков. И, конечно же, отказаться от такого лестного для любого педагога предложения, было очень сложно.

Проработав несколько лет на одной кафедре, как говорится бок обок, я еще раз убедился, что Онбай Сексенбаев без сомнений являлся педагогом с большой Буквы. Несмотря на то, что порой в своих суждениях и поступках он бывал резок, особенно когда это касалось оценки работы преподавателей, недобросовестно относившихся к своим педагогическим обязанностям, он, вместе с тем, умел мягко, деликатно, совершенно на равных общаться со студентами, чем завоевал у них непререкаемый авторитет.

Одной из положительных черт моего старшего коллеги была страсть к чтению, не только научной литературы, но и периодической печати. Особенно любил комментировать материалы свежих номеров популярных в то время газет: «Известия», «Правда», «Комсомольская правда» и, придя на кафедру или деканат, он по собственному желанию становился политинформатором, «просвещая» нас мировыми новостями и событиями страны. Мы всегда с нетерпением и нескрываемым любопытством ждали эти встречи и беседы с Онбаем Сексенбаевичем только потому, что он привносил в любое происшествие в мире и Советской стране своё видение, своё мнение и нам интересно и важно было знать, какую оценку даст наш старший коллега тому или иному событию. Тем самым, мы учились у него не механическому запоминанию прочитанного, а уметь анализировать и правильно толковать тот или иной текущий в мире или стране эпизод, находить в нём скрытый смысл.

О таком человеке, как Онбай Сексенбаевич Сексенбаев, который обладал прекрасными нравственными и духовными качествами, наделённый великолепным педагогическим талантом, хотелось узнать больше.

Сексенбаев О.С. родился 23 марта 1914 года в селе Кошмамбет Каскеленского (ныне Карасайский – С.У.) района Алматинской области. В три года, лишившись родителей, скончавшихся во время свирепствовавшей в крае эпидемии оспы, он остался на попечении своего дяди. Так уж распорядилась судьба, что детство и юность простого аульного парня пришлось на тяжелое для всего казахского народа время. С детства маленькому мальчику пришлось испытать все тяготы жизни. Едва достигнув четырнадцатилетнего возраста юный Онбай, стремясь материально помочь семье дяди и движимый желанием добиться самостоятельности, начинает свою трудовую биографию, став рабочим колхоза Кошмамбет. Через два года достигнув совершеннолетия, он переселяется на станцию Или, где работает простым рабочим на строительстве знаменитой Туркестанско – Сибирской железной дороги, оказавшей огромное влияние на экономическое развитие края. Но и здесь судьба преподнесла ему новый «сюрприз». Спасаясь от голода, в числе тысяч наших соотечественников, Онбай перебирается в Кыргызстан, где и находит работу в мясо – молочном совхозе № 508 Кеминского района братской республики. Лишь через год он возвращается в родные края и продолжает свою трудовую деятельность рабочим Тургенского совхоза Алматинской области.

Именно в эти годы целеустремленный юноша делает главный выбор своей жизни, решая получить достойное образование. В 1935 году он поступает на учебу в Тургенское педагогическое училище. Учеба на дневном отделении не помешала молодому человеку быть учителем казахского языка в начальной школе. Напротив, практическая работа с детьми укрепила в юноше мысль о правильности сделанного выбора. Он выбрал свой путь, путь советского учителя. Как и большинство молодых людей того поколения, Онбай принимает активное участие в общественной жизни, возглавляя комсомольскую организацию Тургенского педучилища, а после окончания учебы – работал первым

секретарем комитета комсомола Енбекши – Казахского района. Но общественно – политическая работа не смогла надолго увлечь молодого человека. Он решает продолжить свое образование, поступив в 1939 году на заочное отделение исторического факультета первого в республике высшего учебного заведения – Казахского педагогического института имени Абая. В августе 1941 года молодой комсомолец был направлен на работу в село Шонжа пограничного с Китаем Уйгурского района, где проработал учителем средней школы вплоть до марта 1942 года.

То было время, когда весь советский народ вел тяжелейшую борьбу против агрессии немецко – фашистской Германии. Как многие советские люди, горевшие желанием с оружием в руках защищать свое Отечество, Онбай Сексенбаевич неоднократно подавал прошение о добровольном вступлении в ряды Красной Армии, но всякий раз получал отказ. И лишь в марте 1942 года решением Жаркентского райвоенкомата просьба его получила удовлетворение – он был призван на действительную военную службу в 82-ой стрелковый полк 85-ой строевой дивизии Забайкальского фронта, дислоцировавшуюся в Читинской области (ныне Российской Федерации).

Казахская республика внесла достойный вклад в подготовку офицерских кадров и резерва для армии и флота. В военные учебные заведения за период с 1941 по 1945 годы было послано свыше 42 тысяч молодых казахстанцев, и среди них был двадцативосьмилетний Онбай Сексенбаев. После четырех месячных курсов в Сретенском военно-пехотном училище новоиспеченный младший лейтенант Сексенбаев был направлен на Волховский фронт, где получил свое боевое крещение в должности командира строевого взвода 1-ой горной строевой бригады 8-ой армии. Именно в то время он получает свое первое ранение. После кратковременного лечения он вновь возвращается на передовую. В октябре 1943 года его направляют на службу командиром взвода автоматчиков 222 стрелкового полка 8-й армии Волховского фронта, где проявил себя в качестве опытного и мужественного командира. К сожалению, после кончины Онбая Сексенбаевича, его сын Берик (кстати, он оказал большую помощь в сборе необходимого материала для написания статьи), рассказал об очень интересном эпизоде из фронтовой биографии своего отца. В 1943 году при выполнении боевого задания группа бойцов, возглавляемая Сексенбаевым, сумела захватить в плен фашистского генерала, за что была поощрена командованием армии, а их командир был награжден серебряным портсигаром и пистолетом, принадлежавших попавшему в плен немецкого генерала. В одном из последующих боев Сексенбаев получает тяжелое ранение, после чего вновь оказывается на больничной койке. На этот раз диагноз врачей неутешительный. В марте 1944 года решением военно – врачебной комиссии Сексенбаев был уволен в запас по ранению.

Вернувшись на родину – в Алма-Ату (ныне Алматы), Онбай Сексенбаевич принимает решение продолжить учебу на очном отделении КазПИ. Так произошло его возвращение в родные пенаты. Сдав экстерном экзамены за первый и второй курсы, он продолжает учебу на третьем курсе исторического факультета, с которым отныне свяжет свою жизнь. В 1946 году, Сексенбаева, как одного из лучших выпускников оставляют ассистентом на кафедре истории СССР. Спустя три года, решением ученого совета он избирается на должность старшего преподавателя, проводя свои занятия «...на высоком идейно-теоретическом уровне, доходчиво, с привлечением богатого фактического материала». Такая оценка, данная педагогической деятельности О. Сексенбаева тем значимей, что она принадлежала народному писателю, Герою Советского Союза Малику Габдуллину, возглавлявшему в те годы КазПИ им. Абая.

Учеба и работа в институте пробудили в Сексенбаеве страсть к научно-исследовательской работе. За несколько лет на страницах республиканских журналов им было опубликовано несколько статей и монография, общим объемом свыше 26 печатных листов. Рожденный и выросший в крестьянской семье, зная сельскую жизнь, с ее радостями и трудностями не понаслышке, Онбай Сексенбаевич избрал темой своих научных изысканий историю сельского хозяйства Казахстана советского периода, и, прежде всего, традиционной его отрасли – животноводства.

Сегодня мы открыто можем говорить о том катастрофическом положении, в котором оказалось животноводство Казахстана в первой половине XX столетия. Так, например, за период с 1914 по 1922 годы численность крупного рогатого скота сократилось на 2,1 млн. голов, лошадей – на 2 млн., мелкого рогатого скота (овец и коз) – почти на 6,5 млн., верблюдов – 300 тысяч голов. В целом поголовье всех видов скота уменьшилось за эти годы более чем на 10,8 млн. единиц/1/. В конце 20-х – начале 30-х годов в республике начинается массовая коллективизация сельского хозяйства. Этот глубоко проблемный вопрос всегда стоял, и будут стоять на повестке политической жизни многих республик бывшего СССР. Неслучайно, выступая 28 ноября 1988 года на региональной научной дискуссии «Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии», профессор КазГУ им.



С.М.Кирова (ныне КазНУ им. Аль-Фараби) А.Б.Турсунов, специально остановившись на особенностях коллективизации в Казахстане, справедливо указывал на ошибочность одновременного решения двух задач – оседания кочевого населения и коллективизации – в условиях преимущественно скотоводческого хозяйства/2/. Тем самым, он утверждал, что коллективизация, проводимая советским режимом, на деле в кратчайшие сроки привела к разрушению животноводческого хозяйства Казахстана.

Процессы деградации животноводческой отрасли и в целом казахского аула проходили на глазах молодого ученого и не могли оставить его равнодушным. Во многом это подвигло его на изучение истории животноводства Казахстана того периода. В результате в 1955 году Сексенбаев успешно защищает кандидатскую диссертацию на тему «История животноводческих совхозов в Казахстане с 1917 по 1937 гг.», получившую хорошие отзывы видных историков республики. Так в одном из них отмечалось: «Автор добросовестно изучил и исследовал историю организации и развития животноводческих совхозов Казахстана в период первой и второй пятилеток. Разработка этой темы приобретает большое научное и практическое значение, тем более, что эта проблема до сих пор оставалась совершенно неизученной советскими историками». В 1959 году за успехи в научных исследованиях Сексенбаеву О.С. решением ВАК СССР присваивается звание доцента кафедры истории СССР.

Логическим продолжением научных изысканий Онбая Сексенбаевича стала докторская диссертация «Специализированные совхозы Казахстана (1917-1940 гг.)», которую он успешно защищает в 1982 году. В 1984 году решением ВАК СССР Сексенбаеву присуждается звание профессора кафедры истории СССР. В том же году решением ученого совета исторического факультета он избирается заведующим кафедрой «Истории СССР» КазПИ им. Абая.

Несмотря на то, что главной темой научных исследований Онбая Сексенбаевича оставалась история сельского хозяйства Казахстана советского периода, становление и развитие совхозов республики, история стахановского движения, проблемы подготовки механизаторских кадров, большое место в научно-педагогической деятельности Сексенбаева О.С. занимали работы, посвященные интернациональному и патриотическому воспитанию студенческой молодежи. И это неслучайно. Онбай Сексенбаевич был отцом шестерых детей: четыре дочери и два сына. Вместе со своей супругой Турсун, с которой он прожил многие годы в любви и согласии, стремились к тому, чтобы дети выросли достойными людьми нашего общества. Старший сын Серик, будучи работником правоохранительных органов, к сожалению, погиб от рук бандитов, а дочери – Сауле, Ляззат, Найля, Гульнара, и сын Берик нашли свою нишу в наше довольно сложное время. И эта нежная любовь к своим детям светлым лучом отражалась на студенческой молодежи, которую он боготворил.

Но наступил 1986 год. В ночь с 16 на 17 декабря на главную площадь республики вышла казахская молодежь, выразившая протест против диктата КПСС и тоталитарного режима. В рядах протестующих были и студенты нашего факультета.

Подавление выступления молодежи на улицах города вызвало начало гонений и репрессий по отношению к представителям казахской творческой интеллигенции, научным деятелям и работникам образования. К большому сожалению, преследования казахских педагогов имели место и в нашем институте. Особое усердие в этом деле, проявили некоторые шовинистически настроенные преподаватели исторического факультета и одним из объектов их незаслуженных нападок, стал Онбай Сексенбаев. Он не был в восторге от неорганизованного, стихийного выступления молодежи, но прекрасно понимал, что это был оправданный и закономерный протест против диктата КПСС, бездарного руководства союзного Центра, допустившего наступление в стране социально-экономического кризиса во второй половине 80-х годов. И такая позиция Сексенбаева послужила поводом для развернувшейся против него кампании травли и гонений. Психологическое и моральное напряжение, вызванное несправедливыми обвинениями, подорвали некогда крепкое, закаленное в труде и ратных боях здоровье воина и педагога. Скончался Онбай Сексенбаевич 26 ноября 1988 года, отдав 42 года жизни науке и воспитанию молодежи в ВУЗе, оставив глубокий след в сердцах тех, кто его знал, кто с ним работал, кто слушал его мудрые лекции.

1. *История Казахстана. Очерк.* – Алматы: Издательство «Дәуір», 2006. – С. 299.
2. *Дискуссия по истории коллективизации.* // *Вестник АН КазССР.* – Алма – Ата. -1989. – С. 84.

Осы мақала жастарды дәуір рухында тәрбиелеуші – Онбай Сексенбайұлы Сексенбаевқа – арналған.

#### Summary

Given article is dedicated to the teacher youth in spirit of the epoch - Onbay Seksenbaevich Seksenbaev

### ҚАЗАҚТЫҢ БІРТУАР ЗИЯЛЫСЫ – САНЖАР ЖАҒЫПАРҰЛЫ АСФЕНДИЯРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

**Ғ.Т.Рсадина –**

*С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Қазақстан тарихы, философия,  
саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті*

С.Ж.Асфендияров 1989 жылы қазан айында Ташкент қаласында әскери тілмаштың отбасында дүниеге келген.

Ата-анасы туралы деректер: Әкесі – Саид Жағыпарұлы Асфендияров шыңғыс әулетіндегі Әбілхайыр ұрпағына жататын Орал облысындағы сұлтан тұқымынан шыққан. Саид Жағыпарұлы Асфендияров Ташкент қаласында генерал-губернатор Гродневтің кеңсесінде ұзақ жылдар қызмет еткен, генерал-майор шенінде 1916 жылдың қараша айында 71 жасында отставкаға құрметті демалысқа шыққан. Шешесі – Гүлэндом Қасымова үй шаруасындағы адам.

С.Ж.Асфендияров 1907 жылы Ташкенттегі реалдық училищені бітіріп, университетке түсу мақсатымен Санкт-Петербургға аттанады. Бірақ аттестатында латын-тілінен бағасы болмағандықтан қабылдау комиссиясы оның құжатын қабылдамайды. Медициналық университетті бітіріп жатқан әпкесі Гүлсім Асфендиярова осы жолы інісіне Санкт - Петербор қаласындағы әскери медициналық академияға қоярда-қоймай түсуге кеңес береді. Санжар Асфендияров емтиханды жақсы тапсырып, 5 жылдан соң 1912 жылы Императорлық әскери медицина академиясын бітіреді. Оқу жылдары өзінің болашақ жары Рабиға Сералқызы Лапинамен танысады ол институттағы көзге түсіп жүрген қыздардың бірі болатын. С.Ж.Асфендияровтың тарих ғылымымен шұғылдануына қайынатасы Сералы Лапиннің де ықпалы болған. С.Лапин шығыс тілдерін, оның әдебиеті мен тарихын жетік білген, академиктер В.В. Бартольд пен Н.И. Веселовскийге түркі тілдері бойынша дәріс оқыған қазақ. Лапин 1891 ж. Петербург университетінің заң факультетін бітірген. Кейін Сералы Лапин бірнеше ғылыми еңбек жазған. Осындай тұлғалы адамның қызына үйленіп, тәлімін көрген Санжардың тарихқа, шығыстану ғылымына тереңнен бет бұруы, бәлкім, осылай басталған да шығар. Академияны бітірген соң С.Ж.Асфендияров Термездегі шекара бекінісінің атқыштар батальонына жолдама алады. Патша әскерінде әскери дәрігер болып 1913 жылдан бастап 4 жыл бойы қызмет етеді.

1916 жылы С.Ж.Асфендияров әскерден Петерборға соғып одан Ташкентке оралады. 1917 жылға дейін революциялық қозғалысқа қатыспаған. Қазақ, орыс, өзбек тілдерінде еркін сөйлеген. Ойын ағылшын тілінде жетік түсіндіре алған, француз тілінде ғана сөздікті пайдаланған. 1919 жылы мамыр айында С.Ж.Асфендияров Коммунистік партия қатарына № 2790106 қабылданады. Түркістан АКСР-і Денсаулық сақтау халық комиссарлығына тағайындалып, 1919-1920 жылдары сол қызметті атқарған Түркістан АКСР-ң Жер-су комиссары, Түркістан ОАК төрағасы. Осы тұста ол мемлекеттік қызметте үлкен белсенділік танытады. С.Ж.Асфендияров көптеген тезистер, қаулы-қарарлар баяндамалар, жарғылар дайындаған. Мысалы 1921 жылдың қаңтарында Түркістанда болған қазақ кедейлерінің I съезінде «Ағымдағы кезең және жер мәселесі туралы», 1921 жылы шілдеде Түркістан Компартиясы Сырдария облыстық қалалық конференциясында «Жер мәселесі және егіншілік жөніндегі комитеттер» тақырыбына баяндама жасады. 1921 жылы желтоқсанда Кеңестердің Бүкілресейлік IX съезінің делегаты. 1921-1922 жылдар Түркістан АКСР-ң Москвадағы тұрақты өкілі және ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариаты коллегиясының мүшесі, БОАК (ВЦИК)-тің Жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссияның мүшесі. 1922 жылы қазанда Түркістан Компартиясы ҮІІ-ші өлкелік конференциясында «Қала мен ауылдағы кезекті шаруашылық және ұйымдық шаралар» деген баяндамалар жасады. 1922 жылы желтоқсанда Кеңестердің Бүкілресейлік X-шы съезінің делегаты. 1923 жылы Орта Азия республикаларының 1-ші экономикалық конференциясында ауыл шаруашылығы туралы баяндама жасады.

Ол аудандарға жиі шығып, халықтың кедейшілік тұрмысын көрді. Мемлекеттің экономикалық саясатының қателіктеріне көзі жетті. Асфендияров тікелей былай деп жазды: «Революцияның алғашқы

жылдарында жер мемлекет меншігіне өтті және өту жүйесі жүргізілді. Мұндай саясат жергілікті халықты жерінен айырып, жер шаруашылығындағы істе коммунаны құруға әкелді. Коммуна дұрыс бағытта құрылмады. Тіптен осы саясаттан біз жергілікті халықты шеттетіп алдық, олардың шаруашылығын бұздық, ақыры ол жер шаруашылығының толық қирауына әкелді».

1921-1922 жылдары С.Ж.Асфендияров Мәскеуде Түркістан Республикасының тұрақты өкілі. Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты коллегиясының мүшесі болды. 1922 жылы Ташкентке келіп Денсаулық сақтау Халық комиссары және ТКП ОК-ң хатшысы болады, жер мәселесі бойынша халық комиссарының орынбасары қызметін қоса атқарады.

Мұрағаттарда денсаулық сақтау халық комиссарының орынбасары М.Слоним қол қойған С.Ж.Асфендияров туралы мінездеме сақтаулы. Онда: Жолдас Асфендияров сөз жоқ тәжірибелі жетекші. Денсаулық ісі үшін тіптен баға жетпес әкімшілікке сай адам. Өзінің денсаулық сақтау халық комиссары қызметіне аз уақыттың ішінде Денсаулық сақтау Халық Комиссариаты жұмысын көзге көрінер дәрежеде жақсартты. Ол уақыттар өте қиын еді. Денсаулық сақтау Халық комиссариаты ашаршылықпен күресудің жүздеген мәселелерін шешті, кедейлер және қоныс аударып келгендерге дәрігерлік көмек көрсетті.

1922 жылы мамыр айында С.Ж.Асфендияров Түркістан комиссиясының төрағасы М.П.Томскиймен бірге Қазалыны, Перовскіні, Түркістан және Шымкент уездерін аралады. Мұнда олар жергілікті халықтың денсаулығын сақтау және Жер-су шаруашылығы істерін зерттеді. 1922 жылдың тамыз айында С.Ж.Асфендияров жер шаруашылығы халық комиссарының орынбасары ретінде Ферғана жотасын аралап, егін қоры мәселесі мен шаруалардың астықпен қамтамасыз етілуіне көңіл бөлді.

1924-1925 жылдары Ташкент қаласындағы БК(б)П ОК-ның Орта Азия жөніндегі бюро мүшесі болып сайланады. 1925 жылы кеңестердің Бүкілресейлік съезінде Бүкілресейлік ОАК хатшысының орынбасары және президиум мүшесі болып сайланады. Мәскеу қаласында осы қызметте 1927 жылға дейін болады.

1927-1928 жылдар С.Ж.Асфендияров Орталық атқару комитеті жанындағы Н.Н.Нариманов атындағы Мәскеу қаласы Шығыстану институтының директоры болып тағайындалады. Осы кезеңде ол ММУ-де оқытушылықпен де айналысады. Оған профессор атағы беріледі. Ол баяндамалар жазып, әріптестерінің еңбектеріне пікірлер, алғысхаттар жазды, шетелдік өкілдерімен жиі кездесіп тұрды. Оған шығыстану институтында бір жыл ғана жұмыс істеуге тура келді. 1928 жылы Қазақстан Үкіметінің шақыруымен Алматыға қызметке ауысады.

Оның ең үлкен жұмысы республикадағы ең бірінші 1928 жылы ашылған педагогикалық және 1930 жылы ашылған медициналық институты болды. 1931 жылғы мамырға дейін Қазақстан Мемлекеттік Медицина Институтының директоры болып, одан әрі ҚазАКСР Денсаулық сақтау комиссары болып тағайындалады.

ҚазММИ мен ҚазПи-дегі басшылығымен қатар Қазақстан тарихы кафедрасында дәріс беріп жүрді. АММИ доценті Д.А. Ермакова ол кісі жайында өзінің естелігінде былай деп жазады: «Санжар Асфендияров жастарды, студенттерді жақсы көретін. Менің есімде қалғаны - ол кісінің адамгершілігі және жан-жақты білімді екені көрініп тұратындығы». Барлық адамдармен қарапайым түрде сөйлесетін. Өте аңқылдақ жан еді. Барлық адамдарға «сіз» деп сөйлейтін. Студенттер ол кісінің ешқандай дәрісін жібермей, сондай үлкен ынтымақпен тыңдайтын еді. Дәріскер ретінде ол материалдарды терең білетін және өз тыңдаушыларына жеткізуде өнерліліктің үлгісі болды.

1933 жылы С.Ж.Асфендияров ҚазАКСР-ның Халық ағарту комиссарының орынбасары, ұлттық-мәдени, ғылыми-зерттеу институтының тарих бөлімшесінің меңгерушісі, Қазақстандық қор төрағасы орынбасары, соңынан КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық бөлімінің бірінші орынбасары болып қызмет атқарды. Тарих мәселелерін зерттеу барысында С.Ж.Асфендияров қызықты жұмыстар жариялады. Исламның пайда болу себептері (1928 ж.), ислам және көшпелі шаруашылық (1928 ж.). Бұл жұмыстарында жас ғалым дінтанушылардың тұжырымдамаларына сыни талдау жасай келе, исламның шығуына Азия халықтарының өмір сүру жағдайларына, әлеуметтік, экономикалық, мәдени-идеологиялық алғышарттардың болуымен түсіндіруге тырысты. С.Ж.Асфендияров өзінің кітаптарында исламның шығу себептерін түсіндірудегі идеалистік теорияларды сынға алды.

1935 – 1936 жж. С.Ж.Асфендияров П.А.Кунтемен бірлесіп кеңестік деректеметануда тұңғыш рет «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» деген атпен екі томдық жинақ шығарды. 1935 жылы С.Ж.Асфендияровтың «Ерте заманнан бергі Қазақстан тарихы деректері мен материалдары» монографиясы жарық көрді. Бұл еңбегінде б.д.д. III ғасырдан 1917 жылға дейінгі үлкен хронологиялық

кезеңге ғалым терең талдау жүргізген. 1935 жылы С.Ж.Асфендияровтың Қызылордада «Қазақ мектептеріне арналған қазақтардың тарихының очерктері» атты еңбегі жарық көрді.

1936 жылы оның Алматыда «Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс» атты монографиясы жарияланды.

1934 – 1937 жылдары ол аудиторияларда және газет–журнал беттерінде республиканың тарихы мәселелері жөнінде мақалаларын жариялады.

С.Ж.Асфендияровтың ғылыми-зерттеу жұмыстарын талдаудың негізінде оның қазақ зиялыларының тарихи қорларын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірегейі екендігіне көз жеткізу қиын емес. Ол зиялыларды үш қабатқа (жікке) бөлді (қызметкер зиялылар; мамандар; дәрігерлер, инженерлер т.б.; демократияшыл зиялылар; оқытушылар, жазушылар, т.б.). С.Ж.Асфендияров жұмыстарының барлығында қазақтардың тарихы мен рухани мәдениетіне көп көңіл бөлген. Ол ең алғаш болып қазақ жүздерінің қалыптасуының негізін қалады және дамуына сипаттама беріп, қазақ халқының өндірістік қатынастарын этномәдениетімен тығыз байланыстыра қарастырып оны объективті үрдіске жатқызды.

Осы тұрғыдан ол қазақ халқының тарихы көрші халықтар мен елдердің тарихымен өзара байланыстылық жағдайында дамығандығын атап көрсетеді. Ғалым қазақ жүздерінің қалыптасуындағы саяси құрылысты орталықтануға бағыттанушылық және бірігушілік тенденцияларын аша білді.

С.Ж.Асфендияровтың ғылыми жұмыстарында қазақ ғалымдарының еңбектеріне көп көңіл бөлгендігін аңғарамыз. Мысалы С.Ж.Асфендияров Ш.Уалихановтың, Ы.Алтынсариннің ғылыми мұраларын терең қызығушылықпен зерттей келе, оларды орыс либералдармен салыстырған.

Қазақтардың мәдениетінің тарихын зерттеуде ол әрқашан құбылыс тұрақты нәрсе емес, оның даму қарқыны ішкі және сыртқы факторлармен анықталып отырады деп көрсеткен.

Тұтас алғанда С.Ж.Асфендияров ғылыми зерттеулермен 10 жылға жуық шұғылданды. Осы уақытта ол 11 кітап шығарды және көптеген мақалаларын орыс, қазақ, өзбек тілдерінде жариялады.

С.Ж.Асфендияров Алматыдағы бұрынғы Комсомольская көшесіндегі, қазіргі Төле би, 29-шы үйде тұрды. Қазір ол жерде Түрік елшілігі орналасқан. Оның Әлия және Адалыт деген екі қызы № 28 мектепте оқыған. Оларды еркелетіп әкесі, Лютик және Диля деп атайтын. Кейінірек үлкен қызы Әлия Мәскеуге кетеді. Сол үлкен қызының Мәскеудегі үйінде С.Ж.Асфендияров (Маросейка көшесі, 8үй, 35 пәтерде) 1937 жылдың тамызында тұтқынға алынады.

Оны Алматыға алып келіп, бас бостандығынан жарты жылға айырады. 1938 жылдың 25 ақпанында сот С.Ж.Асфендияровты 58-1,А; 58-2; 58-8; 58-9; 58-11 баптарымен сотталады. Ол тұтқында жатып өзі туралы, басқалар туралы жауап бермеді. Ол тек сотта соңғы сөзінде жұмыс істеуге рұқсат беруін сұрады. 1938 жылы ақпанда оның өмірі қиылды. Органдардың шешімі бойынша 1938 жылдың 27 тамызынан бастап С.Ж.Асфендияровтың барлық еңбектері кітапханалардан алынып тасталды және оқуға рұқсат етілмеді. С.Ж.Асфендияровтың әйелі Рабиға Сералықызы күйеуін тұтқындаған соң өзі де тұтқындалды. Оны Карлаг-лагері деген түрмеге жіберді. Ол жерде ол кісі көп ауырды. 5 жыл түрмеде отыру қиын болды. Бұрынғы жолдастары азып-тозып кеткендіктен, оны әрең танитын. Қазір С.Ж.Асфендияровтың немерелері Ташкентте тұрады. Алматыда немере інілері тұрады. 1958 жылы С.Ж.Асфендияровтың тергеу ісін қайта қарауға байланысты Қазақ ССР мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің өкілдері ол кісіні жақсы білетін адамдармен, оның ішінде бұрынғы шәкірттері мен белгілі қайраткерлердің біразымен әңгімелескен екен. Олар С.Ж.Асфендияровтың терең білімін, ерекше мәдениеттілігін, қарапайымдылығын, ұстамдылығын бірауыздан атап айтқан. Сол шәкірттерінің бірі тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, біз көзін көріп, білім алған Д.Дінасылов ағамыз, 1933 жылдың қараша айында тіл және әдебиет факультетінің бірінші курс студенттеріне келіп институтта тарих факультетінің ашылатындығын және оған студенттердің ішінде ауысатындары бар екендігін туралы сұрады. Біздер оңшақтымыз тілек білдірдік. Сонымен, қараша айында ашылған жаңа факультет ашылды.

Ал, С.Ж.Асфендияров курстарға сай біздің оқу тобымызда көне заман тарихы, СССР тарихы және қазақ тарихы пәндерінен дәрістер оқыды. Ол кісі дәрісті алғашында орыс тілінде бастаған еді. Бірақ, біздің тілегімізбен санасып, қазақ тілінде оқыды. Әрине, бұл бұрын қазақ тілінде сабақ жүргізбеген профессорға көп қиындықтар тұғызды. Санжар Жағыпарұлы тарихы пәндерді жетік білетін және студенттеріне жеткізе де алатын шебер педагог еді. Ол айтар ойын, тарихи материалдарды ғылыми негізде өз сөзімен, еркін баяндайтын Санжар ағай дәрісін оқығанда бар ниетімізбен тыңдап, ешқашан жалығуды білмейтінбіз. Оның дәрісін тыңдауға басқа да факультеттен де студенттер келіп қатысып жүретін деп еске алған.

С.Ж.Асфендияров КСРО Жоғарғы Сот шешімі бойынша 1958 жылы 26 мамырда толық ақталды. Оның әйелі Рабиға одан ертерек Түркістандық әскери трибуналдық шешіммен 1958 жылы 31 наурызда ақталды.

С.Ж.Асфендияровтың өмірі мен қызметін зерттеуге республикаға танымал ғалымдар Р.Сүлейменов, Ә.Тәкенов және Х.Әбжанов зор үлестерін қосты.

ҚазССР Министр кеңесінің №17 қаулысымен 1989 жылы 11 қаңтарда медициналық институтқа (бұрынғы ҚазММУ) С.Ж. Асфендияров аты берілді. Алматы көшелерінің бірі де С.Ж.Асфендияровтың атында.

Университетте патриоттық-рухани тәрбие орталығын бірі университеттік мұражайға күніне студенттер тобы өз кураторлармен келіп тұрады. Студенттер «Бұл біздің тарихымыз», «Бүгінгі ҚазҰМУ», «ҚазҰМУ-гі бүгінгі білім беру»(1-ші курс студенттері үшін), «Медицинада көрнекті тұлғалар» сияқты түсірілген деректі фильмдерді кураторларымен бірге көреді. «Бұл біздің тарихымыз» атты бірінші деректі фильмде С.Ж.Асфендияровтың тарихы тағдырына ерекше мән береді. Залда оның отбасы жайлы фотосуреттер, жұмыс кабинетіндегі столы, ұстаған заттары сақталынған. Биыл қазан және қараша айларында С.Ж.Асфендияровтың туылғанына 120 жыл толуына байланысты, университет көлемінде конференциялар, оның туыстарымен, «Әділет» қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізілді.

С.Ж.Асфендияров жан-жақты ғалым, тұңғыш педагог-ректор, қазақ халқының алғашқы тарихшы профессоры, қоғам қайраткері, біртуар ірі тұлға.

1. *Момынов Т.Ә., Саятова А.С., Шахиева А.М., Рсалдина Ф.Т. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы Қазақстанда денсаулық сақтау ісінің тарихы: Студенттердің өзіндік жұмысына арналған оқу құралы. – Алматы, 2006.*

2. *Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 2004.*

3. *Асфендияров С.Ж. Қазақстан тарихы очеркі.- Алматы, 1994.*

4. *Әбжанов Х. Тұлға туралы толғау // Егемен қазақстан. -2006.- 21 шілде.*

#### Резюме

Данная статья посвящена первому ректору Казахского педагогического университета, видному политическому и общественному деятелю Санжару Жағыпаровичу Асфендиярову.

#### Summary

Given article is dedicated to first rector Kazakh pedagogical university, seen political and public personality of S. Zh. Asfendiyarov.

### **ЖЫРЛАРДЫҢ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ РӨЛІ (Ақтамберді жырау шығармалары негізінде)**

**Д.Алиев –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетінің 2 курс магистранты*

Ұлтымыздың ең ұлық мұраты – тәуелсіздік тұғырына қонғалы бері халқымыз кешкен тарихи оқиғаларға және сол ел шежіресін жасауға ерен еңбек еткен, жұртын өрге тартқан тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беріле бастады. Соның табысты нәтижесі боларлықтай тарихымыздың тынысын бағамдарлық татымды шаруалар атқарылуда. Мұндағы мақсат – бүгінгінің мұратын айқындау үшін, болашақтың баянды бейнесін жасау үшін кешегінің ақиқат баянын байыптау.

Бұл күндері тәуелсіз ел болып шаңырақ көтердік. Қоғамдық өмірде түбегейлі өзгеріс болды. Қазақ халқының тағдыр-тарихын, рухани дүниесін зерттеуге мүмкіндік туды. Бұл жөнінде Елбасы Н.Назарбаев: «Ұлттың рухани өмірі, оның мәдениетіне байланысты әлі де болса көпшілік қауымға жетпей жатқан тарихи, әдеби асыл мұраларымызды игеру жолында еңбектену, бұрын мән бермей келген халықтану, шығыстану, түркітану ілімдерін барынша дамытуға көңіл қою, ұлттық мәдени ерекшеліктерімізді сақтау, жинау, зерттеу ісін жетілдіре түсу – бүгінгі маңызды міндеттеріміздің қатарына кіреді» - деген болатын /1/. Отаршылдардың түрлі жолдармен жүргізген қысым-қиянаттарына шыдамаған халық әркез азаттық, еркіндік үшін арпалысқа түсіп, атқа қонып отырды. Олардың ішінен ел бостандығы, жер тұтастығы жолында күрескен ерлер шыға бастады. Батырлар тұлпар жаратып, ту көтерді. Елді бастап, озбырлықтан құтылуға ұмтылды. Бірақ басқаның

басымдығына шыдамай елінің ертеңін ойлаған батырлар мақсат-мұраттарына жете алмады. Ұлт-азаттығы жолында мерт болды.

Халқының қамын ойлаған батырлардың ерлік әрекеттері көп көңілінде қалды, ұрпаққа өнеге болды. Сондықтан халық ішінен шыққан ақын-жыршылар батырлардың ерліктері жайында көптеген өлең-жырлар тудырды. Ұлтының азаттығы үшін күрескен ерлерді дәріптейтін мұндай тарихи жырлар ауызша тарап, халықтың рухани қажетін өтеп келді.

XV-XVIII ғасырлардағы тарихи жырлар мен тұлғалар туралы аңыздардың ұлт санасы мен рухани танымындағы орны ерекше. Аталмыш ғасырларда қазақ халқы жеке ұлт болып қалыптасып, тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүрді. Бұл дәуір ел тарихына ерекше із қалдырып, сол кезеңде болған оқиғалар мен өмір сүрген тұлғалар жайындағы хабар-деректер, мағлұматтар халық аңыздарының негізгі мазмұнына арқау болды. Жырларда тәуелсіз хандықтың басынан кешкен тарихи шындығы әр түрлі деңгейде көрініс тапты. Қазақ хандығының XV-XVI ғасырлардағы алғашқы даму кезеңіндегі оқиғаларды баяндайтын көне нұсқаларда тарихи шындықтың ізі көмескіленіп, оның есесіне танымдық, ғибраттық мазмұн басым болса, кейінгі XVII-XVIII ғасырлардағы жырларда айқындылық пен шынайылық басым.

XVIII ғасыр және XIX ғасырдың бірінші жартысында туған тарихи жырлар халықтың азаттық, бостандық жолындағы күрестерінің халық үшін қан майданға шығып, қаһармандық-ерлік көрсеткен батырлар жайында туған тарихи жырлардағы ұлт-азаттық идеясы сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен, тарихи факті-деректермен салыстырылады. Есімдері ел тарихында мәңгілік жатталатын батырларымыз хақындағы тарихи жырлардың тарихқа қарым-қатынасы мен поэтикалық ерекшеліктерінің фольклорлық тұрғыдан талдануы ғылым үшін мәні мағыналы.

Тарихи жырлардың туып, қалыптасуы турасында академик М.О.Әуезовтың: «Жырлардың бәрі де, ертеде туғандары да, кейінірек шығарылғандары да – анық тарихи оқиғаларға негізделген, ал басты-басты кейіпкерлер – тарихта болған адамдар. Жырлардың авторлары – көбінесе сол оқиғаларды көзімен көрген тұстастары. Авторлар көзімен көрген, өздері бастан кешірген оқиғаларды уақытына қарай сап-сабымен баяндайды»/2/. Жырлардың бірі «Қабанбай батыр» жырының жиналуы мен зерттелуіне келгенде ғалым С.Қасқабасов: «... Қабанбай туралы шығармалар батырлық эпосқа толық айналып үлгермеген, бірақ оның поэтикасын бойына сіңірген тарихи жырлар» деп қарайды. Сондай-ақ, Қабанбай дәуірінде шағын өлең, аңыз-әңгіме түрінде айтылып, жырдың кейін пайда болғанын да дәлелді түрде көрсете білген. «Қабанбай батыр» жыры туралы зерттеу жазған ғалымның бірі Болатжан Абылқасымов болды/3/. Зерттеуші «Қабанбай батыр» жырының XX ғасырдың бас кездерінен бастап С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Бісмаилов, Н.Смирнова сияқты ғалымдардың еңбектерінде сөз болғандығынан хабардар ете отырып, Қабанбай батыр жайында айтылатын жыр нұсқаларының жиналуы мен зерттелуі туралы мәліметтер берген. Жырдың қолжазба күйінде сақталған он үш нұсқасының жырлаушылары мен жазып алушылары туралы айта келіп, сол он үш нұсқаны қатар алып салыстырады. Тіпті, сюжеттік желідегі ірірек және мәндірек деген эпизодтарды тарихи фактымен қатар алып қарастыра келіп, «Қабанбай батыр» XVIII ғасырдағы қазақ тарихының бір сәтін бейнелейді. Әскери қақтығыс пен кейіпкерлердің өмірден алынғандығы дау туғызбайды деген қорытынды жасаған.

Мәселен, жырдың тарихилығын біріншіден, XVIII ғасырда өткен қазақ-қалмақ соғысы; екіншіден, батыр жанындағы Абылай, Бөгенбай, Жәнібек, Дәулетбай, Ақтамберді, Қазыбек би, Бұқар жырау – бәрі де тарихи өмір кешкен Қабанбайдың тұстастары; үшіншіден, шайқастар өткен жер-су мен кісі, ру, ұлт, елді мекеннің аттары дәл өз күйінде сақталғанын жырдың тарихилығы деп таниды.

Н.Мыңжани XVIII-XIX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі дәуір турасында «Бұл дәуірді халық дастандары ең мол жырланған және сақталған дәуір деуге болады. Алдымен байырғы жырлау дәстүр-дағдысы жалғастырылды және дами түсті. Ежелден жырланып келе жатқан ескі ерлік эпостары, тарихи, ғашықтық жырлары мен қиссалар жаңғырта жырланды, онан ары вариантталды» деген тұжырым жасайды /4/.

Осы тарихи жырларды халық мұрасына ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші дала, дана жыршыларымыздың бірі Ақтамберді жырау Сарыұлы. Ол 1675 жылы Оңтүстік Қазақстанда, Қаратау бойында ауқатты отбасының шаңырағында дүниеге келген. «Тауарих хамсаның» айтуынша, Ақтамберді – ойратармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген ерлердің бірі. Ол – атақты Қара Керей Қабанбаймен бірге Найманның рубасы көсемі, әскербасы батыры болған. Сонымен қатар Ақтамберді жортуыл жыршысы, әлуетті жырау да болған.

Ақтамберді – атадан жалғыз туады. Әкесі Сары – Найман Сыбан ішіндегі орташа ғана дәулеті бар екен. Сондықтан да ол өз малын өз қызығына жұмсай алмай, ағайын-туғаннан зорлық-зомбылық

көп көреді. Бұл күн сүйеніші, жанашыры жоқ жас бала Ақтамбердінің де басына түседі. Алайда жүрегінде оты бар болашақ жырау жасымайды, өзіне, ата-анасына теперіш көрсетушілерден именбей, реті келген жерінде көңілдегі сөзін айтып салатын болады. Жырау өзінің алғашқы туындыларын осы шамада 10-11 жасында шығара бастапты. Ақтамбердінің бұл кездегі өлеңдері мұң, зар, жалғыздыққа налу түрінде келеді.

«Жағалбай деген ел болар,  
Жағалтай деген көл болар,  
Жағалтайдың жағасы  
Жасыл байтақ ну болар.  
Атадан алтау туғанның  
Жүрегiнiң бастары  
Алтынменен бу болар,  
Атадан жалғыз туғанның  
Жүрегiнiң бастары  
Сары да жалқын су болар,  
Жалғыздық, сені қайтейін!»

Бала сонымен қатар ертең-ақ «жасы он беске жетіп, кенеске кірер» күн туатынын, болашақтан үміті зор екендігін жырға қосады. Міне, осы өлеңдерді құлағы шалып қалған қара жүрек ағайындардың бірі Жангөбек Ботағара деген Ақтамбердіні қамшының астына алады, тіпті, найзаның ұшына ілмек те болады. Алайда жазықсыз жас балаға аталас туысы Бердіке батыр ара түседі. Сол күннен бастап бұғанасы қатқанға дейін болашақ жырау осы Бердікені паналайды.

Ақтамбердінің ақындық даңқымен балуандық, батырлық даңқы қатар шығады. Алайда ол күні кеше ғана өзіне теперіш көрсеткен ағайындарына қарсы күш жұмсауды нәмарттық деп біліп, бүкіл ел мүддесін ойлай бастайды, ру, ата намысын емес, игі қазақтың намысын қуады.

Бұл Орта Азия хандықтарымен, қалмақтарымен үздіксіз соғыстар дәуірі еді. Ақтамберді қанды ұрыстардың талайына қатысады, өзінің ерлігімен, ұйымдастырғыштық, қолбасшылық қабілетімен көзге түседі. Батырдың басынан бақ тайып, сәтсіздіктерге ұшыраған кездері де болады. Мәселен, бірде ол түрікпендерге тұтқынға түсіп, ажал пышағы кеңірдегіне төніп тұрған соғны сәтте ғана ретін тауып қашып құтылады. Жыраудың осы жолы, аяқ-қолына кісен салулы отырғанда өзінің басына төлем әкелу үшін тұтқыннан босатылған жолдастарының бірінен сәлем ретінде айтқан «Бізді әкетті Марыға» деп басталатын ұзақ өлеңінің алғашқы жолдары сақталған.

Ақтамберді жер ортасы қырықтан асқанда ел тізгінін ұстап отырған Өз-Тәуке хан дүниеден қайтады. Тәукенің көзі жұмылысымен-ақ қазақ сұлтандарының арасындағы ежелгі бақастық ашық жаулыққа айналады, үш жүздің жігі адырайды. Міне, осы сәтте бұдан гөрі құдіреттірек кезінде де ел шетіне ене алмаған жоңғарлықтар қазақтарды аяусыз соққының астына алады. Ауыр күрес жылдары басталады. Ақтамбердінің осы кездегі тарихи оқиғалардың бел ортасында жүргенін көреміз.

Ол өзінен бұрынғы Доспамбет, Шалкиіз дәстүрін алға апарушы еді. Жырау туындылары негізінен көне қазақ поэзиясы үлгісіндегі:

«Түйе мойнын тұз кесер,  
Жігіт мойнын қыз кесер,  
Сартылдаған сары аяз  
Жылқының мойнын мұз кесер.  
Бұлан да бұлан, бұлан сан  
Бұланның санын оқ тесер,  
Бұлаңдап жүрген жігіттің  
Жомарт қолын жоқ жесер!»

деген сияқты нақыл, афористік толғаныстар түрінде келеді.

Ақтамберді жырлары көшпенді қазақтардың ой, арманынан, мақсат мүддесінен елес береді, сақара тұрғындарының өмір, тұрмыс жайлы түсінігін бейнелейді. Жыраудың кейбір толғауларын халқымыздың мінез-құлық ерекшеліктері, болмысқа өзіндік көзқарасы айқын аңғарылады.

Мәселен, жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын, ұзақ толғауын алайық. Қазақтар өзінің қонақжайлығымен, меймандостығымен ежелден-ақ мәшһүр. Халқымыздың бұл қасиетіне өткен ғасырларда қазақ топырағын басқан еуропалықтардың қай-қайсысы болмасын ерекше назар аударып, өздерінің шын көңілден шыққан ризашылықтарын білдіргені мәлім.

Жомарт болған, шүден болған жақсы-ақ, бірақ бұл – кез-келген қара сирақ кедейдің қолынан келе бермейді. «Ойпаң жерге он отау, қыраң жерге қырық шатыр тігіп» сансыз қонақты атқару үшін,

«ауылдан топыр үзілмей», күніне он-ондап мал сойылып, қазан астынан от кетпеуі үшін мыңғыраған бай болу керек. Қазақ үшін байлық – малда. Малдың еті, сүті – тамақ та, жүні, терісі – киім, мал қазаққа көшсе – көлігі, мінсе – жүйрігі, яғни малсыз тірлік жоқ. Сондықтан да ескі патриархалдық – феодалдық қазақ қоғамында қай көшпендінің болмасын арманының асқарларының бірі – мал. Міне, бұл жай да толғау кейіпкерінің назарынан тыс қалмайды.

Мал көшпенділер үшін өмірдің қуанышы, тіршілік көзі болған осы бір тақырыпқа Ақтамберді өз толғауларында қайта-қайта оралып соға береді.

Қазақтар үшін мал асылы – жылқы екені мәлім. Ешбір халықтың әдебиетінде жылқы дәл біздің әдебиетіміздегідей дәріптелмейтін шығар. Әйткенмен де, мал атаулының, оның ішінде жылқының көшпенділер өміріндегі алатын орны жайлы Ақтамбердідей толғаған қазақ ақыны жоқ.

«Арудан асқан жар бар ма,  
Жылқыдан асқан мал бар ма,  
Биенің сүті сары бал,  
Қымыздан асқан дәм бар ма!  
Жылқы қолдан тайған соң,  
Қызығы кетер күлкінің.  
Қыздың көркі құлпыда,  
Жігіттің көркі жылқыда!»

Жыраудың жылқы малын ерекше көтермелеуінің тағы бір мәні бар. Қолбасы батыр болған Ақтамберді сәйгүлік тұлпарды ер жігіттің жан серігі, ең жақын досы деп есептейді.

Ақтамберді қазақ тарихындағы ең қиын кездердің бірінде өмір сүрді. Ол ауыр жеңілістерді, дұшпанға бет қарай алмай дүркірей қашқан босқыншылықты өз көзімен көрді. Бірақ атақты батыр, ел тірегі, Орта жүздің көсемдерінің бірі қажырлы жыраудың еңсесін қайғы баспайды. Ол ойраттарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың алдыңғы сапында жүреді, елге ұйтқы болады. Басынан таяқ өтіп, қаннан қаймыққан, бет – бетімен бас сауғалап кетуге айналған жұртқа жанқияр ісімен де, жалынды жырымен де дем береді. Ақтамберді шығармашылығында ең басты сарын – ерлікке, батырлыққа шақыру, дұшпаннан именбеуге, тайсалмай шабуға жігерлендіру десек, қателеспеспіз.

«Балпаң, балпаң кім баспас,  
Басарға балтыр шыдамас,  
Батырмен деп кім айтпас,  
Барарға жүрек шыдамас!»

Қалмақтардан жеңіліс, атамекен – шығыс облыстар мен Жетісудан айрылу, көптеген рулардың жау табаны астында қалуы бүкіл қазақ халқының қабырғасына қатты басқан еді. Жұрт дұшпаннан кек алар, жау қолында қалған ескі қонысты азат етер күн тууын аңсады. Өз заманының талабын, өз ортасының тілек, мүддесін білдірген Ақтамберді исі қазақ болып атқа қонуды, дұшпанға соққы беруді армандайды.

«Күлдір – күлдір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екеміз,  
Күдерімен бау тағып,  
Кіреуке тон киер ме екеміз!»

Жырау өз арманына жетеді: сақал – шашын ақ қырау басып, қартайған шағында ол талай жеңітердің куәсі болады, туған жердің бір бөлігі иесін қайта тапқан күнді көзімен көреді. Жау қолынан азат етілген шығыс облыстарға қазақ рулары қайтара қоныс аударған кезде атамекенді жатырқап қалған жұртты орнықтыру жолында қарт батырдың белсенді қызмет атқарғандығы аңғарылады. Ол, тіпті өз қол астындағы елді отырықшылдандырмақ болып, егін де салғызады. Шығыс, Аягөз, Қарақол өңірінен Ақтамберді қаздырыпты дейтін тоғандардың жер болып кеткен орындарын әлі де көруге болады.

Ақтамберді тоқсан үш жасында дүние салыпты. Туған жердің топырағын мәңгі жастанар алдында айтқан толғауында жырау өзінің өмірлік мақсаты тегіс орындалғандығына ризашылығын білдіре келіп, «батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып тек өлгендігін» арман етеді.

Елім деген ерді халық ардақ тұтып, оның іс-әрекетін жырға айналдырған. Әр ақын-жыршы өзінше толғап, кейінгі ұрпаққа өнеге еткен.

Аталған жырлардың бәрі де ұлт азаттығын көксеріп, елі үшін басын бәйгеге тіккен асыл ерлер жайында. Бұл жырлардың қай-қайсысын алсақ та, жыр кейіпкерлері тарихи өмір кешкен ерлігімен дараланған жандар. Отаршыл үстем тап өкілдері шонжарларының талап еткен ауыр алым-салығына, озбырлығына қарсы күреседі. Мал үшін, жер үшін дау-дамайдың өрбіп тұрған дәуірі еді. Қазақтарға



жасаған отарлық-озбырлық саясаты шектен асып кеткендіктен халық көтерілістерге шығып отырды. Бірақ көтеріліс жеңіліс тапқан жағдайда билеушілер халықты аямай қырғындады. Мұндай қырғынға шыдамаған ел лажсыз басқа жаққа аууына тура келді. Қанды қыспаққа төзбей ел мен жерден еріксіз үдере көшу, босу - өз алдына бір тарихи қасірет. Қазақ баласының басына түскен бірнеше нәубеттер болған. Мәселен, Жоңғар қырғынында Қаратауды асып, ақтабанмен шұбырған көш. Яғни, басы 1723-жылдан басталған шұбыру.

Тарихи жырлардың жанрлық ерекшеліктеріне, кейіпкерлеріне қысқаша сипаттама беріліп, тұтастанудың сатыларынан әлі толық өте қоймауының себептері ашылды. Этнографиялық құндылықтардың тарихи жырларда да көп көрініс беретіні байқалады. Ұлттық наным-сенімдер мен дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-тіршілігі өмірлік шындық деңгейінде көрініс тапқан. Жыр оқиғасы тарихи шындықпен орайлас бейнеленген. Кез-келген тарихи жырлар сол замандағы халық басына түскен көріністі жырлайды.

1. Назарбаев Н. Құшағымыз бауырларымызға айқара ашық. - Алматы: Атамұра, 1993. – 280 б.
2. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. - Алматы: Қазкөркемәдеббас, 1962. – 427б.
3. Абылқасымов Б. Қаракерей Қабанбай батыр. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1979. – 312б.
4. Бес ғасырлар жырлайды. 1-том. - Алматы, 1989.

#### Резюме

В данной статье автор рассматривает роль исторических преданий. На основе жизнедеятельности и творчества Ахтамберди жырау анализируется сложный исторический путь казахского народа, их борьба за независимость, быт, мировоззрение кочевых племен и другие политико-экономические, социальные и культурные процессы, которые проходили в казахских степях. Также анализируются научные работы советских и постсоветских исследователей в данной области.

#### Summary

The author observes the role of historical legends in science. Zhyrau Ahktamberdy's life and artistic career became a basis to investigate the difficult historic way of Kazakh people, their struggle for independence, way of life, ideology of nomadic tribes and the other political, economical, social and cultural processes, held in the Kazakh steppe regions. Scientific works of the Soviet and post-Soviet periods in that field are also researches.

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ҒАЛЫМЫ

**Ы.М.Ибадуллаева –**

*М.Тынышпаев атындағы Қазақ ККА тарих пәнінің оқытушысы*

Отызыншы жылдары сталиндік озбырлықтың құрбаны болған ұлы ғалым- лингвист, реформатор, саясаткер, әдебиет зерттеуші, ақын –аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі, қазақ жұртын өнер- білім шұғыласына, рухани жетілуге үндеген көсем сөздері, артына қалдырған асыл мұрасының тарихта алатын орны зор.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше. Кезінде А. Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы профессор А. Самойлович (Литература турецких народов, «Литература Востока», вып. I. П. 1919), Е.Поливанов (О киргизско-казахской орфографии. «Бюллетень СГУ», вып. 7. Ташкент, 1924) бағалы пікірлер айтқан. Москвада 1929 жылы «Коммунистік академия» баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» 1-томында (305-306беттер) А. Байтұрсынов «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі... Ол –қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деп бағалаған. М.Әуезов : Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды» деген («Ақ жол», 1923, 4 ақпан). Ақаңның тарихтағы орнын, оның әлеуметтік- қоғамдық істерін, әділін

айтқан адамдардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне (1919 жыл, 19 қаңтар) «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген мақаласында былай дейді: «А.Байтұрсынұлы оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандардың қорлығына шыдамай, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол кезде кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбірі арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызметтерін қылды. Қалай болса да, жазушысы аз, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу ыәм тіл құралдарымен қылған қызметі таудай... Елуге келген Ақанды шын көңілмен құттықтап, өмірінің ұзақ болуын тілеймін».

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің газеті «Ақ жол» 1923 жылғы 4-ақпанда шыққан 270-санында: Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл ыәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көксеген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді», - деп жазылған. Бұдан кейін сталинизм қылышынан қан тамған зұлмат жылдар, нәубат, селебе, қанқырғын-репрессиялар басталған кезде, шындық бұрмаланып, «байтал түгіл, бас қайғы» дейтін күндер туған. Ол кезде Ақаңның еңбектерін талдап, тарихтағы орнын көрсетпек түгіл, атын атаудың өзі қылмыс, азамат басын жұтатын, абақтыға апарар жолға айналды. Бірақ сонда да ескі газет, журналдарды, архивтерді ақтарған, көне кітаптарды оқыған сұңғыла жандар алдынан тұтас тау сілеміндей болып Ахмет Байтұрсынов мұрасы шығар еді; көзі қарақты, қайрат –жігерінен, азаматтығынан айрылмаған аға буынның кейбір есті өкілдері, кейде онашада, алды-артына бір қарап қойып, «Ақаң былай деген ғой» деп суырыла жөнелер еді. Профессор Бейсенбай Кенжебаев Ақаңның еңбегін 40 жыл сақтап, шәкіртіне берген. Академик А.Н.Кононовтың еңбегі, тілші –ғалымның редакциясымен және алғы сөзімен Мәскеуде 1974 жылы шыққан «Отандық түркологтардың биобиблиографиялық сөздігі» кітабында Ахмет Байтұрсыновтың туған жылы, өскен ортасы, білімі, мектебі, қызмет еткен орындары, әлеуметтік-қоғамдық қызметі, басты еңбектері нақты айтылып, ол «араб алфавиті негізінде жетілдірілген қазақ әліппесінің авторы, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазды»(115 бет) деп тарихи тұрғыдан әділ көрсетілді. Қазақстан КОКБ мақұлдағанға дейінгі Ақаңның творчествосы туралы жазылған пікірлер осылай болды. Алып тұлғаның өмірі, ғылыми, әдеби мұрасы жайлы тілшілер Ә.Қайдаров («Социалистік Қазақстан»), Т.Қордабаев («Орталық Қазақстан»), Р.Сыздықова («Қазақ әдебиеті»), С.Кеңесбаев («Қаз.правда»), әдебиетшілер: Қ. Мұқаметханов («Семей таңы»), Р. Нұрғалиев («Социалистік Қазақстан»), ғалымдар А. Мектепов, Ғ.Әнесов («Өркен»), Б. Байғалиев («Жетісу»), С. Негимов («Лениншіл жас») т.б. мақалалары шыға бастады.

А. Байтұрсынов мұрасының негізіне тоқталайық. Қалай да қазақ халқын ояту үшін оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету үшін И.А.Крыловтың туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургте бастырып шығарды. Аударар отырып, оқырманна қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді өз жанынан қосып отырған :

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек болса жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас,-

деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырды. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына байланысты патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандардың, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарын жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, дәл айтатын ойлары да бар:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,

Ойлаймын: оны мақтар шықпас кісі.

Нашарды талай адам талап жеп жүр,

Бөріден артық дейміз оның несі.

Ал «Жиған- терген» өлеңінде

Қазағым, елім,

Қайқайып белің

Сынуға тұр таянып.

Талауда малың,

Қамауда жаның,

Аш көзінді, оянып.-  
деген сөздерін патша цензурасы өткізбей тастаған. Ақаң ашынып, тартыс, қайшылықтарды көрсеткен.

Бұл бір сөз қасірет айтып хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
Байға мал, оқағанға шен мақсат боп,  
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

Келешек қамы үшін арпалысу, күрес идеясы, ел болу мақсатын барлығынан жоғары қойған. Бұл жерде А. Байтұрсыновтың елі үшін аянбай күрескен саясаткер екенін көреміз.

Ақаң оқу- ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, грамматика, жер игеру, кәсіп істеу, қоғамдық күрестер, мәдениет, әдебиет, эстетика проблемаларын тереңінен қозғап, өз кезінде қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық, ұйтқы болған пікірлер айтып, тұжырымдар жасаған.

«Қазақ өкпесі» мақаласында («Айқап», 1911,№2) қазақ хандығы неліктен құлады, себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз-бәрі надандық кесапаты», -дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды. Бұл бағытта жазылған мақалалары өте көп. «Оқу жайы» («Қазақ», 1913, №11) мақаласында Қостанай уезіндегі сауаттылық мәселелерін қозғайды, әрбір жүзден 6 еркек қазақша, әрбір мыңнан 6 еркек орысша, әрбір үш жүзден 1 әйел қазақша, төрт мыңнан 1 әйел орысша хат таныды деп дерек келтіреді. «Қазақша оқу әлі белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жоқтың қасы. Тәртіппен оқытатын мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимун (педучилище) жоқ», - деп күйзеледі. «Қазақша оқу жайынан»(1913) мақаласында былай деп жазады: «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білу керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек». «Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша білу қажет», - дейді. Мұғалім мәдениеті, білімі, оқыту әдісінің жолдары талданады. «Тәні саудың – жаны сау» мақаласында адам тәрбиелеудің жан- жақтылық тәсілдері, келісті кісі қалыптастырып шығару мәселелеріне арналған ойлардың тоғысқан тұсы болды.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін халқымыздың ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне дейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі орындарында оның еңбегі мол. Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілінде кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам-Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды», - деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоқжанов пікірі де осымен сабақтас: « Бір кезде сары маса болып ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып сүйсінеді».

Өз қолымен жазған «Өмірбаянында»( 1929, 8 март) А. Байтұрсынов былай дейді: «Орынборға келгеннен кейін,біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін (шрифті емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен, ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған “Қазақ” газеті арқылы іске асты».

Қинамайды абақтыға жапқаны,  
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.  
Маған ауыр осылардың бәрінен

Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны, - деген жолдарда өз уақытының сыры айтылса:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.  
Жұрт ұқпаса- ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел біркүншіл, менікі ертеңгі үшін,-

деген уақытта ақын болашақпен сырласқандай, еңбегінің мәңгілік мұра болатынына сенеді.

Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, жер мәселесіне арналған «Бұл заманның соғысы» (1914), «Жәрдем комитеті»(1915), «Закон жобасының баяндамасы»(1914), «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение»(1914), «Губернатор өзгертілуі» (1914), «Соғысушы патшалар» (1914), «Қазақ жерін алу турасындағы нұсқа» (1913), «Қазаққа ашық хат» (1916) сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарасын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, рухани дамуынан мол хабар береді. «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзқараспен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті», деген. Сонымен Ақан қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым, жан-жақты өнерпаз, ұлт мәдениетінің алып бәйтерегі.

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері ретінде жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы- баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

1. Нұрғалиев Р. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. - 4-13беттер, 322бет.
2. Мақат Д.А.. Баспасөз: Сталинишiлдiктiң Қазақстанда орнығуы(1925-1956жж.) – Астана, 2007.- 297бет
3. Дулатова Г.М. Шындық шырағы. - Алматы, 1998.
4. Мақат Д. Тiл мен дiл тағдыры: тарихи деректер, уақыт бедерi және ақиқат.(мақалалар мен зерттеулер).- Астана., 2007.-25 –бет.
5. Махат Д.Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргiн тарихы: Оқу құралы.- Астана.-2006. -27 бет.

#### Резюме

Среди деятелей национальной культуры, чье творчество мы сегодня рассматриваем как духовное наследие народа, — выдающийся ученый, замечательный поэт и публицист, крупный общественный деятель, редактор одной из первых общенациональных газет «Казак» Ахмет Байтұрсынов!

#### Summary

Among the leaders of the national culture and whose work we now see as the spiritual heritage of the people – an outstanding scientist, an outstanding poet and journalist, a prominent social activist, editor of one of the first national newspaper “Kazakh”- Ahmet Baitursinuli!

## **ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

**XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ПАТША ӨКІМЕТІНІҢ ЖЕТІСУДАҒЫ  
ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫ**

XX ғасырдың басында патша үкіметінің қоныс аудару саясаты жаңа кезеңге аяқ басты. Бұл уақытта Орта Азияның Ресей үшін өнеркәсіп тауарларын өткізу рыногы және шикізат көзі ретіндегі маңызы күшейді. Орта Азия метрополияның мақта өндіру базасына, капитал салудың пайдалы өрісіне, қаржылай табыс табу көзіне және сырттан келген шаруаларды қоныстандыру орнына айналды.

Егер XIX ғасырдың соңында самодержавиенің ең басты мақсаты – орыс шаруаларын өлкеде стратегиялық және әскери-полициялық оймен орналастыру болса, XX ғасырдың басында бұл мақсат екінші кезектегі мәселеге айналды. Ал бірінші кезекке жаңа жоспар – шаруалардың жер үшін күресін әлсірету мақсаты үшін, Ресейден мүмкіндігінше көп мөлшерде кедей және орта шаруаларды қоныс аударту мәселесі қойылды. Крепостник-помещиктер Қазақстан, Түркістан, Сібір жерлерін қоныс аударушылар үшін тартып алу арқылы өздерінің Ресейдегі ірі крепостниктік латифундияларын сақтап қалуға тырысты.

Шет аймақтарды отарлау патша үкіметіне Ресейдің өз ішінде, оның орталық аудандарында шиеленісіп кеткен қайшылықтарды әлсіретуге мүмкіндік берді. XX ғасырдың басында, 1900-1903 жылдары болған экономикалық дағдарыс нәтижесінде патшалық Ресейде Экономикалық және саяси қанау күшейді. 1904 жылы қаңтар айында басталған және Ресей империясының жеңілуімен аяқталған орыс-жапон соғысы елде қалыптасқан жағдайды одан әрі қиындатып жіберді.

Осындай жаңдайларды ескере отырып, патша әкімшілігі жоғарыда айтылғандай, тығырықтан шығу жолын шеткері аймақтарды отарлаудан іздестірді. Осы мақсатпен, үкімет Сібірді отарлауды жалғастырумен бірге Түркістан өлкесіне шаруаларды қоныс аудартуды күшейте бастады. Және де орыс-жапон соғысы кезінде ағылшын-орыс қатынастырының шиеленісіп кетуіне байланысты, ол Орта Азияға отарлау объектісі ретінде көбірек назар аударыла бастады. Тіпті орыс революциясы мен Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына қарсы бағытталған 1907 жылғы ағылшын-орыс келісімінен кейін де «жарасқан» державалар арасындағы қатынас қырғи-қабақ күйінде қала берді және Ресей әскери министрлігі Орта-Шығыстағы шекараларын нығайту мен Орта Азиялық иеліктерін қорғау жоспарын жасауды жалғасытыра берді. Сондықтан да патша үкіметі қоныс аудару процесіне мақсаттылық пен жаппай сипат беруге көшті.

Алайда, шаруаларды үлкен көлемде қоныс аудартудың алдында, қоныс аудару жұмысын басқару аппаратын ұйымдастыру, жергілікті тұрғындардың шаруашылығына қажеті жоқ деп саналатын «артық» жер көлемін айқындау, көші-қон жерлерін құру және қоныс аударту процесін жоспарлы түрде ұйымдастыру қажет болды. Бірақ, аталған іс-шараларды ойдағыдай іс-жүзіне асыруға бірқатар жағдайлар кедергі болды. 1901-1902 жылдарды Еуропалық Ресейде астықтың шықпай қалуы және аграрлық қайшылықтардың күрделенуі мен шаруалардың өз еркімен шет аймақтарға қоныс аударулары күшейіп кетті.

Өлкені отарлау мүмкіндіктерін анықтау үшін 1900 жылы Түркістанға егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігі ғылыми комитетінің мүшесі, профессор А.А.Кауфман арнайы жолдамамен жіберілді. Онымен бір мезгілде әскери министрлікте ерекше комиссия құрылып, олардың жұмыстары негізінде 1903 жылы 10 маусымда «Село тұрғындары мен мешандардың Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстарындағы қазыналық жерлерге өз еркімен қоныс аударуы туралы тәртіп» жарияланды. Бұл заңда қазыналық жерлерден переселендерге от басындағы ер кісілердің жалпы санына қарай 3 десятина көлемінде суландырылған жер, жайылымдық жерлерді керегіне қарай бөліп беру (7 бап) қарастырылды /1, с.742/. Суландырылған жерлер әрбір үйге мерзімсіз, ал өңделмеген жерлер қоғамдық пайдалануға берілді (8 бап). Егер қоныстанған уақыттан бастап, үш жыл бойы бөлінген жер өңделмесе, ол жерлер қазыналық меншікке қайта алынып қойылатын болды (9 бап). Өз еркімен қоныс аударып қайтып келгендерге тәртіп бойынша жер бөліп берілмеді /2, с.743/.

Яғни, Жетісуға ешқандай рұқсатсыз, өз бетімен келген орыс шаруалары жерге орналастырылмады. Олар бұрын келген қоныс аударушылардың үйлеріне орналастырылып, соларға жалданып күн көретін болды. Жерге орналастырылмаса да жергілікті тұрғындардан арендаға жер үлесін алуға болатынын естіген орыс шаруаларының Жетісуға қарай ығысқан ағымы тоқтамады. Соның нәтижесінде 1903 жылға қарай Жетісуда рұқсатсыз келген шаруалардың саны 17 мыңға, 1904 жылы 23 мыңға жетті /3, 4 п/.

Алайда, бұл заң негізінде қоныс аударушыларға жер бөліп беру мәселесі іс жүзіне асырылмады. Жергілікті әкімшілік егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігіне қарайтын

мемлекеттік қазына есебінен суландырылатын Сырдария, Ферғана, Сарақан облыстары аумағындағы жер қорын алдағы уақытта анықтап алғанша бұл мәселені шешуді кейінге қалдырды. Шындығына келгенде мұндай жер қоры Түркістан өлкесінің байырғы облыстарында жоқ еді. Бұл аумақтарда егін шаруашылығына жарамды жерлердің барлығы жергілікті тұрғындардың қолымен суғарылып, игеріліп қойылған болатын.

Дегенмен қоныс аударушылар легін тежеу мүмкін болмағандықтан орталық билік орындары Ресейдің азиялық бөлігіне қоныс аударуға «есік ашық» деп жариялауға мәжбүр болды. Сонымен қатар үкімет қоныс аударушылар шығынын өз мойнына алуды міндеттеніп, қоныс аудару пункттерін ұйымдастыруды жолға қойды.

1904 жылы 6 маусымда қабылданған «Село тұрғындары мен мешан егіншілерді өз еркімен көшіру туралы уақытша ережеде» егіншілікпен айналысатын және «үкімет қажет деп тапқан» аудандарға барғысы келетін жері тапшы губерниялардан шыққан қоныс аударушыларға бұдан былай үкімет орындарының қолдау көрсететіндігі айтылды. Бұл категорияға жататын қоныс аударушылар үкімет тарапынан түрлі артықшылықтар мен материалдық көмек алуға құқықты болды /4, 34 б/.

Бірақ, бұл кезеңде Түркістан өлкесі формалды түрде қоныс аударушылардың келуі үшін жабық деп саналғандықтан, қоныс аударушыларды орналастыру аудандары қатарына енгізілмеді. Себебі, патша үкіметінің мұнда переселендерді орналастыруға арналған жер қоры жоқ болатын. Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігінің Орта Азияның жергілікті тұрғындары жерін тартып алу туралы жасаған жоспары іс жүзіне әлі асырылмаған еді. 1904-1905 жылдары басталған орыс-жапон соғысына байланысты патша үкіметі Түркістандағы дихандар көтерілісінен қорқып, егіншілік және мемлекеттік меншік министрі А.Ермоловтың 1886 жылғы Ереженің 270-бабына қосымша енгізу туралы ұсынысын қабылдамай тастады. Министрдің ұсынысы бойынша аталға бапқа «көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігі қарамағына өтеді» - деген, яғни халқымыздың тұрмысына өте ауыр соққы болып тиетін қосымша енгізілуі тиіс болатын.

XX ғасырдың басында Ресейде аграрлық жағдай қатты шиеленісіп кетті. Оның негізінде помещиктік жер иеленушілікке қарсы жер мәселесіне байланысты барлық крепостниктік қадықтарды жоюға бағытталған шаруалар көтерілісі жатты. Сондай-ақ, Ресей шаруалары империядағы саяси құрылысты өзгертуді талап етті. Тығырықтан шығу жолын үкімет реформа жүргізуден іздестірді. Осылайша, 1906 жылы 9 қарашада Столыпіннің аграрлық реформасы дүниеге келді.

Жаңа реформадан бұрынғы жүргізілген саясат бойынша елдегі жартылай феодалдық қауымдық жер иеленуді сақтау қажет болса, Столыпін бағдарламасы керісінше, қауымдарды күшпен жою және жерге жеке меншік құқығын орнатуға бағытталды.

Реформа помещиктердің жерге қатынасы мәселесіне тиіспеді. Оның негізінде әрбір шаруа қауымнан шығып, өзінің жеке меншікті шаруашылығын жүргізе алатын болды. Ереже, әсіресе шаруалардың селолар пен деревнялардан бөлініп шығып, хуторлық және жекелеген шаруашылық түрлерін жүргізуін қолдады.

Қолдарында өндіріске қажетті құрал-жабдықтары бар және үкімет тарапынан қолдауға ие бола отырып, тұрмысы жақсы шаруалар өз иелігін ұлғайту мақсатымен хуторлық және жекелеген шаруашылықтар құрып, бар ынтасымен қауымнан бөлініп шыға бастады. Алайда, жаңа «жекеменшік иелері» арасында тұрмысы мықты шаруашылықтар емес, керісінше кедейлер және тұрмысы нашарлар көпшілік болды. 1908-1915 жылдар аралығында 1,3 млн. үй иелері 4,3 млн. десятина жерлерін сатып үлгерді. Сонымен қатар кулактар қолына помещиктер жерінің бір бөлігі өтті. 1916 жылы бүкіл шаруа қожалықтарының 15 пайызын құрайтын кулактар шаруашылығы иелігіне елдегі жалпы астық өнімінің 38 пайызын және барлық астық шаруашылығының 50 пайызын өндіретін 80 млн. десятина ауыл шаруашылық жерлері шоғырланды /2, с.310/.

Хуторлар мен жекелеген шаруашылықтарды орнатумен бірге реформа шаруаларды қоныс аударту ісін помещиктердің иелігінен алысырақ, атап айтқанда, Оралдың сол жағына орналастыру саясатын қолдады. Бұл арқылы патша әкімшілігі ішкі Ресейде орын алған жер тапшылығынан туындаған аграрлық қайшылықтарды әлсіретіп, таптық күресті тұншықтырмақ болды /5, с.57/. Осылайша, егер патша үкіметі XIX ғасырдың соңында шет аймақтарға тек қана қоныс аударуға рұқсат қағаздары бар, тұрмысты шаруаларды ғана қоныс аударту бағытын ұстанған болса, ендігі жерде, яғни XX ғасырдың басында Ресей үкіметі жаппай қоныс аудару саясатын қолдады. Сондықтан да үкімет шаруалар арасында қоныс аудару идеясын белсенді түрде үгіттеуге кірісті. Тек қана 1907 жылдың өзінде Орталық губерниялардағы шаруалар арасында Ресейдің азиялық бөлігіне қоныс аударуға шақырған 6,5 млн. дана брошюралар мен листовкалар таратылды.

Мұндай іс-шараларды атқарумен қатар, патша әкімшілігі жаппай қоныс аудару саясатын тездету және жоспарлы түрде жүргізу мақсатымен бұл процесті жан-жақты қамтамасыз ете алатын әкімшілік жүйесін құру ісін де қолға алды.

Ішкі істер министрлігі жанынан 1895 жылы қоныс аудару басқармасы құрылған болатын. 1905 жылы мамыр айында аталған басқарма Егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігі қарамағына өтті. Бұл мекемеге империя көлеміндегі қоныс аудару мәселесіне байланысты барлық іс-шаралар жүктелді. Мұның артынша үкімет орындары Қазақстан жерін қоныс аударатын бес ауданға бөлді. Олар Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу аудандары еді. 1906 жылы осыған байланысты Жетісу облысында аудандық қоныс аудару басқармасы ашылды. Ол өз кезегінде Түркістан өлкелік егіншілік және мемлекеттік мүлік басқармасына бағынды /6, 8 п/. Жетісу аудандық Қоныстандыру басқармасы өз кезегінде Қапал, Лепсі, Сергиополь-Бахтығ, Балқаш-Іле, Жаркент, Верный, Шу, Нарын, Пржевальск және Пішпек аталатын 10 кіші аудандарға бөлінді /7, с.1/. Қоныс аудару жөніндегі басқармасына Қоныс аудару ісінің меңгерушісі жетекшілік жасады. Ол өз ауданындағы қоныс аудару ісі барысына жауап берді. Оның қарамағында ерекше тапсырмаларды орындайтын және де агрономиялық, гидротехникалық, т.б. жұмыстарды атқаратын маман-шенеуніктер болды. Кіші аудандарды ерекше тапсырмаларды орындайтын шенеунік-кіші аудан меңгерушісі басқарды /6, 1 п/.

Әрбір бөлімнің, өз кезегінде атқаратын міндеттері белгіленді.

Статистикалық бөлім міндетіне аудандарды зерттеу, уездердің, қауымдардың, ауылдардың, уездердегі ауылдардағы тұрғындар санын алу жұмыстары кірді. Бөлім орыс поселкелері мен жергілікті халық мекендеген жерлердегі, елді мекендерден тыс бос жатқан жерлерде зерттеулер жүргізуге, переселендер мен жергілікті тұрғындардың жер пайдалану ретін анықтауға, сол жерлерде жаратылыстану, тарихи және географиялық тұрғысынан зерттеу жұмыстарын атқаруға тиіс болды /6, 3 п/. Агрономиялық бөлім міндетіне ботаникалық тұрғыдан жер қыртысын зерттеу, отарлауға қажет жер қорын анықтау, переселендерге агрономиялық көмек беру, тәжірибелік-үлгілі шаруашылықтар ұйымдастыру, метеорологиялық зерттеу, өлкеде бау-бақша өсіруді дамыту, питомниктер мен сүт фермаларын құру істері кірді /6, 4 п/. Гидротехникалық бөлім шенеуніктері ирригациялық су жүйелерін (арықтарды, каналдарды және т.б.) салу және қайта қалпына келтіру, өзендерді, суаттарды және басқа да су көздерін зерттеу, скважиналар бұрғылау, жер асты су көздерін ашу, батпақтарды құрғату, құдықтар құрылысын жүргізу, зерттелген аудандардың карталарын сызу жұмыстарын жүргізді /8, 2 п/. 1914 жылдан гидротехникалық бөлім аудандағы қоныс аудару басқармасынан «Жерге орналастыру және егіншілік Бас басқармасының» (Петербургтегі) жерлерді жақсарту бөлімінің құрамына енгізілді /9, 7-8 пп/.

Жер межелеу бөлімінің міндетіне аудандардың, кіші аудандардың, уездердің, өауымдардың ауыл шаруашылығы пайдалануындағы жерлердің шекараларын, жеке шаруашылықтардың жер пайдалану ретін, су көздері шекараларын анықтау, егін шаруашылығына жарамсыз жерлерді (құм, тау, тастақ, батпақ, сор жерлерді) өлшеу жұмыстары кірді. Бөлім темір және тас даңғыл жолдарының ұзындығын өлшеумен, зерттелген аумақтардың карталарын сызумен айналысты /10, 30 п/. Сондай-ақ, олар көші-қон учаскелерін құру тәртібінің 120-бабына сай іс жүргізушінің схемасы бойынша қоныс аудару учаселеріне арнайы белгілер қойды, жергілікті тұрғындар иелігінен нормадан жоғары – «артық» жерлерін алды (мемлекеттік жер қорын құру туралы нұсқаудың 17-бабына сәйкес әрбір қожалыққа 25 десятинадан жер берілуі тиіс болды). Жер өлшеу бөлімінің топографтары қолда бар деректер арқылы сызулар мен жоспарлар жасады. Бөлімді қоныс аудару басқармасының техникалық бөлігін меңгеруші басқарды /11, 12 п/.

Жол бөлімі қызметкерлері жергілікті жерлерді зерттеу, жол төсеу, жөндеу және қалпына келтіру, келешекте төселетін жолдар жобасын жасау, салынған жодарды тексеру жұмыстарымен айналысты.

Дәрігерлік, азық-түліктік көмек бөлімі. Дәрігерлік көмек қоныс аудару пункттерінде жүргізілді. Онда тек амбулаториялық емдеумен ғана шектелді. Кеселдері күштілерді қалалық емханаға жөнелтті. Әртүрлі ауру түрлеріне қарсы алдын алу жұмыстары атқарылды. Амбулаториялар уездердің барлығында дерлік құрылды. Шалғай жерлерде переселендердің денсаулығын тексеру мақсатында дәрігерлер жіберілді.

Переселендерге азық-түліктік көмек беру мақсатында жергілікті жерлерде арнайы қоймалар ашылып, онда тұрмысы нашар қоныс аударушыларға тамақтық заттар, егін себуге тұқымдық дәндер берілді. Мұндай көмек түрлері тек ішкі Ресейден көшіп келгендерге ғана берілетін болды.

Ветеринарлық көмек 1911 жылдан бастап уездерде қоныс аударушыларға көрсетілетін болды.

Жер бөліп беру бөлімі – қазыналық жер қорларын зерттеу және көші-қон учаскелерін құру жұмысымен айналысты. Әрбір кіші ауданда жүргізілген жерлерді зерттеу жұмыстары нәтижесінде көші-қон учаскелері, ормандық, саяжайлық жерлер, 1910 жылдан кейін хуторлық, жеке шаруашылықтарға арналған жерлер дайындалды. Переселендерге арналған жер құрамында әрбір шаруа-қоныс аударушыға егістік жер, үй іргесіндегі (аулалық) және жайылымдық жерлер бөлігіп берілді. Учаскелері бар бірнеше шаруа қожалықтары поселкелерге, ал бірнеше поселкелер уездерге біріктірілді.

Қоныс аударушыларды жабдықтау бөлімі қоныс аударушыларға несие беруді реттеп отыру жұмысымен айналысты. Несие үй құрылысына, шаруа қожалықтарын аяғынан тік тұрғызуға қажетті шаруашылық жабдықтарды сатып алуға бөлінді. Бұл бөлім міндетіне шіркеулік мектептер, шіркеулер, дұға оқу үйлері, медпункттер құрылысын жүргізу қызметтері де кірді.

Жоғарыда міндеттері баяндалған барлық бөлімдер 1906-1907 жылдар аралығында біртіндеп құрылып, өз жұмыстарын атқара бастады. Тек малдәрігерлік көмек бөлімі ғана кешірек 1911 жылы ұйымдастырылды.

Жалпы алғанда, М.Қойгелдиев өзінің «Алаш қозғалысы» деп аталатын еңбегінде дәл айтып көрсеткендей, «қоныс аудару мекемелері әкімшілік құрылымы тұрғысынан ғана емес, жұмыс жасау әдісі, атқарған міндеті жағынан да таза отаршылдық мазмұндағы мекемелер болды». Уездік, облыстық деңгейдегі бұл мекемелердің негізгі міндеті, жергілікті халықтың пайдалануындағы жердің «артығын» тауып, қоныс аударушыларға учаскелер даярлау, осы мақсатта құрылған жер межелеу топтары қызметін ұйымдастыру, қоныс аударушыларға тиесілі мемлекеттік түрлі көмектердің уақытында берілуін қамтамасыз ету, қоныс аударушыларды орналастыру барысында пайда болатын әрқилы мәселелерді, солардың ішінде жергілікті халық пен келімсектер арасында туатын дау-дамайды реттеп отыру еді. Ал, әкімшілік орындары болса, бұл мекемелердің басында империялық мүдделерді жақсы түсінетін, соған қызмет етуге даяр адамдарды ғана тағайындауға тырысты /4, 35 б/.

XX ғасырдың 20-жылдары Түркістандағы жер мәселесін зерттеген Мырзағазы Есболұлы орыс келімсектері туралы: «1920 жылға дейін жуан көкірек, менмендік отаршылдық ауасы қанына сіңгендік, жергілікті халықты теңдікке алмай, кем санау, Түркістанның жергілікті жұрттары ішкі Ресей үшін ғана дүниеге келген секілді деп қарау мінездері бар еді» /12, 5 б/ – дей келе, патша үкіметінің XX ғасырдың басында қоныс аудару саясатында алған бағыты жайында былай дейді: «1905-1907 жылдары Ресейде қара шекпенділер тер төкті, хүкіметке мықты қорқыныш кірді, бұл пәлелерден қалайда болса құтылмай болмайды екен деген пікірге келді. Оларды разы қылу үшін іштегі байлардың жерлерін алып бермей ит арқасы қияндағы шет аймақтарға көзін жоғалту жұмыстарына кірісті. Министр Столыпин бұл жұмысты күшейтті. Бұрын арзан малайдан айрылып қаламыз деген байлар, енді мына қызыл көзді пәлені жоғалт, қарасын өшір дегенге мінді. Шет аймақтарға – Қазақстан, Түркістан, Сібір, Кавказға қазына жеріне қарашекпенділерді жөнелтіп айдау жұмыстарына кірісті. Түркістанда тіршілікке жарайтын жер аз екендігі хүкіметке белгілі болса да, қорыққаннан көзі шығып, көмеді, көргісі де келмеді» /12, 7-8 бб/. Осылайша, «көздеріне қан толған хүкімет» Түркістандағы қазақтардың мекендеген атамекен жерін келімсектерге тартып алып беру жұмысын қоныс аудару мекемелерінің қолына беріп тынды.

1. ПСЗРИ. Собрание третье. Т. XXIII. - СПб., 1905.
2. Першин Г.Н. Аграрная революция в России. – М.: Наука, Кн.1. 1966. – 420 с.
3. ӨРОММ. 1-қ., 27-т., 38-іс.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. -368 б
5. Фомченко А.П. Русские поселения в Туркестанском крае. – Ташкент: Фан, 1983. – 220 с.
6. ӨРОММ. 1-қ., 16-т., 14-іс.
7. Обзор Семиреченской области за 1907 г. Верный, 1908.
8. ҚРОМА. 33- қ., 1-т., 48-іс.
9. ӨРОММ. 7-қ., 1-т., 5192-іс.
10. ҚРОМА. 33- қ., 1-т., 37-іс.
11. ҚРОМА. 33- қ., 1-т., 60-іс.
12. Есболұлы М. Түркістандағы келімсектер орнаған аудандардағы жер мәселесі. -Ташкент, 1923. -88 б.

#### Резюме

В данной статье рассматриваются основные направления переселенческой политики царской власти в Семиречье в начале XX века.



## Summary

In given article is considered main trends переселенческой politicians tsarist authorities in Semirechie at the beginning initially XIX age.

## РЫБНЫЕ И СОЛЯНЫЕ ПРОМЫСЛЫ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ

А.Ж.Бакижанова –

*ассистент КазНТУ им.К.И.Сатпаева*

Изучая и анализируя источники, мы увидим, что доведенные до отчаяния наемные работники, в том числе, конечно же, и казахи, шли не только на рыбные промыслы, но и на озеро Баскунчак добывать соль, наниматься в пастухи в русские селенья, то есть перемещались туда, где наблюдается источник их пропитания. Как свидетельствуют множество архивных источников фонда: Каспийско-волжские рыбные промыслы имели важное экономическое значение. Они привлекали к себе сотни тысяч рабочих рук, занимаемых во время путины. Особенно большое количество рабочих требовали крупные речные промыслы. Всего на всех промыслах Каспийско-волжского района (речных и морских) в 1913 году было занято 127 530 рабочих. В это число включены лица, занятые ловом, доставкой рыбы, приготовлением рыбной продукции, служащие в конторах и другие лица...» /1/. В сведениях, представленных статистическим комитетом о торговых ярмарках в Ханской ставке, имеется отчет «О состоянии Внутренней Киргизской орды за 1910 г.», где указывают на главные промыслы казахов-рыболовство и зачастую с нею связанные промыслы. Как известно, рыболовство особенно развивается в I и II Приморских округах, где казахи из-за постоянного заноса песками их земельных угодий перешли к рыболовству: «...одни из них сами снимают воды, а другие нанимаются на ватаги Астраханского и Красноярского уездов. В Камыш-Самарской части, по случаю отсутствия за последние годы в озерах воды, киргизы лова не производят...» /2, Л. 58/. Архивные документы свидетельствуют о очень тяжелом труде, которым были заняты путины рабочие, среди которых была много казахов, пришедших из степи на заработки. Хозяева рыбных промыслов нанимали их, заставляли трудиться на самых тяжелых работах. Известно, что тогда на промыслах никакой механизации не наблюдалось, вся работа, велась вручную, что требовало большой физической силы. Несмотря на то, что желающих работать было в избытке, многие рабочие-казахи, не привычные к промысловым работам, не выдержав нагрузки при первой же путине покидали рабочее место. Особенно тяжело. Было на промыслах казахских купцов, например, у братьев Танашевых Утегали и Харис, которые владели несколькими рыбными промыслами. Таким образом, из огромного пласта документов мы смогли сделать вывод, что казахи, завербованные в степи подрядчиками, как правило, использовались в качестве неводных рабочих. Заработная плата рабочих находилось в зависимости от вида работ, от срока на который нанимались, времени года и в первую очередь, от национальности. Большинство рабочих-казахов получали за труд 25-30 копеек в день, то есть на 2-3 рубля меньше, чем русские. Об отличительных чертах казахских рабочих писал Махаш Бекмуханбетов, правитель I и II Приморских округов: «...Мы знаем киргизов как отличных моряков и ловцов...» Его убеждения подтверждаются рядом документов, извлеченных из фонда «Канцелярии астраханского гражданского губернатора», которые содержат сообщение сотрудников управления рыбными и тюленьими промыслами об аренде некоторого количества земельных участков: «...в 1898 году киргизы арендовали 193 земельных участка на береговой полосе за 2914 рублей 64 копеек. За право на рыболовство в казну поступает от киргиз доходов на сумму 1000 рублей...»/3,Л.15об./ . Среди материалов астраханского военного губернатора имеется вырезка из газетной полосы «Астраханские губернские ведомости» за 1838 г., где была опубликована статья «Взгляд на состояние Астраханских рыбных промыслов», которая представляла собой краткое извлечение из отчета капитана-лейтенанта Стодольского о работе отряда в 1837 г., предназначенного для защиты Эмбинской рыбопромышленности. Отчет извещал о том, что данный отряд состоял из 9 судов под командованием обозревателя дистанции, расположенной по восточному берегу Каспийского моря /4, Л. 14-23/. Этот документ содержит в себе информацию о ходе эпидемии в Эмбинских водах, о нуждах и бедствиях, сопутствующих: «...лазарет для отряда тем более необходим, что в продолжение компании можно было у киргизов купить только три барана, а употребление свежей рыбы было не желательно в связи с лихорадкой, не имея свежей пищи, в команде

распространяется скорбунт ... На острове Кулалах постройка лазарета была бы удобнее, но, начиная от Гурьева до Тюк-Караганской бухты, нигде не возможно было найти свежей питьевой воды...» Наряду с борьбой эпидемии существовали и другие проблемы, с которыми сталкивались отряды, освещает документ: « ... грабеж киргизами производился на косных и кусовых лодках, по большей части отнятые у рыбопромышленников. Лодками управляют по большей мере беглецы из татар и русских, принявшие их веру ... » /4, Л. 14-23/. Согласно отчету за 1879 г., предоставленному «Астраханским управлением рыбными и тюленьими промыслами по предметам Временного отчета по поземельному устройству» астраханскому генерал-губернатору, имели место статьи, указывающие приносящие казне доходы /5, Л. 179/. Изучив ряд документов, мы можем утверждать, что рыболовным промыслом: занималось как местное, так и приезжее население из соседних губерний. О том, что продажа билетов с каспийских промыслов составила большее количество, чем в предыдущий 1878 г. свидетельствует документ 1879 года. Источники указывают на то, что лов рыбы проводился исключительно по билетам, выдаваемым на каждую рыболовную лодку /5, Л. 181). В 1879 г. было продано всего 7877 билетов на сумму 178 853 руб., а общий доход с морских промыслов составил 265 643 руб. 80 коп. /5, Л. 205/.

Несмотря на крайне неблагоприятные условия, был объявлен карантин, причиной которого послужил плохой лов сельди. Управлением рыбными и тюленьими промыслами 7 мая 1880 г. был сдан отчет астраханскому губернатору о понижении лова рыбы в Уральских И Персидских водах, причиной которого стали ветра, господствующие в Волоудской дельте /5, Л. 164/. На этом основании могу отметить, что Устав 67 «о каспийском рыболовстве морские рыболовные воды делились на 7 участков: юго-запад от северной границы участка Терекского Казачьего войска до устья реки Таловки; Терекский; северо-западный от восточной оконечности Синего моря до границы Уральских вод; от Уральскихвод до участка Мангышлакских поселении...» /5, л. 179/. Что касалось «земельной оброчной статьи», то эти земли больше относились к береговой полосе Каспийского моря, для устройства ватажных заведений. В число этих земель также входили и дачи крестьян с. Владимировского, отданные в аренду летом 1879 г., оброком в 210 рублей в год. Следует подчеркнуть, что «Астраханские губернские ведомости», на страницах которых опубликованы эти и другие разнообразные сведения, являются ценным источником по истории Казахстана. На островах Новинском, Пешном, Тюк-Караганском, за Уралом и Жилом было построено несколько акбаров, казарм для зимнего и весеннего местонахождения промышленников, которые остаются здесь для рыбного и тюленьего промысла. В 1842 г. наблюдается упадок тюленевой промышленности. На островах встречаются препятствия в виде запрета ловли тюленя со стороны начальства Уральского войска на островах Тюк-Караганском, Пешном, Камышином. Лов тюленей осуществляется на Новоалександровском /6; 140/. На острове Кулалах также наблюдаются препятствия в зимнее время из-за мелководья, что вынуждает рыбопромышленников просить Астраханское губернское начальство о переводе зимовки. Об этом сообщается так: «...грунт земли вверх островов Каспийского моря песчаный, изобилующий ракушками покрытый густым, высоким, но тонким камышом и травой для корма скота, кроме того, родовыми кореньями, употребляемыми киргизами в пищу и частенько служащими лечебным средством от цинготной болезни. В особенности это наблюдается из-за частого употребления жителями соленой воды, так как пресная добывалась трудным способом в десяти верстах в колодцах, или же в семидесяти верстах от острова имелась горная вода. Лето на о. Долгой необитаемый, а зима снежная. Киргизы во главе с родом адай, кочующие по Каспийскому полуострову, располагавшиеся на юго-востоке, со стороны Каспия притеснялись стражей, состоящей из рабочих ловцов и рыбопромышленников» /7/.

Из краткой исторической справки о поселках береговой полосы Каспийского моря, составленной Астраханским управлением рыбными и тюленьими промыслами за 1912-1913 гг. на основе статистических сведений, известно, что поселение на берегу Каспийского моря началось еще задолго до нарезки береговой полосы в 60-х годах. Относительно времени возникновения поселков здесь достоверных сведений не имеется, но из более ранних источников известно, что некоторые из них возникли не меньше им 100-150 лет назад, например, селение Тишково, Каралат и другие /8, Л. 9-11/. По планшетах: 60-х гг. в береговой полосе значатся поселения имеющие отношение Астраханской губернии: Вознесенская, Вахромеевская, Разбугоринская, Зеленга, Старая и Новая Сафоновки и Утеры. Возникновение и рост поселков на берегу моря находятся в прямой зависимости от развития лова рыбы на Каспии. Отметим, что большой рост поселков попадает на время открытия вольного лова на море. По этому вопросу имеется мнение Государственного Совета от 2 и 9 марта 1902 г. по выработке правил Каспийско-Волжских и тюленьих промыслов. Появление закона 25 мая 1865 г. и было в свое время крупным шагом вперед в деле упорядочения Каспийско-Волжских рыбных промыслов. Одной из

главных целей устава было принятие новых мер по охранению рыбного запаса в море. Однако вскоре после его издания, под напором вновь зародившихся условий жизни и производства промыслов, стала выясняться необходимость в его дополнении. Так, в 70-х гг. XIX в. почти сразу развился до громадных размеров лов частичковой рыбы: «...на берегу моря в связи с этим образовались целые поселки ловцов с населением в несколько десятков тысяч человек. Статистические сведения указывают, что особенно увеличился прилив этой вольницы, не подчиняющийся при производстве лова никак законам после постигнутого внутренне губернии в 1892-1893 гг. неурожая, когда более предприимчивые люди устремились из соседних губерний в Астраханский край на заработки» /8, л. 21/. Самовольное заселение береговой полосы продолжалось до самого начала XX века. Департамент земледелия в 1904-1905 гг. разрешил Управлению рыбных промыслов. Заключить контракты с жителями поселков на 3-летний срок, назначив аренду прежним поселковцам: по 0,15 коп. за кв. сажень, а новосельчанам по 1 коп. за кв. сажень.

Имеются документы, свидетельствующие о том, что апрельское сообщение о береговой полосе в 1912 г. находило невозможным допускать дальнейшего заселения береговой полосы в интересах рыболовства. Известно, что береговая полоса, с ее камышовыми и чаканными зарослями, бесчисленными култуками и ериками, является самым идеальным естественным рыбозаводом. Таким образом, площадь камышовых и чеканных зарослей в береговой полосе с каждым годом все более и более уменьшается, и через это место нерестилищ рыбы превращается в бесплодные песчаные пустыни. Это подтверждается констатацией смотрителя Г.Халилеева: «главнейшими факторами уничтожения естественных условий, необходимых для нереста рыбы, является химическое скотоводство, а вслед за ним камышекошение для молодняка» /8, Л. 29/. Также он описывает в своих наблюдениях скотоводов, населяющих береговую полосу, которые являлись больше обловщиками предустьевого пространства. Проанализировав ряд материалов исследователей Астраханского края, мы приходим к убеждению, что попытки правительства ввести вольный лов на Каспий и образовать береговую полосу в первой половине XX столетия на деле не привели к положительным результатам. Население береговой полосы вопреки закону давно стало заниматься на землях этой полосы сельскохозяйственными предприятиями. Неоднократные попытки администрации устроить в земельном отношении поселенцев легализовать эксплуатацию земель этой полосы в сельскохозяйственных целях до сего времени не дали ожидаемых результатов, так как это продолжалось на протяжении долгих лет. Однако, несмотря на подобные нюансы, рыбный промысел Каспийско-Волжского района приносил ощутимый доход общероссийской казне. Источниками доходов Управление каспийско-волжских рыбных и тюленьих промыслов являлись морские воды и сдача их в аренду. Они находились у частных лиц, сельских обществ, казачьих станиц. Как мы заметили дальнейшее развитие в Астраханском крае получило соляное дело. Основные черты данного промысла сложились в предшествующие десятилетия и были оформлены уставом о соли 1781 г. Иеющиеся документы свидетельствуют о том, что после упразднения главной соляной конторы управление соляным делом было сначала передано МВД в 1802 г., а затем Министерству финансов - с 1810 г. В рамках губернии ответственным лицом выступал губернатор, а непосредственным учреждением, которое занималось вопросами была казенная палата в составе которой было учреждено особое отделение /9, с. 21/. К началу XIX в. доход казны от добычи и продажи соли был крайне незначительным. Главная причина его упадка крылась в увеличении стоимости доставки соли к местам потребления, что, в свою очередь, свидетельствовало об узости рынка наемного труда. В конце XVIII - начале XIX вв. неоднократно менялось управление соляным делом, значительно усилилась его централизация и регламентация. Для удешевления соляной операции и ликвидации дефицита соли российское правительство предприняло попытку по разработке озерных солей. Первоначальное значение при этом придавалось соли Эльтонского озера. Содержание источников говорит о том, что меры, направленные на увеличение вывозки эльтонской соли, имели определенный эффект. Это подтверждают сведения о том, что в конце XVIII в. отсюда ежегодно вывозилось около 5 млн. пудов, а в первое десятилетие XIX в. - 8-10 млн. пудов соли. Таким образом, мы видим, что соль Эльтона стала составлять большую часть того, что требовалось России. С увеличением его вывоза прекратились разговоры о дефиците соли, однако успех был не прочным. Это убеждает нас в том, что для населения Астраханской губернии не менее важную роль наряду с рыбной имела соляная промышленность. В отчете «О состоянии Внутренней Киргизской орды за 1910 г.» это убеждение подтверждается следующей заметкой: «...кроме рыболовства, казахское население занимается также ломкою соли на Баскунчакском соленом озере» /10, Л. 58/. Мы знаем, что Арало-Каспийская впадина, окаймляющая Каспийское море, некогда была дном обширного моря, это в своих заметках отмечают и исследователи

Астраханского края на страницах астраханских периодических изданий. Это и объясняет нам наличие в себе множества соляных озер, большинство из которых располагались в приморской полосе в 600 верст. Здесь можно встретить озера Эльтон, Баскунчак, Батырбек, Боткуль, Бес-Шоки. Озера Эльтон и Баскунчак до середины XIX в. были самыми известными. Вскоре и солеразработки перешли в частные руки, которые получили право свободного выбора источников для разработки. С момента образования казенного управления и до 1866 г. добыча соли составила на Эльтоне 512 млн пудов, на Баскунчак около 30 млн. пудов, на южно-астраханских озерах приблизительно 85 млн. пудов. С передачей разработки соленых промыслов в частные руки правительство ввело акциз в размере 30 копеек с пуда соли, отпускаемого с промыслов /11/.

1. ГААО Ф.194. Оп.1. Д. 514. Л 26.
2. ГААО Ф.32. Оп.1. Д. 778. Л 8.
3. ГААО Ф.32. Оп.1. Д. 620. Л 39.
4. ГААО Ф.2. Оп.1. Д. 271. Л 72.
5. ГААО Ф.32. Оп.1. Д. 400. Л 162.
6. Астраханские губернские ведомости. -1841. -16 августа.- №34. – 5 с.
7. ГААО Ф.194. Оп.1. Д. 1996. Л 96.
8. Верденский Р.М. Проекты реорганизации соляного дела в начале XIXв. И их социальная сущность// Из истории общественно – политической мысли России XIX века: Межвузовский сб. научных трудов.- М.: 1985, - С.74 – 77.
9. Краткий исторический очерк управления и суда Внутренней Киргизской Ордой. Памятная книжка Астраханской губернии на 1904.- Астрахань, 1904. – 118 с.
10. ГААО Ф.1. Оп.1. Т.1. Д. 861. Л 95.
11. Хозяйственно – статистический очерк Астраханской губернии.- СПб., 1851. – 176 с.

Түйін

Бұл мақалада Ішкі Ордадағы балық және тұз шаруашылығының дамуы және оның маңыздылығы туралы мәліметтер берілген.

Summary

This article discusses the development of fisheries and salt production in Bukeyev horde, as well as important facts presented to the socio - economic development of the territory.

## **ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА РЕСЕЙДЕН ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН ШАРУАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРПАТТАРЫ**

**Ә.Р.Рахимқұжаева –**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ізденушісі*

Қазақстанның Ресейге қосылуы барысында орыстардың Қазақстанға жаппай қоныс аударуы бірнеше кезеңдерден тұрып, Кеңес өкіметі тұсында да жалғасын тапқан XVIII ғасырдың басындағы Ресейдің мемлекеттік саясатымен байланысты болды. Крепостной правоның жойылуы Ресей жерінен шаруалардың жаппай қоныс аударуына жағдай жасады. 1861 жылы «Шаруаларды қоныс аудару жөнінде Уақытша Ереже» қабылданып, ол кезең XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың басына шейін созылды. Қазақстанға қоныс аударушылардың саны осы кезеңде бір жарым миллионға жетті.

Жүз мыңдаған орыс шаруалары Ресейдің шеткі аймақтарына қоныс аударуының басты себебі 1861 жылы крепостной правоны жойғаннан кейінгі Ресейде қалыптасқан аграрлық қатынастарда болды.

1861 жылғы крепостной право шаруалардың жағдайын жақсартпағаны белгілі. Реформаның алғашқы кезінде-ақ шаруаларды «босатқаннан» кейін олар жердің жетіспеуін сезінді.

Патшалық Ресей жағдайында «жер аздығының» өсуі шаруалардың Ресейдің шеткі аймақтарына көшуінің басты себебі болды.

Жердің жетіспеуі 1858 жылға санақ бойынша соңғы үш жылда дүниеге келген ер адамдарды ескермеуде болды. Сонымен қатар уақыт өткен сайын тұрғындардың саны өсе түсті. 1861 жылы Ресейдің ауыл тұрғындары 50 млн. адам болса, 1900 жылы 86 млн. адамға жетті. Яғни тұрғындардың саны 72 %-ға өсті.

Егер осы есептен кулак шаруашылықтарын алып тастасақ, шаруалардың кедей бөлігінің жерінің аздығы анық көрінеді. В.И. Лениннің «XIX ғасырдың аяғындағы Ресейдегі аграрлық мәселе» деген еңбегінде европалық Ресейде жерге ие болған шаруалардың саны көрсетіледі:

Үй басы топтары	Үй басы	Десятина	Әр үй басына десятина
5 десятинаға шейін	2857650	9030333	3,1
5-тен 8 десятинаға шейін	3317601	21706550	6,5
Барлығы 8 десятинаға шейін	6175251	30736883	4,9
8-ден 15 десятинаға шейін	3932485	42182923	10,7
15-тен 30-ға шейін	1551904	31271922	20,1
30-дан жоғары	617715	32695510	52,9
Барлығы Европалық Ресейде	12277355	136887238	11,1

В.И. Лениннің осы көрсеткіштері XIX ғасырдың аяғына таман Европалық Ресейде жер аздығының көлемін көрсетеді /1/. Шаруалардың қоныс аудару қозғалысының басты себебі жердің аздығында жатыр. Өндіргіш күштердің деңгейін қарастырмай шаруалардың қоныс аудару себебін тек жердің аздығымен түсіндіру жеткіліксіз. Себебі бірдей жер участогі түрлі жағдайда түрлі нәтиже береді. Олай болса шаруа шаруашылығының өндіргіш күштері қандай деңгейде болды? Қарапайым соқа мен ағаш жыртқыш, бұдан туатын жерді қарапайым өңдеу және астықтың төмен өнімділігі, жиі болып тұратын қуаңшылық пен егіннің шықпай қалуы шаруа шаруашылығы өндіргіш күштерінің төменгі деңгейін көрсетеді.

Реформадан кейін шаруалар помещиктер жеріне қарағанда сапасы төмен жерлерге ие болды. Сапасы төмен жерде шаруашылық жүргізгендіктен шаруа өз отбасын асырай алмады. Еркек басына шаққанда жер көлемінің өте аз болуы шаруалардың жайылым жерлерді де игеріп, егін егуіне алып келді.

Бұл мал санының қысқаруына алып келді. Егінші шаруаның шаруашылығында малының болмауы шаруашылықтың құлдырауына әкелді. Мал санының азаюы нәтижесінде жер тыңайтылмай тез тозып отырды. Шаруа жерінде орман алқабының аздығынан олар отын ретінде тезекті пайдаланды. Бұл жағдай тыңайтқыштың көлемін одан да төмендетіп жіберді.

Шаруаның шаруашылығы біртіндеп құлдырап, олардың өмірі ауырлай түсті.

Жердің аздығынан қиналған шаруалар помещиктерден жерін жалға алды.

1861 жылғы реформадан кейін Ресейде жеке жер иеленушілерге қолайлы жағдайлар туды. Жерге деген үлкен сұраныс жалға беру бағасын көтерді. Ал мұндай жағдай шаруа шаруашылығын жеке жер иеленушілеріне кіріптар етті. Бұған төменгі кестеде көрсетілген Таврия губерниясы Днепров уезіндегі шаруалардың жағдайы дәлел бола алады:

Егін егетін шаруашылық топтары	Жалға алушылар пайызы	Әр үйге десятина егіндік жер	1 десятинаның бағасы (рубль)
5 десятинаға шейін	25	2,4	15,25
5-тен 10-ға шейін	42	3,9	12,00
10-нан 25-ке шейін	69	8,5	4,75
25-тен 50-ге шейін	88	20,0	3,75
50-ден жоғары	91	48,6	3,55
Барлығы:	56,2	12,4	4,23

Бұл кестеде шаруа шаруашылығы неғұрлым кедей болған сайын, соғұрлым жалға беру жоғары екенін көрсетеді.

1896-1902 жж. аралығында жалға беру бағасының өсіп отырғандығын мына кестеден көруге болады:

Жылдар	Ақшалай жалға беру		Жер иеленушіге өнімнің белгілі бір бөлігі берілді %		
	Күздік егістік	Жазғы егістік	1/2	2/3	1/3
1896	6,83	6,26	73	5	22
1899	10,75	9,61	86	3	11
1901	13,22	12,27	91	1	8
1902	14,16	13,58	-	-	-

Шаруалардың жерге зар болуы оларды помещиктерге кіріптар етті.

Өздерінің жер учаскелерін кеңейту үшін шаруалар жерді сатып алып та отырды. Бірақ сатып алған жерлердің көлемі онша үлкен бола қойған жоқ.

Профессор Каблуков 1896 жылы 1 қаңтарға шейін шаруалар 3,2 млн.десятина жерді сатып алғандығын анықтады. Шаруалардың жерді сатып алуы шаруа банкі арқылы өткізілді. Бұл банктер көбіне деревня кулактарына қызмет етті.

1912-1913 жылдары банк арқылы шаруалардың жеке жер иеленушілерден сатып алған десятина жерлері:

Учаскелер көлемі	Абсолютті санда	%
6 десятинаға шейін	53,448	14,7}
7-ден 10 десятинаға шейін	62,211	17,1}=31,8
11-ден 20 десятинаға шейін	111,099	30,7}
21-ден 100 десятинаға шейін	135,167	37,3}=68,2
100-ден 200 десятинаға шейін	838	0,2
Барлығы	362,763	100,0

Бұл кестеден жері аз шаруалардың қолына 14,7 % жер, анағұрлым ауқатты шаруалардың қолына 31,8%, бай топтарға жердің 68,2% түсетіндігі көрінеді /2/.

Шаруа банкі шаруаның жерін кеңейтіп, олардың Ресейдің шет аймақтарына көшуін тежеу міндетін орындай алмады. Мұның бәрі шаруа шаруашылығында өндіргіш күштердің күрт төмендеп кетуіне алып келді. Нәтижесінде тұрғындардың саны өспесе де, деревняда жұмысшы күшінің саны өсті. Он мыңдаған адамдардың өмірін алып кеткен аштық, ауру мен эпидемияға қарамастан ауыл тұрғындарының саны өсті.

С.Корольковтың мәліметі бойынша, XIX ғасырдың соңында Ресейде 5 млн. артық жұмыс күші болды. Оның 2,5 млн. басқа да кәсіппен айналыса алды. Бұл тек ауыл шаруашылық пролетариаты ғана емес, жартылай кедейлене бастаған ұсақ өндіруші-шаруа болды. Шаруаны қанаумен өмір сүріп отырған помещик, қайыршылық пен осы ұсақ өндірушінің кедейленуін өзіне кіріптар ету үшін пайдаланды. Ұсақ өндірушілердің көптігі помещикке жерді жалға беру бағасы мен жердің бағасын өсіруге, ауыл шаруашылық жұмысшыларының жалақысын төмендетуге мүмкіндік берді.

Осы факторлар шаруалардың қалың бұқарасын көшуге итермеледі.

Шаруаларға мемлекет тарапынан түрлі салықтар салу олардың жағдайын одан әрі нашарлатып жіберді. Кейбір губернияларда салық жердің түсімінен бес және одан да көп есе болды. Мұндай сәйкессіздік шаруа шаруашылығын мемлекетке қарыздар етті. Мысалы, 1891 жылы мемлекеттік бюджет бойынша қарыз мынадай пайызды құрады: Самара губерниясында – жылдық окладтың 306%-ы, Уфада – 249,4%, Орынбор -245%, Қазан -202,3%, Нижгород – 95,2%. Түрлі төлемдердің өсуі шаруалардың әр күз сайын астығын төмен бағамен сатуға, ал қыста және көктем бойы оны өзінің қажеті мен көктемгі егіс үшін жоғары бағамен сатып алуға мәжбүр болды. Революцияға дейінгі деревня таптық құрылымы жағынан біртекті болған жоқ. Деревня таптық жіктелді. Деревняда бір жағынан шаруалардың қалың бұқарасы қайыршыланып, кедейленсе, бір жағынан сол кедейленген шаруалардың есебінен деревня буржуазиясы – кулактар байыды. Кедейлер мен орташа шаруаларды помещикпен қатар өсімқорлар да қанады. Олар кедей шаруаның көктемде қарызға алған бір пұт астығын, күзде екі, үш есе қайтарып отырды.

Қоныс аудару басқармасының мәліметі бойынша қоныс аударушылар көбіне төрт далалы Ақмола, Торғай, Семей, Орал облыстарына көшті. Олар Ресейдің оңтүстік губерниялары -Воронеж, Волынь, Полтава, Саратов, Харьков, Херсон, Киев, Черниговтың тұрғындары болды.

Қоныс	Оңтүстік Ресейдің 8	Ресейдің басқа	Ресей бойынша
-------	---------------------	----------------	---------------

аударушылардың қоныстанған облыстары	губерниясы бойынша, %	губерниялары бойынша, %	барлығы, %
Ақмола	52,6	47,4	100
Семей	37,7	62,3	100
Торғай	53,9	46,7	100
Орал	41,7	58,3	100

Кестеден Ақмола мен Торғай облысына шаруалар ең көп қоныс аударғанын көреміз. Шыққан аудандарына қарай қоныс аударушылардың экономикалық жағдайы мына мәліметтермен сипатталады:

Губерниялар	1 шаруашылыққа шаққандағы егіндік жердің көлемі(дес.)	Жылқысы жоқ шаруашылықтар, %
Харьков	7,6	35
Полтава	5,1	48
Чернигов	6,4	28
Воронеж	9,5	42
Киев	6,1	59
Херсон	9,1	34
Подольск	4,8	54
Екатеринаслав	11,5	28
Курск	7,3	25
Тула	6,4	27

Кестеден Подольск және Полтава губернияларында егіндік жер көлемінің аздығын, Киев, Подольск губернияларында пайызы жоғары жылқысы жоқ шаруашылықтарды көреміз /3/.

Торғай облысы Қостанай уезіндегі 1158 қоныс аударушылардың отбасын зерттегенде, олардың 93% бұрын шаруашылықты жалға алған жерде жүргізгендігі анықталған.

Оның ішінде	%
Жерсіздер	25,28
1 десятина жерге шейін	24,37
1-ден 2 десятина жерге шейін	24,73
2-ден 4 десятина жерге шейін	17,26
4-тен 6 десятина жерге шейін	5,38
6-данн 8 десятина жерге шейін	1,88
8-ден 10 десятина жерге шейін	0,92

Кестеден қоныс аударушылардың басым көпшілігі жерсіз болғандығын және 6 десятина егістік жерге шейін 1158 шаруашылықтың 71,74 % болғандығын көреміз.

Зерттеу нәтижесі осы қоныс аударушылардың жылқысы жоқтары – 11,28 %, бір жылқысы бары – 47,62 %, екі жылқысы бары – 29,90 %, үш жылқысы бары – 6,70 %, үш жылқысынан көбі -4,50 % құрғынын көреміз.

Ақмола облысы Петропавл уезінің бес болысы бойынша 1907 жылғы мәлімет мынадай:

Болыс	Бөлінген және сатып алынған жерлердің саны бойынша шаруалардың топтары						Жұмыс малы бойынша шаруалар топтары				
	Жерсіздер	5 дес. шейін	6-10 дес.	11-15 дес.	16-25 дес.	25 дес. жоғары	малсыз	1 жылқы	2 жылқы	3-5 жылқы	5 жылқыдан көп
Благовещен	159	341	19	7	2	-	130	172	110	26	5
Макаров	127	305	36	5	3	1	98	150	117	52	10
Раев	21	156	15	2	1	-	17	90	44	15	1
Федоров	42	107	16	2	-	-	39	49	40	20	4
Новопокров	112	349	59	6	1	1	58	223	119	56	8
Барлығы	461	1258	145	22	7	2	342	684	430	169	28

Орал мен Семей облыстарында да қоныс аударушылардың жағдайы осындай болды.

Жоғарыда келтірілген кестелерден Қазақстанға негізінен орта шаруалар қоныс аударғанын көреміз. Бірақ орта шаруалардың бәрі қоныс аударған жоқ. Шаруашылығы жақсы орта шаруа отанында қалды, ал кедейлене бастаған орта шаруа қоныс аударды. Ол бәрінен де кедейленуден қатты қорықты.

Кедейлене бастаған шаруа болашаққа ешқандай үміті жоқ отанында кедейленгеннен гөрі, шетте жерге ие боламын деген үміті жоғары болды.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерден шаруашылықтағы жылқының санын көрсетейік:

Жылқы саны	Петропавл уезінің 5 болысы	
	Шаруашылықтың жалпы саны	Двор % жалпы санға қатынасы
Жылқысыз	342	22,8
1 жылқысы бар	684	37,8
2 жылқысы бар	430	27,7
2-3 жылқысы бар	169	10,3}
5 жылқыдан жоғары	28	1,4
барлығы	1658	100,0

Кестеден Петропавл уезінің бес болысына қоныс аударғандардың барлық шаруашылықтың 60 % жылқысыз және бір жылқысы барлар болған /4/. Қоныс аударғандардың көпшілігі өз отанында орта немесе кедей шаруалар болған.

1905 жылы Қостанай уезіне қоныс аударғандардың отанында жұмыс малы барлар мына кестеде көрсетілген:

Жылқы саны	Қостанай уезінің жеті болысы бойынша	
	Шаруашылықтың жалпы саны	Двор % жалпы санға қатынасы
Жылқысы мүлдем жоқтар	1120	24,7
1 жылқысы барлар	1310	29,0
1-4 жылқысы барлар	1806	40,0
5-10 жылқысы барлар	272	6,0
10 жылқыдан жоғары	11	0,3
Барлығы	4519	100

Егістік жерлер мен жылқылары бойынша қоныс аударушылардың басым көпшілігі кедей мен орта шаруалар болған /5/. Ресейдің солтүстік аудандарынан Қазақстанның оңтүстік ауданына қоныс аударған шаруалардың экономикалық жағдайын Сырдария облысы Шымкент уезі бойынша былай көрсетуге болады:

Егіс көлемі	Шаруашылық саны %
Жерсіздер	21,21
1 десятинаға шейін	3,4
1-ден 3 десятинаға шейін	26,01
3-тен 5 десятинаға шейін	18,58
5-тен 10 десятинаға шейін	19,19
10-нан 15 десятинаға шейін	5,42
15 десятинадан жоғары	6,19

Кестеден қоныс аударушылардың 67,18% отанында 10 десятина жерге шейін жері болса, 5,42% 10-15 десятина жері болған.

Қоныс аударудың сипатын дұрыс түсіну үшін, қоныс аударған шаруалардың шаруашылығындағы малының санын ескерген жөн:

#### Шымкент уезі бойынша

Егістік жердің көлемі бойынша шаруашылық топтары	Отанында бір шаруашылыққа келген мал басының саны		
	жылқы	жұмыс бұқасы	сиыр
Егістік жерлері жоқтар	1	0,81	0,94
4 десятинаға шейін	1,07	1,82	2,09



4-тен 8 десятинаға шейін	1,06	1,75	1,41
8-ден 12 десятинаға шейін	1,14	1,51	1,56
12-ден 16 десятинаға шейін	1,13	2,54	1,96
16-дан 20 десятинаға шейін	1,35	2,17	1,78
20-дан 30 десятинаға шейін	1,38	2,46	1,88
30 десятинадан жоғары	1,31	3,16	2,44
Барлығы	1,18	2,07	1,76

Кестеден отанында жері аз қоныс аударушылардың аз да болса малы болғанын көреміз. Қоныс аударушылардың егістік жері неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым мал басы көп болған /6/.

Қоныс аударушылардың отанындағы экономикалық жағдайына сипаттама беру үшін олардың отанына әкелген ақшаның көлемін де ескерген жөн.

**Ақмола облысы Петропавл уезіндегі бес болыс бойынша мәлімет мынадай:**

Болыс	Өзінің мүлкін сатқан шаруашылықтың саны	Ақшаның көлемі (руб.)				Бір шаруашылыққа шаққанда (руб.)
		Жері үшін	Құрылыс үшін	Басқа мүліктер	Барлығы	
Благовещен	472	38702	33434	27763	99909	211
Макаров	442	45454	38948	36970	121402	274
Федоров	147	7955	10131	10502	28788	161
Новопокров	460	42252	35569	30034	107855	230
Раев	177	14710	11920	12846	39476	222

Кестеден отанында мүлкін сатқан қоныс аударушылардың қолындағы қаржы орташа 300 сомнан аспағанын көреміз /7/.

Шымкент уезінде қоныс аударушылардың отанынан әкелген ақша қаржысы туралы мәлімет мынадай:

Қоныс аударушылардың топтары	Бір шаруашылыққа келеді (руб.)
I	241,50
II	144,24
III	118,11
IV	148,06
V	128,19
VI	106,41
VII	181,97
VIII	110,30

Петропавл уезі мен Сырдария облысындағы қоныс аударушылардың ақша қаржысы көп болмаған. Бұдан шығатын жалпы қорытынды, Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігіне қоныс аударушылар негізінен кедейленген орта шаруа болған. Қоныс аударушылардың арасында кулак шаруашылығы да болған. Олар отанында өз шаруашылығынан түскен пайдаға қанағаттанбай, шеткі аймақтарда өзінің капиталын салу үшін жақсы жағдайлар іздеп келген. Қостанай уезінің екінші және үшінші шаруа учаскелері мен Петропавл уезіндегі бес болыстағы қоныс аударушылардың отанында жұмыс малы 3-5 басқа шейін, кейбір жағдайда одан да жоғары болған.

Қоныс аударушылардың арасында кулак шаруашылығы болғандығы олардың әкелген ақша қаржысының мөлшерінен көрінді?

Аудан	Отбасы пайызы	Бір отбасына келетін	Ақша мөлшері (рубль)			
			минимум		максимум	
			бастап	шейін	бастап	шейін

		сом(рубль)				
I	54,5	210	1	2	30	5000
II	74,0	280	1	30	400	5000
III	70,5	257	1	200	500	4000
IV	68,0	242	1	300	500	3000

Қоныс аударушылардың қоныс аудару кезінде 3000-нан 5000 рубльге шейін ақшасы болса, олар отанында ірі кулак шаруашылығына ие болған. Ол кезде мұндай капиталға жаңа жерде жақсы шаруашылық құруға болатын еді. Жаңа жерде мұндай шаруашылықтар тек кулактық қана болып қойған жоқ, ол тіпті байыған үстіне бай түсті.

Мұндай мәліметтерді басқа аудандар бойынша да келтіруге болатын еді. Бірақ келтірілген материалдар да қазақстандық қоныс аударушылардың арасында кулак шаруашылығының болғандығын дәлелдейді. Жалпы қоныс аударушылардың ішінде мұндай шаруашылықтың саны қандай болды деген сұрақ туады. Қоныс аударушылардың шаруашылық жағдайын суреттейтін нақты материалдар кулак шаруашылығының аз болғандығын көрсетеді. Қоныс аударушылардың басым көпшілігі орта және кедей шаруалар болған. Отанында қоныс аударушылар жерді пайдалану жағынан қандай болып бөлінген деген сұрақ туады. Жерді пайдалану жағынан қоныс аударушылар отанында негізінен қауым мүшелері болған.

Ақмола облысы Петропавл уезінің сегіз болысы мен Торғай облысы Қостанай уезінің төрт болысы бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген:

	<b>Қауым мүшелері</b>				<b>Рұқсат қағаз</b>		Шаруашылықтың жалпы санына%	
	Шаруашылық саны	Десятина егістік	Шаруашылық саны	Десятина егістік	Шаруашылық саны	Десятина егістік		
Петропавл уезі								
Раев	183	624	90	190	4	22		
Полтава	99	375	265	602	18	47		
Ильин	203	982	105	336	5	8		
Михайлов	197	648	62	229	2	2		
Явлен	523	3413	52	271	8	34		
Николаев	180	1267	76	128	8	216		
Троицк	269	794	177	442	8	76		
Дмитриев	170	511	281	555	3	3		
Барлығы	1824		11098				60,	34,0
Қостанай уезі								
Александров	657	4226	76	205	11	387		
Боров	509	4021	116	319	28	138		
Затоболь	184	1144	6	16	-	190		
Семиозер	22	214	1	2	1	1		

Барлығы	1372		199				86,0	14,0
Бары	3196		1307				72,2	27,80

Кестеден Петропавл мен Қостанай уездерінде жеке шаруашылық аз пайызды құратыны көрінеді. Шаруа шаруашылығының дамуына помещиктік жерге меншік қана емес, жерді пайдаланудың ескірген формасы – қауымдық меншік кедергі болды. Қоныс аударушылардың басым көпшілігін общинниктер құрды /8/.

Экономист И.А.Гурвич көптеген қоныс аударушылардың арасында жүргізген сұраудан кейін қоныс аударушылар көбіне орта шаруалар екенін көрсетеді. Кедей шаруалар қоныс аударушылар арасында азшылықта болғанын айтады. Отанында тұрмыстық жағдайы жақсы бай шаруалар қоныс аударушылардың арасында кедей шаруалардан да аз екенін көрсетеді. (Гурвичтың еңбегі 1888 жылы жазылған).

Автордың қоныс аударушыларының себебі неде деген сұрағына «жер жетіспейді», «өмір сүру қиындап кетті», «нанды тойып жесек екен» деп жауап берді.

Статистикалық мәліметтерге, архивтегі материалдарға сүйене отырып Гурвичтың XIX ғасырдағы қоныс аударушылардың басым көпшілігіне жасаған негізгі қорытындылары дұрыс екеніне көзіміз жетеді. Ал XIX ғасырдағы қоныс аударушылардың арасында кедей шаруалардың Гурвичтың бақылауына қарағанда көбірек болғандығы жөнінде нақты дәлелдер бар.

1884 жылғы Верный уезі, Михайлов болысына көшіп келген 15 отбасының жағдайы мынадай болған: үш отбасында екі жылқыдан басқа ешқандай малы болмаған, бес отбасында – бір жылқыдан, бір бұқадан және жеті отбасының ешқандай малы болмағанын көреміз. Барлық 15 отбасында екі үйі ғана болған. Қоныс аударушылардың бұл тобынан біз кедей шаруалардың көп болғандығын көреміз. Әрине отанынан шығарда олардың мүлкі болған, бірақ жаңа жерге жетіп, жер ала алмай қаңғып қалған кезде мүлкінің көбін жұмсаған.

1886 жылы Жетісуға көшіп келген шаруалардың тобы жөніндегі мәліметті қарастырып көрейік:

Кестеден қоныс аударушылардың арасында үш жылқыдан артық малы бар бірде-бір ауқаты шаруалардың болмағанын, шаруашылықтың 25% -ның ешқандай малы болмағанын көреміз. Қоныс аударушылардың бұл тобында кедейлер көп болды.

Жетісуға бағытталған шаруалар 1891жылғы Ресейдегі аштықтан қашып, 1891/1892 жылдың қысына шейін жер аламыз деп есептеген жерге жете алмағандар болды. Олардың 51% малы жоқ кедей шаруалар болды. Шаруалардың көбі жерден гөрі қалада жұмыс істеуді ойлады.

Ресейден Қазақстанға ауқатты шаруалар мен кулактар емес, орта және кедей шаруалар көшті. Шаруалар Ресейді әбден кедейленіп немесе толық кедейлене түсу жолында тұрған кезде тастауға мәжбүр болды.

Жоғарыдағы мәліметтер әлі жерге қоныстанбаған шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсетумен құнды. Зерттеуші Қазақстанда жерге ие болған шаруалардың отанындағы жағдайын көрсеткен.

#### Курск уезі бойынша шаруалардың жағдайы

Жылқы саны бойынша шаруашылық топтары	Шаруашылық саны		Отбасы мүшесінің саны		Мал саны		Жер, дес.		Үй саны	Надворный построй-касы бар шаруашылық саны
	барлығы	барлық %	барлығы	Отбасына	барлығы	1 шаруашылыққа	барлығы	1 шаруашылыққа		
I. Малы жоқ	5	25,0	24	4,8	-	-	17,5	3,5	3	3
II. Жылқысы жоқ	3	15,0	17	5,6	4,0	1,3	4,1	1,4	3	3
III. 1 жылқы	2	10,0	10	5,0	2,0	1,0	6,2	3,1	2	2
IV. 2 жылқы	7	35,0	34	4,8	23,0	3,3	26,3	3,9	7	7
V. 3 жылқы	3	15,0	18	6,0	15,0	5,0	19,0	6,3	3	3
VI. 4 және одан көп	жоқ	жоқ	-	-	-	-	-	-		-
Барлығы	20	100	103	5,2	44,0	2,2	56,0	2,8	18	18

**Перовск уезіндегі қоныс аударушылардың тұрмыс деңгейі**

Мал саны бойынша шаруашылық топтары	Шаруашылық саны		Жан саны		Мал саны		Арба	
	барлығы	барлық %	барлығы	1отбасына	барлығы	жан басына	барлығы	1 шаруашылыққа
I. Малы жоқ	75	51,0	340	4,5	-	-	18	0,2
II. 1 бас мал	16	10,9	84	5,3	25,8	0,3	15	0,9
III. 2 бас мал	11	7,5	68	6,2	19,5	0,3	13	1,2
IV. 3-4 бас мал	18	12,2	116	6,4	61,0	0,5	34	1,5
V. 5-6 бас мал	15	10,2	104	6,9	74,5	0,7	38	2,5
VI. 7-8 бас мал	5	3,4	48	9,6	32,0	0,7	18	3,2
VII. 9-10 бас мал	2	1,4	26	13,0	16,3	0,6	8	4,0
VIII.10-нан жоғары	5	3,4	41	8,2	64,3	1,6	19	3,8
Барлығы	147	100	827	5,6	293,4	0,4	163	1,1

Қоныс аударушылар өздерімен мал және басқа мүлікті, ақшаны алып келді. Қоныс аударушылардың отанындағы мал саны мен Қазақстанға әкелген мал санын салыстырғанда, біз көшу кезінде олар малдарынан айырылғанын көреміз. Мүмкін олар малын ақшаға аударған болар. Қоныс аудару кезінде жолға кеткен шығын қоныс аударушылардың кедейленуіне алып келді.

Сонымен қатар, мал, ақша мен мүліктің болуы олардың жаңа жерде қоныстануын тездетті, жеңілдетті.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қоныс аударушылардың жағдайы осындай болды.

Шымкент уезінің 18 поселкесіндегі қоныс аударушылардың материалдық жағдайы:

Зерттеу кезіндегі егіс көлемі бойынша шаруашылық топтары	1 шаруашылықтағы мал басы		Ақшамен келген отбасылары %	Өзімен әкелінген ақша	1 шаруашылыққа әкелінген		
	отанында	өзімен әкелінген			Жерді өңдеу құралдары	Ауыл шар-қ машина	Үй мүлкі
I. Егін екпейтіндер	2,8	1,3	31,3	241,5	-	-	6,1
II.4 дес.шейін	5,0	1,4	39,7	144,2	0,04	-	6,1
III.4-8 дес.	4,2	2,2	40,6	118,1	0,17	-	5,3
IV.8-12 дес.	4,2	2,3	37,5	143,1	0,14	-	8,2
V.12-16 дес.	5,6	2,2	39,5	128,2	0,11	0,03	8,1
VI.16-20 дес.	5,3	2,2	47,8	106,4	0,09	0,06	8,1
VII.20-30 дес.	5,7	2,7	40,9	182,0	0,16	0,06	9,5
VIII.30 дес.жоғары	6,9	3,8	52,4	110,3	0,09	-	10,2
Барлығы	5,6	2,3			0,12	0,02	7,7

Отанында қоныс аударушыларды жерді өңдеу мен шаруашылықтың басқа да түрімен айналысуы бойынша бөлу:

Уездер	Шаруашылық саны	Отанында							Егін екпейтіндер отанында айналысқан			
		Егін екпейтіндер	1 дес. шейін егетіндер	1-ден 2 дес. шейін	2-ден 5 дес. шейін	5-тен 10 дес. шейін	10 дес-дан жоғары	мәлімет жоқ	мал шаруашылығымен	қызметпен	кәсіппен	Немен белгісіз
Шымкент	1439	289	61	201	532	272	118	26	2	13	161	113
Әулие-Ата	1585	125	43	183	648	337	207	42	-	2	94	29
Перов	30	3	2	3	2	4	6	10	-	-	3	-
Барлығы %	3114 100	417 13,5	106 3,4	387 12,4	1182 37,9	613 19,7	331 10,6	78 2,5	2 0,5	15 3,5	258 61,9	142 34,1

#### Верный уезі. Қоныс аударушылардың мүлкі

Жылқының саны жағынан шаруашылық топтары	Шаруашылық саны	Барлық %	1 шаруашылыққа келетін мал саны	1 шаруашылыққа торай	Үйлер (барлығы)	Арба		Облысқа келген орташа жылдың саны
						барлығы	1 шаруашылыққа	
I. Малы жоқ	50	32,5	-	-	2	11	0,2	6,0
II. Жылқысы жоқ	9	5,8	1,4	-	2	4	0,4	8,1
III. 1 жылқы	36	23,4	1,7	0,5	10	42	1,1	7,9
IV. 2-3 жылқы	49	31,8	2,5	0,6	5	85	1,7	7,5
V. 4 және одан жоғары	10	6,5	5,4	0,2	2	26	2,6	9,9
Барлығы	154	100	1,6	0,3	21	168	1,1	7,2

Кестеден қоныс аудармастан бұрынғы шаруалардың отанындағы мүлкі мен Жетісуға көшкеннен кейін жер алмастан бұрын мүлкінің біразын жоғалтқанын көреміз. Кесте Қазақстанға қандай шаруалар көшкенін көрсетеді. Қоныс аударушылардың тек 10 шаруашылығының ғана малы болған. Бірақ оларды ауқатты шаруалар қатарына жатқызуға болмайды. Шаруашылықтың 36 пайызы малы мен жылқысы жоқ кедейлер болған /9/.

Сонымен, Ресейден Қазақстанға қоныс аударғандардың басым көпшілігі кедей шаруалар екенін жоғарыда келтірілген мәліметтерден көреміз.

1. Ленин В.И. Шығармалар. -Т.12. - 229 б.
2. Хворстанский А. Очерк экономического положения поселков Кустанайского уезда. - Омск, 1911.
3. Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан.- Алма-Ата, 1950. –С.19-20.
4. ҚР ОММ 369 ҚР ОММ. 25-қ., 1-т., 6945-іс

5. ҚР ОММ. 573-қ., 1-т., 62-іс
6. ҚР ОММ. 369-қ., 1-т., 8505-іс
7. ҚР ОММ. 324қ., 1-т., 29-іс
8. Сулейменов Б. *Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в. (1867-1907 гг.)*. –Алма-Ата, 1963. – С. 133.
9. Галузо П.Г. *Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867-1914 гг.* - Алма-Ата, 1965. – С.233-235.

#### Резюме

В этой статье автор, ссылаясь на материалы для изучения переселенческого вопроса, которые содержатся в архивных материалах - годовых отчетах местной администрации-губернаторов и генерал-губернаторов, отчетах податных инспекторов и ревизий особых чиновников переселенческого управления, раскрывает причины переселения крестьян из европейской России в Казахстан и их уровень жизни пореформенный период.

#### Summary

In this article author citing on material for study the transmigration questions, which contains at annual reports of the local administration – the governors and general – governors, reports of the submit surveyors and auditing official persons of transmigration management reveals the reasons of the peasant transmigration from european Russia in Kazakhstan and their level of living after uniform period.

### **КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ОРНАУЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІК КҮШТЕРІ МЕН ОЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ ӘДІСТЕРІ**

**Г.М.Зарликова –**

*Актюбинский государственный университет им. К. Жубанова*

Бәрімізге белгілісі қандай болмасын билік тәртібі, тіпті демократиялықтың өзі де соғыс уақытында «ақпаратқа үстемдік етеді», шектеу қояды. Ал кеңес өкіметінің басындағылар бейбіт уақыттағы саяси жағдайды алға тарта отырып, осы қадамдарға барды. Радионы тұншықтырды, цензураның күшейгені соншалық, тіпті оның әрекеттері ақылға сыйымсыз көріністермен айшықталды, шетелге шығу жолы жабылды. Барлық «буржуазиялық» газеттерге Ленин тиым салып, тек коммунистік идеяны уағыздағандары ғана шығатын болды. Қандай кітаптарды оқуды, қандай өлеңдерді тыңдауы, кіммен қалай сөйлесуді және не үшін сөйлесуді партия шешетін.

Адамдардың санасына коммунизм идеясының сіңірілгені соншалық жалған шындық – нағыз шындықтың өзі болып көрінді. Ал, осыншама адасушылыққа алып келген Лениндік тираниядан кейінгі Ресейдің жағдайына тоқталып өтер болсақ, одан қысқаша мынадай түйіндер шығаруға болады:

- Ресей мен оның халқы толығымен тонауға ұшырады. Олардың алтынын, жақұтын, валютасын партияның ең жоғарғы кастасы «әлемдік революция» қажетіне деп, ең алдымен өз қалтасы үшін тәркілеп, талан-таражға салды;

- Дворяндар «ақсүйектер» жойқын қырғынға ұшыратылды. Көпестер, кәсіпкерлер, зиялы қауым, әскердің тірегі – офицерлер жойылды. Миллиондаған шаруалар талқандалды. Революция солар үшін делінген жұмысшы табы жойқын диірмен тасының астында күлдей үгітілді.

- Экономика тұралап қалды. Ресей көпестерінің мақтанышы саналатын – әлемдегі ең үздік өзен флоты талқан болды. Әлемдегі мықты деген теміржол тоқырап, жолдар арам шөпке оранды. Әлемдік деңгейдегі банкі ісі мүлдем құртылды. Америкамен және Батыс Еуропамен салыстырғанда еңбек өнімділігі мен өнім шығымдылығы жоғары болып саналатын елдің ауылшаруашылық қожалықтары тып-типыл болды. Дүние жүзіндегі ең үздік Александр II-ші құрған кейін Столыпин жетілдірген халық ағарту ісі тұралап қалды.

- Ұлт саясатында кемсітушілік, нәсілшілдіктің барып тұрған тұрпайы түрі орын алды. Көптеген ұлттарға сенімсіздік көрсетіліп, Отанынан айырылып, шеткі аймақтарға көшірілді, жер аударылды;

- Одақтас Республикалардың тағдыры тек орталық арқылы шешіліп, олар орталықтың қажетіне жұмыс істеген құлдық – кіріптарлық жағдайда болды.

Сонымен біз өз зерттеуімізде қандай қылмыстар жөнінде айтқанымыз дұрыс? Коммунистік режимнің жасаған қылмысы шексіз: ең алдымен рухқа қарсы қылмысты айтамыз, сонымен қатар

жалпы мәдениет пен ұлттық мәдениетке тигізетін кеселі неге тұрады? Сталиннің бұйрығымен талай тарихи ескерткіштер шіркеулер мен мешіттер талқандалды, жын-ойнақ орындарына айналдырылды. Бірақта бұның барлығы адамдарды жаппай қырудың жанында түк те емес.

Жеке адамдарды жоюдың көптеген тәсілі қолданылды: ату, дарға асу, суға батыру, өлгенше сабау, жасанды түрде жасалған аштық арқылы, тағдыр тәлкегіне тастап, көмек көрсетуге тиым салу арқылы, депортация (күшпен көшіру) кезінде (жаяу болсын, вагондарда болсын) жер аударылған жерлерде, күштеп жұмыс істету кезінде (аяусыз еңбек, жұқпалы аурулар, аштық, суық, т.б.) өлімге душар болатын. Міне осындай қылмыстық әрекеттер нәтижесінде дүние жүзіндегі қаза тапқандардың барлық санын қорытындылайтын болсақ, ол авторлар ұжымы шығарған «Черная книга коммунизма» /1/ мәліметі бойынша төмендегідей:

КСРО – 20 миллион өлтірілгендер; Қытай – 65 миллион өлтірілгендер; Вьетнам - 1 миллион өлтірілгендер; Солтүстік Корея - 1 миллион; Камбоджа – 2 миллион; Шығыс Европа – 1 миллион; Латын Америкасы – 150 мың; Африка – 1,7 миллион; Ауғаныстан – 1,5 миллион. Ал, бұл мәліметтерге салыстырмалы түрде Пер Альмарк өзінің «Открытая рана» деген кітабында жер бетіндегі жаппай қырып-жою мәселесіне байланысты мәліметтер жинауға бүкіл ғұмырын арнаған Гавай университетінің профессоры Рудольф Руммелдің демографиялық мәліметтеріне жүгіне отырып, төмендегідей деректер келтіреді /2/: КСРО – 1917-1987 жылдар аралығында – 62 миллион адам қырғынға ұшыратылған; Коммунистік Қытайда (1949-1987 жж.) – 35 миллион; Германияда (1933-1945 жж.) – 21 миллион; «Ұлтшылдық» Қытайда (1928-1949 жж.) – 10 миллион; Жапонияда (1936-1945 жж.) – 6 миллион; Түркияда (1909-1923 жж.) – 2,8 миллион.

Барлық «социалистік» деп аталатын 23 елде 110 286 миллион адам жойылды. Камбоджа – 2,2 миллион; Солтүстік Вьетнам – 1,6 миллион; Солтүстік Корея – 1,6 миллион; Югославия – 1 миллион; Эфиопия – 725 мың; Румыния – 435 мың; Мозамбик – 196 мың.

Жалпы тізім осылайша кете береді. сонымен қатар кітапта осындай жаппай қырып жоюға жауаптылардың да тізімі берілген. Мысалы, Сталиннің билігі кезіндегі құрбан болғандар – 42,6 миллион; ал одан кейінгі жаугершілікке Мао Цзэдун – 37,8 миллион адам өліміне қатысына қарай тартылған. Гитлер – 20,9 миллион; Чан-Кайши – 10,2 миллион; Ленин – 4 миллион; Хидэки Тодзио (1941-1945 жж.) – 3,9 миллион; Пол Пот – 2,4 миллион /3/.

КСРО-да жыл сайын елдегі тұрғындардың 0,42 пайызы жойылып отырған және ол ұзақ мерзімді қамтыған. Пер Альмарк КСРО-ны «ГУЛАГ мемлекеті» дей келе былай деп жазады: «Көптеген азаматтарды – басқа топқа жатқаны үшін ғана өлтірді. Олар – буржуазия, ақсүйектер, көпестер. Ал басқалары болса нашар ұлтқа немесе нәсілге жатқандар украиндар, Қара теңіз гректері, Поволжья немістері; ал үшіншілері нашар саяси «фракциядағылар» - троцкийшілдер, меньшевиктер және т.б. және тағы басқалары большевиктер, әйтеуір бір айып тағылғандардың туысы – ұлы, қызы, әйелі немесе күйеуі болғандар еді» /4/.

Әрине бұл деректерде қазақ халқының қайғылы тағдырына байланысты мәліметтер атап көрсетілмеген, ол мүмкін де емес еді. Бірақ та Бүкілодақтың деңгейіндігі қасіретті деректердің біздің еліміздің тағдырына қатысы бар екендігі айқын нәрсе.

Біз өз зерттеуімізде саяси қуғын-сүргіннің қаншалықты жойқын апат әкелгенін айқындау барысында оның бұрын соңды әлемде орын алған қылмысты оқиғалардың тарихи үрдісіндегі салыстырмалы бейнесін жасауға ұмтылыс жасадық.

Ең алдымен осы қылмыстық әрекеттердің жүзеге асырылуының негізгі деректеріне тоқталайық. Олар төмендегідей:

- 1918-1922 жылдар аралығындағы көтеріліске шыққан жүз мыңдаған шаруалар мен жұмысшыларды қырып-жою және қамау орындарындағы, абақтыдағы он мыңдаған адамдардың сотсыз, тергеусіз ату;
- 5 миллион адамның өліміне әкелген 1921-1922 жылдардағы ашаршылық;
- 1920 жылдарда Дондағы казактарды күштеп көшіру мен жою;
- 1918-1930 жылдар аралығындағы концентрациялық лагерлердегі ондаған мың адамдардың қырғынға ұшырауы;
- 1930-1932 жылдардағы екі миллион бай кулактарды тап ретінде жою мен жер аудару;
- 1932-1933 жылдары үкімет ұйымдастырған аштық кезінде әдейі көмек бермеу нәтижесінде 6 миллион украиндықтар мен 3 миллионға таяу казактардың қырылуы;
- 690 мың адамның жойылуына алып келген 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор»;
- 1939-1941, содан кейін 1944-1946 жылдары Молдовия, Бессарабия, Прибалтика мемлекеттерінің тұрғындарын, жүздеген мың поляктар мен украиндарды депортациялау;

- 1941 жылы Повольжиядағы немістерді күшпен көшіру;
- 1944 жылы Қырым татарларын күштеп көшіру;
- 1944 жылы шешендер, ингуштар мен Кавказдың басқа халықтарын күштеп көшіру /5/.

Бұл оқиғалардың барлығының қазақ халқының тағдырында елеулі орын алғандығы тарихи зерттеулерде жан-жақты баяндалған. Сонымен жоғарыдағы деректерге арқа сүйер болсақ, бұл Ленин мен Сталиндік билік кезіндегі қылмыстық әрекеттердің әлі де болса толық емес тізімі. Біздің зерттеуіміздің мақсаты да жоғарыда аталған тақырыпқа сай Қазақстандағы қуғын-сүргіннің мұрағат қорланыдағы деректер арқылы кейбір қырларын тереңірек ашуға ұмтылыс жасау. Әрине, кандидаттық диссертация көлемінде оның барлығын толық ашу мүмкін еместігін де толық ұғынамыз.

Сонымен жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, кеңес өкіметі басындағылардың өз билігін қандай қан төгіспен болсын сақтауға ұмтылысының негізінде не жатқандығын тұжырымдасақ, ол төмендегідей үш тұғырдан тұрады:

Біріншіден, 1917 жылы Қазан революциясына жеңіске жетуде шаруаларды (халықтың басым бөлігі) өз жағына қарату үшін оларға ауқатты помещиктердің жерін өз беттерімен басып алуға жол берген еді. Ал, кейіннен орын алған күштеп ұжымдастыру большевиктер мен шаруалар арасындағы текетірестің шырқау шегі болды және ол шаруалар үшін қайғылы жағдайға соқтырды;

Екіншіден, бастапқы кезде жұмысшы, солдаттарға үлестірілген билігін тез арада большевиктер элитасы өз қолдарына жинап алды. Сөйтіп үкімет пен жұмысшылар арасында жаңа жанжал туындап, бүкіл ел көлемінде жұмысшы стачкалары басталды;

Үшіншіден, жаңа өкімет пен бұрынғы Ресей империясындағы ұлттық қозғалыс арасындағы келіспеушіліктер. Бастапқы кезде өзін-өзі басқару принципін қолдаған жаңа өкімет ұлттық аймақтарда өз парламентін құрып, ұлттық еркін өзін-өзі билеуге ұмтылған қозғалыстың өршігенін көріп, өзінің каталескенін ұғынды. Украинаның астығынан, Кавказдың мұнайынан, Орта Азия мен Қазақстанның қазба байлығынан жұрдай болатынын түсініп, жаңа өкімет оларға да қанды шеңгелін салған еді.

Сонымен жоғары билікті ешкіммен бөліскісі келмейтін большевиктердің өзіндік бір саяси тәжірибесі мен әлеуметтік және ұлттық саладағы көптеген өзгерістер арасында зор қарама-қайшылықтар туындады, жағдайдың бұлай шиеленісуі әйтеуір бір қақтығыстың болмай қоймайтындығының белгісі еді. Соның нәтижесінде қоғамда зорлық-зомбылық, қуғын-сүргін мен үлкен террордың орын алуы заңды құбылыс болды.

Міне осылай біз өз зерттеуіміздің барысында қуғын-сүргіннің теориялық негізінің тамырын ашуға тырыстық, ал ендігі мәселе, Кеңестік саяси элитаның ұсынған бағыттары айқындалып, заңдық негізделуі жасалғаннан кейін, оны жүзеге асыратын, орындалуын мүлтіксіз қадағалайтын және оны мойынұсынбағандарды жазалайтын ұйымдардың жұмыс тәсілін қарастыру келесі бір үлкен міндет болып табылады.

Жаңа өкімет құрылымы жағынан өте күрделі болды: мандайшасында - «Кеңес үкіметі» делінген, арнайы түрдегі билік – Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (БОАК); жария өкіметі – ішкі және халықаралық тануға тезірек ие болуды көздеген – Халық Комиссарлары Кеңесі (ХКК); шапшаң қимылдайтын және билікті басып алудың негізгі орталық тетігі революциялық ұйым – Петроградтық Әскери – революциялық комитеті (ПӘРК). Біздің тақырыбымызға сай қажеттісі соңғы ұйым. Бұл жайында Ф.Э. Дзержинский былай деді: «Шапшаң, тез бейімделетін, ұсақ-түйек заңдық қағидаларға қарамастан, шалт қимылдайтын құрылым. Пролетариат диктатурасының қарулы қолымен жауларға, ешбір аяусыз, шешімді түрде сылтаусыз соққы беруші» /6/.

Ф.Э. Дзержинский осы сипаттамасы кейіннен большевиктердің саяси полициясы – ЧК-нің анықтамасына айналды.

ПӘРК-і болашақ қуғын-сүргіннің (репрессия) алғы шарты болып табылатын қарарлар қабылдады. 1917 жылдың 26 қарашасында: «мемлекеттік мекемелер, банкілер, теміржолдар, почта және телеграф шенеуніктері үкімет жұмысына саботаж жасауда. Олар халық жауы деп жарияланды. Олардың есімдері барлық кеңестік баспасөз беттерінде жарияланады. Халық жауларының тізімі барлық көпшілік орындарында ілінеді» /7/.

Осыдан бірнеше күн өткеннен соң жаңа шешім қабылданды: «Барлық адамдар, саботаж жасаушы, алып сатарлық немесе қамбасында сатып алуға тиістіні жасырды делінген күдіктер халық жауы ретінде дереу тұтқындалып және әскери – революциялық сотқа берілгенше абақтыға жабылады» /8/.

Міне осылайша бірнеше күн ішінде ПӘРК-і аса қорқынышты «халық жауы» және «күдіктілер» деген түсініктерді айналымға енгізді.



Қаладағы азық-түлік тапшылығы ПӘРК-нің азық-түлік жинау (реквизиция) саясатын іске қосуына, сөйтіп шаруалар қолындағы азық-түлікті тартып алу шаралары, жаңа өкімет пен шаруалар арасындағы шиеленіске алып келді. Нәтижесінде елде террор мен қуғын сүргін басталды.

Кеңес өкіметінің аса бір үлкен қорқынышы қаладағы зиялы қауым мен шенеуніктердің күннен-күнге өсіп келе жатқан бас көтерулері еді. Соның алдын алу үшін 20-шы желтоқсанда (1917 ж.) контрреволюциямен, алыпсатарлықпен, және саботажбен күресетін Бүкілресейлік Төтенше Комиссия (ВЧК- БТК- қазақ тілінде) құрылды. Өз міндеттерін толық атқарып болған ПӘРК-і таратылды. Ол жаңа өкімет өзінің аппаратын құрып алғанша билікті басып алып жаңа режимді қорғап тұрған еді. Енді оның орнына (СНК) Халық Комиссарлар Кеңесі келді.

Төтенше комиссия (ЧК) – өз қызметін ешбір заңдылық негізге сүйенбестен ұлғайта берді. Ф.Э. Дзержинский тура Ленин сияқты емін-еркін қимылдауды қажетсінгендіктен мынадай бір тамаша пікірді айтқан еді: «ЧК-ның жүру бағытын, өмірдің өзі-ақ айқындап береді» - яғни, «Бұқараның революциялық терроры, көшедегі зорлық-зомбылық», «бұл жерде большевиктер өздерінің халықтың революциялық еркінсуіне» көрсеткен сенімсіздігін ұмытып, олардың жүгенсіздігін қолдағандығы айқын көрінеді /9/. Бұл жайында В.И. Ленин былай деді: «Петроградтың жұмысшылары мен солдаттары мынаны түсінуге тиісті, оларға өздерінен басқа ешкім көмектесе алмайды ... Бұқараны өз еркімен қимылдауға көтермей, еш нәрсе болмайды ... Бұл террорды қолданбайынша (алыпсатарларды дәл сол жерде атуды) еш нәрсе шықпайды» /10/. Қатыгездікке ұшыраған бұл үндеу нәтижесінде 1917 ж. күз айларында мыңдаған помещиктер қожалығы тонауға ұшырап оның иелерінің өліміне алып келді. БТК (ВЧК)-ның өмір сүруінің алғашқы алты айына сипаттама жасай келе 1918 жылдың шілдесінде Ф.Э. Дзержинский мынаны айтты: «Бұл кезең әртүрлі тәсілдерді пайдаланып көру кезеңі болды және біздің ұйымымыз әрқашанда биіктіктен көріне алған емес» /11/.

Міне осындай мойындауға қарамастан БТК-ның адамдар құқына қол сұғуы мен қуғын-сүргінге қосқан үлесі қомақты болатын. Басында жүзге таяу қызметкері бар ұйымнан жарты жыл ішінде бірнеше ондаған мың қызметкерлік ұйымға дейін көтерілді.

Ф.Э. Дзержинский өзінің өсіп отырған штатына негізінен астыртын жұмыста бірге болған поляктар мен прибалтикалықтарды топтастырды. Соның ішінде 20-шы жылдардағы ГПУ мен 30-шы жылдардағы НКВД кадрлары: Лацис, Менжинский, Мессинг, Мороз, Петерс, Трилиссер, Уншлихт, Ягода бар еді.

Осы жерде, біздің мақсатымыз саяси полицияның құрамын талдау емес, оның қуғын-сүргін жүргізу тәсілдерін зерттеу екендігіне қарамастан, олардың қысқаша құрылу мерзіміне тоқтала кетейік.

Бүкілресейлік төтенше комиссияның (ВЧК) контрреволюция мен саботаж бен күресу үшін РСФСР ХКК-ның 1917 жылғы жиырмасыншы желтоқсандағы қаулысымен құрылғанын тағы да қайталап айта кетейік, бұдан кейін Мемлекеттік саяси басқарма (ГПУ) РСФСР-дің Ішкі істер Халық Комиссарлары жанынан РСФСР БОАК-ң 1922 жылдың алтыншы ақпанындағы қаулымен құрылды, ол кейіннен КСРО ХКК жанындағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (ОГПУ) болып КСРО ОАК Төралқасының 1923 ж. 2 қарашасындағы қаулысына сай өзгертілді, ал 1934 жылдың оныншы шілдесінде КСРО ОАК қаулысымен Ішкі істер Халық комиссариатының Мемлекеттік қауіпсіздігінің Бас басқармасы (ГУГБ) – болып өзгерді. 1941 жылдың 3-ші ақпанынан КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының бұйрығымен Мемлекеттік қауіпсіздігінің Халық комиссариаты (НКГБ) деп аталды; 1941 жылдың 20 шілдесінен – КСРО НКВД-сы; 1943 жылдың 14 сәуірінен – КСРО НКГБ; 1946 жылы – Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі (МГБ); ал, 1954 ж. 13 наурызынан бері КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жарлығымен КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (КГБ) – деп аталды.

Жалпы бұл мекемелердің маңдайшасындағы аты өзгергенімен оларға жүктелген міндеттер қай кезде болмасын елеулі өзгерістерге ұшырай қойған жоқ. Жаппай қырып жоюға әкелген шаралардың түп-төркініне қайта оралар болсақ, ол төмендегі жағдайлардан туындады.

Брест-Литовскідегі келісімдердің тоқталуынан кейін 1918 ж. 21 ақпанындағы неміс әскерлерінің шабуылға шығуына байланысты Кеңес өкіметі: «Социалистік Отанға қауіп төнді» деп жариялады. «Герман империалистеріне» қарсыласуға шақыру бұқаралық террорға шақырумен қатар жүрді. «Жау тыңшылары, алыпсатарлар, қиратушылар, бұзақылар, контрреволюциялық үгітшілер, Германия шпиондары қылмыс орнында атылады» /12/. Сонымен соғыс жағдайындағыдай ешбір сотысыз, тергеусіз ату басталды. Ату жазасы 1918 жылдың 16 шілдесінде заңды түрде қабылданғанына қарамастан ЧК оны ақпан айында ақ бастап кеткен еді.

1918 ж. 10 наурызында өкімет Петроградтан жаңа астана Москваға көшірілді. БТК (ВЧК) Кремльге таяу маңдағы бұрынғы қамсыздандыру компаниясы орналасқан Үлкен Лубянкаға келіп орналасты. Осы жерде ол – ГПУ, ОГПУ, НКВД, МГБ, КГБ – деген аттармен орын тепкен еді.

1918 жылдың наурызында алты жүздей чекистерден тұратын БТК-тің штаты шілде айына таман екі мың адамға (ерекше отрядты есепке алмағанда өсті). Салыстырмалы түрде айтар болсақ, бүкіл елдегі жергілікті кеңестер ісімен айналысатын Ішкі істер халкомы бар-жоғы дәл осы кезде төрт жүз адамнан тұратынын ескерсек, жоғарыдағы сан аса зор болып табылады.

Бұдан шығатын қорытынды неде десек, билікті өз қолына жинап алған большевиктік элиталық топ өзіне қарсы тұрған көпшілік қауымды «айтқанына көндіріп, айдағанына жүргізу» үшін – зорлықшыл, күштеуші аппараттың штатын ұлғайта беруге тиіс болды.

1. *Стефан Куртуа, Никола Верт, Жан-Луи Панне, Анджей Пачковский, Карел Бартошек, Жан-Луи Марголен. Черная книга коммунизма. Преступления, террор, репрессии / Пер. с фран.-М.: Три века истории, 1999. – 768 с.*

2. *Пер Альмарк. Открытая рана // Известия. 1997. 30 октября. № 207.*

3. *Бұл да сонда, 36 бет.*

4. *Бұл да сонда, 79 бет.*

5. *Стефан Куртуа, Никола Верт және т. б. ..., 42*

6. *Бұл да сонда, 42 бет.*

7. *Боданов Ж.К. Приговор истории: не виновны.- Алматы: Ғылым, 1998. – 110 с.*

8. *Бұл да сонда, 64 бет.*

9. *Мельгунов С.П. Красный террор в России.- М., 276 с. (С. 64).*

10. *Ленин и ВЧК сборник документов (1917-1922). - М., 1975. 360 с. (С. 27).*

11. *Мельгунов С.П. 227 бет.*

12. *Ленин В.И. ШТЖ. 35 т. 311 б.*

#### Резюме

В данной статье рассматриваются негативные последствия репрессивной политики советской власти в Казахстане. В 20-30 гг. прошлого столетия тоталитарный режим власти игнорировал права и свободы своих граждан, грубо нарушал законы, кто высказывал свое мнение, к тем применялись карательные меры.

#### Summary

In given article it is considered negative consequences of a repressive policy of soviet authorities of Kazakhstan. In 20-30 the totalitarian mode of the power ignored the rights and freedom of citizens, roughly broke laws, were published decrees to those who stated the separate opinion, retaliatory measures were applied.

### **1926-1959 жж. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ (ОҚОММ құжаттары негізінде)**

**М.Б.Мейірбеков –**

*«Сырдария» университетінің «Отан және шетел тарихы» кафедрасының аға оқытушысы*

Қазақстанның оңтүстік өңірі халқының кеңестік кезеңде өсіп-өнуіне кеңес үкіметі басшыларының жүргізген ұлт саясаты да әсерін тигізбей қоймады. Өлке халқының ұлттық құрамында өзгерістер байқалды. Өйткені, кеңестік жүйе басшылары әртүрлі науқаншылдық жоспарларды желеу етіп, еліміздің барлық облыстарына өзге ұлттың өкілдерін көптеп көшірді. Соның салдарынан жергілікті халықтың үлесі азайып, олардың пайыздық көрсеткіші басымдық танытты.

Өзге ұлт өкілдерінің қоныстанған өңірлерінің бірі – Оңтүстік Қазақстан облыстары еді. Бұл аталған аймақтың қоныстанған халқын демографиялық тұрғыдан қарастыру үшін облыстық мұрағат қорларының құжаттарын қарау қажет екендігі белгілі. Солай дей тұрсақта, мұрағат құжаттары ғылыми айналымға толықтай тартыла қойған жоқ. Мәселен, облыстық мұрағатта санақ материалдарының кейбір мәліметтері, әкімшілік-территориялық бөліністер, халықтың ұлттық құрамы, білім деңгейі, табиғи өсім, механикалық қозғалыс және халық шаруашылығы, әлеуметтік жағдайынан мәлімет

беретін құжаттардың негізінен бірқатары осында сақталған. Сондықтан, ондағы деректерді зерттеу жұмысына пайдалану тақырыптың маңыздылығын арттырып, күрделі шешімін табуы тиіс мәселелердің жан-жақты ашылуына мүмкіндіктер береді.

Аталған өңір халқының әлеуметтік-демографиялық дамуынан мәліметтер беретін Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының қорларында мынандай нақты құжаттар тізбесі бар:

- 1) 121-қор (Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөліністері).
- 2) 393-қор (Сырдария губерниясының статистикалық бюросы 1918-1928 жж.).
- 3) 709-қор (Шымкент облыстық статистика басқармасы 1932-1965 жж.).
- 4) 709-қор (Оңтүстік Қазақстан облысының статистика басқармасы 1940-1987 жж.).

1927 жылдың соңы мен 1928 жылдың басында Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер елді жалпы әкімшілік-құрылымдық аудандастырудың бір бөлігі болатын.

Республикадағы жаңа әкімшілік-аумақтық құрылым жобасы бойынша губерния, уез, болыстар таратылып, үш сатылы: округ, аудан, қала, село, ауыл жүйесі енгізілді. Бұл жерде жалпы ортақ шаруашылық және аумақтық экономикалық тиімділігін қамтыған округ, белгілі нүктелерге, айналадағы байланыс және транспорт құралдарын оңтайлы пайдалану сияқты маңызды факторлар ескерілді.

Қазақстанның оңтүстігінде округтерді ұйымдастыруда суландыру, суды пайдалану мәселелері қаралды. Іс жүзінде суландыру, суару жүйелерін есепке алу және оларды дамыту мәселелері де алдыңғы кезекте тұрды. Әкімшілік-аудандық аудандастыру жобасын жан-жақты дайындықтан кейін 1928 жылы 17 қаңтарда Қазақ АКСР-і Орталық Атқару комитетінің 6 шақырудағы 2 сессиясы бекітті. Қазақстан аумағында губерниялық бөліністің орнына 13 округ, 180 аудан құрылды.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық бөліністерінің қалыптасуына түрткі болған үкімет қаулылары мен қарарлары мұрағат қорларында сақталған. Енді солардың бірқатарын тізбелеп көрсек: 1928 жылы 17 қаңтарда Сырдария округі құрамына БАОК-ның шешімімен 21 аудан беріліп құрылды. Одан кейін 1932 жылы 11 қаңтарда ҚазКСР-і ОАК Төралқасының облыстық төменгі аудандастырылуы туралы қаулысы және 1-2 ақпандағы Бадам ауданын құру мен Шымкент ауданын тарату туралы қаулысы шықты /1/. 1935 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының атқару комитеті Жалғызбағаш ауылдық кеңесін Түркістан ауданынан Арыс ауданына беру туралы №33 қаулысы және 23 қазанда облыстық Төралқа шешімімен Ленгер мен Сайрам ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінісі туралы №442 қаулысы шыққан /2/. Облыстық мұрағат құжаттарына қарағанда жыл сайын шығарылған шешімдер мен қаулылар аудандардың құрамы, бөліністерінің өзгеруіне себепші болған. 1936 жылы 29 мамырда БОАК Төралқасының шешімімен Мақтаарал ауданының Асықата ауылдық кеңесін құру туралы қаулысы шықты /3/. 1937 жылы ОАК Төралқасының 31 наурыздағы Мақтарал ауданының әкімшілік-аумақтық бөлінуі туралы қаулысы қабылданды /4/. 1938 жылы 14 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті Төралқасы орталығы Шымкент қаласында орналасқан Шымкент ауылдық ауданын ұйымдастыру туралы қаулысы және осы жылдың 9 ақпанында облаткомның Төралқасы облыс құрамындағы Қызылорда, Қазалы, Қармақшы және Жаңақорған аудандарын Қызылорда облысына беру туралы қаулысы шықты /5/. Демек, әкімшілік-аумақтық бөліністер әр жылдарда бұйрықтар арқылы жүзеге асқандығын байқаймыз. 1939 жылы 16 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Фрунзе ауданын құру туралы және Сарыағаш, Фрунзе аудандарын құру туралы Жарлығы шықты. Ал, 1940 жылы 10 қарашада Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Киров ауданын құру туралы Жарлығы шықса, 1944 жылы 8 мамырдағы Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Ильич ауданын құру туралы қаулысы қабылданды /6/. 1948 жылы 7 шілде Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңес Төралқасының шешімімен Шымкент қаласындағы Орталық, Зауыт және Теміржол аудандарын тарату туралы қаулысы шыққан болатын. 1951 жылы 31 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің Қызылқұм ауданының орталығын Шардара ауылынан «Мақтаралға» көшіру туралы шешімі және 20 мамырда Киров ауданының Жаңадала және Андреев ауылдық кеңестерін құру туралы Жарлығы шықты /7/. 1954 жылы 27 сәуірде Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Қызылқұм ауданының Шардара ауылдық кеңесін Мақталы ауылдық кеңесі етіп қайта құру туралы және 15 шілдедегі облыс аудандарының әкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі өзгерістер туралы Жарлығын қабылдады /8/. 1955 жылы 1 тамызда Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Түркістан ауданының Қантағы және Мырғалымсай жұмысшы поселкелерінен Кентау қаласын құру мен оның бағынысына Ащысай жұмысшы поселкесін беру туралы қаулысы қабылданды /9/.

1956 жылы 13 қаңтардағы Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Бостандық ауданын Өзбек КСР-нің құрамына беру туралы жарлығы шықса /10/, осы аталған жылдың 9 наурызында

Қызылқұм және Киров аудандарын Киров ауданы, Түркістан және Фрунзе аудандарын Түркістан ауданы етіп бекіту туралы Жарлығы шыққан еді /11/.

1957 жылы 14 қаңтарда КСР Жоғарғы Кеңес Төралқасы Мақтаарал ауданының Велико-Алексеевский поселкелік Кеңесін құру, Түлкібас ауданының Дауан ауылдық кеңесін тарату туралы және 17 қаңтарда Киров ауданының Андреев ауылдық кеңесін Абай ауылдық кеңесі етіп, қайта атау, Түркістан ауданында Калинин ауылдық кеңесін құру туралы бұйрығы шықты /12/.

1958 жылы 17 қаңтарда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Түркістан ауданында Калинин ауылдық кеңесін құру және 27 наурызда Калинин ауылдық кеңесінің орталығы Калинин атындағы ұжымшардың орталық усадьбасынан, Жуалы кеңшарының орталық усадьбасын көшіру туралы Жарлығы қабылданды. Одан кейін оңтүстік өңірге қатысты өзгерістер 1959 жылы 22 мамырда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Ильич ауданының орталығын Ильич поселкесінен Жетісай поселкесіне ауыстыру туралы Жарлығы шыққан болатын. Сонымен қатар, 6 қазандағы Қазығұрт және Пролетар ауылдық кеңестерін Қазығұрт ауылдық кеңесі етіп біріктіру, Георгиев ауданы Қазығұрт ауылдық кеңесінің орталығын Ұйымшыл ауылынан Сұлтанрабат ауылына көшіру, Георгиев ауданының Сайрамсу ауылдық кеңесін тарату, Созақ ауданының Энгельс ауылдық кеңесін құру туралы Жарлығы қабылданды /13/.

Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағатында 1939 жылдың санақ мәліметтері де кездеседі. Ондағы мәлімдеме бойынша халықтың ұлттық құрамы мынандай: Түркістанда барлығы – 73750, орыстар – 17637, қазақтар – 43563, украиндар – 3105, өзбектер – 24678, татарлар - 1967, тәжіктер – 61, немістер – 194, кәрістер – 79, басқалары – 2489 адамды құрады. Фрунзе ауданында барлығының саны – 20023 адам болса, Созақ ауданында барлығы – 16300, орыстар – 1481, қазақтар – 11285, украиндар – 470, өзбектер – 2310, татарлар – 69, тәжіктер – 2, немістер – 21, кәрістер – 16, басқалары – 646 адам болды. Ал, Шәуілдірде барлығы – 27793, орыстар – 2836, қазақтар – 22749, украиндар – 627, өзбектер – 451, татарлар – 123, тәжіктер – 23, немістер – 72, кәрістер – 45, басқалары – 867 адам еді.

Шаян ауданында барлығы - 30405, орыстар – 4482, қазақтар, украиндар – 2450, өзбектер – 56, татарлар – 236, тәжіктер – 8, немістер – 94, кәрістер – 246, басқалары – 1170 адам. Арал ауданында барлығы – 52586, орыстар – 10196, қазақтар – 30091, украиндар – 2595, өзбектер – 4165, татарлар – 823, тәжіктер – 643, немістер – 166, кәрістер – 592, басқалары – 3315 адам болған. Сондай-ақ, Бостандық ауданында барлығы – 63171, орыстар – 14546, қазақтар – 13253, украиндар – 2468, өзбектер – 17415, татарлар – 1429, тәжіктер – 8679, немістер – 279, кәрістер – 550, басқалары – 4542 адамды құрады. Сайрам ауданында барлығы – 43841, орыстар – 7691, қазақтар – 6679, украиндар – 3146, өзбектер – 23817, татарлар – 591, тәжіктер – 25, немістер – 142, кәрістер – 289, басқалары – 1461 адам екендігі көрсетілген. Арыста барлығы – 55695, орыстар – 12708, қазақтар – 36457, украиндар – 3101, өзбектер – 510, татарлар – 850, тәжіктер – 18, немістер – 239, кәрістер – 224, басқалары – 1583 адам екен. Жуалыда барлығы – 32733, орыстар – 12708, қазақтар – 13696, украиндар – 8554, өзбектер – 116, татарлар – 190, тәжіктер – 13, немістер – 692, кәрістер – 791, барлығы – 1638 адамды құраса, Қаратас ауданында барлығы – 33204, орыстар – 4219, қазақтар – 23800, украиндар – 1098, өзбектер – 1784, татарлар – 370, тәжіктер – 13, немістер – 986, кәрістер – 289, басқалары – 645 адам. Ильичевкада барлығы – 17446, орыстар – 6749, қазақтар – 37708, украиндар – 1133, өзбектер – 770, татарлар – 679, тәжіктер – 146, немістер – 261, кәрістер – 229, басқалары – 3780 адамдық көрсеткіште болды.

Киров ауданында барлығы – 23227 адам тіркелген. Ленгір ауданында барлығы – 47577, орыстар – 12003, қазақтар – 22010, украиндар – 7589, өзбектер – 3209, татарлар – 562, тәжіктер – 7, немістер – 63, кәрістер – 449, басқалары – 1685 адам саны көрсетілген. Сарыағаш ауданында барлығы – 43956 адам болды. Келес ауданында барлығы – 27031, орыстар – 12339, қазақтар – 46354, украиндар – 2527, өзбектер – 2523, татарлар – 1503, тәжіктер – 117, немістер – 2326, кәрістер – 243, басқалары – 3055 адамды құраса, Түлкібаста барлығы - 48887, орыстар – 1346, қазақтар – 21921, украиндар – 94738, өзбектер – 1071, татарлар – 501, тәжіктер – 12, немістер – 196, кәрістер – 853, басқалары – 1433 адам еді. Шымкент ауданында барлығы – 22128, орыстар – 3586, қазақтар – 11251, украиндар – 1089, өзбектер – 5374, татарлар – 247, тәжіктер – 2, немістер – 47, кәрістер – 86, басқалары – 446. Шымкент қаласында барлығы – 74421, орыстар – 36675, қазақтар – 9738, украиндар – 7729, өзбектер – 12438, татарлар – 3179, тәжіктер – 52, немістер – 285, кәрістер – 1050, басқалары – 3275 адам екендігі анықталған. Бұл санақ материалдарының жариялаған облыстық статистика басқармасының бастығы Чернышев пен Статист қызметкер Ногина екендігі көрсетілген /14/. Демек, 1939 жылғы Бүкілодақтық санақ мәліметтерінің толықтай болмаса да, осындай мәліметтер кездеседі. Келтірілген деректерден ұлттық құрамға байланысты үлес салмағы мен пайыздық көрсеткішін байқаймыз.

Мұрағат материалдарына қарағанда ауыл және қала халқының саны жөнінде де мәліметтер бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан статистикалық басқармасының қызметкері Хонақбаева 1947 жылдың 1 қаңтарында берген мәлідемесінде төмендегідей халық санын көрсеткен: Арыс ауданында – 14528, ауылда – 27029, барлығы – 41552 адам. Бостандық ауданында – 13812, ауылдарында – 35884, барлығы – 49696, Георгиевскийде ауылдарында – 77257, барлығы – 37357, Жуалыда барлығы – 25541 адам болды. Ильичевскийде ауылдарында – 13203, барлығы – 34902 адам. Қаратастың ауылында барлығы – 24208 адам болса, Келестің ауылдарында барлығы – 16828 адам болды. Қызылқұмның ауылдарында барлығы – 10246 адам. Кировтың ауылдарында – 9232 адам болса, Мақта-Арал ауылдарында барлығы – 21207 адам екен. Сайрам ауылдарында – 39213 адамды құраса, Сарыағаш ауылында – 311038 адам болды. Созақ ауылдарында – 14290. Түркістан ауданында – 58700, ауылдарында – 15904, барлығы – 74004 адам. Түлкібас ауданында – 9800, ауылында – 38770, барлығы – 48570 адамды құраса, Фрунзенің ауылдарында – 11735 адамды құрады. Шаян ауданында – 1394, ауылдарында - 23138, барлығы – 24532 адам болған. Шымкент ауданының ауылдарында – 19670, барлығы – 19670 адам тіркелген. Шәуілдір ауылдарында – 14419, Ленгір ауданында – 14299, облыс бойынша қала халқының саны – 219049, ауыл - 428907, барлығы – 647956 адамды құрады /15/. Бұл көрсетілген мәліметтерден шығатын қорытынды өңір халқының әлеуметтік-демографиялық дамуына қатысты материалдарды нақты деректер ретінде пайдалана отырып, ғылыми еңбек жазуға болатындығында.

1. ОҚОММ 121-қ, 1-м, 23-іс, 26-н.
2. ОҚОММ 121-қ, 1-м, 389-іс, 473-н.
3. ОҚОММ 121-қ, 1-м, 1659-іс, 26-н.
4. ОҚОММ 121-қ, 1-м, 609-іс, 11-н.
5. ОҚОММ 121-қ, 4-м, 97-іс, 7-н.
6. ОҚОММ 121-қ, 1-м, 122-іс, 8-н.
7. ОҚОММ 121-қ, 3-м, 304-іс, 5-н.
8. ОҚОММ 121-қ, 8-м, 48-іс, 191-192-нн.
9. ОҚОММ 121-қ, 12-м, 371-іс, 2-н.
10. ОҚОММ 121-қ, 8-м, 281-іс, 2-н.
11. ОҚОММ 121-қ, 8-м, 107-іс, 8-н.
12. ОҚОММ 121-қ, 25-м, 93-іс, 17-н.
13. ОҚОММ 121-қ, 1-м, 415-іс, 59-60-нн.
14. ОҚОММ 709-қ, 2-м, 694-іс, 32-33-нн.
15. ОҚОММ 709-қ, 2-м, 707-іс, 19-н.

#### Резюме

В статье рассмотрено административно-территориальное деление и демографическое развитие региона по материалам архива Южно-Казахстанской области (20-50-х XX века).

#### Summary

This article is about an administrative – territorial division and social-demographic development of South Kazakhstan regions according to the archives in the 20-50 years in the XX century.

### **КАДРОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ НЕФТЯНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ КАЗАХСТАНА В 50-80-е годы XX века**

**Ш.У.Ахметова–**

*соискатель Актюбинского государственного педагогического института*

В настоящее время Республика Казахстан является одной из наиболее влиятельных государств на мировой арене, принимающего активное участие в решении многих важнейших проблем современной экономики и политики. Известно, что нефтегазовая отрасль Республики Казахстан имеет более чем столетнюю историю. Республика обладает достоверными разведанными запасами нефти и газа, а также прогнозными ресурсами, являющимися надежной основой для дальнейшего развития нефтегазового комплекса. Доказанные запасы нефти страны на начало текущего столетия составили 21

млрд. баррелей, или 2,9 млрд. тонн нефти и газового конденсата /порядка 2% от мировых запасов/ и 1,8 трл. куб. м газа /1/.

Одним из важных вопросов развития нефтяной индустрии является вопрос его кадрового обеспечения. Особенно актуальным стал этот вопрос в 50-80-е годы, когда в Казахстане были открыты такие крупные месторождения нефти и газа, как: Кенкияк, Узень, Прорва, Тенгиз, Жанажол и др. В эти годы первоочередными районами работ явились: Южно-Эмбинское поднятие и его юго-восточный склон, Устюрт, Мангышлак, Бузачи, Актюбинское Приуралье, Западное Примугоджарье, северный и северо-западный борты Прикаспийской впадины.

В 1957 г. Министерством нефтяной промышленности СССР и объединением «Казахстаннефть» было принято решение о создании треста «Мангышлакнефтеразведка». Через год трест был передан в подчинение Министерства геологии Казахской ССР. Геологическим картированием и сейсморазведкой на полуострове были выявлены крупные структуры Жетыбай, Карагие, Узень и другие, сходные по характеристикам с богатейшим месторождением Газли и Центрально-кызылкумской структурой с большими запасами газа. Разведочное бурение началось с Жетыбайского поднятия, затем переместилось к югу от него в более погруженную часть Южно-Мангышлакского прогиба и в пределы Южного Устюрта, а также на Южно-Эмбинское поднятие и на побережье Каспийского моря юго-восточнее Каратона. Именно здесь в 1960 г. было открыто крупное месторождение Прорва. Промышленные запасы нефти месторождения Прорва вместе с месторождением Кенкияк превысили все ресурсы углеводородного сырья, разведанных до 1959 г. в Урало-Эмбинском районе /2/.

Важным направлением стали разведка и подготовка к промышленной эксплуатации месторождений междуречья Урал-Волга. Первооткрывателями нефтяных залежей междуречья считаются геофизик Д.М. Далаков, главный геолог Магатской экспедиции С.К. Курманов, инженер-буровик, начальник этой экспедиции С.Б. Балгимбаев, буровой мастер Ш. Бармаков. Месторождения данного междуречья вводились в строй в следующей последовательности: 1962 г. – Мартыши, 1967 г. – Камышитовое, 1968 г. – Жанаталап, 1969 г. – Гран и Октябрьское.

5 июля 1961 г. был открыт первенец нефтяного Мангышлака – Жетыбай. На скважине №6, откуда ударил фонтан нефти, работала бригада мастера Николая Петрова из Жетыбайской нефтеразведки.

В августе 1961 г. было открыто месторождение Узень, когда из структурно-поисковой скважины К-18 ударил первый фонтан газа, которую бурила бригада мастера Г. Абдразакова. Позднее в декабре того же года на Узене из скважины №1 был получен мощный фонтан нефти под руководством бригады бурового мастера М. Кулебякина.

С июля 1965 г. на месторождении Узень началась промышленная добыча нефти, и к концу этого года было добыто 335 тыс. тонн. Нефть Узеня качественно превосходит нефть Волго-Уральской области. Осваивалось и вблизи расположенное месторождение Жетыбай. Только по этим двум месторождениям полуострова Мангышлак извлекаемые запасы нефти составляли несколько сот миллионов тонн /3/.

За первые 10 лет освоения полуострова работники данного треста открыли, разведали и передали в промышленную разработку еще несколько высокопродуктивных месторождений, равных которым до этого не было в Казахстане – Тенге, Тасбулат, Карамандыбас, Восточный Жетыбай. В совокупности своей они послужили базой для создания на западе республики еще одного крупного нефтегазового комплекса.

Севернее Мангышлака на полуострове Бузачи был открыт, разведан и подготовлен к разработке еще один нефтегазоносный район. К 1973 г. трест был реорганизован в комплексную экспедицию «Мангышлакнефтегазразведка». В январе 1974 г. на Каражанбасе из скважины К-12, которую бурила бригада мастера С. Таянова, ударил фонтан нефти дебитом более 100 кубометров в сутки. В 1975 г. было открыто Северо-Бузачинское месторождение, а в 1976 г. – Каламкасское.

На территории Актюбинской области геолого-поисковые работы проводились в Западном Примугоджарье и Актюбинском Приуралье. Действительно в августе 1959 г. вблизи поселка Кенкияк в 200 км от г. Актюбинска было обнаружено новое крупное месторождение нефти. Из скважины №34 ударил 20-метровый фонтан, который за каждый час выбрасывал примерно по 5 тонн нефти /4/. Месторождение Кенкияк было открыто рабочими Примугоджарской партии треста «Актюбнефтеразведка» под руководством начальника партии Г. Таршилова. Открытие данного месторождения имело большое значение для создания новой базы нефтедобывающей промышленности в Западном Казахстане, в частности в Актюбинской области.

Постепенно в Западном Казахстане в глубокое бурение вовлекались новые площади. Данные, полученные в результате бурения Тенгизского месторождения, значительно обогатили представления специалистов о структурных особенностях глубоких горизонтов и послужили исходным материалом для форсированного наступления на подсолевые отложения палеозоя в 70-е годы. Признаки нефти и газа, а также промышленные притоки были получены в первых скважинах площадей Шолькара, Биикжал, Улькентюбе, Кумшеты, Тортай, Равнинная и других.

Созданному в 1972 г. в Гурьеве управлению «Казнефтегазразведка» были поручены организация и проведение геологоразведочных работ на всей территории Западного Казахстана. Повышенное внимание к разведке подсолевых горизонтов вскоре принесло результаты. В декабре 1979 г. был получен первый фонтанный приток Тенгизской нефти, который выбрасывал в сутки около 400 кубометров. Данное месторождение отличается огромными запасами нефти и газа, мощностью продуктивных горизонтов, глубиной залегания, аномально высоким пластовым давлением, высокой концентрацией сероводорода в пластовом флюиде. Подготовка месторождения к промышленной эксплуатации осложнялась высотой продуктивной толщи, и необходимостью осуществления мер по безопасности и охране окружающей среды, ингибиторной защите трубопроводов, оборудования и т.д. Отечественная индустрия оказалась не готовой к немедленному освоению подобного месторождения, тем более при отсутствии необходимой социальной инфраструктуры. Но, несмотря на это, создание Тенгизского нефтегазового комплекса кардинально изменило отношение в деле освоения природных ресурсов в Казахстане. Позднее были открыты несколько подобных Тенгизскому нефтегазовых месторождений – Королевское, Елемес, Имашевское, а также доказана перспективность Гурьевского свода. Суммарные запасы подсолевых залежей всех этих месторождений выдвинули казахстанский Прикаспий по значимости на второе место в СССР после Западной Сибири.

Значительно лучше была обстановка в традиционной разведке солянокупольных областей. За короткий период были открыты, разведаны и переданы в разработку надсолевые месторождения Забурунье в междуречье Урал – Волга, Орысказган, Северный Жолдыбай, Жиланкабак, Кисимбай, Молдабек Восточный, Котыртас Северный в Эмбинской зоне. Также завершались разведкой залежи на площадях Нсановская, Кырыкмылтык.

В мае 1979 г. было открыто Карачаганакское нефтегазоконденсатное месторождение, и с 20 октября 1984 г. находится в стадии опытно-промышленной эксплуатации. Запасы газа на месторождении составляют 1341 млрд. куб. м., конденсата – 866,9 млн. тонн, нефти – 394,5 млн. тонн, растворенного газа – 283 млрд. куб. м. К особенностям строения Карачаганака относится высокое содержание конденсата в пластовом газе, требующее поддержания пластового давления для его максимального извлечения.

С открытием в 1978 г. крупнейшего нефтегазового месторождения Жанажол в Актюбинской области встал вопрос о подготовке его к промышленной разработке /5/. В связи с этим, приказом министра нефтяной промышленности за № 157 от 10 марта 1981 г. было создано нефтегазодобывающее управление «Октябрьскнефть».

В результате к концу 80-х годов Западный Казахстан стал одной из нефтегазодобывающих регионов на постсоветском пространстве. Геологами, рабочими – нефтяниками была проведена большая организационная работа по проведению геолого-поисковых, разведочных работ на Южном Мангышлаке, Устюрт, Актюбинском Приуралье, Западном Примугоджарье. Результатом их целенаправленного труда стало открытие месторождений нефти Прорва, Боранколь, Кенкияк, Жетыбай, Узень, нефтегазоконденсатных месторождений Тенгиз, Жанажол и другие.

Бесспорно, в открытии и освоении природных богатств Западного Казахстана велика заслуга нефтяников. Свидетельством тому может служить обращение председателя Западно-Казахстанского Совнархоза С.Утебаева в ЦК КПК, Совет Министров Казахской ССР от 28 сентября 1962 г., где говорится: «... За последние годы выявлена нефтегазоносность новых месторождений Танатар, Прорва, Кенкияк, Жетыбай и Узень. Следует отметить, что открытие этих месторождений является заслугой не Мингеологии и не результат эффективности геологоразведочных работ, проводимых Мингеологией, а результат предшествующего многолетнего творческого труда большого коллектива нефтяников Эмбы, давших исходные данные для постановки разведочных работ. Геологоразведочные работы в районе этих месторождений были начаты задолго до Мингеологии» /5, с.59/.

Следует отметить, что в подготовке рабочих кадров для освоения нефтяных богатств Западного Казахстана большую роль сыграли учебные заведения профессионально-технического образования, позднее высшего образования республики. Так, в тресте «Актюбнефтеразведка» если в 1955 г.

насчитывалось 35 специалистов с высшим и 55 – со средним специальным образованием, то почти полгода спустя первых было уже 62, а вторых – 88 человек /6/.

На Мангышлаке только за 1961 год профессионально-техническими училищами было подготовлено и направлено 700 квалифицированных рабочих /7/. Если в 1966 году они передали предприятиям нефтяной промышленности 639 молодых рабочих, то в 1970 году – 890. Всего же за 1966-1970 гг. ими было подготовлено 3467 квалифицированных рабочих.

Другой важной формой подготовки новых рабочих явилась их подготовка непосредственно на производстве, путем индивидуально-бригадного обучения и через постоянно действующие курсы и школы. Система индивидуально-бригадного ученичества ускоряла процесс расширенного воспроизводства квалифицированных кадров. Особую значимость подготовка рабочих кадров нефтяников непосредственно на производстве приобрела в период освоения нефтяных богатств Мангышлака. На полуостров ехали сотни юношей и девушек.

Основными формами повышения квалификации стали: производственно-технические курсы, школы по изучению передового опыта, курсы целевого назначения, обучение вторым профессиям, постоянно действующие школы и курсы. Большое распространение находило шефство передовиков над молодыми рабочими, наставничество. Такие мастера буровых бригад, как К.Калиев, Н.Петров, В.Несветайлов, А.Еремин обучили своему делу десятки молодых рабочих. Только на нефтяных предприятиях Южного Мангышлака в среднем за год около 1,5 тыс. рабочих повышали свой квалификационный уровень. В целом за 1959-1970 годы повысили квалификацию и овладели смежными профессиями около 20 тыс. рабочих нефтяной промышленности республики.

Большое внимание уделялось и подготовке, инженерно-технических работников. Гурьевский политехнический техникум выпускал ежегодно более 200 техников, буровиков, энергетиков, механиков по двигателям, по оборудованию нефтяных и газовых промыслов, которые направлялись непосредственно на нефтепромыслы, в нефтеразведочные экспедиции.

Чтобы обеспечить развивающуюся нефтяную промышленность кадрами, объединение «Казахстаннефть» с 1964 года обучает за счет производства в различных институтах нашей страны большое количество молодежи. Достаточно сказать, что в 1966 году в нефтяные высшие учебные заведения страны поступило 78 человек, в 1967 году – 100, в 1968 – около 250 человек из Гурьевской области.

В целом численность промышленных рабочих по данным Ж.М. Асылбековой в 1960-1970 годах выросла на 39,6%, т.е. с 530 тыс. до 877 тыс. человек /8/. Изменения коснулись и национального состава рабочего класса, но в промышленности коренное население было представлено очень слабо. Так, удельный вес казахов среди рабочих в 1957-1973 годах даже сократился с 17,4% до 11,7%. В начале 70-х годов казахи преобладали только в нефтедобывающей и газовой промышленности. Относительно крупные отряды национальных кадров трудились в нефтедобыче /36,7%/.

На нефтяные промыслы переводились целые производственные коллективы. Так, с начала 60-х годов на полуостров Мангышлак приехали целые группы рабочих и специалистов из Российской Федерации, Азербайджана, Туркмении, Белоруссии, Армении, Грузии, Татарии, Башкирии, Дагестана. В результате к середине 60-х годов на Мангышлаке трудились представители почти 50 наций и народностей. Например, в буровой бригаде Н. Федищева работали посланцы Российской Федерации, Туркмении, Таджикистана, Татарии, Чечено-Ингушетии. В бригаде бурового мастера Г. Абдразакова, состоявшей из 27 человек, трудились представители шести национальностей: русские, украинцы, белорусы, казахи, татары, кумыки. Столь же многонациональной была вышкомонтажная бригада Ф. Бикушева из 11 человек, в которой трудились посланцы пяти республик. В геолого-поисковой партии №1 треста «Казахстаннефтегеофизика», состоявшей из шести человек, работали представители четырех национальностей.

В истории развития нефтяной промышленности активное участие принимали такие специалисты и ученые, как: И. Губкин, Д. Досмухамбетов, Ш. Есенов, С. Утебаев, Б. Сагингалиев, Н. Имашев, Р. Сагиндыков, М. Маташев, Б. Хахаев, Т. Жумагалиев, С. Чакабаев, А. Абдуллин, Э. Воцалевский, С. Курманов, С. Утегалиев, С. Балгимбаев, Н. Балгимбаев, М. Балгимбаев, З. Булекбаев, Л. Дмитриев, К. Жоламанов, Г. Вахитов, В. Сафронов, А. Дергачев, С. Камалов, В. Тимонин и другие.

*1. Укушев Е.Е. Экономическая эффективность функционирования нефтегазового комплекса Республики Казахстан: проблемы и перспективы: Автореф. дисс. ... к.э.н. – Алматы, 2009, с.3.*



2. Шаукенбаев Т. Урало-Эмбенский нефтеносный район. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. – 226с.
3. Темиргалиев К.Е. Борьба за нефть Казахстана /Партийное руководство развитием нефтяной промышленности.1920-1970гг./ – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 178с.
4. Байдосов З.Б., Сейтпагамбетов Ж.С., Султангалиева Г.С., Нуржанов Р.Н. Актюбинская нефть: история и современность. – Актюбе, 2000. – 402с.
5. Кобенова Г.И. Проблемы и перспективы развития казахстанской нефти в XX – начале XXI вв. – Актюбе, 2008. – 192с.
6. Государственный архив Актюбинской области, ф.13, оп.22, д.231, л.5.
7. Кисляков В.В. Развитие нефтяной промышленности, формирование и подготовка рабочих кадров нефтяников Казахской ССР /1946-1970 гг./ Автореф. дис.... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1982. – 26с.
8. Асылбекова Ж.М. Промышленные рабочие Казахстана в 1959-1970 гг. /численность и состав/: Дис. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1993. – 191с.

#### Түйін

Бұл мақалада XX ғасырдың 50-80 жылдары Қазақстан мұнай өнеркәсібінің өркендеуіне байланысты кадрларымен қамтамасыз ету мәселесі қарастырылған.

#### Summary

Given article on new material allows all-round to consider the history of the development to oil industry Kazakhstan in context politicians Soviet government in 50-80-e years XX age and install the sources, the number, national and age composition of the personnel/frames/ to oil industry.